

Қ. Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университеті

ӘӨЖ 81'246.3:81'1

САДУЛОВА ЖАЙНАГУЛЬ КЕМАЛАДИНОВНА

**«Қазақстан Республикасында көптілді білім
берудің әлеуметтік-лингвистикалық мәселелері
(батыс өңірі материалдары негізінде)»**

6D020500 – Филология

Философия (PhD) докторы
дәрежесін алу үшін дайындалған диссертация

Отандық ғылыми кеңесші:
педагогика ғылымдарының докторы,
филология ғылымдарының кандидаты,
доцент Б.Ж. Курманова

Шетелдік ғылыми кеңесші:
ф.ғ.д., профессор Л.М. Хусаинова
М. Акмолла атындағы Башқұрт мемлекеттік
педагогикалық университеті (Уфа, Ресей)

Қазақстан Республикасы
Ақтөбе, 2025

МАЗМҰНЫ

	НОРМАТИВТІК СІЛТЕМЕЛЕР.....	3
	АНЫҚТАМАЛАР.....	4
	ҚЫСҚАРТУЛАР.....	7
	КІРІСПЕ.....	8
1	ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ТІЛДІК ЖАҒДАЯТЫНДАҒЫ ҚОСТІЛДІЛІК ПЕН КӨПТІЛДІЛІКТІҢ ӘЛЕУМЕТТІК-ЛИНГВИСТИКАЛЫҚ МӘСЕЛЕЛЕРІ.....	18
1.1	Табиғи және жасанды қостілділік пен көптілділіктің әлеуметтік-лингвистикалық қырлары.....	18
1.2	Қостілділік пен көптілділіктің Қазақстанның тілдік жағдаятындағы көріністері және әлеуметтік-лингвистикалық тұрғыдан қарастырылу мәселелері.....	25
1.3	«Тілдердің үштұғырлығы» мәдени жобасының лингвистикалық, әлеуметтік-лингвистикалық, лингвомәдени, лингвокогнитивтік сипаттары.....	31
	Тұжырым.....	39
2	КӨПТІЛДІ БІЛІМ БЕРУДІҢ ӘЛЕУМЕТТІК-ЛИНГВИСТИКАЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ	41
2.1	Көптілді білім беру мен оқыту жағдайындағы тілдерді меңгеру үдерісін әлеуметтік-лингвистикалық тұрғыдан талдау.....	41
2.2	Мектептегі көптілді білім беруді мемлекеттік тіл негізінде іске асырудың әлеуметтік-лингвистикалық сипаты.....	55
2.3	Жоғары оқу орындарында көптілді білім беру ерекшеліктері.....	72
	Тұжырым.....	87
3	ОРТА ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ БЕРУ САЛАЛАРЫНДА КӨПТІЛДІ БІЛІМ БЕРУ ЖАҒДАЙЫ.....	90
3.1	Орта және жоғары білім беру салаларында көптілді білім беру жағдайын анықтауға арналған әлеуметтік-лингвистикалық зерттеудің талдауы.....	90
3.2	Көптілді білім беру жағдайындағы қазақ, орыс, ағылшын тілдерінің рөлі мен қызметі	111
3.3	Көптілді білім беруді мемлекеттік тіл негізінде іске асыруға арналған ғылыми-практикалық ұсыныстар.....	132
	Тұжырым.....	134
	ҚОРЫТЫНДЫ.....	137
	ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ.....	141
	ҚОСЫМША А - «Ақтөбе өңіріндегі орта және жоғары білім беру жүйесіндегі көптілділіктің зерттелуі»	152
	ҚОСЫМША Ә - «Қазақстан Республикасының батыс өңіріндегі көптілділіктің әлеуметтік-лингвистикалық талдауы».....	156
	ҚОСЫМША Б – «Қазақстан Республикасының батыс өңіріндегі орта білім беру жүйесіндегі көптілділіктің әлеуметтік-лингвистикалық қырлары»	159
	ҚОСЫМША В – «Қазақстан Республикасының батыс өңіріндегі көптілді білім беруге қатысты әлеуметтік-лингвистикалық сауалнама».....	162

НОРМАТИВТІК СІЛТЕМЕЛЕР

- Қазақстан Республикасының Конституциясы (өзгерістерімен және толықтыруларымен 2011 жылғы 2 ақпандағы).

- «Білім туралы» 2007 жылғы 27 шілдедегі № 319-III Қазақстан Республикасының Заңы (өзгерістер мен толықтырулармен 04.07.2018 ж. № 171-VI).

- Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2016-2019 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы. Қазақстан Республикасы Президентінің 2016 жылғы 1 наурыздағы № 205 Жарлығымен бекітілген.

- Қазақстан Республикасында тілдерді дамыту мен қолданудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы. Қазақстан Республикасы Президентінің 2011 жылғы 29 маусымдағы № 110 Жарлығымен бекітілген.

- Қазақстан Республикасында тіл саясатын іске асыру жөніндегі 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарлама. Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2019 жылғы 31 желтоқсандағы № 1045 Қаулысы.

- Мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарты. Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 23 тамыздағы № 1080 Қаулысы.

- Бастауыш білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты. Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2015 жылғы 25 сәуірдегі № 327 қаулысы.

- Негізгі орта білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты. Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2015 жылғы 13 мамырдағы № 292 қаулысы.

Жалпы орта білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты. Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2015 жылғы 13 мамырдағы № 292 қаулысы.

Жоғары білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты. ҚР БҒМ 2018 жылғы 31 қазандағы № 604 бұйрығы.

Оқытудың кредиттік технологиясы бойынша оқу процесін ұйымдастыру қағидалары. ҚР БҒМ 20.04.201 жылғы № 152 бұйрығы (өзгерістер мен толықтырулармен 2018 жылғы 12 қазандағы № 563).

Жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдары қызметінің үлгілік қағидалары ҚР БҒМ 2018 жылғы 30 қазандағы № 595 бұйрығы.

Үштілді білім беруді дамытудың 2015-2020 жылдарға арналған Жол картасы. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің м.а. 2015 жылғы 5 қарашадағы № 622, Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрінің 2015 жылғы 9 қарашадағы №344 және Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің 2015 жылғы 13 қарашадағы № 1066 бірлескен бұйрығы.

АНЫҚТАМАЛАР

Диссертациялық жұмыста тиісті анықтамалары бар келесі терминдер қолданылады:

Әлеуметтік-коммуникативтік жүйе – екі және одан да көп тіл қолданылатын жағдайда белгілі бір ұжымда қолданылатын әртүрлі тілдер мен олардың өмір сүру формаларының жиынтығы.

Әлеуметтік-лингвистика – тілдің әлеуметтік табиғаты, қоғамдық қызметтері, тілге әлеуметтік факторлардың әсер ету механизмі және тілдің қоғам өміріндегі рөлімен байланысты кең ауқымды мәселелерді зерттейтін тіл білімінің саласы.

Әлеуметтік-лингвистикалық деректерді талдау әдістері – зерттеу барысында алынған бастапқы материалды талдау кезінде қолданылатын процедуралар; деректерді талдау статистикалық әдістерді пайдалануды қамтиды.

Бірінші тіл – билингвтың ана тілі (бастапқы тілі); функционалдық жағынан бірінші тіл ана тілімен сәйкес келуі де, келмеуі де мүмкін.

Болжамдық әлеуметтік лингвистика – тілдің дамуын жоспарлау мен болжау мәселелерін зерттейтін социолингвистиканың саласы.

Екінші тіл – адамның ана тілінен кейін меңгерген тілі; өмірлік жағдайларға байланысты бұл тіл функционалдық жағынан екінші болып қала беруі немесе бірінші орынға шығуы мүмкін.

Жасанды қостілдік – қостілділіктің бір түрі, мұнда екінші тіл табиғи жолмен (тіл иелерімен тікелей қарым-қатынас арқылы) емес, оқыту арқылы (мұғалімнің көмегімен) меңгеріледі.

Жиынтық – социолингвистикалық зерттеулерде қарастырылатын белгілі бір жеке тұлғалар жиыны; бұл ұғым социологиядан алынған және социолингвистикалық ақпарат жинау кезінде қолданылады.

Жол картасы – 2015-2020 жылдарға арналған үштілді білім беруді дамыту жол картасы.

Информант – сауалнама, сұхбат алу әдістері арқылы социолингвистикалық деректер алу мақсатында сұхбат жүргізілетін адам.

Коммуникативтік құзыреттілік – тілді білу тек лексика-грамматикалық деңгейде меңгеру (тілдік құзыреттілік) ғана емес, сонымен қатар тілден тыс факторларға – жағдаятқа, әлеуметтік мәртебеге және басқа да жағдайларға байланысты дұрыс тілдік нұсқаларды таңдай білу қабілеті ретінде түсіндіріледі.

Көптілділік (полилингвизм, мультилингвизм) – белгілі бір әлеуметтік қауымдастық ішінде бірнеше тілді қолдану; көптілдіктің екі түрі ажыратылады; ұлттық және жеке (бір адамның үш және одан көп тілді бірдей еркін меңгеруі).

Қостілділік – адамның өз ана тілімен қатар, басқа бір этностың өкілдерімен бір немесе бірнеше қарым-қатынас салаларында тілдесуді қамтамасыз ететін деңгейде басқа тілді меңгеруі, сондай-ақ бір тілдік қауымдастықта екі тілді қолдану тәжірибесі. Қостілділік көп этносты қоғамда және тілдік байланыстар жағдайында пайда болады.

Қалалық және ауылдық халық – көптілді әлеуметтік-коммуникативтік жүйеде түрлі тілдердің функционалдық жүктемесінің әлеуметтік өмір сүру жағдайларына байланысты бөлінуін анықтайтын маңызды демографиялық көрсеткіштердің бірі.

Қарым-қатынас салалары (әлеуметтік-коммуникативтік салалар) – адамдардың қызметінің түрлі салалары, бұл салаларда тілдің қолданылуы ұқсас шарттарымен реттеліп, белгілі бір тілдік нормаларды қалыптастырады.

Мемлекеттік тіл – осы мемлекеттің шеңберінде саяси, әлеуметтік, экономикалық және мәдени салаларда біріктіруші (интеграциялық) қызмет атқаратын, мемлекеттің символы ретінде қабылданатын тіл; бұл - заңдар, бұйырықтар, білім беру, бұқаралық ақпарат құралдары және басқа да салалардың тілі. Көпұлтты мемлекеттегі мемлекеттік тілдің маңызды қызметтерінің бірі – ұлтаралық қатынас тілі болу.

Макроаралық тілі – көпұлтты мемлекетте ұлтаралық қатынас құралы ретінде қызмет ететін тіл.

Рурализация – халықтың қалалардан ауылдық жерлерге кетуі. Әсіресе индустриалды қоғамнан постиндустриалды қоғамда өтуге тән.

Сауалнама – тілі қолданудың әлеуметтік ерекшеліктерін зерттеуге арналған сұрақтар тізімі. Сауалнама, негізінен, макросоциалингвистикалық зерттеулерде (сөйлеушілердің үлкен топтарында) қолданылады.

Сөйлеушілердің жас ерекшелігіне қарай жіктелуі – тіл иелерінің жас топтарына бөлінуі; бұл демографиялық көрсеткіш тілдің өміршеңдігін бағалаудағы маңызды диагностикалық параметрлердің бірі болып табылады (егер балалар мен жасөспірімдер өз этикалық тілін меңгермесе, онда тілдің өміршеңдігі төмен деп бағаланады).

Тілді меңгеру – жеке тұлғаның айтылымдарды түсіну және құрастыру қабілеті, дұрыс және қате айтылымдарды ажырату, формасы ұқсас, бірақ мағынасы әртүрлі айтылымдарды тану.

Табиғи тіл – белгілі бір этникалық қауымдастықта пайда болып, дамитын және ұрпақтан ұрпаққа табиғи жолмен берілетін халықтың, ұлттың тілі.

Тілдің әлеуметтік қызметтері – тілді адамның түрлі қызмет салаларында, яғни әртүрлі қарым-қатынас жағдайларына байланысты қолдану тәсілдері.

Тіл саясаты – тілдердің қолданыстағы функционалдық бөлінісін сақтау немесе өзгертуге бағытталған, жалпы мемлекеттік саясаттың бір бөлігі болып табылатын шаралар жүйесі.

Тілдік жағдаят – белгілі бір географиялық аймақта немесе әкімшілік-аумақтық бірлікте бір тілдің немесе бірнеше тілдің әлеуметтік-территориялық өзара байланыста және функционалдық қатынаста қолданылу формаларының жиынтығы.

Тілді болжау – белгілі бір тілдің немесе тілдік жағдаяттың болашақтағы даму мүмкіндіктерін зерттеу.

Тілдік байланыстар – әртүрлі этникалық және тілдік топтардың өкілдері арасындағы қарым-қатынас нәтижесінде пайда болатын, екі немесе одан да көп

тілдердің өзара әрекеттесуі; мұндай байланыстар көбінесе экономикалық, саяси және мәдени қатыстар негізінде пайда болады.

Урбанизация – қала тіршілігі мен тұрмысы және мәдениетінің үстемдікке ие болуы.

Үштілділік – адамның өз коммуникативтік қажеттіліктері шеңберінде үш тілді меңгеруі.

Халықаралық тіл – әртүрлі мемлекеттер арасындағы қатынас құралы ретінде қолданылатын тіл.

Халық құрамы – белгілі бір аймақта тұратын адамдардың этникалық шығу тегі, жасы, жынысы, білім деңгейі, қалада/ ауылда тұруы сияқты түрлі белгілерге қарай топтарға бөлінуі.

Іріктеу әдістемесі – бас жиынтық (белгілі бір социолингвистикалық зерттеуде тілдік ерекшеліктері зерттелетін адамдар тобы) толық қамтылуы қиын жағдайда зерттеушілер сол жиындықтың типтік өкілдерін іріктеп, іріктеу жиынтығын қалыптастырады.

Эксперименттік әлеуметтік-лингвистика – әлеуметтік-лингвистикалық эксперимент арқылы деректер жинауға бағытталған социолингвистикалық зерттеу бағыты.

ҚЫСҚАРТУЛАР

БАҚ – Бұқаралық ақпарат құралдары

ЖБ – Жоғары білім

КББ – Көптілді білім беру

ҚТЛ – Қазақ - түрік лицейі

МГ – Мектеп-гимназия

НЗМ – Назарбаев Зияткерлік мектебі

ОБ – Орта білім

ОӘК – Оқу-әдістемелік кешен

ПОҚ – Профессор-оқытушылар құрамы

CEFR (Common European Framework of Reference for Languages) – Тілді меңгерудің Жалпы еуропалық құзыреттілік шеңбері

CLIL (Content and Language Integrated Learning) – Мазмұн мен тілді кіріктіріп оқыту

T1 – Ана тілі

T2. – Екінші тіл (қазақ және орыс тілдері)

N3 – Үшінші тіл (ағылшын тілі)

ФМБ – Физика-математика бағыты

IBM – (Inquiry-Based Methods) – Ізденіс негізіндегі әдістер

КІРІСПЕ

Диссертация тақырыбының сипаттамасы. Диссертациялық жұмыс Қазақстан Республикасындағы көптілді білім берудің әлеуметтік-лингвистикалық қырларын талдауға бағытталған. Қазіргі кезеңде тілдік білім беруге қатысты мәселелер әлеуметтік-лингвистикалық зерттеулерде айрықша назарға алынып, өзекті ғылыми бағыттардың бірі ретінде қарастырылып отыр. Осы тұрғыдан алғанда, зерттеу нысаны ретінде еліміздің батыс өңіріндегі көптілді білім берудің тәжірибелік үлгілерін зерделеу аталған мәселенің өңірлік ерекшеліктерін айқындауға мүмкіндік береді. Зерттеу жұмысы Қазақстанның батыс өңіріндегі төрт облысты қамти отырып жүргізілді. Бұл өңірді зерттеу нысаны ретінде таңдау оның географиялық және әлеуметтік-экономикалық ерекшеліктерімен айқындалады. Атап айтқанда, аталған аумақ Ресей Федерациясының бес облысымен, сондай-ақ Түрікменстан және Өзбекстан құрамындағы Қарақалпақстан Республикасымен шектеседі. Мұндай шекаралық орналасу өңірде көптілділік пен мәдени өзара ықпалдастықтың табиғи қалыптасуына алғышарттар жасайды. Сонымен қатар, мұнай-газ өнеркәсібінің қарқынды дамуы аймақтың әлеуметтік құрылымына, көші-қон үдерістеріне және тілдік жағдаятына елеулі әсер етеді. Өңірдің өзіндік әлеуметтік-мәдени ерекшеліктері мен көпэтносты құрамы көптілді білім берудің әлеуметтік-лингвистикалық аспектілерін жан-жақты талдауға мүмкіндік береді.

Зерттеудің өзектілігі.

Қазіргі кезеңде тілдік білім беруге байланысты мәселелерге ерекше мән беріліп, көптілділік құбылысы әлемдік білім беру кеңістігінде өзекті бағыттардың бірі ретінде қарастырылып отыр. Ғаламдық мәдени әртүрлілік жағдайында халықаралық қатынастар мен кәсіби коммуникацияға қатысу үшін бір немесе екі тілді емес, үш және одан да көп тілді меңгеру қажеттілігі туындауда. Бұл үдеріс белгілі бір қоғамдағы тілдердің әлеуметтік-коммуникативтік қызметін арттырып, тілдік жағдаяттың қалыптасуына әсер етеді. Мұндай құбылыс тек педагогикалық немесе әдістемелік тұрғыдан ғана емес, сонымен бірге нақты кеңістіктегі этникалық, әлеуметтік, саяси және әлеуметтік-лингвистикалық факторлармен де тікелей байланысты.

Қазақстан Республикасы – көпэтносты мемлекет, сондықтан елдің тілдік кеңістігі де көптілді сипатқа ие. Осы көптілділікті реттеу мен дамыту мақсатында «Тілдердің үштұғырлығы» мәдени жобасы қабылданып, ол білім беру жүйесінде кеңінен енгізілді. Аталған жоба мемлекеттік тілді – қоғамды біріктіруші негізгі тіл ретінде, орыс тілін – мәдениетаралық қатынас құралы ретінде, ал ағылшын тілін – жаһандық коммуникация тілі ретінде орнықтыруды көздейді. Бұл бағыт елдің бәсекеге қабілеттілігін арттыру мен әлемдік білім беру кеңістігіне интеграциялануға мүмкіндік береді. Дегенмен, көптілді білім беруді енгізу үдерісі бірқатар әлеуметтік-лингвистикалық қайшылықтарды туындатуда. Бір жағынан, ол мәдени және білім беру кеңістігінің дамуына серпін беретін маңызды фактор болып саналса, екінші жағынан, мемлекеттік тілдің қоғамдық беделіне, ана тілін меңгеру деңгейіне және сапалы білім алуға

қолжетімділікке белгілі бір дәрежеде әсер етуде. Сонымен қатар, тілдік тепе-теңдіктің бұзылуы мен тілдік сәйкестіктің әлсіреуі сияқты мәселелер байқалуда. Осыған байланысты Қазақстандағы көптілді білім берудің әлеуметтік-лингвистикалық мәселелерін ғылыми тұрғыдан зерделеу – бүгінгі күннің өзекті міндеті болып табылады. Бұл зерттеу аталған қайшылықтардың табиғатын айқындап, олардың себеп-салдарын талдау арқылы тиімді шешу жолдарын ұсынуға бағытталған. Зерттеу нәтижелері көптілді социум жағдайында тілдік әлеуметтену үдерісін теориялық тұрғыдан негіздеуге және еліміздің білім саясатын жетілдіру тәжірибесін дамытуға септігін тигізеді.

Зерттеудің мақсаты – көптілді білім берудің әлеуметтік-лингвистикалық ерекшеліктерін кешенді түрде талдау және олардың тиімді жүзеге асырылуына ықпал ететін ғылыми-практикалық ұсыныстар әзірлеу. Осы мақсатқа қол жеткізу үшін мынадай **міндеттер** қойылады:

1. Қазақстан Республикасы тілдік жағдаятындағы қостілділік пен көптілділіктің әлеуметтік-лингвистикалық мәселелерін табиғи және жасанды қостілділік пен көптілділіктің әлеуметтік-лингвистикалық қырларын ашу арқылы қарастыру және қостілділік пен көптілділіктің Қазақстанның тілдік жағдаятындағы көріністерін әлеуметтік-лингвистикалық тұрғыдан талдап, түрлерін анықтау.

2. «Тілдердің үштұғырлығы» мәдени жобасының лингвистикалық, әлеуметтік-лингвистикалық, лингвомәдени, лингвокогнитивтік сипаттарын жасау және олардың көптілді білім беру тәжірибесіндегі іске асырылуын айқындау.

3. Көптілді білім беру мен оқыту жағдайындағы тілдерді меңгеру үдерісіне әлеуметтік-лингвистикалық тұрғыдан талдау жасап, мектептегі көптілді білім беруді мемлекеттік тіл негізінде іске асырылуының әлеуметтік-лингвистикалық сипатын аша отырып, көптілді білім берудің жоғары оқу орындарындағы ерекшеліктерін айқындау арқылы көптілді білім берудің әлеуметтік-лингвистикалық негіздерін жүйелі түрде анықтау.

4. Орта және жоғары білім беру салаларында көптілді білім беру жағдайын Қазақстанның батыс өңіріндегі көптілді білім берудің статистикалық мәліметтеріне талдау жасау арқылы айқындау, аталған өңір тұрғындарының көптілді білім беру жағдайындағы тілдердің маңыздылығын айқындауға арналған сауалнама нәтижелеріне сүйене отырып, үштілді білім беруді мемлекеттік тіл негізінде іске асыруға арналған ғылыми-практикалық ұсыныстар жасау.

Зерттеу нысаны – Қазақстан Республикасындағы көптілді білім беру – қоғамдағы тілдердің бір-біріне ықпалы мен қолданыс ерекшеліктерін айқындайтын әлеуметтік-лингвистикалық құбылыс ретінде қарастырылады.

Зерттеу пәні – Қазақстан Республикасының батыс өңіріндегі көптілді білім беруді жүзеге асырудың әлеуметтік-лингвистикалық ерекшеліктері мен мәселелері.

Зерттеудің теориялық-әдістемелік негізі. Барлық қаралған мәселелер мен тұжырымдалған міндеттер жалпы тіл білімі теориясы, шетелдік және

қазақстандық әлеуметтік лингвистика саласындағы нәтижелер мен жетістіктерді ескере отырып қойылады және шешіледі. Біздің жұмысымызда қазақстандық ғалымдар Б.Х. Хасановтың (1976, 1987, 1989, 1990, 1992, 2006, 2013), А.Е. Карлинскийдің (2011), Э.Д. Сүлейменова (1989, 1992, 2002, 2005, 2011), Ш. Құрманбайұлы (2014), А.О. Тымболова (2009), С.Қ. Құлманов (2022), Б.Ж. Курманова (2001, 2002, 2023), А.Ш. Акжигитова (2013), С.С. Кенжемуратова (2018), А. Утегенова (2020, 2024), Н.Г. Шаймерденова (2002, 2005, 2016), О.Б. Алтынбекова (2006), Н.М. Жанпейісова және Ж.Т. Уталиева (2009), , С.Ж. Баяндина (2014), Қ.Т. Өтегенова (2014), А.М. Абасилов, С.А. Асанбаева (2015), және шетелдік әлеуметтік лингвистика саласының зерттеушілері U. Weinreich (1953), A. Martinet (1965, 1975), J. Mac Namara (1967), E. Haugen (1972), Л.В. Щерба (1974), В.А. Аврорин (1975), R.T. Bell (1980), Jasone Cenoz, (2001, 2013), D. Zappatore (2003), C. Nitsch (2003), P. Auer (2008), L. Wei (2008, 2011), R. Franceschini (2009), D. Singleton (2011), Л.М. Хусаинова (2015), О.В. Легостаеваның (2014, 2015), C. Vallejo (2018) зерттеулеріне сүйендік.

Зерттеу жұмысының дереккөздері:

1. Қазақстан Республикасында 1999, 2009 және 2021 жылдарда жүргізілген Ұлттық халық санағының және әртүрлі салалық сайттардан алынған статистикалық-сандық деректер.

2. 2021-2023 жылдары Ақтөбе өңірі тұрғындары арасында 1000 респонденттен алынған нәтижелер мен Қазақстанның батыс өңіріндегі төрт облыс тұрғындарын қамтыған, жалпы саны 826 респондент қатысқан әлеуметтік-лингвистикалық сауалнама деректері;

3. 2024–2025 жылдар аралығында Қазақстанның батыс өңірінің төрт облысында көптілді білім беретін педагогтер мен көптілде білім алатын оқушылар арасында жүргізілген әлеуметтік-лингвистикалық сауалнамалардың нәтижелері талданды.

Зерттеу әдістері. Белгіленген міндеттерді шешу үшін сандық және сапалық талдауды ұштастыратын әдістер жиынтығы қолданылды:

1. Теориялық әдістер. Талдау (анализ) әдісі. Көптілді білім беру саясаты мен оның жүзеге асу үдерісін анықтау үшін Қазақстан Республикасының тіл саясатына, «Тілдердің үштұғырлығы» мәдени жобасына, білім беру стандарттарына, орта және жоғары білім беру салаларындағы нормативтік құжаттарға мазмұндық талдау жүргізілді. Бұл әдіс көптілділіктің құқықтық, идеологиялық және педагогикалық негіздерін айқындауға, сондай-ақ оның әлеуметтік контекстін тереңірек талдауға мүмкіндік береді.

2. Жинақтау, салыстыру әдістері. Әр өңірден алынған деректер мен алдыңғы зерттеулер нәтижелері бір жүйеге келтірілді. Мысалы, Ақтөбе, Атырау, Маңғыстау және Батыс Қазақстан облыстарындағы жоғары оқу орындарында қазақ, орыс және ағылшын тілдерінде оқытатын топтар мен көптілде оқытатын топтардағы студенттер саны салыстырылып, нәтижелері жинақталып, айырмашылықтары көрсетілді. Зерттеу нәтижесінде өңірлік ерекшеліктер мен тілдік теңгерімнің өзара байланысы айқындалды.

Қолданылған әдіс алынған деректерді талдау арқылы зерттеудің қорытынды тұжырымдарын ғылыми тұрғыдан негіздеуге мүмкіндік берді.

3. Арнайы әлеуметтік-лингвистикалық әдістер: а) әлеуметтік-лингвистикалық сауалнама (анкета) әдісі арқылы Батыс Қазақстан, Ақтөбе, Атырау және Маңғыстау облыстарынан 800-ден астам респондент және Ақтөбе өңірі бойынша 1000 респонденттің (оқушы, студент, мұғалім, ата-ана) қатысуы мен қоғамдағы түрлі салаларда қызмет атқарушы тұрғындардың көптілді білім беруге деген қарым-қатынасы, сапасы, қажеттілігі, тілдердің әлеуметтік мәребесі, елдегі тіл саясатына деген көзқарастары, көптілділіктің компоненттері болып табылатын қазақ, орыс және ағылшын тілдерінің қолданылу деңгейі туралы мәліметтер алынды. Сауалнама нәтижелері көптілді білім берудің қоғамда кеңінен қабылданған құбылыс екенін, алайда оның тиімді жүзеге асуы тілдердің әлеуметтік мәртебесін тең ұстау және тілдік саясатты үйлесімді жүргізу қажеттілігімен тікелей байланысты екенін анықтауға мүмкіндік берді.

4. Зерттеу барысында алынған сауалнама және бақылау нәтижелерін талдау үшін **математикалық және статистикалық өңдеу әдісі** қолданылды. Бұл әдіс деректердің нақтылығын қамтамасыз етіп, зерттеу нәтижелерін сандық тұрғыдан негіздеуге мүмкіндік берді. Жиналған мәліметтер SPSS Statistics және Google Forms Analytics бағдарламалары арқылы өңделді. Талдау барысында деректердің пайыздық үлестері (frequency distribution) есептеліп, респонденттердің жауап беру жиілігі мен пропорциялық қатынастары анықталды. Сонымен қатар алынған мәліметтер бойынша салыстырмалы талдау жүргізіліп, жас ерекшелігі, әлеуметтік мәртебе және тілдік құзырет деңгейі тұрғысынан айырмашылықтар айқындалды. Математикалық және статистикалық әдістерді қолдану зерттеу нәтижелерінің объективтілігін арттырып, көптілді білім берудің әлеуметтік-лингвистикалық ерекшеліктерін сандық тұрғыдан дәлелдеуге мүмкіндік берді.

Осы әдістердің кешенді қолданылуы нәтижесінде:

- батыс өңірі тұрғындары арасында қазақ және орыс тілдерінің теңгерімді көптілділік үлгісі орныққан және ағылшын тілі халықаралық коммуникация тілі ретінде біртіндеп күшейіп келетіні анықталды;

- көптілді білім беру саясаты қоғам тарапынан жоғары деңгейде қабылданған, бұл әлеуметтік-лингвистикалық тұрақтылықтың көрсеткіші болып табылады деген тұжырымға келдік;

- көптілді білім беру жүйесінің тиімділігі инновациялық технологияларды қолдану және оқу процесінің интернационалдану деңгейімен тығыз байланысты екені дәлелденді;

- статистикалық және корреляциялық талдау нәтижесінде жас, мамандық, тілдік орта факторлары мен тілдік құзырет арасындағы өзара байланыс эмпирикалық тұрғыда айқындалды;

- өңірлік көптілділік феномені – тілдік саясаттың, әлеуметтік сұраныстың және білім беру реформаларының өзара ықпалы нәтижесінде қалыптасқан кешенді құбылыс екені негізделді.

Зерттеу әдістері өзара бірін-бірі толықтыра отырып, көптілділік құбылысын пәнаралық және әлеуметтік контексте кешенді сипаттауға мүмкіндік берді.

Қорғауға ұсынылатын негізгі тұжырымдар:

1. Тіл біліміндегі қазіргі зерттеулерде «көптілділік», «мультилингвизм» және «полилингвизм» терминдерін түсіндіруде кейбір сәйкессіздіктер байқалады. Теориялық әдебиеттерде «полилингвизмнің» толыққанды теориясының болмауына байланысты зерттеушілер көптілділік теориясы мен терминологиясына және типологиясына сүйенуге мәжбүр. Сондықтан да зерттеуімізде «көптілділік» терминін екі тілді де, үш тілді де бірнеше тілді меңгерудің барлық нұсқаларын жинақтайтын категориялық ұғым ретінде қолдандық. Қазақстанның тілдік жағдаятында, соның ішінде батыс өңірде бүгінгі күні көптілділік пен көптілділіктің барлық түрлері бар.

2. Қазақстан Республикасындағы «Тілдердің үштұғырлығы» мәдени жобасының қабылдануы көптілділік мәселесін үш тілде тиімді, әлеуметтік теңгерімді коммуникацияны қамтамасыз ете отырып, тепе-тең, үйлесімді және әлеуметтік тұрғыдан тиімді шешуге объективті жағдай жасады. «Тілдердің үштұғырлығы» мәдени жобасының лингвистикалық, лингвомәдени және лингвокогнитивті негіздері коммуникативтік оқыту принциптеріне негізделген және білім алушы тілдік білімді ғана емес, сонымен бірге қарым-қатынастың нақты жағдайында ана тілдерімен мәдениетаралық қарым-қатынасқа ықпал ететін танымдық және әлеуметтік-мәдени болмыстарды да меңгереді.

3. Көптілді білім берудің мазмұндық қыры қоғам дамуының әлеуметтік-саяси және экономикалық жағдайларына сәйкес үнемі өзгеріп отыратын және дамитын динамикалық категория болып табылады. Мектепте мемлекеттік тіл негізінде көптілді білім беруді жүзеге асырудың мазмұндық талаптары мақсатты тілдің оқыту құралы әрі оқыту нысаны ретінде болуы, мақсатты тілді мемлекеттік тілмен немесе қазақтың ұлттық мәдениеті арқылы салыстырмалы-салғастырмалы зерделеу, білім алушылардың функционалдық сауаттылығын дамыту, мақсатты тілдерді өзге де мәдениеттер және басқа тіл иелерімен нақты қарым-қатынас құралы ретінде пайдалану негізінде оларды практикада қолдану, лексика-грамматикалық минимумның көлемін анықтау және бөлінген параметрлерді ескере отырып, оқытылатын тілдің таныстырылатын лексика-грамматикалық ережелерін жеңілдету, мақсатты тілдерде көрсетілген және тілде вербализацияланған тілдік тәжірибе мен өмірді салыстыру дағдыларын дамыту, жаңа тілдерді меңгеру үшін өзіндік базис болып табылатын ана тілінің даму деңгейін ескере отырып, мақсатты тілдер дағдыларын дамыту.

4. Қазақстанның батыс өңіріндегі жоғары оқу орындарында көптілді білім беру алғашқы ұйымдастыру кезеңдерінен өтіп, көптілді білім беруді дамыту бойынша нақты шаралар жүзеге асырылуда. Соның ішінде инновациялық білім беру технологиялары пайдаланылуда, кадрлық қамтамасыз ету мәселелері шешілуде, білім беру үдерісі интернационалдандырылуда, көптілді білім беру мазмұны (оқу құралдары, ОӘК және т.б.) толықтырылуда. Сондай-ақ әлеуметтік-лингвистикалық мониторингтің өзекті мәселелері дербес бағыттар

ретінде белгіленіп, жан-жақты талданды. Қазақстанның батыс өңірі (Ақтөбе, Батыс Қазақстан, Атырау және Маңғыстау облыстары) тұрғындарының көптілді білім беру жағдайында тілдердің позициясын бағалауын оң деп тұжырымдауға болады. Яғни елдегі тілдік құрылыс пен оны іске асыру тетіктері мен даму үрдістері қоғамда бірауыздан қолдау тауып отыр. Қазақстанның батыс өңірінде мемлекеттік тілді игеруге жағдайлар толыққанды жасалған, сондықтан қазақ тілін білмеу салдарынан қала тұрғындары үшін күрделі мәселелер туындамайды. Бірақ тұрғындар тарапынан мемлекеттік тіл туралы Заң қабылдау керектігі арнайы көрсетілген. Батыс өңірі тұрғындары арасында қазақ-орыс, орыс-қазақ қостілділігінің теңгерімді үлгісі қалыптасқан. Әлеуметтік салалардағы көптілділіктің даму динамикасын талдау батыс өңірде қазақ-орыс-ағылшын тілдерінің өзара ықпалы негізінде жаңа тілдік компоненттердің қалыптасып келе жатқанын көрсетті.

Зерттеудің негізгі нәтижелерінің сипаттамасы.

Зерттеудің мақсатына сай қазақстандық әлеуметтік-лингвистикалық контексте көптілділіктің теориялық қырлары нақтыланды. Бұл көптілділікті тек тілдік тәжірибе ретінде ғана емес, сонымен қатар мәдени және азаматтық бірегейлікті қалыптастыру құралы ретінде де қарастыруға мүмкіндік береді. Өңірлік және әлеуметтік-мәдени факторларды ескере отырып Қазақстанның батыс өңіріндегі орта және жоғары білім беру жүйесінде қазақ, орыс, ағылшын тілдерінің қызмет етуі мен өзара әрекеттесуінің өзіндік ерекшеліктері айқындалып, алғаш рет эмпирикалық деректер негізінде Қазақстанда көптілді білім беруді жүзеге асырудың тиімділігін нақтылаған әлеуметтік-лингвистикалық критерийлер арқылы: тілді меңгеру деңгейі, тілдік бейімділік, оқушылардың ынтасы мен тұлғалық ерекшеліктері тұрғысынан бағалау жүргізілді. Сонымен қатар мемлекеттік тілдің басымдық рөлін сақтай отырып, көптілділіктің компоненттерін – қазақ, орыс, ағылшын тілдерін - тепе-тең дамытуға бағытталған көптілді білім беру моделін жетілдіру бойынша ғылыми тұрғыда негізделген ғылыми-тәжірибелік ұсыныстар әзірленді.

Алынған нәтижелердің жаңашылдығы мен маңыздылығының негіздемесі. Зерттеудің ғылыми жаңалығы Қазақстанның білім саласындағы көптілді білім беру ең алғаш рет елдің батыс өңірі материалы негізінде әлеуметтік-лингвистикалық тұрғыдан толыққанды зерттеліп, жүйеленуінде. Көптілді білім берудің әлеуметтік-лингвистикалық негіздері көптілді білім беру мен оқыту жағдайындағы тілдерді меңгеру әлеуметтік-лингвистикалық тұрғыдан талданып, орта білім беру саласындағы көптілді білім берудің әлеуметтік-лингвистикалық сипаты және қазіргі кездегі жоғары оқу орындарындағы көптілді білім берудің ерекшеліктері анықталды. Сонымен қатар әлеуметтік-лингвистикалық сауалнамалар арқылы батыс өңірдегі көптілді білім беру жағдайы айқындалып, көптілділіктің компоненттері болып саналатын қазақ, орыс, ағылшын тілдерінің тұрғындар үшін атқаратын коммуникативтік рөлі мен әлеуметтік қызметі нақтыланды. Алынған нәтижелер көптілділік пен көптілді білім берудің әлеуметтік-лингвистикалық мәселелеріне арналған теориялық базаны эмпирикалық материалдармен толықтырып,

қазақстандық феномен болып табылатын көптілді білім берудің әлеуметтік-лингвистикалық бағытын анықтайды.

Зерттеудің теориялық және практикалық маңызы.

Теориялық маңыздылығы. Диссертациялық зерттеуде әзірленген жалпы теориялық қорытындылар қостілділік пен көптілділіктің өзара әрекеттесу мәселелерін қарастыруда маңызды болып табылады. Сонымен қатар әлеуметтік-лингвистиканың одан әрі дамуына, көптілді білім берудің әлеуметтік-лингвистикалық ерекшеліктерін айқындауға арналған зерттеу жұмыстарына да зор үлесін қосады.

Практикалық маңыздылығы. Зерттеу барысында алынған нәтижелерді «Тіл біліміне кіріспе», «Жалпы тіл білімі», «Әлеуметтік лингвистика», «Психоллингвистика» пәндерін оқытуда қолданылуымен айқындалады. Зерттеу барысында жасалған ғылыми-тәжірибелік ұсыныстар Қазақстан Республикасында тіл саясатын жүзеге асыруда көптілді білім беру мен пәндерді оқытуда негізгі құрал бола алады.

Зерттеу апробациясы. Зерттеудің негізгі нәтижелері мен тұжырымдары отандық, шетелдік ғылыми-зерттеу мекемелерінде, жоғары оқу орындарында талқыланды: «Қоғамдағы үштілділіктің маңыздылығы мен оның тілдік мәселелері» атты мақала 15.05 2019 жылы Польша мемлекетінде өткен «Europejska Nauka XXI Powieka - 2019» атты XV Халықаралық ғылыми конференцияда (Польша, 15.05 2019. 70-75 бб.) жарық көрді. Бұл мақалада Қазақстан Республикасында үштілділіктің маңыздылығы туралы талқыланды.

2019 жылы Sheffield қаласында өткен «Modern European science» конференциясында «Үштілділік – тілдік қатынас жемісі» атты мақалада Қазақстандағы тіл саясаты, көптілділік жағдайы, тілдік қатынас мәселелері туралы, қазіргі қоғамда үш тілдің – мемлекеттік, ұлтаралық, халықаралық тілдердің бір-бірімен араласып іріктеліп қолданылуы, оның тілдік қатынас жүйесіне әсері көрнекі түрде талданды (Халықаралық ғылыми конференция. Шеффилд қаласы. Ұлыбритания. 30.06-07.07.2019 13-18 бб.).

«Қазақстан Республикасындағы қостілділік пен көптілділіктің әлеуметтік-лингвистикалық қырлары». «Жастар, ғылым және инновация» атты жас ғалымдар, PhD докторанттар, магистранттар мен студенттердің XX халықаралық ғылыми конференциясының материалдары. (Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік мемлекеттік университеті. Ақтөбе, 14 сәуір 2025 391-396 бб.). Мақалада Қазақстандағы қостілділік пен көптілділіктің қырлары жан-жақты қарастырылған. Зерттеу тілдік құбылыстардың тарихи-теориялық негіздерін (қостілділіктің қалыптасуы, У. Вайнрайх және басқа ғалымдардың ұғымдары), әлеуметтік-лингвистикалық және психоллингвистикалық аспектілерін, сондай-ақ қазақ және орыс тілдерінің өзара әрекетін тұжырымдамалық тұрғыда талданған. Қазақстан контекстінде тіл саясаты мен білім беру жүйесіндегі көптілділіктің мәні ерекше атап өтілген: мемлекеттік тіл – қазақ, ұлтаралық қарым-қатынас тілі – орыс және халықаралық байланыс тілі – ағылшын тілдерінің әлемдік аренаға шығуы негіз болатыны сипатталған. Сонымен қатар білім беру кеңістігіндегі көптілділіктің нақты ахуалын айқындау мақсатында

тұрғындар, жоғары сынып оқушылары, студенттер, жоғары оқу орындарының оқытушылары, мектеп мұғалімдері және түрлі салада қызмет ететін мамандар арасында сауалнама жүргізілді. Алғашқы сауалнамалық зерттеудің мақсаты – Ақтөбе өңіріндегі орта және жоғары білім беру жүйесіндегі көптілділіктің мәселелерін айқындау. Онлайн форматта Ақтөбе облысының 4 ауданында (оның ішінде 2 қазақ тілді және 2 орыс тілді аудан) сауалнама жүргізілді. Оған 1000 респондент қатысты. Сауалнама Google Form арқылы өткізілді. Әлеуметтік-лингвистикалық талдаудың эмпирикалық негізін Ақтөбе облысының тұрғындары арасында жүргізілген сауалнамалық зерттеу құрады, себебі облыс батыс өңірдегі ең ірі өндірістік аймақ болып табылады. Респонденттерді таңдау кездейсоқ жүргізілді, сондықтан сауалнамалық зерттеуге 14 пен 60 жас аралығындағы кез келген тұрғын қатыса алды. Сауалнама нәтижелері білім беру саласында көптілділіктің қазіргі жағдайы мен оған қатысушылардың көзқарасын көрсетеді. Сондай-ақ Қазақстанның батыс өңіріндегі Ақтөбе, Батыс Қазақстан, Атырау және Маңғыстау облыстарының тұрғындары арасында Қазақстан Республикасының батыс өңіріндегі көптілділіктің әлеуметтік-лингвистикалық қырларын анықтау мақсатында 826 респонденттен әлеуметтік-лингвистикалық сауалнама алынды. Зерттеудің негізгі нысаны ретінде әлеуметтік-лингвистикалық құбылысты зерттеу үшін қарастырылатын барлық әлеуметтік салалар қамтылған. Зерттеу нәтижелері бойынша қатысушылардың көпшілігі қазақ, орыс және ағылшын тілдерін әртүрлі деңгейде меңгергенін көрсетті. Қазақ тілі күнделікті тұрмыстық және ресми қарым-қатынаста басым қолданылатыны байқалса, орыс тілі мәдениетаралық және кәсіби коммуникацияда жетекші рөл атқарады. Ал ағылшын тілінің маңыздылығы үнемі артып келеді, әсіресе жастар мен білім беру саласында қолданылуы деңгейі жоғары, дегенмен оны еркін меңгеру деңгейі әлі де жеткіліксіз екендігі анықталды. Қатысушылардың көп бөлігі көптілділікті заманауи қоғамның маңызды талабы деп бағалайды. Сонымен қатар, зерттеу нәтижелері Scopus халықаралық ғылыми деректер базасына енген екі мақаланың біріншісі, «X^Llinguae European Scientific Language Journal» журналында ең жоғарғы рейтингті Q1 басылымында «Sociolinguistic aspects of polylinguistic (trilingualism) education in the Western region of Kazakhstan» атты тақырыпта (Volume 16 Issue 2, April 2023 – P. 85-99) жарияланған. Бұл мақалада Қазақстанның батыс өңіріндегі көптілділіктің әлеуметтік-лингвистикалық қырларына жүргізілген сауалнама нәтижелері негізінде сараптама жасалған. Екіншісі: «Forum for Linguistic Studies» ғылыми журналында жоғарғы рейтингті Q2 басылымында «Bilingualism and Multilingualism in Kazakhstan: Sociolinguistic and Educational Perspectives» (Volume 7, Issue 7, July 2025 – P. 785-795) атты тақырыптағы мақалада Қазақстандағы қостілділік пен көптілділіктің әлеуметтік-лингвистикалық және білім беру аспектілері қарастырылған. Зерттеу нәтижесінде қазақ, орыс және ағылшын тілдерінің қоғам мен білім беру жүйесіндегі қызметі айқындалған. Қазақ тілі мемлекеттік және мәдени бірегейлікті сақтауда маңызды рөл атқаратыны, орыс тілі әлі де кең қолданыстағы коммуникациялық құрал болып

табылатыны көрсетілген. Ағылшын тілі жаһандану үдерісінде халықаралық қатынастар мен кәсіби мүмкіндіктерді кеңейтетін фактор ретінде бағаланған. Көптілді білім беру саясаты жастардың тілдік құзіреттілігі мен бәсекеге қабілеттілігін арттыруға ықпал ететіндігі айқындалған.

Зерттеудің жарияланымы мен мақұлдануы:

Зерттеу жұмысының негізгі бөлімі бойынша 9 жұмыс жарияланды, соның ішінде 2 мақала Scopus халықаралық ғылыми деректер базасына кіретін журналдарда, 2 мақала ҚР Ғылым және жоғары білім саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитеті ұсынған басылымдарда, 3 мақала халықаралық конференциялардың жинақтарында, 2 мақала республикалық конференциялардың жинақтарында жарияланған.

Scopus ғылыми деректер базасына кіретін журналда жарияланған мақала:

1. «Sociolinguistic aspects of polylinguistic (trilingualism) education in the Western region of Kazakhstan». X Linguae European Scientific Language Journal Скопус Volume 16 Issue 2, April 2023 – P. 85-99, ISSN 1337-8384, eISSN 2453-711X. DOI: 10.18355/XL.2023.16.02.07 https://www.xlinguae.eu/2023_16_2_7.html

2. Bilingualism and Multilingualism in Kazakhstan: Sociolinguistic and educational Perspectives Forum for Linguistic Studies <https://doi.org/10.30564/fls.v7i7.10172> Vol. 7, Iss. 7, 2025 – P. 785-795. <https://journals.bilpubgroup.com/index.php/fls/article/view/10172>

ҚР ҒЖЖБ Ғылым және жоғары білім саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитетінің нәтижелерін жариялау үшін ұсынылатын басылымдарда жарияланған еңбектер:

1. «Білім беру саласындағы үштілділіктің әлеуметтік-лингвистикалық мәселелері». «Қазақстанның ғылымы мен өмірі» Халықаралық ғылыми-журнал. №7/2. 2019 – Б. 311-315.

2. «Реализация технологии CLIL в полиязычном образовании» // Вестник ЕНУ им. Л.Н. Гумилева. – Нұр-Сұлтан қаласы, 2021 – № 1 (134) – С. 104-111. URL: <http://rep.enu.kz/handle/enu/3079>

Халықаралық, республикалық конференциялардың жинақтарында жарияланған еңбектер:

1. «Қоғамдағы үштілділіктің маңыздылығы мен оның тілдік мәселелері». «Europejska Nauka XXI Powieka – 2019» XV Miedzynarodowej naukowipraktycznej konferencji Халықаралық ғылыми конференция. Польша, 15.05.2019 – Б. 70-75. E-mail: praha@rusnauka.com

2. «Үштілділік – тілдік қатынас жемісі». Modern European science – 2019. Materials of the XV international scientific and practical conference. Volume 7 Халықаралық ғылыми конференция. Шеффилд қаласы. Ұлыбритания. 30.06-07.07.2019 – Б. 13-18.

3. «Үштілділік - жаңа заман талабы» Қазақ әдебиеттану ғылымы: дәстүр және сабақтастық атты республикалық ғылыми-тәжірибелік конференция жинағы Ақтөбе, 2018 – Б. 335-338.

4. «Үштілділіктің қажеттілігі» «Жаңартылған білім бағдарламасы: Қазақ тілі және оны оқыту мәселелері» атты республикалық ғылыми-әдістемелік

конференция. Ақтөбе, 19 сәуір, 2019 – Б. 353-354.

5. «Қазақстан Республикасындағы қостілділік пен көптілділіктің әлеуметтік-лингвистикалық қырлары». «Жастар, ғылым және инновация» атты жас ғалымдар, PhD докторанттар, магистранттар мен студенттердің ХХ халықаралық ғылыми конференциясының материалдары. Қ. Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университеті. Ақтөбе, 14 сәуір 2025 – Б. 391-396.

<https://zhubanov.edu.kz/media/uploads/tkuanyshev/2025/06/16/2-17>

Жұмыстың құрылымы мен көлемі. Диссертация кіріспеден, үш бөлімнен, үш бөлім бойынша тұжырымдардан, қорытындыдан, пайдаланылған әдебиеттер тізімі мен қосымшалардан тұрады. Зерттеудің нәтижелері 35 кесте, 12 сурет және 4 қосымшадан тұрады. Пайдаланылған әдебиеттер тізіміне 148 атау енгізілді. Ғылыми жұмыстың жалпы көлемі 165 беттен тұрады.

Диссертациялық зерттеу жұмысы тіл білімінің әлеуметтік-лингвистика, психолингвистика сияқты өзекті саласының даму бағыттарына және **Қазақстан Республикасы Мемлекеттік бағдарламаларына** сәйкес дайындалған:

1. Қазақстан Республикасының Конституциясы: Конституция 1995 жылғы 30 тамызда республикалық референдумда қабылданды (актінің өзгертілген күні 01.01.2023).
2. «Қазақстан Республикасындағы тіл туралы» Қазақстан Республикасының 1997 жылғы 11 шілдедегі № 151 Заңы (актінің өзгертілген күні 20.08.2024).
3. «Білім туралы» Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі № 319-III Заңы (актінің өзгертілген күні 01.09.2024).
4. Қазақстан Республикасында тіл саясатын дамытудың 2023-2029 жылдарға арналған тұжырымдамасы, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2023 жылғы 16 қазандағы № 914 Қаулысы.
5. «Қазақстан Республикасында жоғары білім мен ғылымды дамытудың 2023-2029 жылдарға арналған тұжырымдамасын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2023 жылғы 28 наурыздағы № 248 қаулысы (актінің өзгертілген күні 14.06.2024).
6. «Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрінің 2022 жылғы 20 шілдедегі № 2 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2022 жылғы 27 шілдеде № 28916 болып тіркелді (актінің өзгертілген күні 20.02.2023).
7. «Государственный общеобязательный стандарт образования Республики Казахстан. Высшее образование. Языки триединства (казахский, русский и иностранный языки)» (Кунанбаева С.С.) ГОСО РК 6.08.085-2010 Алматы, 2010.

Докторанттың ғылыми зерттеу бойынша әр жарияланымды дайындаудағы үлесі. Диссертацияның барлық көлемін, зерттеу әдісін таңдауды және зерттеу мақсатына сай міндеттерді шешуді, зерттеу бойынша жарияланымдарды дайындауды автор өз бетінше орындады. Зерттеу тақырыбына сай тапсырмалар беру мен алынған нәтижелерді талқылау ғылыми кеңесшілермен бірлесіп жүргізілді.

1 ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ТІЛДІК ЖАҒДАЯТЫНДАҒЫ ҚОСТІЛДІЛІК ПЕН КӨПТІЛДІЛІКТІҢ ӘЛЕУМЕТТІК ЛИНГВИСТИКАЛЫҚ МӘСЕЛЕЛЕРІ

1.1 Табиғи және жасанды қостілділік пен көптілділіктің әлеуметтік лингвистикалық қырлары

Тіл білімінде тілдік байланыстар құбылысы лингвистика, психология және әлеуметтану тұрғысынан қарастырылады. Байланысушы тілдерде қандай бағыттағы өзгерістер болып жатқанын түсіну барлық аталған үш деңгейде жүріп жатқан үдерістерді бақылау мен талдауға негіз болады. Осыған байланысты әрқайсысына қысқаша тоқталамыз.

Біріншіден, лингвистикалық деңгейде ғалымдар екі тәуелсіз тілдік жүйенің араласуы мен өзара байланысын қарастырады. А.М. Молодкин этномәдени контекстегі әртүрлі тілдердің өзара әрекеттесуін талдай отырып, ғалымдардың назарын аударатын тілдік байланыстар мәселесінің лингвистикалық қырларына қысқаша шолу жасайды. Оның пайымдауынша, бұл мәселелерге келесілер жатады: 1) байланысушы тілдердің фонологиялық, грамматикалық және лексикалық деңгейлері; 2) тілдік құрылымдық элементтердің тілдік байланыс кезінде өзге тілге көшуі; 3) көптілді ұжымдарда тілдерді бір мезгілде қолдану; 4) байланысқа түсетін тілдердегі өзгерістер және тілдік байланыстар нәтижесінде пайда болған жаңа тілді дамыту мәселелері және т.б. [1, с. 11].

Екіншіден, психолінгвистикалық деңгейде ғалымдар төмендегідей мәселелерді қарастырады: 1) жеке көптілділіктің бірнеше тілдердің көптілді тұлға санасында үйлесімді қатар өмір сүруі мәселесі; 2) тілдік байланыстардың психолінгвистикалық құрамдас бөлігі симметриялық және асимметриялық жеке көптілділік мәселелерін қамтиды, бұл бірнеше тілді меңгеру деңгейіне байланысты; 3) көптілді жағдай қолданысындағы әртүрлі тілдердің қызметіне байланысты автономды және біріктірілген көптілділік мәселесі. Симметриялық көптілділік тілдерді меңгерудің тең дәрежесін, ал асимметриялық – бір тілді басқалармен салыстырғанда көп дәрежеде меңгеруді; автономды – тек тиісті тілдің тілдік құралдарын пайдалана отырып, әрбір тілдік сөйлеуді қалыптастыруды; біріктірілген – басқа тілде сөйлеу кезінде бірінші тілдің тілдік құралдарын пайдалануды көздейді. Сонымен қатар, кейбір ірі лингвист ғалымдар (В. Gavrenek, А. Martinet, Е. Naugen) толық және тәуелсіз (тілдік араласусыз) бірнеше тілді білу қарапайым адамның психикалық мүмкіндіктерінен асып түседі деп санайды [2, с. 62-111].

Үшіншіден, тілдік байланыстардың әлеуметтік-лингвистикалық аспектілері белгілі бір аймақтағы немесе елдегі белгілі бір қоғамдағы белгілі бір тілдік жағдай арқылы көптілді қоғамдардың өзара әрекеттесуін қарастыруға арналған. Мұндай тілдік байланыстардың бастапқы нәтижелері көптеген факторларға байланысты, мысалы, ұзақтығы мен қарқындылығы; әлеуметтік-экономикалық және әлеуметтік-саяси қатынастардың түрлері; қарым-қатынас құралы ретінде қызмет ететін тілдік функциялар және т.б. Сонымен бірге

ғалымдар әлеуметтік жағдайларға байланысты тілдік байланыстар нәтижелерінің болжанбайтындығын атап өтеді. Мысалы, А. Мартинет (A. Martinet) «тілдің таралуы мен үстемдік етуі оның ішкі құрылымдық ерекшеліктеріне ғана байланысты емес екенін атап көрсетеді. Оның көзқарасы бойынша, белгілі бір тілдің өзге тілдерге үстемдік етуі оны қолданушы қауымның әлеуметтік, мәдени және саяси қасиеттерімен тікелей байланысты. Ғалым бұл тұрғыда тіл өзінің табиғи қасиеттері негізінде емес, оны таратушы халықтың соғысқұмарлығы, көзсіз сенгіш (фанатизмі), мәдениетінің жоғары деңгейі мен әрі іскерлік қабілеттері нәтижесінде басымдыққа ие болады», - деп жазған. Ғалымның көзқарасы бойынша, тілдік байланыстардың даму мен олардың нәтижесі бірдей тарихи және әлеуметтік жағдайларда әртүрлі болуы мүмкін, ал дамыған мәдениеттердің тілдері де әрдайым басымдыққа ие бола бермейтінін ғылыми тұрғыдан негіздейді [3, р. 81-82]. Тілдік байланыстар теориясын дамыту барысында қостілділік пен көптілділіктің бірнеше жіктемесі ұсынылған.

Ф. Харисовтың көзқарасы бойынша, би- және полилингвизмнің (қостілділік пен көптілділіктің) типологиясы даулы болып қала береді [4]. Сонымен, Г.М. Вишневская өзінің «Билингвизм и его аспекты» еңбегінде теориялық дереккөздерді талдау негізінде оның басым, ілеспе, прогрессивті, ендірілген, асимметриялық, теңдестірілген, күрделі, бірізді, координативті, диагональды, көне, функционалды, көлденең, пайда болатын, жеке, балалар, кеш, пассивті, өнімді, рецептивті, регрессивті, субординативті, шынайы сияқты түрлерін келтіреді [5, с. 22-23].

Ғалымның пікірінше, би- және полилингвизмнің (қостілділік пен көптілділіктің) ең көп таралған түрі «табиғи» және «жасанды» деп саналуы керек, оларды ғалымдар тілдік байланыстардың пайда болу шарттары негізінде анықтаған [6, с. 21]. Автор адамның басым бөлігі ана тілі (бірінші), ал жат тіл (екінші) сол «ана тілі» арқылы үйренетін тіл болған кезде көптілділіктің жасанды түріне тап болатынын айтады [5, с. 23]. Өзге ғалымдар сонымен қатар жасанды көптілділік «шетелдік орта болмаған жағдайда» қалыптасады деп санайды, онда полилингвизмнің (көптілділіктің) дамуы зерттелетін жат тілді қолданушылардан бөлек оқыту кезінде адамға саналы және белсенді әсер етуге негізделген [7, с. 313-318].

Табиғи көптілділік әртүрлі тілдердің тасымалдаушыларының бірлескен кәсіби қызметі барысында өзара әрекеттесуінің ұзақ тілдік байланыстарының, отбасы шеңберіндегі тұрмыстық қарым-қатынастың және т.б. салдарынан туындайды, бұл жағдайда көптілді салада осы дағдыларды қалыптастыруға мақсатты әсер етпейді.


Н.Ш. Александрова соңғы жылдардағы бірқатар еңбектерінде табиғи қостілділіктің әртүрлі мәселелерін қарастыруға жүгінген [8]. Әдебиет көздерін талдау мен автордың табиғи қостілділіктің қалыптасуы туралы көптеген (екі жүзден астам) бақылаулары оған «қостілді дамудың тағдыры көптеген факторларға байланысты және оны болжау мүмкін емес» деген қорытынды

жасауға мүмкіндік берді [9, б. 216]. Автор табиғи көптілділікті баланың тілдік дамуын тежейтін қауіпті жағдайлар болуы мүмкін деп санайды.

Жасанды би-/ полилингвизмді (қостілділік пен көптілділікті) әдетте *оқу көптілділігі* деп атау қабылданған. Жат тілді бейімделу құралы ретінде меңгеру табиғи көптілділік жағдайындағы әлеуметтену барысында жүреді, ал жасанды қостілділіктің мақсаты болашақта жеке немесе кәсіби өзін-өзі жүзеге асыру болып табылады, яғни болашақта шет тілін меңгеруде алынған білім мен дағдыларды әлеуетті қолдану болжанады. Ал табиғи қостілділіктің қалыптасуы келесі әлеуметтік-мәдени жағдайлармен сипатталады: 1) тілдік ортаның болуы, қарым-қатынастың шексіз уақыты, қарым-қатынастың табиғи жағдайлары, әртүрлі жағдайларда қарым-қатынастың көп тілдесу тәжірибесі, өзге ортадағы тілдік аккумуляция, өмір сүру, жеке маңызды мәселелерді шешу құралы ретінде білуге деген жоғары ынталандыру; 2) оқытудың нақты әдістемесі бар білікті мұғалімнің болмауы; оқытудың мақсатты түрде жүргізілуі, тілдік құбылыстарды игерудегі белгілі бір жүйенің болуы, сөйлеу қателіктерін эпизодтық әрі жүйесіз түзету.

Жасанды қостілділік пен көптілділік туындаудың мүлдем қарама-қарсы жағдайларымен сипатталатындықтан, біз тек осы жағдайларда ынталандырудың әрдайым бола бермейтінін атап өтеміз, бұл біздің көзқарасымыз бойынша өзге (екінші) тілді үйрену үдерісінде маңызды компонент болып табылады.

Әдетте, жеке тұлғада екі немесе одан да көп тілдердің қалыптасу үдерісі бірдей болмайды, өйткені тілдердің және оларды ұсынушы мәдениеттің әлеуметтік саласы бірдей болмайды. Тілдердің арақатынасындағы өзгерістер тиісті жағдайлардың жасалуына байланысты (автор [10] сүйене отырып құрастырған) (Сурет 1).



Сурет 1 – Жасанды тілдердің арақатынасын өзгертудің әлеуметтік-лингвистикалық шарттары

Ғалымдар жасанды көптілділік аясында тұлғаның тілдік даму үдерісінің ерекшелігін анықтау және сипаттау мәселелеріне көп көңіл бөледі.

Көптілді тұлғаның әлеуметтік-лингвистикалық теориялары тілдік және сөйлеу құзыреттілігінің мәселелеріне, бірінші тілдің тәжірибесіне жүгінуге, тілдердің өзара әрекеттесу үдерістерін (билингвизм механизмі) қарым-қатынас

жағдайының мәдениетаралық ерекшелігіне назар аударады [11, с. 19-20]. Егер бастапқы тілдік тұлғаның қалыптасуы бейсаналық түрде жүрсе, онда екінші тілдік тұлғаның дамуы – бұл тілдік элементтер мен ережелер қалыптасатын жасанды, саналы үдеріс. О. Легостаева екінші тілдік тұлғаны «адамның басқа мәдениеттер өкілдерімен шынайы қарым-қатынас жағдайында сөйлеу әрекеттерін жасау қабілетінің жиынтығы» ретінде сипаттайды [12]. Екінші тілдік тұлға ана тілінің әлемінің тілдік бейнесін және жеке адамға өзі үшін жаңа әлеуметтік шындықты түсінуге мүмкіндік беретін әлемнің тұжырымдамалық бейнесін игеруден тұрады.

Жасанды билингвизм жағдайында зерттелген тілде сөйлеу билингвизм механизмінің даму деңгейіне тікелей байланысты. Е.М. Верещагиннің пікірінше, ол әртүрлі тілдік жүйелерге жататын сөйлеу туындыларын өндіру, қабылдау, түсіну үдерістерін қамтиды [13, с. 5]. Билингвизм (қостілділік) механизмін дамыту факторлары – оқыту және тілдік орта. Билингвизм механизмінің қалыптасуында Р. К. Миняр-Белоручев бірқатар ерекшеліктерді анықтайды: «екі тілдің лексикалық бірліктері арасында жалған белгі байланыстарын құру мүмкіндігі (мысалы, көпмағыналы сөздер); шет тіліндегі сөздің ана тілінің семантикалық жүйесімен жалған байланысын құру мүмкіндігі; фонетикалық, лексикалық, грамматикалық, лингвистикалық және аймақтық кедергілердің себебі ретінде доминантты тіл туралы заң» [14, с. 6-8].

Әрине, бұл мәселелердің барлығы көптілділікті қалыптастырудың әлеуметтік-лингвистикалық ерекшеліктерімен тікелей байланысты, өйткені қоғамның тілдік өмірінің өзгеріп отыратын жағдайында тіл мен қоғам арасындағы қатынастардың заңдылықтары өзгереді, бұл тілдік құбылыстардың мәніне терең енуді, олардың лингвистикалық және әлеуметтік табиғатын егжей-тегжейлі талдауды қажет етеді. Г.М. Вишневская ғалымдар тілдің әлеуметтік мәртебесінің жаңа қырларын ашуда және қоғамдық өмірге әлеуметтік тілдің енуі бұрынғыға қарағанда әлдеқайда тереңірек әрі алуан түрлі деп санайды [5, б. 7]. Тілдегі адами фактордың рөлін, адамның өмірін тілмен байланыстыратын немесе адамның тілге әсерін анықтайтын мәселелерді, тілдің адамның дүниетанымына тигізетін әсері неде екенін және оның тілге, оның құрылымына және қолданылуына қалай әсер ететінін зерттеу міндеті уақыт өткен сайын өзекті болып келеді.

Жасанды және табиғи қостілділікке жіктеуден басқа, тілдік байланыстар теориясының дамуы барысында ғалымдар көптілділіктің басқа да жіктемелерін пәнаралық құбылыс ретінде ұсынды, онда оның әртүрлі аспектілері, соның ішінде әлеуметтік-лингвистикалық қырлары да қарастырылды. Мысалы, екі немесе бірнеше тілді меңгеру дәрежесін негізге ала отырып, Л. Блумфилд (L. Bloomfield), В. Маккей (W. Maskey) және Дж. МакНамара (J. McNamara) аса жоғары деңгейдегі (өте жетік меңгеру); шынайы (нормативтік тұрғыдан меңгеру); жетілмеген (тілдік аспектілердің бірін минималды білу) деген деңгейлерге бөледі [15-17]. Екі тілде сөйлеу механизмінің өзара арақатынасы тұрғысынан Л.В. Щерба, С. Эрвин және Ч. Осгуд (S. Ervin, Ch.E. Osgood) таза

(тілдерді оқшаулай қолдану) және аралас (тілдердің параллель қызмет етуі) сөйлеу деңгейлерін ажыратқан [18, 19].

Лингвистикалық жүйелердің қиылысуын әлеуметтік-лингвистикалық тұрғыдан қарастырған В. Маккей (W. Maskey), В.А. Аврорин және М. Сигуан (M. Siguan) үйлесімді (тілдерді меңгеруде сәйкессіздіктердің болмауы); күрделі (бір тілде ойлауды жүзеге асыру және оны басқа тілге аудару) [16, p. 79; 20, 21] деп қарастырады. Т.А. Бертагаев өзінің жіктелімінің негізіне екі аспектіні енгізеді: 1) екі тілді қолдану белсенділігінің дәрежесі: белсенді (екінші тілді оның ауызша және жазбаша нысандарында меңгеру) және пассивті (ана тілін ішінара меңгеру); 2) екі тілдің нормаларын меңгеру дәрежесі: нормативтік (оқытылатын тілдердің фонетикалық, лексикалық-семантикалық және грамматикалық нормаларын сақтау); бір жақты нормативтік (тілдердің тек біреуінің ғана нормаларын сақтау); нормативтік емес (оқытылатын тілді оның нормаларын ішінара немесе толық бұза пайдалану) және екі жақты нормативтік емес (ана тілі мен өзге тіл нормаларын бұзу) [22].

Көптілді тұлғаның белгілі бір тіл ұжымымен байланысын Е.М. Верещагин үш негізде қарастырады: жеке (жеке тұлғаға қатысты); топтық (тілдік қауымдастық ішіндегі белгілі бір топқа қатысты); жаппай (жалпы тілдік қауымдастыққа қатысты) [13, б. 21-23].

Дж. Д. МакНамара (J. McNamara), В. Ламберт (W.E. Lambert), Я. Гавелка (J. Havelka), К. Кросби (C. Сгосбу) еңбектерінде тілдік байланыстар теориясындағы тілдердің сандық (зерттелетін тілді меңгеру дәрежесі) және сапалық (оны қолданудың дербестік дәрежесі) арақатынасының аспектілері қарастырылған. Бұл зерттеулерде аталған аспектілер теңдестірілген (екі тілді меңгеру деңгейі шамамен бірдей) және басым (оқытылатын тілдерді білу мен қолданудың дербестігі арасындағы айтарлықтай айырмашылық) деп бөлінеді [17, б. 59-77; 23, 24]. Белл Роджер Т (Bell Roger T.) өзінің «Әлеуметтік-лингвистика: мақсаттар, әдістер және мәселелер» атты еңбегінде адамдардың көпшілігі ана тілін ең көп қолданылатын тіл ретінде пайдаланады, ал жергілікті емес тіл көбінесе екінші, көмекші болып табылады. Алайда ол іс жүзінде, адам қолданатын тілдің санын белгілеу және оларды маңыздылық деңгейіне қарай реттеу оңай емес деген тұжырым жасайды. [25, с. 154–155]. Біз де бұл тұжырыммен келісеміз.

Қазіргі уақытта белгілі бір зерттеулер жүргізу кезінде бұл фактіні анықтауға болады деген пікірімізді растайтын белгілі бір әлеуметтік-лингвистикалық әдістер бар екенін атап өтпекшіміз.

Белгілі бір этностың тілі қоршаған орта тілінің ықпалында, тығыз байланыс жағдайында дамыған кезде, ол мәдени-тариха, әлеуметтік-экономикалық және басқа да факторларға байланысты тілдік өзгерістерге ұшырайды. Мақалада Ресей немістерінің қостілділігіне сипаттама беріліп, тілдік байланыс нәтижесінде туындаған өзге де құбылыстар талданады. Ресей немістерінің жазба тілінде код ауыстырудың интерсентенциалды және интрасентенциалды түрлері мысалдар арқылы дәлелденіп, код ауыстырудың қызметтері мен себептері айқындалады [26, с. 51-55].

Тілдік үстемдік және оның бағыныштылығы (рецессивтілігі) әлеуметтік-лингвистикалық зерттеулер жүргізу кезінде анықталуы мүмкін. Осы факторларды анықтау жеке тұлғалардың сөйлеуіндегі тілдік өзгерістерді анықтау үшін тілдік байланыстарды зерттеуде аса маңызды. Тілдік үстемдік ұғымы, біздің көзқарасымыз бойынша көпөлшемді құбылыс, өйткені ол көптеген түрлі мәселелерді қамтиды. Бір жағдайда, бір тілдің екіншісінен үстемдігінің көрінісі адамның екінші тілді жеткіліксіз меңгеруіне, басқаша айтқанда, толық меңгермеуіне байланысты болады. Басқа жағдайда, бір тілдің үстемдігі және басқа тілдің рецессивтілігі таза функционалды салада көрінуі мүмкін, онда белгілі бір жағдайда жеке тұлға бірінші және екінші тілдерді көп дәрежеде меңгергенін көрсетеді, бірақ екінші тіл бірінші тілге қарағанда тілді қолданудың функционалды салаларына көбірек қызмет етеді. Бұл аспектіде Ж. Багана мен Е.В. Хапилина соңғы жылдары прагматикалық басым тіл ұғымы – бірқатар жағдайларға байланысты белгілі бір жағдайларда сөйлеу актілерінің «құрылымдық» сипатын анықтайтын тіл туралы тұжырымы қызығушылық тудырады. Жазбаша дәстүрі бар тіл егжей-тегжейлі дәлелдеуді, нақты тұжырымдарды және т.б. талап ететін контексте ана тілі үшін прагматикалық басым бола алады [27, с. 4–9].

Н.В. Имедадзе көптілді тұлға бойындағы тілдік жүйелердің өзара қатынасын осындай үш бағытта қарастырған: автономды қатар өмір сүру, өзара ықпалдасу және бағыну. Ол бұл құбылысты келесі тұрғыда сипаттайды: 1) Үйлестірілген түрі - көптілді тұлға санасында әр тілге сәйкес жеке кодтар мен автономды семантикалық қатардың болуы; 2) біріктірілген түрі – әртүрлі тілдерде кодтау мүмкіндіктерінің вариативтілігіне ие бірыңғай семантикалық қатардың болуы; 3) ерекше түрі – семантикалық мағыналарды өңдеудің тәуелсіз механизмдерінің болмауы [28].

Төменде табиғи (ТК) және жасанды (ЖК) көптілділіктің әлеуметтік-лингвистикалық аспектілерін ескере отырып, оны көпөлшемді құбылыс ретінде қарастыратын көптілділіктің жалпылама жіктелуі берілді (автор теориялық әдебиеттерді талдау негізінде жасаған) (Кесте 1).

Кесте 1 – Көптілділікті пәнаралық құбылыс ретінде жіктеу

Жіктеу негізі	Көптілділік пен көптілділіктің түрлері	Қысқаша сипаттамасы	Әлеуметтік-лингвистикалық аспектілер	
			ТК	ЖК
1	2	3	4	5
Тілді меңгеру, қоғамда қолдану дәрежесі	жетік	Тілдерді теңқұқылы меңгеру	нақты	Нақты
	шынайы	Тілдерді нормативтік меңгеру	нақты	Нақты
	жетілмеген	Минималды құзыреттілік	Мүмкін емес	Мүмкін
Екі тілде сөйлеу механизмінің өзара байланысы	таза	Тілдердің оқшау қызмет етуі	мүмкін	мүмкін
	аралас	Тілдерді бір мезгілде қолдану	мүмкін	Мүмкін

1 – кестенің жалғасы

1	2	3	4	5
Лингвистикалық жүйелердің қиылысуы	үйлестірілген (барабар)	Тілдерді меңгеру дәрежесінің толық болмауы немесе ең төменгі сәйкессіздігі	әрине	Мүмкін
	күрделі (жеткіліксіз)	Ойлауды бір тілде басқа тілге аударып отырып жүзеге асыру	мүмкін	Мүмкін
Екі тілді қолдану белсенділігінің дәрежесі	белсенді	Екінші тілді оның ауызша және жазбашаны сандарында білу	—	Нақты
	пассивті	Ішінара екінші тілді меңгеру	—	Мүмкін
Екі тіл нормаларын меңгеру дәрежесі	нормативтік	Лексика-грамматикалық, фонетикалық тілдік нормаларды сақтау	нақты	Мүмкін
	Бір жақты нормативтік	Екі тілдің біреуінің ғана нормаларын сақтау	нақты	Мүмкін
	Нормадан тыс	Нормаларды ішінара немесе толық бұзған кезде екінші тілді пайдалану	мүмкін	Нақты
	Екі жақты нормадан тыс	Ана тілінің де, екінші тілдің де нормаларын бұзу	мүмкін	Мүмкін
Полилингтің белгілі бір тіл ара ұжымымен қатынасы	жеке	Жеке тұлғаға қатысты	мүмкін	Мүмкін
	топтық	Тілдік қауымдастық ішіндегі белгілі бір топқа жатады	мүмкін	Мүмкін
	жаппай	Жалпы тілдік қауымдастыққа қатысты	мүмкін	Мүмкін
Қолданылатын тілдердің сандық және сапалық арақатынасы	теңдестірілген	Екі тілді де меңгеру деңгейі шамамен бірдей	мүмкін	Мүмкін
	доминантты	Екі тілді қолдану туралы білім мен дағдыдағы айтарлықтай айырмашылық	мүмкін	Мүмкін
Сөз туғызу механизмі	рецептивті	Ана тілінде сөйлеуді түсіну	әрине	Нақты
	репродуктивті	Оқылған және естігенді кері шығару	әрине	Нақты
	өнімді	Сөйлеудің шығармашылық сипаты мен мағыналылығы	нақты	мүмкін
Әр тілдегі сөйлеуді ойлау мен байланыстыру әдісі	тікелей	Ойды тұжырымдау және білдіру	табиғи	Нақты
	жанама	Ана тілінде айтылған ойларды кодтау және декодтау	—	Мүмкін

Кестеде көрсетілген көптілділіктің болмысына деген әртүрлі көзқарастарды талдау бізге көптілділікті екі тілдің табиғи немесе жасанды кеңістіктегі қатар өмір сүруін, өзара әсерін және өзара әрекеттесуін қамтитын көп өлшемді пәнаралық құбылыс ретінде сипаттауға болады. Мұнда жеке тұлғалар мен әлеуметтік топтар осы тілдерді бірдей немесе әртүрлі дәрежеде меңгеруі мүмкін.

Тіл қоғаммен екіжақты байланыс арқылы тығыз қалыптасқан: тіл қоғамнан тыс өмір сүре алмайды, ал қоғам тілсіз өмір сүре алмайды. Қоғамның дамуы мен қоғамдық өмір формаларының күрделенуі тұлғааралық және мәдениаралық қарым-қатынастың, артуына, соған сәйкес тілдің формалары мен түрлерінің дамуына алып келеді. Осыған сүйене отырып, тілді қоғаммен және оны қолданушылармен тығыз байланысты құбылыс ретінде қарастыру қажет. Нәтижесінде тілді оқытудың әлеуметтік-лингвистикалық аспектісі айқындалды. Қазақстан Республикасында көптілді білім беруді енгізу аясында бұл мәселеге ерекше назар аударылуы тиіс. Қоғамда жүріп жатқан үдерістер мен жаһандану дәуіріндегі қоғамдық-саяси өзгерістер полиэтникалық мемлекет жағдайында ұлтаралық келісімді, халықтар арасындағы өзара түсіністікті қамтамасыз етуді, сондай-ақ көптілділіктің түрлі нысандарының қалыптасуы мен дамуын талап етеді.

«Тілдердің үштұғырлығы» мәдени жобасының қабылдануы үш тілде тиімді әрі әлеуметтік теңгерімді коммуникация орнатуға мүмкіндік беріп, тепе-тең, үйлесімді және әлеуметтік тұрғыдан тиімді көптілділікті қалыптастыруға объективті жағдай жасады. Мұндай жағдайда негізгі рөл қостілді және көптілді тұлғаны қалыптастыруды мақсат еткен білім беру мекемелеріне жүктеледі.

Жоғарыда келтірілген деректер мен талдаулар негізінде тіл білімі, әлеуметтік-лингвистика және психоллингвистиканың негізгі ұғымдарының бірі болып табылатын көптілділікті коммуникативті құбылыс ретінде қарастыруға және оның кең таралған құбылыс екендігі жөнінде қорытынды жасауға болады.

1.2 Қостілділік пен көптілділіктің Қазақстанның тілдік жағдайындағы көріністері және әлеуметтік-лингвистикалық тұрғыдан қарастырылу мәселелері

Қостілділік пен көптілділік – бұл субъектілердің түрлі тілдерді қарым-қатынас құралы ретінде пайдалану қабілетін білдіретін әлеуметтік құбылыс. Әлеуметтік-лингвистикалық қырынан бұл ұғымдар көптілді ортада өзара түсіністікке қол жеткізу үшін тікелей жеке немесе әлеуметтік топтың екі не одан да көп тілді қолдануын қамтиды. Қазіргі жаһандану жағдайында қостілділік пен көптілділіктің әлеуметтік-лингвистикалық мәселелерін қарастыру өте маңызды деп санаймыз. Өйткені олар Қазақстанның әлемдік экономикалық және білім беру кеңістігіне кірігу мәселелеріне және ақпараттық кеңістіктің тілі ретінде тек мемлекеттік тілді ғана емес, орыс, ағылшын және басқа да тілдерді білетін білікті көптілді мамандарға деген қажеттілікке тікелей байланысты.

Қазақстан Республикасында бірнеше жылдар бойы енгізіліп келе жатқан көптілді білім берудің нақты артықшылықтары мен кемшіліктері қазақстандық ғалымдардың ғылыми еңбектерінде жан-жақты қарастырылған. Мемлекетіміздің тілдік жағдайы мен тіл саясаты және оның негізгі бағыттары жеткілікті дәрежеде зерделеніп, ғылыми негізделген шешім тапты. Бұл бағытта Б. Хасанұлы, М.М. Копыленко, А.Е. Карлинский, М.К. Исаев, Э.Д. Сүлейменова, З.К. Ахметжанова, Н.Ж. Шаймерденова, Б.Ж. Курманова, Г.С. Сүйінова, А. Утегенова және т.б. ғалымдардың ғылыми еңбектерін атап өтуге болады. Белгілі бір аумақтың тілдік жағдаятындағы қостілділік пен көптілділіктің түрлерін нақтылаған Б. Хасанұлы (Языки народов Казахстана: от молчания к стратегии развития (социопсихолингвистические аспекты) [29]. Б.Ж. Курманова, А. Утегенова [30] зерттеулерінде жергілікті қостілділік пен көптілділіктің әр түрлі компоненттері көрсетілген: қазақ-орыс, ана тілі - орыс тілі, қазақ – орыс - ана тілі - ағылшын тілі, ана тілі - орыс тілі - қазақ тілі - қытай тілі. Ал Э.Д. Сүлейменова мен Н.Ж. Шаймерденованың «Әлеуметтік-лингвистикалық терминдер сөздігінде» билингвизмнің теориялық тұрғыдан жасалған жіктелулеріне алуан түрлі анықтамалар берілген [31].

- жеке қостілділік (белгілі бір этностың жеке мүшелерінің екі тілді білуі және қолдануы) және жаппай қостілділік (тұтастай ұлттың екі тілді білуі және қолдануы);

- жеке пайда болған қостілділік және ұжымдық қолданыстағы қостілділік;

- аймақтық қостілділік (елдің белгілі бір ауданы тұрғындарының екі тілді білуі және пайдалануы) және ұлттық қостілділік (елді мекендеген ұлттың екі тілді білуі);

- табиғи қостілділік (осы тілдерді қолданушылардың ана тілімен тікелей өзара әрекеттесу нәтижесінде екі тілді білуі және пайдалануы) және жасанды қостілділік (екінші тілді үйрену үшін әдейі және арнайы жасалған жағдайлар нәтижесінде екі тілді білуі және пайдалануы).

Біздің елімізде қостілділіктің барлық түрлері бар деп санаймыз.

О.Б. Алтынбекова Қазақстанда қостілділік пен көптілділіктің қалыптасу үрдісін олардың таралу аумағы, тілдердің түрлі әлеуметтік-коммуникативтік салаларда қолданылу ерекшеліктері және бірінші тілдің екінші тілге ықпалы тұрғысынан сипаттап көрсеткен [32]. Мысалы, Б.Х. Хасанұлы ұлттық-орыс қостілділігінің 126 түрін, шамамен он шақты орыс-ұлттық және қазақ-ұлттық қостілділігінің, ұлттық-орыс қостілділігінің кемінде он түрін, сондай-ақ қазақ, орыс және ұлттық компоненттердің үштілділігін ажыратады [33, б. 33].

Б.Х. Хасанұлы нақты статистикалық деректер негізінде біздің еліміздің тілдік жағдаятына толық сипаттама беріп, Қазақстанда тұратын халықтар тілдерінің өзара әрекеттесуіне талдау жүргізді. Ғалым еңбектерінде тілдерді меңгеру деңгейі, қолдану саласы және социумдағы негізгі функциялары зерделенген [34]. Ғалым өзінің тағы бір ғылыми еңбегінде қазақ - орыс қостілділігінің әлеуметтік-лингвистикалық аспектілерін талдайды, қазақстандық ғалымдардың алғашқысы болып «монолингвизм», «билингвизм»

және «полилингвизм» терминдеріне нақты анықтама береді, олардың әлеуметтік-лингвистикалық сипаттамаларын келтіреді [35, 36].

Тәуелсіздікке қол жеткізу ғалымның тіл саясаты саласындағы жаңа зерттеулеріне тың серпін берді. Ғалым қазақ ғылымында алғашқылардың бірі болып қазақ тілінің категорияларын әлеуметтік-лингвистика тұрғысынан зерделеп, мемлекеттік тілдің қолданылу мәселелерін, қазақ тілін меңгеру қажеттілігін және басқа да көптеген мәселелерді зерттеді. Ғалымның көзқарасы бойынша қазақ-орыс қостілділігінің өзіндік сипатты белгілері бар, яғни «қазақ-орыс билингвизмі - бұл қазақтардың ана тілін және орыс тілдерін көпұлтты қоғамда және ұлтаралық қарым-қатынаста алмастыра қолдануы, немесе қажет болған жағдайда екі тілді қатар қолдануы» [37, б.133].

XX ғасырдың 80-ші жылдары М.М. Копыленко, З.К. Ахметжанова және т.б. ғалымдар қазақтардың орыс тіліндегі фонетикалық және лексикалық-морфологиялық интерференция мәселелерін зерттеген. Әлеуметтік-лингвистика тұрғысынан бұл мәселелер келесі бағыттарды қамтыған: қазақ-орыс интерференцияларын салыстырмалы талдау; әлеуетті интерференция арнасын анықтау; респонденттерді экспедициялық бақылау; интерференцияларды лингвистикалық тұрғыдан және сауалнама арқылы талдау жасау және сипаттау; зерттелетін құбылыстарға әлеуметтік-лингвистикалық талдау жасау [38]. А.Е. Карлинскийдің табиғи және жасанды билингвизм шеңберіндегі тілдік байланыстар туралы жұмысы [39] қазақстандық әлеуметтік лингвистикадағы жаңа зерттеулерге жол ашты. Н.Г. Шаймерденованың пікірінше, полилингвизм феноменінің әлеуметтік-мәдени құбылыс ретіндегі өзектілігі, сонымен қатар, қазіргі уақытта бірнеше тілдерді меңгеру жеке тұлғаның да, жалпы қоғамның да сәтті өмірінің құралы болып табылатындығына да байланысты. Бұл кезде қоғамға әр түрлі мәдениеттердің материалдық және рухани компоненттерінің өзара енуі орын алады [40, с. 86-87]. Ғалымның көзқарасы бойынша, «билингвизм» мен «полилингвизмнің» (қостілділік пен көптілділіктің) қажеттілігі екінші және үшінші тілдердің қызмет атқаруы әртүрлі этникалық топтардың өкілдерін өзара мәдени байытудың қуатты көзі болып табылатындығымен байланысты. Н.Г. Шаймерденованың көзқарасын көптілділік феноменінің өзге де зерттеушілері қолдайды [41, с. 613]. Сонымен қатар Қазақстандық ғалымдардың соңғы жылдардағы зерттеулерінде Қазақстанның әлеуметтік-саяси және экономикалық өмірінің қазіргі даму жағдайындағы тілдік тұлға мәселелерін зерделеу қазақстандық ғылым үшін маңызды мәселелердің бірі болып табылатыны бірнеше рет көрсетілген. Ең бастысы, 120-дан астам ұлт өкілдері тұратын елдің көптілділігі мен көпұлттылығы туралы тұжырымға үстемдік беріледі.

Б.А. Жетпісбаева Қазақстандағы көптілді білім берудің теориялық негіздерін және оны әдіснамалық қамтамасыз етуді зерттеген. Ғалым тілдік тұлғаны білім беру аспектісінде көптілді тұлғаны қалыптастыру тұрғысынан қарастырады. Оның зерттеулеріне сәйкес Қазақстанның түрлі өңірлерінде тілдік жағдаят орыс-қазақ немесе қазақ-орыс қостілділігімен айқындалатыны байқалады. Ғалымның тұжырымы бойынша, мемлекеттің белгілі бір

аймағындағы әлеуметтік-лингвистикалық жағдай осы аймақта тұратын тіл қолданушылардың тілін анықтайтын географиялық ландшафтқа байланысты [42].

Қазақстандық әлеуметтік-лингвистика мәселелері жоғарыда аталған іргелі ғылыми еңбектерде ғана емес, ғылыми мақалалар мен жарияланымдарда да көрініс тапты. Солардың бірі – А.М. Абасиловтың «Қазақстандағы әлеуметтік лингвистикалық зерттеулер: ізденістер мен жаңа мүмкіндіктер, проблемалар» атты ғылыми мақаласы. Мұнда әлеуметтік-лингвистика мәселелеріне ғылыми ізденістерін арнаған қазақстандық ғалымдардың ғылыми еңбектеріне толық талдау жасалған [43, б. 65].

Б. Хасанұлы 1992 жылы «Қазақстан Республикасындағы қазақ тілінің қызмет етуінің әлеуметтік-лингвистикалық мәселелері» атты докторлық диссертациясын қорғап, өз еңбегінде қазақ тілінің әлеуметтік-лингвистикалық мәселелерін, тілдік жағдаятты, тіл мен қоғамның байланысын, көпұлтты мемлекеттердегі тілдердің дамуы мен қызмет етуінің жалпы теориясын, қазақстандық көптілділік пен көптілділік мәселелерін қарастырды. Кандидаттық диссертациялардың тақырыптары қазақстандық әлеуметтік-лингвистиканың өзекті мәселелерін арқау еткен. Мысалы, Д.Ж. Қасымованың (1995) «Ұйғыр тілінің қызметі және оның өмір сүру формалары (Қазақстанда ұйғырлар шоғырлана қоныстанған аудандарын әлеуметтік-лингвистикалық зерттеу)», Г.С. Суюнованың «Речевое поведение казахов-билингвов» (1995), А.М. Құмарованың «Қазақстан Республикасындағы қазақ тілдік ортасының қалыптасуының әлеуметтік-лингвистикалық проблемалары» (1996), А. Абасиловтың (1998) «Мемлекеттік тілдің Қазақстан Республикасының солтүстік аймақтағы қызметі: әлеуметтік-лингвистикалық-тілдік проблемалары, оларды шешу жолдары», Г.Д. Алдабергенованың «Исследование влияния билингвизма на развитие детей» (1999), С.А. Асанбаеваның «Жарнама саласында мемлекеттік тілді қолданудың социоллингвистикалық өзекті мәселелері» (1999), Г.М. Алимжанованың «Структура речевого этикета казахского и русского языков» (1999), С.Ю. Сонның «Социоллингвистический анализ функционирования корейского и русского языка в корейской диаспоре Казахстана» (1999), Б.Ж. Курманованың «Қазақстан Республикасының батыс өңіріндегі мемлекеттік тілдің қолданылуының әлеуметтік-лингвистикалық мәселелері» (2002), Г.А. Досмұхамбетованың «Микроәлеуметтік қауымдастықтағы қазақ және орыс тілдерінің қолданылуы» (2002) және т. б. зерттеулері [43, б. 70].

Қазақстан Республикасындағы тілдік жағдаятты талдай отырып, С.Ж. Баяндина 2009 жылғы халық санағының деректеріне сүйенеді [44]. Санақ дерегіне сәйкес «елді 125 ұлт пен ұлыстың өкілдері мекендейді, халық саны 16 004,8 мың адамды құрады, олардың ішінде саны жағынан ең көп 7 этнос байқалған. Халықтың жалпы санының ең көп үлес салмағын қазақтар – 63,1% және орыстар 23,7% алады. Басқа этностар мен этностық топтардың үлесіне республика халқының 13,2% тиесілі» деген қорытынды жасайды [45, б. 198 – 199].

Қазақстандағы тілдік жағдаятқа әлеуметтік-лингвистикалық зерттеулер тілдердің қазақстандық әлеуметтік-коммуникативтік кеңістікте қызмет етуі нақты факторларға байланысты екенін көрсетеді. Жүргізілген зерттеулердің нәтижелерін зерделеудің негізінде Қазақстан Республикасында мемлекеттік тілді де, басқа тілдерді де дамыту жөніндегі нақты іс-шараларды жүзеге асыруға болады. Қазақстанның көптілді білім беру ортасында тілдік тұлғаны қалыптастырудың кейбір мәселелерін қарастыра отырып, Ж.А. Әзімбаева қазіргі уақытта Қазақстанда «мемлекеттік тіл әлі мемлекеттік тіл ретінде толық әрекет етпей, ал жас ұрпақтың ағылшын тілін белсенді пайдалану аймағы қарқынды кеңейіп келе жатқан кезде, елдегі мейлінше түйткілді тілдік ахуал байқалады», - деп пайымдайды [46, б. 87]. Автор бұқаралық ақпарат құралдарының мәліметтерін келтіре отырып, оған сәйкес ЕҒ ЕРІ әлемдік деректері бойынша әлемдік деңгейде 63 елдің 750 000 адамын қамтыған жаһандық сауалнама жүргізілген. Сауалнама нәтижелері Қазақстанда ағылшын тілін білу 34 жасқа дейінгі тұрғындар арасында 11, 23 баллдан артқанын көрсеткен [46, б.89].

Келтірілген деректерден шығаратын қорытындымыз: елімізде ағылшын тілін меңгеру деңгейі әлі де төмен болып қалып отыр, жалпы еліміз ағылшын тілін кәсіби деңгейде нашар меңгерген елдерге жатады деп айтуға болады.

Батыс Қазақстандағы орыс тілін меңгеру деңгейін әлеуметтік-лингвистикалық зерттеудің қорытындылары назар аударарлық. Зерттеу нәтижесіне сәйкес, мұнда мемлекеттің басқа өңірлерімен салыстырғанда ұлты қазақ оқушылардың оқу үшін орыс мектептерін таңдаудың өте жоғары сандық көрсеткіші байқалады [32, б. 208–211]. Студент жастарға арналған сауалнаманың нәтижелері әртүрлі коммуникативті жағдайларда олардың орыс тілін басым тіл ретінде пайдаланатындығын, яғни олардың шын мәніндегі қостілді тұлға екендігін және олар үшін қарым-қатынас тілін таңдау уәждемелермен немесе өзге де факторлармен анықталатынын көрсетеді [30, б. 360].

Н.М. Жанпейісова мен Ж.Т. Уталиева жүргізген Ақтөбе облысындағы тілдік ахуалды әлеуметтік-лингвистикалық зерттеу қарым-қатынастың әртүрлі жағдайларында және қолдану салаларында неғұрлым сұранысқа ие тілдер қатарына қазақ және орыс тілдері жататындығын көрсетті (мемлекеттік тіл 29-57%; орыс тілі 29-59%; ағылшын тілі 1-2,5%) [47]. Ақтөбе облысындағы әлеуметтік-лингвистикалық ахуалды талдау негізінде Қ.М. Әбілдаева Қазақстанның батыс өңірінде төмендегідей іс-шараларды өткізудің маңыздылығына назар аударады: 1) билингвизмнің сақталуына ықпал етуге жағдай жасау, бұл мемлекеттік тілді қолдауға және орыс тілін білуді сақтауға мүмкіндік беру; 2) мемлекеттік тілді оқыту әдістемесін жетілдіру және тілдерді оқытудың жаңа технологияларына оқыту орталықтарын құру; 3) мемлекеттік тілді де, ағылшын тілін де тегін оқыту курстарын ұйымдастыру; 4) жұмысқа орналасу кезінде қазақ, орыс және ағылшын тілдерін білгені үшін көтермелеу жүйесін енгізу; 5) елдің тілдік әралуандығын қорғау [48, б.31].

Зерттеушінің пікірін қолдай отырып, біз Қазақстанның тілдік мәселелерін шешуде өңірдің ерекшеліктерін ескеру, ал тілдік жоспарлауды халық санағының статистикалық деректері мен әлеуметтік-лингвистикалық зерттеулер негізінде құру қажет деп санаймыз.

А. Утегенованың зерттеулері бойынша (2021-2023 жж.) Қазақстанның батыс өңіріндегі мемлекеттік тілді меңгеру үдерісі мынадай сипатта болған республиканың батыс өңірінде қазақ тілі мәртебесінің артуы мен тілдік ығысудың төмендеуі бірнеше факторларға байланысты деп санаймыз: 1) өңірде қазақ халқы санының өсуі; 2) қазақ тілінде білім беретін мектептер мен мектепке дейінгі ұйымдардың және де орта кәсіби техникалық білім беру ұйымдары мен жоғары оқу орындарындағы қазақ тілінде білім алушылардың санының артуы; 3) мемлекеттік тілдің барлық әлеуметтік салаларда қолдану аясының кеңеюі [49, б. 333]. Айта кететіні, өңірдегі орыс ұлтының мемлекеттік тілді меңгерудегі ең жоғары көрсеткіш 63,9% (22988) Ақтөбе облысында анықталды

Тілші ғалымдар мен әлеуметтанушылар тарапынан Батыс Қазақстан облысының орыс тілінде оқытпайтын мектептеріндегі орыс тілін меңгеру деңгейіне зерттеу жүргізілді. Алынған нәтижелердің талдамасы қазақ мектебі оқушыларының, негізінен, орыс тілінде ауызша айтылатын сөздерді түсінетіндігін және алған ақпаратты өз сөзінде барабар пайдаланатынын көрсетті (қала мектептерінің оқушылары – 84%, ауыл мектептерінің оқушылары – 76%); оқу сауаттылығының деңгейі қала мектептерінде 90%, ауылдық мектептерде 86%-ды құрады; сөйлеу дағдыларының қалыптасу деңгейі сөйлеу әрекетінің өзге дағдыларына қарағанда едәуір төмен нәтиже көрсеткен: оқушылардың тек 50,5% ғана ауызша өз ойын құрастыра алған [50, б. 323].

Қостілділік пен көптілділіктің әлеуметтік-лингвистикалық мәселелерін қазақстандық ғалымдардың тілдік жағдаятты тұрақтандыруға, тіл құрылысы мен көптілділікті дамытудың әлеуметтік-лингвистикалық аспектілеріне арналған еңбектерінде және Қазақстанның жаңа әлеуметтік-лингвистикасында лайықты көрініс тапқанын атап өткен жөн.

Осылайша, мысалы, З.К. Ахметжанованың «Витальность казахского языка как проблема языкознания и языковой политики» атты ғылыми мақаласы осы саладағы ең назар аударарлық зерттеулердің бірі болып табылады [51, б. 9–18]. Ғалым қазақ тілінің төменде келтірілген түрлі бағыттарын талдау арқылы оның тіршілік ету қабілетін (өміршеңдігін, орнықтылығын, өмір сүру қабілетін) зерттеген:

1) әлеуметтік-саяси параметрлер (тілді мәртебелік және корпустық жоспарлау саласындағы тіл саясаты, тілді қолдау мен дамытудың пәрменді мемлекеттік бағдарламаларының болуы және т. б.);

2) әлеуметтік-демографиялық параметрлер (елдегі басқа тілдік ұжымдарға, қазақ ұлтының жалпы санына шаққандағы қазақ тілінде сөйлеушілердің саны, билингвистер мен монолингвистер санының арақатынасы, тіл өкілдері арасындағы қостілділік дәрежесі және т.б.);

3) өзіндік-лингвистикалық параметрлер (әдеби тілдің болуы, тілдік норманың ахуалы және оның тұрақтылық дәрежесі, тілдік инновациялардың таралу жылдамдығы, тілдің шет тілдер әсеріне тұрақтылығы, диалектілердің болуы және олардың әдеби тілге қатынасы және т.б.);

4) әлеуметтік-функционалдық параметрлер (тілдің әлеуметтік функцияларының саны және оны қоғам өмірінің аса маңызды салаларында – білім, ғылым, БАҚ, әкімшілік қызмет, іс жүргізу және т.б. салаларда пайдалану қарқындылығы);

5) ұлттық-мәдени параметрлер (өнер, театр, кино, дін, әдебиеттің алуан түрі және т. б.) [51, б.10–17].

Сондай-ақ біздің соңғы зерттеулерімізге сүйенсек, қостілділік пен көптілділіктің қазақстандық білім кеңістігінде кеңінен жайылып, өзінің болашағының мықты болатындығын көрсетуде. Соның ішінде ағылшын тілінің жастар үшін тұлғалық, жеке, кәсіби тұрғыдан ұмтылыстарының негізгі факторы болып табылатындығын атап өту керек. «Назарбаев интеллектуалды мектептерінің», «Ақтөбе Білім-Инновация мектебі» физика, математика және жаратылыстану бағытындағы пәндерді үш тілде оқытып, оқушылардың бойында жаһандық бәсекелестік дағдыларын дамытуға міндеттеліп отырғанын көруге болады. Сондай-ақ аталған мектептерде қазақ тіліне, орта білім тілі болуына аса ден қойып отырғандарын да жоққа шығаруға болмайды. Ал біз талдаған статистикалық мәліметтерге сүйенсек, 920 мектеп бітірушінің 92%-ның академиялық үлгерімдері жоғары болып шыққан. Соның ішінде 40 (4,4%) оқушы «Алтын белгі» иегері болса, 34 оқушы мектепті үздік аттестапен бітірген [52].

Осылайша, қостілділік пен көптілділіктің әлеуметтік-лингвистикалық негіздері бойынша Қазақстандағы теориялық әдебиеттердің зерттеліп отырған мәселелерінің түрлі бағыттарын зерделеудің көпаспектілігі мен жеткіліктілігін көрсетеді.

Қазақстанда көптілді білім беруді енгізу тәжірибесі осы түйінді шешуде белгілі бір мәселелер бар екенін көрсетеді, сонымен бірге бұл мемлекеттік тілді үйрену арқылы негізгі ұлттың ұлттық бірегейлігін сақтаудың қажетті және оңтайлы жолы; орыс тілін ұлтаралық қарым-қатынас тілі ретінде оқыту арқылы түрлі тілдерде сөйлейтін бір мемлекет азаматтарының тілдік кедергілерін еңсеру және бір-бірімен еркін қарым-қатынасын қамтамасыз ету мәселелерін шешудің бірден-бір жолы; әлемдік ақпараттық кеңістіктің тілі ретінде ағылшын тілін үйрену арқылы жаһандану жағдайында әлемдік қауымдастыққа кіру.

1.3 «Тілдердің үштұғырлығы» мәдени жобасының лингвистикалық, әлеуметтік-лингвистикалық, лингвомәдени, лингвокогнитивтік сипаттары

Қазақстандағы тіл саясаты – билік пен қоғамдық институттар жүргізетін тілдік жағдай саласындағы іс-шаралар жүйесі. Н.Ә. Назарбаев қазақстандықтарға кем дегенде үш тілді – мемлекеттік тілді меңгеру қажеттігін

бірнеше рет атап өтті, әлем жаһанданған сайын орыс және ағылшын тілдері болашақ ұрпақ үшін көптілді ортада жүре білу маңызды. «Қазақстан-2050» Стратегиясында – жедел өзгермелі тарихи жағдайдағы жаңа Қазақстан үшін жаңа саяси бағыт» [53]. Осы тұжырымдамалақ бағыт бүгінгі күні де өзектілігін жоғалтпай, көптілді тұлғаның қалыптасуының құрамдас бөлігіне айналды. Атап айтатын болсақ, «Қазақстан Республикасында жоғары білім мен ғылымды дамытудың 2023-2029 жылдарға арналған тұжырымдамасы» [54] көптілділікті дамытуды айқындап отыр.

Қ.Тоқаев: «Әділетті мемлекет. Біртұтас ұлт. Берекелі қоғам» атты Жолдауында білім беру саласындағы басым бағыттарды айқындап өтті. Сонымен қатар, қоғамдағы қазақ және орыс тілдерін мектепте оқыту мәселесіне қатысты пікірталастарға тоқталып: «біз қазақ тілін де, орыс тілін де жақсы білетін балаларды тәрбиелеуіміз қажет. Себебі, бұл ұрпақтың мүддесі үшін қажет. Оқу-ағарту министрлігі популисттердің жетегінде кетпей, балалардың мүддесін қорғауға тиіс. Білімді және бірнеше тілді меңгерген ұрпақ болашаққа сеніммен қадам басады. Біздің күшіміз жастардың білімінде», - деп атап өтті [55]. Бұл жолдау еліміздің болашақ ұрпағын жан-жақты дамыған, көптілді меңгерген тұлғалар ретінде қалыптастырудың өзектілігі мен стратегиялық маңыздылығын айқындады.

Әлемдік экономикалық, саяси және әлеуметтік-мәдени интеграциямен сипатталатын жаһандану мен қазіргі ақпараттандыру заманында әртүрлі елдердің мәдениеттерінің жақындасуы мен бірігуі орын алуда. Жаһандану үдерістері қоғам өмірінің барлық аспектілерін қамтығандықтан, оған сапалы және заманауи білім беру мәселелері кіреді. Бұл аспект бойынша тілдік білім беру мәселесі жаңа маңызға ие болуда.

Қазақстан Республикасында «Тілдердің үштұғырлығы» мәдени жобасы алғаш рет 2006 жылдың қазанында өткен Қазақстан халқы Ассамблеясының XII құрылтайында талқыланып, ал 2007 жылғы Қазақстан халқына арналған «Жаңа әлемдегі жаңа Қазақстан» атты Жолдауында кезең-кезеңмен іске асырылуы ұсынылды. «2015-2020 жылдарға арналған үштілді білім беруді дамытудың Жол картасына» сәйкес жүзеге асырылды [56].

Үштілді білім беру лингвистикалық, лингвомәдени және лингвокогнитивті негіздерден бастау алатын жеке тұлғаны көптілді тұлға ретінде оқыту, тәрбиелеу мен дамытудың мақсатты түрде ұйымдастырылған үдерісі болып табылады. Бір жағынан, үштілді білім беру адамның әлеуметтік маңызды тәжірибесін тану арқылы қазақ (мемлекеттік), орыс (ұлтаралық қарым-қатынас тілі ретінде) және ағылшын (халықаралық) тілдерін синхронды меңгеруді көздейді. Екінші жағынан, белгілі бір мәдениет әлемінің тікелей көрінісі әлемнің тілдік бейнесі, тілдік және сөйлеу іс-әрекетінде бейнеленген лингвомәдениетке құндылықтық қатынас арқылы танылады. Үштілді білім берудің негізгі идеясы - оқытылатын тіл өкілдерінің мәдениетін тану.

Көптілді білім беру мәселесінің түрлі аспектілерін көптеген қазақстандық ғалымдар «Тілдердің үштұғырлығы» мәдени жобасын енгізгенге дейін де, одан кейін де қарастырды. Б. Хасанұлы Қазақстанда тұратын түрлі халықтар

тілдерінің қызмет етуі, дамуы және өзара іс-қимылы мәселелерін; қазақ-орыс қостілділігінің әлеуметтік-лингвистикалық аспектілерін; қоғамның әлеуметтік қажеттілігі ретінде қос (билингвалды) және көптілді (полилингвалдық) білім берудің болашағын терең және жан-жақты қарастырды [57, 58]. Э.Д. Сүлейменова қазақ және орыс тілдерінің мысалында контрастивті талдау жасау арқылы қостілді білім берудің болашағын терең және жан-жақты қарастырды. Сонымен бірге ол «Тілдердің үштұғырлығы» мәдени жобасының іске асырылу посткеңестік кеңістіктегі Қазақстан мен Орта Азия елдерінің мысалында өзгеріп жатқан әлемдегі жаңа тілдік сәйкестілікке талдау жүргізді. Ол тілдік жағдаятты және тілдік жоспарлауды зерттеуге және басқа да өзекті әлеуметтік-лингвистикалық мәселелерге ерекше назар аударады [59 - 66].

Көптілділіктің өзекті мәселелері Қазақстан Республикасындағы көптілді білім берудің теориясы мен практикасы, барлық мамандықтардың жоғары оқу орындары студенттерінің көптілді дайындығының қазіргі ахуалы, тілдер мен мәдениеттердің өзара ықпалдастығы мәселелері, оқытылатын тілдегі ұлттық мәдениет көрінісі көптеген қазақстандық ғалымдардың зерттеу нысаны болып келеді. Оларға Б.А. Жетпісбаеваның көптілді білім беруді теориялық-әдіснамалық тұжырымдау бағытындағы ғылыми ізденістерін [67, 68], авторлар ұжымының үштілді білім берудің қазақстандық моделін талдап, осы модель аясында мақсатты тілдерді оқытудың негізгі стратегияларын негіздеуін [69], медициналық және техникалық жоғары оқу орындары студенттерін көптілді даярлаудың қазіргі ахуалы [70-72], тілдердің үштұғырлылығын дамытудың демографиялық мәселелері [73] және қарастырылып отырған мәселенің өзге де аспектілерін [74-77] жатқызуға болады.

Теориялық әдебиеттерді талдау көрсеткендей, Қазақстандағы көптілді білім беру мәселелері өте терең және жан-жақты зерделенген. Алайда айта кететіні – аталмыш мәселенің әлі де болса әлеуметтік-лингвистикалық қырларының ашылмай терең зерттеуге түспей жатқаны.

Көптілділік ұғымы көптеген бір-бірімен өзара байланысты және өзара тәуелді аспектілерді қамтиды. В.М. Алпатовтың көзқарасы бойынша қазіргі уақытта лингвокогнитивті, психолингвистикалық, әлеуметтік-лингвистикалық және нейрофизиологиялық көзқарастар белсенді зерттелуде, ал әлеуметтік-мәдени және лингвомәдени аспектілердің теориялық тұрғыдан зерттеу жұмыстары әлі де толықтыруды қажет етеді [78].

Көптілді білім берудің қазақстандық моделінің негізін құрайтын әдіснамалық тәсілдерді қарастырайық, өйткені олардың барлығы «Тілдердің үштұғырлығы» мәдени жобасының лингвистикалық, лингвомәдени және лингвокогнитивтік негіздерімен тікелей байланысты.

Көптеген ғалымдардың еңбектерінде тілдерді оқытудағы коммуникативті тәсілді жүзеге асыру танымдық және әлеуметтік-мәдени аспектілермен бірге қарастырылады. Мысалы, осы тәсіл аясында В. Эдмондсон (W. Edmondson) мен Ю. Хаус (J. House) оқыту стратегияларының үш санатын бөліп көрсетеді: 1) метакогнитивтік – жеке тұлға өзінің нәтижелерін талдай отырып, оларды қолдану арқылы өзінің оқу траекториясын жоспарлауды, ұйымдастыруды және

бақылауды жүзеге асыратын стратегиялар; 2) когнитивті стратегиялар, мысалы, аннотациялау, конспектілеу, негізгі ұғымдарды жаттау және т.б. секілді оқыту тәсілдерін саналы түрде таңдау арқылы іске асырылады; 3) өзара іс-қимыл мен ақпарат алмасуда қолданылатын әлеуметтік-аффективті стратегиялар [79].

Тіл мен ойлаудың ортақ танымдық салаға тән екендігін мойындай отырып, А. Тайлер (A. Tyler) мен В. Эванс (V. Evans) көптілді оқыту кезінде өзін-өзі талдау және тілді саналы түрде игеру дағдыларын дамыта отырып, екінші тілді оқыту қажеттілігін түсініп, тілдің ерікті қолданылуын азайту керек деп санайды [80].

Көптеген ғалымдардың еңбектерінде жас балалардың психологиялық ерекшеліктерін ескере отырып, оларды ерте жастан бастап бірнеше тілді оқыту қажеттілігі атап өтілген. Ондай ерекшеліктерге «танымдық үдерістердің икемділігі, тілдік кедергілердің болмауы, ақпаратты тез есте сақтау, әлемді білуге деген құштарлық т.б. жатқызылады [81, с. 172]. Осылайша, мысалы, Л.С. Выготскийдің көзқарасына сәйкес, танымдық механизмдер баланың кез-келген білімге сезімталдығының «сенситивті кезеңінде» тиімді. Сонымен бірге тіл мен баланың ойлау үдерістерінің арақатынасы туралы талқылай отырып, ғалым ана тілі мен өзге тілді үйренудің бірізділігі туралы нақты анықтама беріп, екінші тіл баланың санасында ана тілі арқылы вербализацияланған негізгі ұғымдар пайда болғаннан кейін үйренілуі керек деген тұжырым жасайды:»... шет тілін меңгеру ана тілінің дамуына тікелей қарама-қарсы жолмен жүреді. (...). «Бала ана тілін бейсаналы және табиғи үйренеді, ал шет тілі сана мен ниеттен басталады. Сондықтан ана тілінің дамуы төменнен жоғары қарай жүреді деп айтуға болады, ал шет тілінің дамуы жоғарыдан төменге қарай жүреді» [82, с. 244]. «Жаңа тілді игеру өте маңызды... ол жаңадан меңгерілген тіл мен заттар әлемі арасында тұрған бұрын меңгерілген сөйлеу жүйесі арқылы жасалады...» [82, б.180].

Көптілді білім берудің лингвокогнитивті механизмдерінің кейбір ерекшеліктерін XX ғасырдың соңында Р.К. Миньяр-Белоручев айқындады. Бірінші ерекшелікке ол «екі тілдің лексикалық бірліктері арасындағы жалған белгі байланыстарын» құруды жатқызады [83, с 15]. Ана тілінде қарым-қатынас жасай отырып, әр адам белгілі бір пән, құбылыс және тұжырымдама номинациясының білімі мен дағдыларына ие болады; сонымен қатар, ол кез келген жағдайға белгілі бір сөйлеу бірліктерімен жауап бере алады. Басқаша айтқанда, ана тілінің лексикалық қорын қолданудың денотативті және ситуациялық байланыстары тілді қолданушының санасында сақтаулы болады. Ана тілін меңгерудің танымдық үдерістері белгілі бір тұрғыда өзгеше бағытта жүреді. Осыған орай шет тіліндегі лексема ана тіліне аудармасымен байланыста болып, атау берілетін затқа сол арқылы ықпал етеді. Егер ана тілінде шет тілінің толыққанды баламасы болмаса, «жалған белгі байланыстарын» құру мүмкіндігі пайда болады. Екінші ерекшелікке тілші ғалым ана тілінің шет тіліндегі семантикалық жүйемен берік байланысын жатқызады. Үшінші ерекшелік – басым тілдің екінші және өзге тілдерді ығыстыруы. Бұл өз

кезегінде «лексикалық, грамматикалық және лингвистикалық және аймақтық кедергілердің себебі болып табылады» [83, с.15].

Р. К. Миньяр-Белоручевтің көптілділіктің лингвокогнитивті механизмінің қалыптасу ерекшеліктерін зерделеуі, сонымен қатар, ана тілін оқытуды ерте жастан, яғни бала өзге тілді игеру арқылы танымдық қабілеттерін дамытып, дүниетанымы мен өмірге көзқарасының шекарасын кеңейтетін кезде бастау қажеттілігінің дәлелі болып табылады. Сонымен қатар, баланың дүниетанымы өзінің тілі арқылы вербализацияланған өз мәдениетінің шындығына негізделсе, ал шет тілі мәдениетін ол өзінің әлеуметтік қоғамының лингвистикалық-мәдени құндылықтары мен нормаларының дүниетанымдық көзқарастары арқылы, өзін қоршаған әлемді түсіну моделінің жеке мағынасы арқылы қабылдайды. Осының негізінде ана тілін оқытуда екі жағдайды ескеру қажет: біріншісі – екінші тіл мен үшінші тілдің сөйлеу бірліктері арасындағы «жалған белгі байланыстарын» құруға жол бермеу; екіншісі – ана тілінің қалыптасқан тұжырымдамалар жүйесімен салыстырылатын ұғымдардың жаңа жүйесін қалыптастыруға ықпал ету. Бұл – ана мен өзге тілдер арасындағы «жалған белгі байланыстарын» құру процесі кезінде тежеу; Екінші тілдің және үшінші тілдің жағдаяттық клишелерін даярлау; ана тілінің сөйлеу бірліктері мен олардың өзге тілдегі аналогтары арасындағы семиотикалық қатынастарды бекіту; ана тіліне қарамастан екінші тілде сөйлеуді қалыптастыру үшін жағдай жасау; кодтарды бір тілден екінші тілге ауыстыру тетігін әзірлеу мүмкін болады деп санаймыз.

Қорытындылай келе, «Тілдердің үштұғырлығы» мәдени жобасын жүзеге асыру төмендегілерді талап ететіндігін атап өтеміз:

1) білім алушылар бойында өз ана тілін оқыту траекториясын өзіндік талдау дағдыларын дамыта отырып, тілді өз бетінше қолдануды және оқыту тәсілдерін саналы таңдауды барынша азайтуды көздейтін оқытудың метакогнитивтік, когнитивтік және әлеуметтік-аффективті стратегияларын енгізу, білім беру процесінде өзара іс-қимылды және ақпарат алмасуды жүзеге асыру;

2) тілдік білім беруде пәнаралық интеграцияның, вариативтіліктің және тілді меңгерудің мәдениетаралық аспектілеріне бағдарланудың қажеттілігі;

3) екінші тілді/үшінші тілді оқытудың «жоғарыдан төмен» (ана тілінің лексикалық-грамматикалық құрылымдарын тану арқылы) және «төменнен жоғары» (оқытылатын тілдің мәдени-тілдік ортасына батыру, саналы диалогтық коммуникация құру, оқытудың бейсаналық ұсынымдық әдістерін енгізу арқылы) секілді екі тәсілін ұтымды пайдалану, бұл ана тілінің сөйлеу бірліктеріне көптілді тілдік сананы қалыптастыруға қатысуға мүмкіндік береді;

4) шет тілін мектеп жасына дейінгі кезден бастап оқыту қажеттілігі, яғни шет тілдің ана тілі арқылы вербализацияланған төл мәдениетінің негізгі ұғымдары қалыптастырылғаннан кейін оқыту.

Өзге тілді игерудің лингвистикалық-мәдени негіздерін зерделеу мәселесінің ауқымдылығы мен көпқырлылығына орай диссертациялық зерттеудің бір параграфында қарастыру мейлінше қиын, сондықтан біз тек

біздің көзқарасымыз бойынша негізгі мәселе болып табылатын әлемнің тұжырымдамалық және тілдік бейнелерінің арақатынасы мәселесіне тоқталамыз.

Өзге тілді тілдік мәдениет құбылысы арқылы оқыту мәдениет пен зерттелетін тіл рухын түсінуге қабілетті көпмәдениетті тұлғаны қалыптастыру міндетін алға қояды. Өзге тілді үйрену барысында жеке тұлға ана тілі басым болып табылатын зерттелетін тіл елінің мәдениетін игере бастайды. Бұл У. Вайнрайх терминологиясында (Uriel Weinreich) субординативті билингвизм ұғымына сәйкес келеді [84].

Э. Сепирдің (Edward Sapir) пікірінше, тілдердің, мәдениеттер сияқты, «өзін-өзі қамтамасыз етуі» сирек кездесетін құбылыс. Ғалымның «мәдениет элементтері қоғамның тікелей қажеттіліктеріне қызмет ететіндіктен және адамдар оны оңай түсінетіндіктен, олар тілдік жүйенің элементтеріне қарағанда тез өзгеріп қана қоймайды, сонымен қатар белгілі бір элементтің салыстырмалы маңыздылығын анықтайтын мәдениетті ұйымдастыру формасы үнемі өзгеріп отырады. Тілдік жүйенің элементтері белгілі бір өзгерістерге ұшырауы мүмкін, бірақ бұл өзгерістер грамматикалық жіктеудің бейсаналық сипатына байланысты бүкіл жүйенің толық қайта құрылуына әкелмейді. Грамматикалық жүйенің өзі өзгеріссіз қалуға бейім», – деген оны атап өту өте орынды [85, с. 282]. «Тілдердің үштұғырлығы» мәдени жобасын жүзеге асыру аясында Сепир-Уорфтың тілдік салыстырмалылық туралы тұжырымдамасын ескерген пайдалы деп санаймыз.

О.В. Легостаева: «қандай да бір мәдениетті тіл арқылы түсіну үшін оның лексикасынан, грамматикасы мен синтаксисінен басқа мәдениетке интеграциялану, тілді үйрену және бейімделудің басқа құралдарын қолдану арқылы адам белгілі бір мәдениеттің өкілдеріне тән өзіндік тануды емес, ескі мен жаңаның механикалық өнімі болып табылмайтын, сапалық жағынан мүлдем басқа білім беретін өзіндік танымға ие болады», – деп санайды [86, с. 90].

Зерттеушінің бұл тұжырымын Қазақстан Республикасында іске асырылып жатқан «Тілдердің үштұғырлығы» мәдени жобасы тұрғысынан алғанда көпқырлы деп санаймыз. Бір жағынан, бұл өзге тіл арқылы анағұрлым беделді мәдениетпен сәйкестікке ұмтылу, өмір салтының модельдерін, мінез-құлық стереотиптерін, құндылық бағдарларын, оқытылатын тіл елінің адамгершілік мұраттарын имитациялау құбылыстары бой көрсететін қазақстандық жастардың ұлттық бірегейлігін ішінара жоғалту мүмкін болатын көптілді білім берудің кемшіліктері туралы белгі беріп тұрғандай болып көрінеді. Мысалы, психолог А.М. Кушнир де шет тілін балаларға ерте жастан оқыту барысында «білім алушылардың мәдени қайта сәйкестенуі, ұлттық дәстүрлер мен тарихи құндылықтардан бас тарту» орын алады деп санайды [87]. Екінші жағынан, мүмкін, әлемдегі жаһандану жағдайында «сәйкестендірудің жаңа түрі» пайда болып та жатқан шығар. Ал ол, О.В. Легостаеваның айтуынша: «ескі және жаңа сәйкестенудің механикалық өнімі болып табылмайды, бұл сапалық тұрғыдан мүлдем басқа құбылыс». Бұл мәселе біз үшін мейлінше назар аударарлық

болып көрінеді. Алайда ол біздің зерттеу пәніміз болмағандықтан, оған терең үңілмейміз.

Ғалымдар әртүрлі мәдениеттердің әсерінен және қостілді ортада болу арқылы қостілді тұлғалар «ерекше психикалық икемділікке» ие болады деп болжайды, бұл олардың басқа адамның ойлауын терең түсіну (representing mental states) мүмкіндіктерін арттырады [88, с. 15-31].

«Тілдердің үштұғырлығы» мәдени жобасының лингвомәдени негіздерін қорытындылай келе, мынадай тұжырым жасауға болады: көптілді білім беру өзге мәдениеттің бірегейлігін қабылдауға септігін тигізеді, қазіргі заманғы көптілді әлемде нақты қарым-қатынас жасауға мүмкіндік береді, оның қажетті шарты өзге халық мәдениетінің ерекшеліктерін, оның құндылық-дүниетанымдық көзқарастарын құрметтеу болып табылады. Лингвистикалық аспект көптілді білім берумен қатар лингвомәдени негіздерімен де тығыз байланысты. Америкалық зерттеуші М.Ачард (Michel Achard) өзінің «Grammatical instruction in the natural approach: a cognitive grammar view» атты еңбегінде екінші тілді табиғи меңгеру және шет тілін үйрену жағдайында грамматиканы оқытуда когнитивті тәсілді ұсынады. Автордың пікірінше, білім алушылар өзге тіл лексикасын таңдау кезінде мәдени ерекшелікке қарамастан, оны өз тілінің құбылыстарымен әркез байланыстырып отырады.

М. Ачард когнитивті грамматиканы табиғи тәсілмен біріктіруді ұсынады және когнитивті грамматиканы өзге тілді оқытуда қолданудың артықшылықтарын көрсетеді [89, p.165-194].

М. Ачардтан кейін испан лингвисті Р.Л. Гарсия (Reyes Llopiş García) когнитивті грамматика аясында шет тілін үйренудің жаңа жолдарын ұсынады. Автор соңғы жылдары осы пәнге қызығушылықтың артуына байланысты шет тілдерін оқытуда когнитивтік грамматиканың пайдалы екендігі туралы айтады. Ғалымның зерттеу шеңберіне семиотикаға және тілдердің символдық сипатына негізделген тілдерді зерттеудің әртүрлі пәнаралық модельдері кіреді. Ол тілдің грамматикалық компонентін тілдің семантикасынан бөлудің мүмкін еместігі туралы айта келе: «белгілер өз бойына форма мен мәнді біріктіреді, сонымен қатар олар сөйлеушінің тұжырымдамасынан өтуі керек. Сөйлеуші әр сәтте және өзінің өмірлік тәжірибесіне сәйкес белгілерді өзі өмір сүретін орта түсіну және оны тіл арқылы білдіру үшін қолданады» деген пікір білдіреді [90, p.116].

Ғалымның «тілдің лексикалық және грамматикалық негіздерін білу мәдениетаралық қарым-қатынаста өзара түсіністікке ықпал етеді» деген пікірімен келісуге болмайды. Осыған байланысты көптеген тілші ғалымдардың еңбектерінде терең және мұқият қарастырылған тілдік сәйкестіктер мен тілдік кедергілерді қарастыру мәселесі туындайды. Тілдік кедергі (интерференция) түрлі тілдерді қолданушылар арасында тілдік байланыс пайда болған кезде немесе сөйлеушілер бір тілдің бірліктерін екінші тілдің бірліктерімен теңестіргенде туындайды.

Лингвистикадағы «интерференция» терминін алғаш рет Прага лингвистикалық үйірмесінің ғалымдары енгізді, олар интерференция деп тілдік байланыстар процесіндегі нормадан ауытқуды түсінді [85, с. 283]. Өзге

ғалымдардың көзқарасы бойынша, бұл сөйлеу процесіндегі екі жүйенің бір-бірімен қабаттасуының нәтижесі; ана тілі жүйесінің әсерінен туындаған өзге тілде сөйлеудегі қателіктер [91, с. 313]. Қазіргі лингвистикада бұл тұжырымдаманың келесі анықтамасы қалыптасқан: «Интерференция – тілдік байланыс кезінде немесе өзге тілді жеке игеру кезінде пайда болатын қостілділік жағдайындағы тілдік жүйелердің өзара әрекеттесуі» [92].

Интерференцияның тереңдігі мен көлемі көптеген факторларға байланысты. М.А. Ананьина субъективті факторлар «қостілді тұлғаның тілдік құзыреттілігімен, оның жеке ерекшеліктерімен анықталады; объективті факторларға екі тіл жүйесінің типологиялық және тарихи-генетикалық ерекшеліктері, сондай-ақ тіл саясатының ерекшеліктері және байланысушы екі тілдің қоғамдағы мәртебесі кіреді» деп санайды [93, с. 51–52].

Осы тұжырымды назарға ала отырып, қазақстандық жоғары білім беру жүйесінде көптілді білім беруді жүзеге асыру кезінде объективті де, субъективті де факторларды ескеру қажет, мысалы, сабақ кестесін құру кезінде, ана тілін меңгерудің бастапқы деңгейін анықтау кезінде, тілді үйрену ұзақтығын есепке алу кезінде және т.б. Себебі бұлардың барлығы интерференцияның пайда болуына әсер етеді.

Лингвистика мен лингводидактикада «интерференция» терминін түсіндіруде біржақтылық жоқ. Зерттеушілердің басым бөлігі интерференция құбылысы екінші тілдегі сөйлеудегі қателіктер деп түсініп, оны теріс алмастыру деп атайды. Бұл ұғымға берілген айқын анықтаманың жоқтығы, біздіңше, біріншіден, тілдік байланыстардың жағдаяттық әртүрлілігіне, екіншіден, сөйлеудің лингвистикалық аспектісін психологиялық аспектіден ажыратудағы белгілі бір қиындықтарға байланысты.

Екінші тілді оқыту процесінде Н.В. Барышниковтың көзқарасы бойынша, ана тілінің кедергі келтіретін әрекетін азайту керек [94, с. 20]. Осы мақсатта басқа ғалымдар саналы түрде салыстыру әдісін қолдануды ұсынады [95].

Осылайша, тілдік интерференция физиология, психология және өзге де ғылымдар саласындағы зерттеулерге сүйенуді қажет ететін көпөлшемді күрделі мәселе болып табылады. Интерференцияның тілдік байланыстардың жасырын ішкі механизмі болып табылатындығына орай, өзге тілді үйрену барысындағы теріс нәтижемен қатар оң нәтижені де зерделеу керек сияқты. Теориялық әдебиеттерді зерттеу «Тілдердің үштұғырлығы» мәдени жобасының лингвистикалық, лингвокогнитивті және лингвомәдени негіздерінің коммуникативтік оқыту қағидаттарына негізделетіндігін, бұл ретте білім алушы тілдік білімді ғана емес, сонымен бірге қарым-қатынастың нақты жағдайында ана тілі арқылы мәдениетаралық қарым-қатынасқа ықпал ететін танымдық және әлеуметтік-мәдени болмысты да меңгеретіндігі туралы деген қорытынды жасауға мүмкіндік береді.

Оқытудың когнитивті бағыттылығы – көптілді тұлғаны тәрбиелеудің қажетті шарты, өйткені ол психологиялық, әлеуметтік-лингвистикалық, коммуникативтік, функционалды және мәдени факторлар арасындағы байланысты тіл арқылы жобалайды. Қазақстан Республикасында көптілді білім

беру шеңберінде білім алушылардың бойында оқытылатын тіл елі мәдениеті, мәдени алуантүрлілік туралы түсінік қалыптастыру, мәдениеттегі айырмашылықтарға оң көзқарас қалыптастыру; әлемдік мәдени құндылықтарға енгізу, өзге этномәдениетке теріс стереотиптік қатынасын еңсеру өзге мәдениет өкілдерімен тиімді қарым-қатынас дағдыларын дамыту жүзеге асырылады.

Бірінші бөлім бойынша тұжырымдар

Тіл біліміндегі қазіргі зерттеулерде «көптілділік», «мультилингвизм» және «полилингвизм» терминдерін түсіндіруде кейбір сәйкессіздіктерді байқауға болады. Ғалымдардың зерттеу саласына байланысты анықтамалардың да көптігі мен олардың корреляциясы терминдердің көпөлшемділігімен, олардың ғылымның әртүрлі салалары тарапынан зерттелуімен ерекшеленеді. Осының нәтижесінде оларға берілген анықтамаларды әмбебап деп санауға болмайды. Дегенмен, біз қазіргі теориялық әдебиеттердің де басын қосар ортақ құбылыс бар екенін атап өтеміз: атап айтқанда, полилингвизмнің толыққанды теориясының болмауына байланысты қазіргі зерттеушілер екі тілділік теориясына, терминологиясына және типологиясына сүйенуге мәжбүр. Осы зерттеуде біз «көптілділік» терминін екі тілді де, үш тілді де, осылайша жалпы алғанда, бірнеше тілді меңгерудің барлық нұсқаларын жинақтайтын категориялық ұғым ретінде қолданамыз.

Жалпы, көптілділіктің мәніне деген әртүрлі көзқарастарды талдау бізге көптілділікті екі тілдің табиғи немесе жасанды кеңістіктегі қатар өмір сүруін, өзара әсерін және өзара әрекеттесуін болжайтын көпөлшемді пәнаралық құбылыс деген анықтама беруге мүмкіндік беріп отыр. Бұл құбылыс ауқымында жеке адамдар мен әлеуметтік топтар осы тілдерді бірдей немесе әртүрлі дәрежеде меңгереді. Кең тұрғыдан алғанда, қазіргі заманғы тілдік тұлғаны көптілді деп атауға бірнеше негіз бар: 1) әр тілде тек әдеби нормативтік тіл ғана емес, сонымен бірге көпнұсқалы диалектілер де бар, сонымен бірге идиолекттердің болуын да жоққа шығаруға болмайды; 2) жаһандану дәуірінде жергілікті емес (шет) тілді білу нормаға айналады; 3) табиғи тілмен қатар, адам жасанды тілдерді де, сонымен қатар бейвербальды қарым-қатынас құралдарын, метатілдерді, музыкалық және түс кодтарын және т.б. қолданады. Қоғамда болып жатқан барлық үдерістердің жаһандану дәуіріндегі қоғамдық-саяси өзгерістері біздің еліміз секілді полиэтникалық мемлекеттегі халықтар арасындағы ұлтаралық келісім мен өзара түсіністік секілді басты проблемаларының бірін шешуді, көптілділіктің әртүрлі нысандарының қалыптасуы мен дамуын талап етеді. Қазақстан Республикасындағы «Тілдердің үштұғырлығы» мәдени жобасының қабылдануы көптілділік проблемасын үш тілде тиімді, әлеуметтік теңгерімді коммуникацияны қамтамасыз ете отырып, тепе-тең, үйлесімді және әлеуметтік тұрғыдан тиімді шешуге объективті жағдай жасады. Бұл жағдайда басты рөл

көптілді және көптілді тұлғаны қалыптастыруға арналған білім беру мекемелеріне жүктелетіні сөзсіз.

Бұл жобаны енгізу жеке тұлғаны көптілді тұлға ретінде оқыту, тәрбиелеу және дамытудың мақсатты түрде ұйымдастырылған процесі болып табылады. Олар лингвистикалық, лингвомәдени және лингвокогнитивті ұстанымдарға негізделген. Теориялық әдебиеттерді талдау «Тілдердің үштұғырлығы» мәдени жобасының лингвистикалық, лингвокогнитивті және лингвомәдени негіздері коммуникативтік оқыту принциптеріне негізделген деген қорытындыға келуге мүмкіндік береді. Мұнда білім алушы тілдік білімді ғана емес, сонымен бірге қарым-қатынастың нақты жағдайында ана тілдерімен мәдениетаралық қарым-қатынасқа ықпал ететін танымдық және әлеуметтік-мәдени шындықтарды да меңгереді. Үштілді білім берудің негізгі идеясы – меңгерілетін тілді қолданушылардың мәдени бірегейлігін тану, өзге халық мәдениетінің ерекшеліктерін, оның құндылықтық-дүниетанымдық көзқарастарын құрметтеу. Көптілділік пен көптілділіктің әлеуметтік лингвистикалық негіздері туралы қазақстандық теориялық әдебиеттегі зерттелетін проблеманың түрлі бағыттарын жария етудің көпқырлылығы мен жеткіліктілігін көрсетті. Қазақстанда көптілді білім беруді енгізу тәжірибесі осы мәселе төңірегіндегі белгілі бір мәселелердің бар екенін көрсетіп отыр. Сонымен бірге бұл мемлекеттік тілді үйрену арқылы титулдық ұлттың ұлттық бірегейлігін сақтаудың қажетті және оңтайлы жолы болып табылады; тіл кедергілерін еңсеру және орыс тілін ұлтаралық қарым-қатынас тілі ретінде үйрену арқылы әртүрлі тілдерде сөйлейтін бір мемлекеттік білім беру азаматтарының бір-бірімен еркін қарым-қатынасын қамтамасыз етудің жалғыз жолы – жаһандану жағдайындағы әлемдік ақпараттық кеңістіктің тілі ретінде ағылшын тілін үйрену арқылы әлемдік қауымдастыққа кіру. Бүгінгі таңда бұл әлеуметтік шындық және қажеттілік болып қалып отыр.

Көптілділік – елдің технологиялық дамуына жаңа мүмкіндіктер ашатын, бәсекеге қабілетті елдер қатарына кірудің ең түбегейлі стратегияларының бірі. «Тілдердің үштұғырлығы» мәдени жобасы қазіргі әлемнің басты мәселесі болып табылатын мәдениетаралық коммуникациядағы өзара түсіністікті шешуге көмектеседі. Біздің талдауымыз көрсеткендей, үштілді білім беруді енгізу білім сапасын арттыруға ықпал етеді; әлемдік тілдерді еркін меңгеру әлемдік кеңістікте әлеуметтенуге мүмкіндік береді; әлемнің кез келген елінде Қазақстан Республикасын танытуға лайықты жан-жақты білімді, бәсекеге қабілетті мәдени тұлға қалыптасуда. Көптілді тұлға шетелдік жоғары оқу орындарында білім алу және басқа ұлт өкілдерімен қарым-қатынас жасау кезінде психологиялық кедергілерді оңай жеңеді; мұндай тұлға халықаралық ынтымақтастықты нығайтуға қызмет ететін туған мәдениетімен қатар, әлемдік мәдениетті де білетін әлемнің азаматы болып табылады, ол халықаралық достық пен бірлестіктің дамуы үшін қызмет етеді деп санаймыз. Бүкіл өркениетті әлемде әлем тілдерін меңгеру маңызды болып саналады, сондықтан біз өз елімізді әлемдік кеңістікте көптілді мемлекет ретінде лайықты танытуымыз керек.

2 КӨПТІЛДІ БІЛІМ БЕРУДІҢ ӘЛЕУМЕТТІК -ЛИНГВИСТИКАЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ

2.1 Көптілді білім беру мен оқыту жағдайындағы тілдерді меңгеру үдерісін әлеуметтік лингвистикалық тұрғыдан талдау

Екі және көптілді білім беру мен оқыту жағдайындағы тілдерді меңгеру үдерісі ол тілдерді оқыту мен қолдану үдерісіне әсер ететін факторларды анықтау арқылы сипатталады. Ол факторлар тілге деген қарым-қатынас, тілдік саясат, тілдердің әлеуметтік статустары, мәдени контекст. Екі және көптілді білім беру жағдайында көрсетілген мәселелер ушыға түседі. Өйткені білім алушылар бірнеше тілді меңгеру қажеттілігімен кездеседі және де ол қажеттілік олардың ішкі уәждемелеріне, әлеуметтік бейімделуіне, өзіндік идентификациясына әсер етеді. Қазақстандағы көптілді білім беру мен оқыту бағытындағы тілдік саясат бірнеше нормативтік құжаттарға сүйенеді және ол құжаттардың негізінде анықталған қазақ тілінің мемлекеттік, орыс тілінің ұлтаралық қарым-қатынас тілі статустарының негізінде жүзеге асырылып отырады. Сондай-ақ ағылшын, қытай, неміс және де басқа да тілдердің әлемдік тілдік кеңістіктегі рөлін ескере отырып, ол тілдердің оқытылуына басымдық беріп отырады.

Бүгінде Қазақстан Республикасында көптілді білім беру мен оқытуды реттеп отыратын нормативтік-құқықтық база жеткілікті түрде мұқият әзірленген, оған сәйкес көптілді білім беру шеңберінде мақсатты тілдерді меңгеру үдерісі жүзеге асырылады. Олардың ішінде, «білім алушылардың қазақ тілімен тең дәрежеде ресми түрде қолданылатын мемлекеттік тілді – орыс тілін және әлемдік қоғамдастыққа табысты кірігу құралы ретінде ағылшын тілін меңгеруіне ықпал ететін білім беру ортасының жағдайларын жақсартуға» бағытталған «Үштілді білім беруді дамытудың 2015-2020 жылдарға арналған Жол картасы» жасалып, жүзеге асырылды [96].

Жол картасында Қазақстан Республикасында көптілді білім беруді кезең-кезеңмен енгізуді қамтамасыз етудегі жұмыстың жеті негізгі бағыты нақты айқындалған: нормативтік-құқықтық базаны әзірлеу, осы бағыттағы ғылыми-зерттеу қызметін дамыту, әдіснамалық және оқу-әдістемелік қамтамасыз ету, кадрлар даярлау және біліктілікті арттыру, институционалдық қолдау, ақпараттық сүйемелдеу, қаржыландыру.

Жол картасы негізінде үш тілді оқытудың бірыңғай тілдік стандарты [97] әзірленді. Ол үш мақсатты тілді оқытудың әдіснамалық тәсілдер, оқытудың қағидаттары мен стратегиялары, тіл дамуының негізгі лингвистикалық заңдары мен заңдылықтары кіретін жалпы шеңберін айқындайды. Сондай-ақ, бұл құжатта Қазақстан Республикасының нақты өңірлеріндегі әлеуметтік-лингвистикалық ахуалға сәйкес көптілді білім беру жағдайларын ескере отырып, мақсатты тілдерді деңгейлеп оқыту бойынша оқу үдерісін ұйымдастырудың ерекшеліктері жазылған. Сонымен қатар еліміздегі көптілді білім берудің Тұжырымдамасы жасалған [98]. Тұжырымдаманың негізгі

мақсат-міндеттері – Қазақстан Республикасының бәсекеге қабілетті азаматтарын дайындауға арналған инновациялық технологиялар мен озық тәжірибелер негізіндегі көптілді білім беруді дамыту. Негізгі міндеттер – көптілді білім берудің басымды бағыттарын анықтау, Қазақстан Республикасындағы білім беру мекемелерінде тиімді орта қалыптастыру үшін көптілді оқытудың моделін жасау [98, б.1-2.]. Сонымен қатар көптілді білім берудің стандарты жасақталып, бүгінде сол стандарт негізінде көптілді оқыту іске асырылуда. Тілдік стандарт инновациялық педагогикалық тәжірибемен дәйектелген ғылыми зерттеулердің қорытындыларына негізделген [99].

Сонымен қостілді және көптілді білім беру мен оқыту жағдайындағы тілдерді меңгеру үдерісінің факторы болып табылатын тілдік саясаттың елімізде толыққанды реттеліп, көптілді білім алудың нормативтік базасының жасақталғанын көріп отырмыз. Келесі фактор тілдердің әлеуметтік жағдайы, яғни оқу мен білім беру саласындағы тілдердің қолданыс аясы мен тілді тұтынушылар арасындағы беделі. Ол үшін қазіргі қазақстандық білім беру саласындағы оқытылып жатқан негізгі тілдерге шолу жасайық. Еліміздегі білім беру саласында бірнеше тілдер қамтылған. Ол тілдердің қазақстандық тілдік кеңістіктегі әлеуметтік-лингвистикалық жай-күйі мен статусы былай анықталып берілген: қазақ тілі ана тілі және мемлекеттік тіл ретінде, орыс тілі ұлтаралық қарым-қатынас тілі, ағылшын тілі әлемдік қауымдастыққа кіріктіруші халықаралық қатынастар тілі. Сонымен қатар елімізде шоғырлануы тығыз этностардың білім, БАҚ, мәдениет салаларында жоғары әлеуметтік қолданысқа ие ана тілдері бар екені белгілі. Ана тілін адам баласы «ана сүтімен» игереді және де ана тілі арқылы қоршаған орта танылып, өре кеңейеді, интеллект пен сана қалыптасып, сауаттылық дамып жазу, сөйлеу дағдылары қалыптасады. Бүгінгі қазақстандық шынайы өмірде ұлттық ерекшеліктерді сақтау арқылы жаһандық қауымдастыққа ену және оның талаптарымен санаса отырып өмір сүруде көптілді білім беруді алға тартып, ана тілін білетін, мемлекеттік тілде еркін сөйлейтін, жеке сөйлеу қоржынына қажетті өзге тілдерді меңгерген жаңа қазақстандық ұрпақты қалыптастыру мақсаты мен қажеттілігі туындағаны рас. Көптілді білім берудің қазақстандық дискурсында әрбір тіл өзінің әлеуметтік статусына сай, коммуникативтік қызметінің ерекшеліктері мен құндылықтарының негізінде қажетті орнына орналастырылған: 1) қазақ тілі мемлекеттік тіл және қазақ халқының ұлттық және ана тілі; 2) орыс тілі елдің аймақтарындағы ұлтаралық қарым-қатынас тілі. Орыс тілі БҰҰ таныған әлемдік тілдердің бірі болып табылады; 3) шетел тілдері (ағылшын, неміс, француз, қытай және т.б.) - жаһандану және халықаралық ынтымақтастық тілдері [98, б.3-4.]. Бәрімізге белгілі көптілді білім беру 2007 жылдан бастап еліміздің 33 мектебіне енгізілген еді. Осыған байланысты кадрлық мәселесін шешуде 2017-2018 оқу жылында 15 базалық жоғары оқу орнында 4 жаратылыстану мамандығы ағылшын тілінде оқуға көшірілді (Кесте 2) [100].

Кесте 2 – Орта білім беру саласындағы тілдік жағдай

Жыл / Көрсеткіш	Мәлімет / Үлес (%)	Қосымша ақпарат
2019 ж. педагогтер	14 473 бітіруші-педагог В1 және одан жоғары деңгейде ағылшын тілін меңгерді	Жаратылыстану пәндерін (информатика, физика, химия, биология) ағылшын тілінде оқытуға дайындалған
2022-2023 оқу жылы	88,5% оқушы екі тілді аралас мектептерде оқыды	Аралас мектептеріндегі оқушылар үлесі
Қазақ тілді сыныптар	2021 жылмен салыстырғанда 65,4% -ға артты	Қазақ мектептері
Батыс өңірдегі (қазақ мектептері)	Ақтөбе – 66,9%. Атырау – 69,2%. Батыс Қазақстан – 67,8% Маңғыстау – 86%	Қазақ мектептеріндегі оқушылар үлесі
Аралас мектептердің тілдік құрамы	Қазақ – орыс – 90% Қазақ – өзбек – 5%. Қазақ – ұйғыр – 1,4% Қазақ – тәжік – 0,5% Орыс – ұйғыр – 0,1%	Аралас мектептердің басым бөлігі қазақ – орыс тілінде
Этникалық топтардың ана тілінде оқытатын мектептер	Ұйғыр, өзбек, тәжік мектептері	Ана тілінде оқыту іске асырылады: – Ұйғыр мектептері Алматы қаласы мен Ұйғыр ауданында. – Өзбек, Тәжік мектептері оңтүстік өңірде орналасқан.
Ескертпе: *Джусупов М. Школьное полиязычное образование в Казахстане (тюрско-русское, тюрско-английское, тюркко-русско-английское. https://cyberleninka.ru/article/n/shkolnoe-poliyazychnoe-obrazovanie-v-kazahstane .		

Ұлттық мектептерде қазақ тілі қазақтар үшін *ана тілі* ретінде, ал өзге ұлттар үшін *екінші тіл* ретінде оқытылады, орыс тілі орыстар мен орыс тілді өзге ұлт өкілдері үшін ана тілі ретінде, қазақтар үшін екінші тіл ретінде оқытылады. М. Жүсіповтың пікірі бойынша «егер де екі және көптілді орта білім беруді оқытылып жатқан тілдер саны бойынша орналастырсақ, Қазақстанда үштілді білім берілуде деп айта аламыз. Қазақ және орыс тіліндегі мектептерде үш тіл оқытылады: қазақ тілі (ана тілі) – орыс тілі (міндетті жалпы білім беруші пән) – ағылшын тілі (шетел тілі); орыс тілі (ана тілі) – қазақ тілі (мемлекеттік тіл) – ағылшын тілі (шетел тілі). Ал өзбек, ұйғыр, тәжік тілді мектептерде ең азы 4 тіл оқытылып жатыр өзбек тілі – қазақ тілі – орыс тілі – ағылшын тілі; ұйғыр тілі – қазақ тілі – орыс тілі – ағылшын тілі; тәжік тілі – қазақ тілі – ағылшын тілі» [96]. Сонымен қатар ғалым бір мезгілде бірнеше тілді оқытудың тиімсіздігін де атап өтеді. Оның пікірінше, «Инофонды (қазақ және орыс тілді мектептерден басқасы) мектептерде формалды көптілді білім беру

үдерісі жүріп жатыр, бірақ бұл мектеп бітірушілері арасында төрт тілді бірдей еркін меңгергендер саны өте аз. Инофонды мектептер бітірушілері, сәйкесінше, екі тілді (ана тілін, қазақ тілін) немесе үш тілді (ана тілін, қазақ тілін, орыс тілін) жақсы меңгерген; ал төртінші тілді (ағылшын тілін) меңгергендердің саны бірен-саран (әрине бұл мектептегі және мектептен тыс оқытудың – қосымша сабақ алу мен тілдік курстарға қатысу нәтижесі болып табылады)» [100].

Ал жоғары білім мен жоғары білімнен кейінгі білімдегі тілдердің статусына келетін болсақ, бұл жерде де жоғарыда көрсетілгендей тілдер тізбегі шығады. Бірақ ағылшын тілі кейбір білім алушылардың келешектегі мамандығының тілі болып табылады. Өйткені жоғары оқу орындарында көптілді білім беру толыққанды жүзеге асырылуда. Аталмыш үдерісте қазіргі кездегі білім алуда тиімді деп есептелетін CLIL (Content and Language Integrated Learning/ пәндік-тілдік интеграцияланған оқыту) кеңінен қолданылуда.

Қазақстан Орталық Азиядағы поскеңестік елдердің ішінде CLIL әдістемесін білім беру жүйесіне енгізген алғашқы мемлекеттердің бірі болып табылады, бұл қадам үштілділікті дамытуға бағытталған ауқымды ұлттық жоспардың бір бөлігі болады (Назарбаев, 2007). Қазақ, орыс және ағылшын тілдерін тілдік пәндер ретінде оқыту Қазақстанға бұрыннан таныс болғанымен, жаңа саясат бұл үш тілді мектеп бағдарламасындағы әртүрлі пәндерді оқыту тілі ретінде қолдануды көздеді. Бұл басқа көптілді контексттерде қолданылған үлгіні қайталайды, мысалы, Еуропадағы Баск өлкесі (Cenoz, 1998) немесе Азиядағы Бруней (Nawi және әріптестері, 2015). Осы үштілді білім беру үлгісін сынақтан өткізіп, оны өзге мектептерге таратуды мақсат етіп, 2008 жылы Қазақстан Үкіметі мемлекеттік қаржыландыру негізінде Назарбаев Зияткерлік мектептерінің (НЗМ) 20 таңдаулы желісін құрды [101, p. 5-6].


Тілдік стандартта «білімді кіріктіру» қағидатын жүзеге асыру мақсатында пән мен тілді кіріктіре оқыту әдістемесі – CLIL (Content and Language Integrated Learning) технологиясын – мақсатты тілдерді меңгертудің негізгі құралы ретінде пайдалану ұсынылады. Аталған технологияны іске асыру тілдік пәндерде пәндік терминологияны кезең-кезеңімен енгізу, тілдік емес пәндер бойынша элективті курстардың жекелеген бөлімдерін мақсатты тілде оқыту, сондай-ақ сыныптан тыс іс-шаралар ұйымдастыру арқылы жүзеге асырылады [97, б.12-13]

CLIL – бұл әр түрлі оқу пәндері шет тілінде жүргізілетін оқуға деген көзқарас, бұл екі мақсатқа қол жеткізуге мүмкіндік береді: белгілі бір ғылымды зерттеу және оның объектісі емес, оқыту құралы болатын шет тілін бір уақытта игеру.

Терминнің өзін 1994 жылы Д. Марш (D. Marsh) ұсынған. Мақсаты оқу пәндерін шет тілі арқылы оқуға мүмкіндік беретін технологияны енгізу болды. XX ғасырдың аяғында Еуропа елдерінде CLIL енгізу қажеттілігі әлеуметтік ұтқырлықтың дамуына байланысты шет тілдерін білудің жоғары деңгейін талап ететін Еуропалық Одақтағы қоғамдық-саяси жағдайға байланысты туындады.

Т.И. Якаевтың айтуынша, 1990 жылдары «CLIL аббревиатурасы Еуропада шет тілін оқытуды және пәндік мазмұнды интеграциялау бағдарламаларын белгілеу үшін ең көп қолданылатын термин болды» [102, р. 123].

Схемалық түрде пәндік-тілдік интеграцияланған оқытуды келесідей ұсынуға болады (автор әдебиеттерді талдау негізінде жасаған) (Сурет 2).



Сурет 2 – CLIL компоненттері *

CLIL технологиясы алыс және жақын шетелдерде жеткілікті түрде терең зерттелген, сондай-ақ қазақстандық ғылыми қоғамдастықтан да оның ізбасарлары табылып келеді.

Біздің ойымызша, білім берудегі қолданбалы лингвистика саласындағы ең танымал ғалымдардың бірі – Эдинбург университетінің ғалымы Д. Коуле (Do Coyle), Назарбаев Университеті ғалымдары Х.С. Исидо (Xabier San Isidro) және С. Керімқұлованың 2020 жылы жариялаған «Қазақстандағы көптілді білім беруде CLIL қолдану тәжірибесі: ұсыныстар мен мысалдар» атты еңбегі негізгі әрі терең туынды болып табылады.

Бұл кітаптың функционалдылығы мен практикалық пайдасын оның үштілде (ағылшын, қазақ және орыс) жазылғандығынан және CLIL енгізу әдіснамасынан көреміз. Оқулық ғылымның әртүрлі салаларын (физика, информатика, биология, тарих және т.б.) қамтитын тоғыз оқу блогынан тұрады, оның ішінде Т3 тілінде төрт блок, екеуі орыс тілінде және екеуі қазақ тілінде.

Кітап авторлары CLIL жоспарлау процесінің әртүрлі кезеңдерінде нұсқаулық ретінде қызмет ететін жиырма негізгі қадамды сипаттайды: «Біздің CLIL планнеріміз қандай болуы керек деген сұраққа айтар тұжырымдамамыз – студенттерге мағыналы түрде білім беру, яғни мазмұнды тіл арқылы үйрену сияқты барлық элементтерге негізделіп құрылған. Бұл жинақ CLIL модулін / блогын жобалаудың 20 негізгі қадамынан тұратын, оның құрамындағы әр бөлік пен компонентке қатысты мұғалімдердің ескертулері енгізілуі тиіс, негізгі

сынып немесе топқа арналған қажетті құжат болуы керек». Оларды кесте түрінде ұсынамыз (автор [103, р 22-23]. сүйене отырып құрастырған) (Кесте 3)

Кесте 3 – Көптілді контексттегі CLIL сабақтарын жоспарлаудың әдісі

20 қадам	Атауы	Мазмұны
1	2	3
1-қадам	Анықтау	Модуль туралы негізгі ақпарат берілуі: тақырып, оқыту тілі, байланысты тілдер, деңгей, CEFR деңгей іжәне пәнаралық байланыстар, уақыт, топтастыру түрлері, сабақ саны, қажетті материалдар, ресурстар
2-қадам	Меңгерілген білім	Студенттердің өткен жылдардан немесе осыған дейін меңгерілген білімдерін ескере отырып, оқу жоспарларының негізінде сабақтың тілдік деңгейі мен мазмұнын анықтау
3-қадам	Мазмұн. Ұсынылатын білім	Мазмұнды байланыстыру, бейімдеу, пән аралық байланыс орнату, мазмұнға қатысты негізгі элементтердің тізімін жасау, оларды пән деңгейіне байланыстыру
4-қадам	Таным. Пәнге қатысты мақсаттарды құру	CLIL-ді жобалау және енгізу тапсырмаға (TBL) және соңғы сатыдағы шығармашылық жобаға (PBL) негізделген болуы керек. Нәтижелер бүкіл танымдық спектрді қамтуы керек.
5-қадам	Мәдениет-Қоғам-Контекст-Байланыс.	Мәдениет компонентін біріктіру. Жоспарланған мақсаттар мен тапсырмалар мәдениет компонентін қосып мәдениетаралық құзырлықты арттырады. Сабақ жоспары мәдениетке қатысты мақсаттарды нақтырақ қамтуы мүмкін
6-қадам	Коммуникация. Тілдік корпусын құру	Мақсаттарды жоспарлауды жеңілдету мен таным деңгейінде ұйымдастырылған алдыңғы пәндік мақсаттардың құрылымдары мен интеграциялап, тілдік корпус жасап шығу керек
7-қадам	Коммуникация	CLIL тілінің үштіліне сәйкес тілдік мақсаттарды тұжырымдау: пәнге қатысты тіл, тақырыпты баяндауға және талқылауға арналған тіл, тілдік қорды қолдану
8-қадам	Дифференциация	Оқушыларды әртүрлі деңгейдегі зияткерлік тапсырмалар мен қамтамасыз етуі керек
9-қадам	Жетекші сұрақ	Модульге сай негізгі сұрақ қою. Бұл сұрақ соңғы тапсырмаға байланысты болуы қажет
10-қадам	Тапсырмаларды жоспарлау	Соңғы тапсырманы немесе жобаны жасау, жоспарланған мақсаттар мен мазмұнға сәйкес келуі
11-қадам	Тапсырмаларды жоспарлау	Қажетті сабақтар санын бекітіп, барлық тапсырмаларды жоспарлау
12-қадам	Тапсырмаларды жоспарлау	Тапсырмалардың танымдық спектрін қайта тексеру, когнитивті терминдер бойынша тапсырмаларды классификациялау, кестені пайдалану
13-қадам	Қосымша жетекші сұрақтар	Модуль жұмыстарын алға жылжыту мақсатында әр кезеңге (Кіріспе, Зерттеу, Бекіту, Құрастыру) жетекші сұрақ қою
14-қадам	Тапсырмаларды жоспарлау	Төрт дағдыны қолдануда тепе-теңдік болғаны жөн: тыңдалым, оқылым, айтылым және жазылым.
15-қадам	Тапсырмаларды жоспарлау	Коммуникативті және коммуникативті емес тапсырмалардың арасындағы тепе-теңдік

1	2	3
16-қадам	Тапсырмаларды жоспарлау	Тапсырмаларды жасау барысында әртүрлі педагогикалық әдістемелерді қолдану
17-қадам	Тапсырмаларды жоспарлау	Студенттерді скаффолдингпен қалай қамтамасыз ететіндерін анықтаулары керек
18-қадам	Тапсырмаларды жоспарлау	Жеке, жұптық, топтық және сыныптық жұмыс жасау түрлерінде тепе-теңдік болғанын ескерулері қажет.
19-қадам	Дифференциация тапсырмалары	Аралас қабілетті оқушылар мен жұмыс жасау үшін олардың қабілеттеріне сай тапсырмаларды айындау
20-қадам	Бағалау	Бағалау критерийлерін құру. Критерийлер тапсырмаларды орындау мен нәтижеге жетудің түрлі деңгейіне негізделіп жасалады.
Ескертпе: *CLIL classroom practices in multilingual education in Kazakhstan: guidelines and examples / eds.: X. San Isidro, D. Coyle, S.I. Kerimkulova. – Nur-Sultan: Nazarbayev University, 2020. - 146 p.		

Біздің ойымызша, қызықты және пайдалы жұмыстардың бірі - Приволжск (Қазан) федералды университеті ғалымдарының оқу-әдістемелік құралы. Онда CLIL-дің теориялық негіздері ғана емес, сонымен қатар әдістемелік принциптер мен іске асыру модельдері, білім беру процесінде осы технологияны қолдану мысалдары келтірілген. Авторлар CLIL сабағын келесідей жоспарлауды ұсынады:

- 1) бұрын алған білімді өзектендіру;
- 2) «кіріс деректер» және нәтижені жоспарлау;
- 3) күту уақыты – қойылған сұраққа шеттілінде жауап күтудегі кідіріс;
- 4) арнайы пәндік лексика мен тілдік клишені пайдалануды ынталандыратын жұптық жұмыс немесе топтық тапсырмалар;
- 5) академиялық тілді дамыту үшін танымдық тапсырма (Cognitive challenge);
- 6) ойлау операцияларын дамытуды ынталандыратын сұрақтар қою арқылы білім алушылардың ойлауын дамыту [104, с. 60-62].

Қ. Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университетінде, бүкіл республикадағыдай, тілдік стандарт көптілді білім беруді іске асырудың негізіне алынды. Осылайша, мысалы, Қ. Жұбанов атындағы АӨУ-де сабақтарда CLIL технологиясын пайдалануға көп көңіл бөлінеді.

Авторлар ұжымы (Л.Е. Егізбаева, С.С. Сейтенова, М.К. Жазықова) CLIL-ді бастауыш және орта білімнің оқу үдерісінде қолдануды қарастырған. Олар CLIL интеграцияланған тәсілін қолдану ерте жастағы білім алушыларда көптілділік пен мультимәдениеттіліктің дамуына ықпал етеді деп санайды. Авторлардың пікірінше, Қазақстанда CLIL мақсатты тілді оқытуда кеңінен таралғанына қарамастан, оны іс жүзінде қолдануда белгілі бір қиындықтар бар. Негізгі проблема - орта мектеп мұғалімдерінің CLIL тұжырымдамалары бойынша біліктілігінің төмендігі, сондықтан біздің көзқарасымыз бойынша бұл технологияға жоғары оқу орнында үлкен көңіл бөлу керек [105].

Қазіргі заманғы теориялық әдебиеттің (F. Guillaumon-Suesta, M. L. Renaud, D. Coyle, P. Hood, D. Marsh, Y. Watanabe, M. Ikeda, S. Izumi, P. Mahisto, J. Frigols Maria) сапалы және жеткілікті түрде терең талданғанын атап өту қажет. Аталған әдіскер ғалымдар әртүрлі елдерде CLIL енгізу бойынша өздерінің пилоттық жобаларын жүргізіп, қазақстандық білім беру кеңістігі көптілді білім беруді іске асыру барысында тап болған проблемаларға олар да ұшыраған.

Жүргізілген зерттеу авторларға мынадай қорытынды жасауға мүмкіндік берді:

1) тілді кіріктірілген оқытуды (CLIL) пайдалану мұғалімдер мен оқушылар үшін тілді үйренуде тамаша ынталандыру болып табылады;

2) CLIL-ді бастауыш және орта буын білім беру процесіне енгізу, бірінші кезекте, мұғалімдердің арнайы әдістемелік даярлығына қажетті уақытты талап етеді;

3) CLIL-ді жалпы білім беретін мектепке енгізу үшін жоғары білім мекемелері ЖОО қабырғаларында CLIL әдіснамасы мен шеттілдерін білуді дамыту бойынша педагогикалық мамандықтар білім алушыларын даярлай бастауы тиіс;

4) CLIL теориялық-практикалық аспектілерімен жұмыс басталғанға дейін мұғалімдерді даярлау бағдарламасын әзірлеу қажет. Сондай-ақ, жұмыс авторлары мәселенің шешімдерінің бірнеше тілдерінің оқытушылары белгілі бір пәндердің белгілі бір модульдерін оқыған кезде бірлесіп оқытудан көреді.

Ақтөбелік зерттеушілердің тағы бір еңбегінде авторлар CLIL-дің төмендегідей артықшылықтарына назар аударады: оқытылатын тілдің мәдени-тілдік ортасына ену, мәдениетаралық қарым-қатынасқа қабілеттілік, әмбебап, кәсіби және тілдік құзыреттілікті дамыту, шеттілін меңгеру деңгейін арттыру, кәсіби және зерттеу қызметіне дайындық. Авторлар әр сабақта сөйлеу әрекетінің барлық түрлерін қолдану керек екендігіне назар аударады [106, б.107]. Мен осы ғылыми жарияланымның авторларының бірі болғандықтан, студенттер арасында жүргізілген сауалнама нәтижелеріне тоқталғымыз келеді (Кесте 4).

Кесте 4 – Қ. Жұбанов атындағы АӨУ студенттерінің сауалнамасының нәтижелері *

№	Студенттер жауабы	(%)
1	Ағылшын тілі бойынша өз білімдерін жетілдіру үшін	100%
2	Болашақ жұмыс үшін	50%
3	Әр түрлі халықаралық тестілерді тапсыру үшін	40%
4	Шетелде білімін жалғастыру үшін	25%
5	Арнайы лексиканы білуді кеңейту және болашақ ғылыми жұмыста қолдану	10%
6	Ағылшын тілінде сөйлеу қабілетін дамытуға мүдделі	95%
7	Олар ауызша сөйлеу дағдыларын жетілдіргісі келеді	80%
8	Олар жазбаша тілді түсінгісі келеді	25%
9	Жазба тілге қызығушылық танытады	15%
10	Факультативтік сабақтар тілдік кедергіні жеңуге көмектеседі деп үміттенеді	5%

Жүргізілген сауалнама нәтижелері білім алушылардың шеттілін үйренуді жалғастырғысы келетіндерін көрсетті, көбінесе шет тілінде тілдік құзыреттіліктің жоғары деңгейі бар және студенттер «университете тілді үйренудің алдыңғы тәжірибесіне қатысты жағымсыз эмоцияларды» сезінбейді [106, б. 108]. Осылайша, осы технология бойынша практикалық жұмыс тәжірибесі CLIL технологиясы бойынша сабақты төмендегідей төрт сатылы схема бойынша жүзеге асыру қажет екенін көрсетті: А) мәтінді визуалды материалдарды және мәтінді құрылымдық таңбалауды (жолдарды, абзацтарды, тақырыптарды, тақырыпшаларды нөмірлеу) қолдана отырып өңдеу; б) мәтін идеясын және онда ұсынылған ақпаратты анықтау арқылы алынған білімді түсіну және ұйымдастыру; в) мәтінді тілдік түсіну, бұл студенттердің мәтінді зерттелетін тақырып бойынша белгілі бір лексемалар мен терминдер негізінде өз сөздерімен жеткізуі; г) тапсырмалардың олардың білім деңгейіне, оқу міндеттеріне және өз қалауына байланысты орындалуы.

CLIL технологиясы бойынша оқу қызметін мынадай түрде жобалауды ұсынамыз: 1) 4 «С» қағидаттарына сәйкес әрбір сабақты жоспарлау және ұйымдастыру: Content/ Communication/Cognition/Culture; 2) оқыту мақсаттарының, нәтижелерінің, бағалау әдістерінің, критерийлерінің және әрбір сабақтың рефлексиясының айқындығы, түсініктілігі және нақтылығы; 3) тексеру парағы негізінде оқытушының өз сабағын үнемі талдап отыруы; 4) қалыптастырушы бағалау мен жиынтық бағалаудың басқа да баламалы нысандарын тәжірибеде қолдану; 5) CLIL-технология бойынша сабақтар өткізу үшін сапалы материалдарды, көрнекілік құралдарын және тек түпнұсқалы мәтіндерді әзірлеу және іріктеу. Сонымен қатар, қазіргі әлемде ағылшын тілінде сөйлеу қабілеті басымдыққа ие болуда. Бұл ретте осы мақсаттағы шет тіліндегі тілдік және сөйлеу материалдарының үлкен көлемі айналысқа еніп, қолданысқа ие болды. Білім алушы өз ана тілінен бөлек, шет тілдегі тілдік ортаға еніп, игерілуші тілдің мәдениетін жақсы білуге және түсінуге мүмкіндік алып, бұл өз кезегінде олардың әлеуметтік-мәдени құзыреттілігінің қалыптасуына әкеледі О. П. Воробьева профессор С.С. Құнанбаева қабылдаған және жан-жақты әзірлеген шет тілін оқытуды модернизациялаудың пәнаралық кешенді тәсілін антропоцентризмге, жеке тұлғаға бағдарлануға, мәдени және әлеуметтік экологизмге, сондай-ақ шет тілін меңгеру кезінде танымдық өңдеудің эвристикасына негізделген жақсы ойластырылған білім беру тұжырымдамасының ажырамас бөлігі ретінде қарастыруға болады деп санайды [107, р. 17-18]. Жалпы, қазақстандық ғалымның еңбектері көптілді білім беруді енгізу аясында барлық мақсатты тілдерді (Т2 және Т3) оқытуда қолданылады деп санаймыз және олардың негізінде білім берудің барлық деңгейлерінде оқытуды құру қажет. Сонымен қатар, С.С. Құнанбаева мақсатты тілдерді оқытуда шығармашылық ізденіске бағыттай отырып, оқытушының әдістемелік құзыреттілігін жетілдіру жолдарын көрсетеді. Қазақстанда бес ұстанымнан тұратын тілдік құзыреттілік деңгейлерін берудің ұлттық шкаласын енгізу кезінде ғалым алдымен білім алушылардың мәдениетаралық коммуникативтік құзыреттілігінің даму кезеңдерін (дайындық кезеңінен бастап мәдениетаралық

коммуникацияның өзі үшін типтік коммуникативтік жағдайларды моделдеу кезеңіне дейін) қорыта отырып, мазмұнын моделдеуге көшеді – MFLE (Modern Foreign Languages Environment CLIL технологиясы бойынша оқу қызметін мынадай түрде жобалауды ұсынамыз: 1) 4 «С» қағидаттарына сәйкес әрбір сабақты жоспарлау және ұйымдастыру: Content/Communication/Cognition/Culture; 2) оқыту мақсаттарының, нәтижелерінің, бағалау әдістерінің, критерийлерінің және әрбір сабақтың рефлексиясының айқындығы, түсініктілігі және нақтылығы; 3) тексеру парағы негізінде оқытушының өз сабағын үнемі талдап отыруы; 4) қалыптастырушы бағалау мен жиынтық бағалаудың басқа да баламалы нысандарын тәжірибеде қолдану; 5) CLIL-технология бойынша сабақтар өткізу үшін сапалы материалдарды, көрнекілік құралдарын және тек түпнұсқалы мәтіндерді әзірлеу және іріктеу. Сонымен қатар, қазіргі әлемде ағылшын тілінде сөйлеу қабілеті басымдыққа ие болуда. Бұл ретте осы мақсаттағы шет тіліндегі тілдік және сөйлеу материалдарының үлкен көлемі айналысқа еніп, қолданысқа ие болды. Білім алушы өз ана тілінен бөлек, шет тілдегі тілдік ортаға еніп, игерілуші тілдің мәдениетін жақсы білуге және түсінуге мүмкіндік алып, бұл өз кезегінде олардың әлеуметтік-мәдени құзіреттілігінің қалыптасуына әкеледі. О.П. Воробьева профессор С.С. Құнанбаева қабылдаған және жан-жақты әзірлеген шет тілін оқытуды модернизациялаудың пәнаралық кешенді тәсілін антропоцентризмге, жеке тұлғаға бағдарлануға, мәдени және әлеуметтік экологизмге, сондай-ақ шет тілін меңгеру кезінде танымдық өңдеудің эвристикасына негізделген жақсы ойластырылған білім беру тұжырымдамасының ажырамас бөлігі ретінде қарастыруға болады деп санайды [107, р. 17-18]. Жалпы, қазақстандық ғалымның еңбектері көптілді білім беруді енгізу аясында барлық мақсатты тілдерді (Т2 және Т3) оқытуда қолданылады деп санаймыз және олардың негізінде білім берудің барлық деңгейлерінде оқытуды құру қажет. Сонымен қатар, С.С. Құнанбаева мақсатты тілдерді оқытуда шығармашылық ізденіске бағыттай отырып, оқытушының әдістемелік құзыреттілігін жетілдіру жолдарын көрсетеді. Қазақстанда бес ұстанымнан тұратын тілдік құзыреттілік деңгейлерін берудің ұлттық шкаласын енгізу кезінде ғалым алдымен білім алушылардың мәдениетаралық коммуникативтік құзыреттілігінің даму кезеңдерін (дайындық кезеңінен бастап мәдениетаралық коммуникацияның өзі үшін типтік коммуникативтік жағдайларды моделдеу кезеңіне дейін) қорыта отырып, мазмұнын моделдеуге көшеді – MFLE (Modern Foreign Languages Environment – шет тілдерін оқытудың қазіргі заманғы ортасы). Әрі қарай автор метадағдылар (метаскилл) мен құзіреттіліктерді дамыту үшін коммуникативті оқыту ресурстарының көлемін анықтады, олардың ішінде метатілдік, метасөйлесімдік, метапрагматикалық және метаконтекстуалды құзіреттіліктер бар. Олар ұсынылған тұжырымдамаға жаңа көзқарас қосады [108, р. 222]. Біздің көзқарасымыз бойынша, мақсатты тілдерді оқытуда академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университетінің ғалымдары ұсынған этнолингводидактикалық тәсіл тағы бір болашағы зор тәсіл болып табылады. Ұсынылған тәсілдің мәнін авторлар осы

түсініктің әдіснамалық принциппен арақатынасын анықтау негізінде ашады. Этнолингводидактикалық тәсіл көптілді білім беру проблемаларын бөліп көрсетуге, көптілді және көпмәдениетті қоғамдастық қызметінің нақты әлеуметтік-лингвистикалық жағдайларында оларды шешу стратегиясын айқындауға мүмкіндік беретін іргелі қағидаттардың, мамандандырылған әдістер мен нақты құралдардың жүйелі жиынтығы болып табылатыны көрсетілген.

Шет тілдерін оқытудың қазіргі заманғы ортасы). Әрі қарай автор метадағдылар (метаскилл) мен құзіреттіліктерді дамыту үшін коммуникативті оқыту ресурстарының көлемін анықтады, олардың ішінде метатілдік, метасөйлесімдік, метапрагматикалық және метаконтекстуалды құзіреттіліктер бар. Олар ұсынылған тұжырымдамаға жаңа көзқарас қосады [108, р. 222]. Біздің көзқарасымыз бойынша, мақсатты тілдерді оқытуда академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университетінің ғалымдары ұсынған этнолингводидактикалық тәсіл тағы бір болашағы зор тәсіл болып табылады. Ұсынылған тәсілдің мәнін авторлар осы түсініктің әдіснамалық принциппен арақатынасын анықтау негізінде ашады. Этнолингводидактикалық тәсіл көптілді білім беру проблемаларын бөліп көрсетуге, көптілді және көпмәдениетті қоғамдастық қызметінің нақты әлеуметтік-лингвистикалық жағдайларында оларды шешу стратегиясын айқындауға мүмкіндік беретін іргелі қағидаттардың, мамандандырылған әдістер мен нақты құралдардың жүйелі жиынтығы болып табылатыны көрсетілген.

Авторлар іргелі қағидаттар ретінде мынадай үш қағидатты ұсынады:

1) «білімнің қосарлана пайда болуын» өзектендіру қағидаты; 2) этномәдени білім беру кеңістігінде қызмет атқаратын тілдердің функционалдық белсенділігі қағидаты; 3) білім беру мазмұнындағы тілдердің (ең алдымен, мемлекеттік және ресми) теңгерімі қағидаты [109, р. 458].

Біздің талдауымыз көрсеткендей, бұл қағидаттар үш тілді оқыту принциптерін белгілейтін Тілдік стандарттың негізінде алынған. Қағидаттар төмендегіше: 1) тілдерді оқыту тек қана мәдениетаралық қарым-қатынас құралы ретінде емес, сонымен бірге әлеуметтік құндылық ретінде, ұлттық-мәдени мұраның көрінісі, қоршаған әлемді тану құралы ретінде тілге деген көзқарасты қалыптастыратынын білдіретін тіл мен мәдениетті сабақтастыра оқыту қағидаты; 2) білім беру мазмұнындағы қазақ (мемлекеттік) және орыс тілдерінің тепе-теңдігі қағидаты, бұл нақты өңірдің әлеуметтік-лингвистикалық жағдайының ерекшеліктерін ескеру қажеттілігін білдіреді, үш тілді кешенді түрде игеру маңызды; 3) «білімнің қосарлана енуі» қағидаты [97, б. 12-13].

Бүгінгі күнгі көптілді білім берудің әдістері мен құралдары көрсетілген. (автор [109, б. 458] дерек көзіне сүйене отырып жасаған). (Сурет 3).

КӨПТІЛДІ БІЛІМ БЕРУ ӘДІСТЕРІ

- абстрактыдан нақтыға көтерілу әдісі;
- этномәдени білім беру кеңістігіндегі өзара іс-қимылдың талаптары мен мүдделеріне сәйкес әртүрлі тілдерді пайдалануды қолдау және ынталандыру әдістері;
- нақты өңірдің әлеуметтік-лингвистикалық жағдайына сәйкес мемлекеттік және ресми тілдерді оқыту бойынша білім беру процесін ұйымдастыру әдістері

КӨПТІЛДІ БІЛІМ БЕРУ ҚҰРАЛДАРЫ

- оқу орындарында бірнеше оқыту тілдерін қатар қолдану;
- материалдық сыйақы және моральдық көтермелеу;
- көптілді білім беру саласында білім беру және ұйымдастыру құжаттарын жасаудың бірыңғай қағидаларын әзірлеу

Сурет 3 - Көптілді білім берудің әдістері мен құралдары *

Зерттеу нәтижесінде ғалымдар көптілді білім беру үдерісін әдіснамалық қамтамасыз ететін құрал ретінде этнолингводидактикалық тәсілді анықтап берді. Ол іргелі принциптердің, мамандандырылған әдістер мен нақты құралдардың жиынтығы болып табылады. Авторлардың пікірінше, бұл теориялық-әдістемелік ережелер көптілді білім беруді ғылыми-әдістемелік қамтамасыз етумен байланысты мәселелерді зерттеудің бастапқы нүктесі бола алады және болуы керек.

Көптілді білім берудің қазақстандық моделі негізінен жоғарыда аталған ғылыми еңбектерге де, кейбір қазақстандық ғалымдардың пікірлеріне де негізделген деп санаймыз.

Көптілді білім беру бірнеше тілді бір мезгілде меңгеру негізінде жеке тұлғаны оқытудың, тәрбиелеудің және дамытудың мақсатты түрде ұйымдастырылған үштұғырлы үдерісі болғандықтан, бұл процесс «білім беруде қарастырылған ресурстар мен мерзімдер бойынша өзара байланысты іс-шаралар кешені» болып табылады [110, б. 29].

Жол картасында көптілді білім беруді жүзеге асырудың маңызды бағыттарының бірі кадрларды даярлау және олардың біліктілігін арттыру болып табылады.

Б.А. Жетпісбаеваның зерттеуі шет тілдері мұғалімдері бастауыш мектептерде оқытуға қаншалықты дайын екендігін, YL (young learners) деңгейіндегі оқушылармен қалай өткізілу керектігін және Қазақстанның бастауыш мектептерінде шет тілдері мұғалімдерінің ағылшын тілін оқытуды енгізу мен ұйымдастырудың қандай мәселелеріне тап болатынын зерттеуге бағытталған. Зерттеуге арналған мәліметтер әртүрлі бастауыш мектептерде жұмыс істейтін 105 ағылшын тілі мұғалімдерінен жиналды. Сауалнама нәтижелері көрсеткендей, мұғалімдердің 65,9% оқу жетістіктері мұғалімнің

төмен біліктілігіне және заманауи оқу материалдарының болмауына (69,3%) байланысты екен. Зерттеу көрсеткендей, кейбір мектептер мен мұғалімдердің бастауыш сынып оқушыларына ағылшын тілін оқытуда жинаған оң тәжірибелерімен қатар, олардың көпшілігі бастауыш деңгейде шет тілдерін оқытуды жүйелі ұйымдастыруға көшпеген. Оқыту нәтижелері мұғалімдер қолданатын оқыту әдістері мен құралдарына байланысты екені белгілі. Осыған байланысты еңбегінен талдау жасалып, оқыту әдістері мен құралдарын пайдалану бойынша төмендегідей мәліметтер айқындалды. Аталмыш зерттеу келесі фактілерді анықтады (Кесте 5) [111, р. 18].

Кесте 5 - Мұғалімдердің оқыту әдістері мен құралдарын пайдалану жиілігі туралы мәлімет *

Оқыту әдістерін қолдану				
Оқыту әдістері	жиі	кездейсоқ	сирек	ешқашан
Сөздік әдістер (вербальные методы)	53,4	23,9	8,0	0
Көрнекі әдістер (визуальные методы)	70,5	20,5	1,1	0
Қателерді түзету(исправление ошибок)	62,5	25,0	2,3	1,1
Шығармашылық тапсырмалар (творческие задания)	33,4	38,6	18,2	0
Оқу құралдарын пайдалану				
Оқу құралдары	жиі	кездейсоқ	сирек	ешқашан
Сынып тақтасы (классная доска)	95,5	1,1	0	0
Кестелер плакаттар(постеры/таблицы)	59,1	31,8	4,5	0
үлгілер / модельдер(паттерны / модели)	20,5	40,0	17,0	5,7
Аудио құралдар (аудиоматериал)	2,3	15,9	22,7	27,3
Видео құралдар (видеоматериал)	11,1	8,0	15,9	42,0
Мультимедиялық құралдар (мультимедийные средства)	2,3	33,0	42,0	8,0
Ескертпе: * Zhetpisbayeva B. A., Shelestova T. Y. (2015) Difficulties of Implementation of Primary English Education in the Republic of Kazakhstan: Language Teachers' Views // Review of European Studies. Vol. 7, No. 12. Pp. 13-20. DOI:10.5539/res. v7n12p13.				

Қазіргі ақпараттандыру дәуірінде мультимедиялық құралдар, аудио-визуалды құралдар сабақта «сирек» немесе «ешқашан» пайдаланылмайды. Сонымен қатар, мұғалімдердің басым көпшілігі, біздің ойымызша, анахронизм болып табылатын тақта мен кесте плакаттарын қолданумен шектеледі. Келтірілген сандық деректерді талдау негізінде, әсіресе көптілді білім беруге тартылған білім беру мекемелерінің педагогикалық құрамының біліктілігін арттырудың шұғыл қажеттілігі туралы сеніммен айтуға болады және оқыту нәтижелеріне сәйкес олар жүргізетін жұмысты бақылау және бағалау бойынша шаралар қабылдауға болады.

Білімнің төмен нәтижелілігінің себептеріне мұғалімдердің өздері төмендегілерді жатқызады: мақсатты тілді үйрену үшін мамандандырылған аудиторияның болмауы (40,9%), ресурстардың болмауы (49,7%), ҮЛ деңгейіндегі білім алушылар үшін оқыту тәжірибесінің болмауы (53,4%), бастауыш мектептен ысаналы тілдерді оқыту әдістемесінің болмауы (52,9%),

мұғалімнің біліктілігінің жеткіліксіздігі (65,9%), мақсат қоюдың тиімсіздігі (40,9%), қазіргі заманғы оқу материалдарының болмауы (69,3%). Осылайша, көптілді білім беру проблемаларының орасан зор қабатын анықтау арқылы Б.А. Жетпісбаева зерттеліп отырған саладағы ғылыми-әдістемелік ізденістердің бағыттары туралы маңызды мәселені көтереді. Оларды шешу мақсатты тілдерді оқыту үдерісін жүйелі ұйымдастыруға ықпал етеді деп санаймыз. Сонымен бірге мемлекет аталған мәселені шешудің көп аспектілі міндеттерін жоспарлап, жүзеге асырып келеді. Мысалы, Жол картасында мемлекеттік тапсырыс бойынша педагогикалық мамандықтарға жыл сайын 1,8 мың магистрант және ағылшын тілінде оқыту үшін 900 бакалаврды (2017-2020 жж.), «Болашақ» бағдарламасы бойынша (2016-2020 жж.) 500 мұғалім мен ПОҚ-ты оқыту, тілдік курстарда жыл сайын 2,4 мың мұғалім мен ПОҚ біліктілігін арттыру, педагогтерді ағылшын тіліне қашықтықтан оқыту (Британдық Кеңес, ETS) жоспарланған [96].

Жол картасында қойылған көптілді білім беруді жүзеге асыру бойынша негізгі міндеттердің бірі оны ғылыми-әдістемелік қамтамасыз ету болып табылады, оның құрылымдық бірлігі ретінде оқу бағдарламалары, оқулықтар, оқу құралдары, көптілді терминологиялық сөздіктер, басқа да сөздіктер, тілдік пәндер бойынша жұмыс дәптерлері, сондай-ақ мультимедиялық ресурстар (тіл орталықтары, ғаламдық Интернет желісі, спутниктік теледидар, электрондық кітапханалар және т.б.) бар оқу-әдістемелік кешендер (ОӘК) қолданылуда [112, б. 298 – 304].

Б.А. Жетпісбаева мен С.С. Аязбаеваның пікірі бойынша «тілдік емес пәндер үшін педагог кадрларды даярлау және оқытушылардың өздерін оқыту үшін оқу-әдістемелік кешендерді толық көлемде қамтамасыз ету қажет» [113, б.7].

Бүгінгі таңда Интернет желісінде еркін қолжетімді ОӘК талдай отырып, көптілді білім беру шеңберінде әзірленетін тілдік және тілдік емес пәндер бойынша оқу-әдістемелік кешендер жеткілікті дәрежеде бар деп толық негізбен айтуға болады.

Сонымен қатар, жоғары және жоғары сыныптар үшін тілдік пәндер бойынша қазақстандық оқулықтар мен ОӘК-нің болуы және 4 пән бойынша (информатика, физика, химия, биология) шетелдік оқулықтар мен ОӘК-нің ағылшын тілінде бейімделуі талданды.

Қазақстандық электрондық оқулықтар шығарылатын «OKULYK.KZ» сайтын талдау онда бейімделген шетелдік оқулықтардың да, ағылшын тіліндегі қазақстандық оқулықтардың да саны өте көп екенін көрсетті, мысалы,

1 Jim McCarthy. Chemistry Grade 10 Student`s book (Science School). – Express Publishing, 2019. – 314 p.

2 Jim McCarthy Chemistry Grade 10 Student`s book (Grammar School). Express Publishing, 2019. – 259 p.

3 Байкенов К. Chemistry. Grade 9 / К. Байкенов, Т. Хасен, Н. Жұмағұлов, Д. Калиев, О. Юсупов, А. Саматов, А. Сел, А. Тор. – Астана: Астана-кітап, 2017. – 462 с.

4 Jim McCarthy Chemistry. Grade 9. Student`s book. Express Publishing, 2019. – 170 p.

5 Baikenov K. Chemistry. Grade 9. Билингвальный учебник / Baikenov K., Khassen T., Zhumagulov N., Kaliyev D., Yussupov O., Samatov A., Sel A., Tor A. ; Издательство: Астана – кітап; Год: 2017. – 470 с. [114].

Көптілді білім беру үдерісінің пәндік мазмұнына тоқталайық.

С.С. Құнанбаева пәндік мазмұн оқыту мақсаттарына сәйкес қолданылатын технологияларды, әдістер мен тәсілдерді енгізу арқылы меңгерілуі мүмкін деп есептейді. Олардың ішінде ғалым ақпараттық технологияларды, ситуациялық талдау технологияларын (кейс-стади), жобалық, креативті, ойын, контекстік оқыту және т.б. атап өтеді. [115, б. 178].

Қазақстанның жоғары мектеп оқытушылары мен жалпы білім беретін мектеп мұғалімдерінің жарияланым жұмыстарын талдау инновациялық технологиялардың көптілді білім беруде кеңінен енгізіліп жатқанын көрсетеді.

Бейіндік мектептердегі шет тіліндегі жаратылыстану-ғылыми білім беру процесінің ғылыми-әдістемелік негіздерін зерттей отырып, М.К. Ахметова көптілді білім берудің заманауи талаптарына интерактивті технологиялар, проблемалық жағдайларды шешу технологиялары, шеттіліндегі жаратылыстану-ғылыми коммуникативтік құзыреттілікті кезең-кезең мен қалыптастыру технологиялары және IBM (Inquiry Based Methods) сияқты инновациялық технологиялар сәйкес келетінін негіздейді, олар оқытуға қолданбалы сипат береді және шеттіліндегі білім беру жаратылыстану-ғылыми құзыреттілігін қалыптастыруға ықпал етеді, [116, б. 96].

М.К. Ахметова IBM технологиясы негізінде проблемалық тапсырмаларды қамтитын вебквесттерді әзірлеуді ұсынады, оларды орындау білім алушылардан Интернет-ресурстарды пайдалана отырып, дербес шешуді талап етеді. Оның пайымдауынша, «веб квесттер шет тілін меңгеру деңгейін арттыруға ықпал етеді, өйткені оқушылар түпнұсқалық материалдармен жұмыс істеуге мәжбүр, сонымен қатар оқушылар зерттеу және танымдық қабілеттерін дамытады», [116, б. 99].

2.2 Мектептегі көптілді білім беруді мемлекеттік тіл негізінде іске асырудың әлеуметтік лингвистикалық сипаты

Көптілді білім беру мен оқытуды мектеп жағдайында мемлекеттік тіл негізінде жүзеге асыру оқу үдерісінде бірнеше тілді кіріктіріп, оның ішінде мемлекеттік тілдің жетекші рөлін сақтауды талап ететін күрделі үдеріс. Бұл дегеніміз оқыту мемлекеттік тіл негізінде құрылып, ана тілі мен өзге тілдер кезеңмен кіріктіріліп, білім беру үдерісінде әр түрлі формада қолданылады. Мемлекеттік тіл орталық рөл атқаратын көптілді білім беруді жүзеге асыратын жүйені құрудың негізгі аспектілеріне тоқталайық. Аталмыш оқыту моделінде

мемлекеттік тіл пәндердің негізгі бөлігі оқытылатын оқу тілі болуы тиіс. Бірақ Қазақстан мектептеріндегі көптілді білім берудің моделі өзгеше және оның мазмұны мен формасы тек қана тілдерді меңгерумен шектелген және де «көптілді білім беру мемлекеттік тіл ретінде қазақ тілін, сондай-ақ орыс және шет тілдерін деңгейлік меңгеру және қазақ, орыс және шет тілдерінде сыныптан тыс жұмыста ұйымдастыру арқылы кезең-кезеңімен немесе бір мезгілде оқыту негізінде жүзеге асырылады» [97, б. 93.].

Көптілді білім беру міндетті түрде нақтыланған білім беру бағдарламаларын жасауды талап етеді. Бұл ретте қазақстандық мектептерде пәндерді оқытудың нақты және кезеңмен және жүйелі тілдерді оқыту мен ол тілдерде пәндерді оқытуды оқу үдерісіне енгізу жұмыстарын жүргізу тиіс.

Бүгінгі күні еліміздің батыс өңіріндегі көптілді білім беруді іске асырушы мектептер төмендегі кестеде көрсетілген (Кесте 6) [114].

Кесте 6 – Батыс өңіріндегі көптілді білім беретін мектептер *

№	Облыстар мектептер	Атырау облысы	Ақтөбе облысы	Батыс Қазақстан облысы	Маңғыстау облысы	Мекте птер саны
1	2	3	4	5	6	7
1.	«Білім инновация» лицейі	1. 1993 жылы 6 тамыз (дарынды ер балаларға арналған жаратылыстану бағытында). Атырау қаласы. 2. 2002 жылы дарынды қыз балаларға арналған жаратылыстану бағытында). Атырау қаласы 3. 2014 жыл дарынды ер балаларға арналған жаратылыстану бағытында). Атырау облысы, Құлсары қаласы.	1993 жылы 19 тамыз (дарынды ер балаларға арналған жаратылы стану бағытынд а). Ақтөбе қаласы.	1993 жылы 1 қыркүйек дарынды ер балаларға арналған жаратылы стану бағытынд а). БҚО, Орал қаласы.	2006 жылы 14 тамыз дарынды ер балаларға арналған жаратылыстану бағытында) 2.2015 жыл 1 қыркүйек. дарынды ер балаларға арналған жаратылыстану бағытында). Маңғыстау облысы. Жаңаөзен қаласы	7
2.	Назарбаев Зияткерлік мектебі	1.2013 жыл 11 қыркүйек (химия-биология бағыты). Атырау қаласы.	2013 жыл 25ақпан (физика- математи ка бағыты). Ақтөбе қаласы.	2012 жылы 29 қыркүйек (физика- математи ка бағыты). БҚО, Орал қаласы.	1.2015 жылы 27 тамыз (химия- биология бағыты) Ақтау қаласы.	4

6 – кестенің жалғасы

1	2	3	4	5	6	7
3.	«Кемел – Білім» мектеп-лицейі		2020 жыл 1 қыркүйек. (жаратылыс-тану бағытында) Ақтөбе қаласы.			1
4.	Quality Schools International (QSI) «Атырау қаласының QSI Халықаралық мектебі»	2007 жыл. Негізгі тіл — ағылшын, бірақ қосымша қазақ және орыс тілдері де оқытылады. (Математика, жаратылыстану, әлеуметтану бағыттарында)				1
5.	Барлығы:	5	3	2	3	13
Ескертпе: * Әлеуметтік статистика — stat.gov.kz (stat.gov.kz)						

Қазақстандағы алғашқы Білім – инновация лицейі 1992 жылы Алматы, Көкшетау, Кентау қалаларында КТЛ болып ашылды. ҚР тәуелсіздігінің 25 жылдығына орай 2016 жылы КТЛ «Білім - инновация» лицейі деп аталды. Оқу төрт тілде қазақша, орысша, түрікше, ағылшынша жүргізіледі. Негізгі бағыты жаратылыстану ғылымдары. Қазақстанның батыс өңірі бойынша жеті «Білім - инновация» лицейі, үштілде оқытатын төрт Назарбаев Зияткерлік мектебі, Ақтөбе қаласында көптілде оқытатын «Кемел – Білім» мектеп – лицейі және Атырау қаласындағы көптілде оқытатын халықаралық «Атырау қаласының QSI Халықаралық мектебі» бар. Жалпы Қазақстанның батыс өңірінде көптілді білім беретін мектептер саны он үш [117].

Біздің ойымызша, көптілді білім берудің оқу үдерісін ұйымдастыру кезінде озық педагогикалық практикамен бекітілген ғылыми зерттеулердің қорытындыларына негізделген бірыңғай қағидаттар мен стратегияларды ұстану қажет.

Б. Хасанұлы көптілділік жағдайында оның мәртебесі мен қоғамда қолданылу шарттарына сәйкес мемлекеттік тілді дамыту және қолданудың төмендегідей қағидаттарын қарастырған: 1) мемлекеттік тілді кәсіби коммуникация құралы ретінде пайдалану үшін жағдай жасау; 2) мемлекеттік тілді іс жүргізуде жүйелі қолдану үшін жағдай жасау; 3) мемлекеттік тілді үйренуді қаржыландыру проблемасын шешу; 4) білім беру процесін оқу-әдістемелік әдебиетпен толық қамтамасыз ету; 5) мемлекеттік тілді қазақ, орыс және басқа да тілдерде ілгерілету және танымал ету; 6) жоғарыдағы билік

органдары мен жұртшылық алдында мемлекеттік тілді пайдаланудың жай-күйі туралы жүйелі есеп беру [118, с. 133].

Қазақ тілі негізінде көптілді білім беруді енгізудің кейбір мазмұндық аспектілерін қарастырайық.

Біріншіден, «Үш тілді оқытудың бірыңғай тілдік стандарты» құжатына сәйкес білім беру үдерісінде тіл оқыту құралы да, оқыту пәні де болып табылады [97, 6.12 -13].

Осы үдерісте мемлекеттік тілді оқыту төмендегідей сызбада көрсетілген (автор Тілдік стандартқа сүйене отырып жасаған)*. Сурет 4).



Сурет 4 - Көптілді білім беру аясында мемлекеттік тілді оқыту

Осылайша, бұл схема оқыту пәні ретінде мемлекеттік тіл оқыту қазақ тілінде жүргізілмейтін мектептерде, ал негізгі мектептегі оқыту тіліне қарамастан тілдік пәнді басқа оқу пәндері мен интеграциялау құралы ретінде «Қазақ тілі мен әдебиеті» және «Қазақстан тарихы» пәндері де мемлекеттік тілде оқытылатынын көрсетеді.

Екіншіден, республиканың нақты өңірінің мәдени компоненттерінің жиынтығын тану арқылы мақсатты тілдердің этномәдени білімін меңгеруді маңызды деп санаймыз (мақсатты тілді мемлекеттік тіл мен немесе қазақ ұлттық мәдениеті арқылы салыстырмалы-салғастырмалы зерделеу). Этномәдени білім тілді тану және тілді қолдану арқылы игерілетін тілдік емес (немесе фондық) білім санатына жатады. Бұл қазақ халқының бірегейлігі мен өзіндік ерекшелігіне байланысты этнос туралы жалпы мәдени білім, тарихы мен мәдениеті, салт-дәстүрлері, мемлекеттік тілдегі әлеуметтік және сөйлеу мінез-құлқының ерекшеліктері. Бұл жерде К.А. Покаякованың этнос, тіл және мәдениеттің өзара байланысы «халықтың дүниетанымын көрсетеді, оның өмір салтын, мінез-құлық ерекшеліктерін, адамдардың өзара қарым-қатынасын және т.б. анықтайды»[118, с. 28] деген пікірімен келіспеуге болмайды.

А.А. Сапронова қазақстандық коммуникативті орта жағдайында этно-мәдени білім алуды кезең-кезеңмен ұсынады:

бірінші кезең – репродуктивті жаттығуларды орындау;

екінші кезең – продуктивті, яғни нәтижелі жаттығуларды орындау, онда білім алушы «субъект, конструктор және өз білімінің өнімі» болады. Автор сонымен бірге тапсырмалардың нақты жағдаяттық байланысқа түсуін маңызды деп санайды;

үшінші кезең – «тәуелсіз іздеу қызметі, мысалы, алынған негізгі этномәдени білім негізінде жеке хабарламалар, баяндамалар дайындау түрінде», [119, б. 50–60]. Автор сонымен бірге тапсырмалардың нақты ситуациялық байланысқа шығуын маңызды деп санайды. Осы пікірді қолдай отырып, көптілді білім берудегі қазақ этномәдени ерекшеліктерін ескеру білім алушыларға қазақ мәдениеті мен оқытылатын тіл халқының мәдениетінің ұқсастықтары мен айырмашылықтарын байланыстыруға, мәдениетаралық қарым-қатынаста сөйлеу қарым-қатынасындағы жағдайға сәйкес келетін тілдік құралдарды таңдауға, мультимәдени кеңістіктегі этномәдени білімнің маңыздылығын бағалауға көмектеседі деп санаймыз.

Үшіншіден, біз басқа мәдениеттің және басқа тілдің ана тілмен нақты қарым-қатынас құралы ретінде қолдануға негізделген тілдің функционалды аспектілерін сақтауды бірінші кезектегі міндет деп санаймыз. Осыған сүйене отырып, мақсатты тілдерді оқытудың басты міндеті – оларды практикалық қолдану. Осыған байланысты біз сөйлеу әрекетінің төрт түрін – тыңдау және сөйлеу, оқу және жазуды дамыту арқылы тілдерді оқытуды өте орынды және дұрыс деп санаймыз. Біздің ойымызша, мақсатты тілдерді оқытуға функционалдық көзқарасты қамтамасыз етуді жеңілдететін «ортақ тақырыптардың» Типтік оқу бағдарламаларына енгізілуін әдістемелік тұрғыдан ұтымды қадам болды деп санаймыз. «Ортақ тақырыптар» мақсатты тілдердің оқу бағдарламаларында да, сондай-ақ жаратылыстану-математикалық циклдегі мектеп пәндерін ағылшын тілінде оқытуға интеграцияланған тәсілді қамтамасыз ету кезінде де қолданылады. Оларды нақты сыныптардың мысалында қарастырайық (Кесте 7).

Кесте 7 – 8 және 10-сыныптарға арналған ортақ тақырыптар*

Ортақ тақырыптар	Оқу кезеңі	Оқу пәндері
8 сынып		
Ғылым әлемі	1-ші тоқсан	«Қазақ тілі» (Т1) «Ағылшын тілі» (Т3) «Биология» «Химия» «Физика» «Информатика»
Әлемдегі инновациялар	2-ші тоқсан	
Ғылымдағы есімдер	3-ші тоқсан	
Биосфера және социосфера (кoeволюция)	4-ші тоқсан	
10 сынып		
Әлеуметтік кепілдіктер – мемлекет жетістігі	1-ші тоқсан	«Қазақ тілі» (Т1) «Қазақ тілі мен әдебиеті» (Т2) «Орыс тілі мен әдебиеті» (Т2) «Ағылшын тілі» (Т3)
Кәсіпқойлық – уақыт талабы	2-ші тоқсан	
Көшбасшылық қасиеттерді қалай дамытуға болады	3-ші тоқсан	
Ел экономикасы және бәсекеге қабілеттілігі	4-ші тоқсан	

Мақсатты тілдерді оқыту кезінде функционалдық сауаттылықты қамтамасыз етудің тағы бір маңызды сәтін атап өтеміз – оқыту мақсаттарына сәйкес диалогтік және монологтық сөйлеуді дамыту негізінде әр түрлі сөйлеу мәнерлерімен (көркем, ресми-іскерлік, публицистикалық, ғылыми және ауызекі) және мәтін түрлерімен (баяндау, пайымдау, сипаттау) жұмыс қамтамасыз етілетін мәтінге бағытталған тәсіл.

С.Н. Қарымсақпаеваның пікірінше, сабақтардағы диалогтік қарым-қатынастың ең жоғары формасы – топтық көптақырыптық әңгіме (полилог) болып табылады. Ал диалогтың өзге түрлері (жұптық, симульандық жұптық, шағын топтағы) ауызша сөйлеуді оқыту үдерісінде қосалқы рөл атқаруы тиіс [120, б.114]. Автор диалогтік қарым-қатынастың әртүрлі түрлерінің артықшылықтары мен кемшіліктерін талдай отырып, «мәдениетаралық қарым-қатынасты жүзеге асырудың негізгі тәсілі ретінде барлық сыныптың қатысуымен өтетін, белгілі бір дәрежеде монологтық құрылымға ие, алайда жалпы диалогтік сипат басым болатын топтық әңгімені қарастыру қажет деген тұжырым жасайды. Мысалы, А.Е. Ниязова мен А.М. Даирбекова білім алушылардың топтық жұмысын ұйымдастырудың ең оңтайлы формаларының бірі ретінде пікірталасты оқушылардың шет тіліндегі коммуникативтік дағдыларын дамыту әдісі ретінде қарастырады [121, б. 133–138.]. Авторлар А.А. Леонтьевтен кейін шет тілін меңгерудің тиімділігі табиғи тілдік жағдайға барынша жақындауға байланысты деген пікірді қайталайды [122, с. 24]. Мақсатты тілдерді оқытуда пікірталасты қолдану білім алушылардың ауызша сөйлеу дағдыларын дамытуға, зерттелетін тақырып бойынша лексиканы бекітуге және грамматикалық материалды дұрыс қолдануға үйретуге мүмкіндік береді деген өз тұжырымдарын авторлар эксперимент нәтижелері арқылы сипаттайды [123, с. 136–137]. А.Х. Хамитова топтық жұмыс ағылшын тілін үйренудегі кедергілерді жеңуге айтарлықтай әсер етеді деп санайды. Автордың зерттеуі көрсеткендей, топтық жұмыс кезінде мотивациясы төмен білім алушылар өздерін еркін сезініп, күрделі тапсырмаларды орындау кезінде жеке жұмысқа қарағанда жиі оң нәтижеге қол жеткізеді [123, с. 162].

Біздің жұмыс тәжірибеміз зерттеушілердің көзқарасымен келісуге мүмкіндік береді, өйткені бұл полилоттық топ білім алушыларға қоршаған өмір материалында нақты өмірлік жағдайлар туралы толық ақпарат беруге мүмкіндік береді. Сонымен қатар, талқыланатын мазмұнның аксиологиялық сипатын және өз көзқарасын білдірудің ішкі қажеттілігін ескере отырып, белгілі бір тақырыпта сөйлеу тілінде білім алушылардың табиғи мотивациясын қалыптастыру маңызды. Дәл осындай топтық полилог мақсатты тілдерді оқытуда оқушылардың ана тілінде сөйлеуге жақын. Осылайша, мұғалімдердің алдында тұрған білім алушылардың функционалдық сауаттылығын қамтамасыз етудің негізгі міндеті олардың коммуникативтік қабілеттерін барынша дамыту болып табылады. Мұнда мақсатты тілдерді топтық жұмыста дәстүрлі-тұрмыстық мәдениетпен, мінез-құлық стереотиптерімен, оқытылатын тілді қолданушылардың дүниетанымы мен көзқарасының ерекшелігімен ажыратусыз

бірлікте оқыған жөн.

Төртіншіден, негізгі тәсілдердің бірі – лексикалық-грамматикалық минимумның көлемін анықтау және оқытылатын тілдің ұсынылған лексикалық-грамматикалық ережелерін жеңілдету, оған төмендегілер кіреді [124, р. 37].

1) ортақ тақырыптар (осы зерттеудің 53 бетін қараңыз);

2) ортақ тақырыптар шеңберіндегі сөйлеу ниеті (мысалы, «Барлығы мен туралы», «Менің отбасым және достарым», «Бізді қоршаған әлем», «Қазақстан халықтарының тілі мен мәдениеті», «Туған өлке тарихы», «Адами құндылықтар», «Мәдени мұра» және т. б.);

3) лексикалық сөздіктің жиілігі (жиіліктің орташа индексінің лексемалары ажыратылады);

4) апта сайын жаңа сөздерді белсендіру саны (бір сабақта 2 жаңа сөзден артық емес);

5) лексикалық минимумға қойылатын талаптар (жаңа сөздер бастапқы формада беріледі, фразеологизмдерді, халықаралық лексиканы, терминологияны жандандыру ұсынылмайды; белсенді және пассивті сөздік қорға ұсынылатын лексиканы бөлу);

6) грамматикалық категорияларға қойылатын талаптар (мысалы, субъект және оның тұрақты белгісі, объект және оның белгісі, субъект және оның біреуге эмоционалды қатынасы және т.б.);

7) Эббингхаус қисығын ескеру.

Жадыны эксперименттік зерттеу нәтижесінде оның авторы – неміс психологы Г. Эббингхаус (Herman Ebbinghaus) есімімен «Эббингхаус қисығы» деп аталатын ұмыту қисығына қысқаша тоқталайық [125].

Ұмыту қисығының авторы келесіні анықтаған: 1) есте сақтау кезеңінен кейінгі кезеңде материалдың ең үлкен көлемі ұмытылады; 2) зерделенген материал 9 есе көп есте сақталады; 3) есте сақтау көлемі қайталанудың ұлғаюына байланысты емес; 4) тұтастың бөлігін емес, тұтастың толықтай өзін жаттау тиімдірек; 5) жаттаудың басталуы мен аяқталуы ортасында орналасқан ақпаратқа қарағанда тезірек есте сақталады; 6) мотивациядан есте сақталатын материалдың сапасы артады. Эббингхаус қисығының мазмұны көрсетілген. (автор [125, б. 784.] сүйене отырып құрастырған) (Сурет 5).

ҚЫСҚА МЕРЗІМДІ ЖАД ҮШІН

- бірінші қайталау - оқудан кейін бірден;
- екінші қайталау - бірінші қайталаудан 20 минут өткен соң;
- үшінші қайталау - екіншісінен 8 сағаттан кейін;
- төртінші қайталау - үшіншіден 24 сағаттан кейін

ҰЗАҚ МЕРЗІМДІ ЖАД ҮШІН

- бірінші қайталау - оқу аяқталғаннан кейін бірден;
- екінші қайталау - бірінші қайталаудан 20-30 минут өткен соң;
- үшінші қайталау - екінші қайталаудан соң 1 күн өткен соң;
- төртінші қайталау - үшінші қайталаудан кейінгі 2-3 аптадан кейін;
- бесінші қайталау — төртінші қайталаудан кейін 2-3 ай өткен соң

Сурет 5 – Жақсы есте сақтау үшін қайталау режимдері

Бесіншіден, көптілді білім беру мақсатты тілдерде көрсетілген және тілде көрініс тапқан тілдік тәжірибе мен өмірді салыстыру дағдыларын алуға мүмкіндік береді.

Әр түрлі ғалымдардың зерттеулері көптілді білім алушылардың ойлаудың икемділігіне ие екендігін дәлелдейді. Осылайша, Қазан (Приволжск) федералды университетінің филологтары жүргізген ФМҒ сабақтарында көркемдік ойлауды жандандыру білім сапасына оң әсер етіп, «екінші тілді, физика-математикалық мазмұнды меңгеруге, оқушылардың теориялық ойлауы мен шығармашылық қабілеттерін дамытуға» ықпал еткенін көрсетті. [126, с. 150] Авторлар мұндай оқыту барысында өздерін гуманитарлық ғылымдарға жақынбыз деп санайтын кейбір оқушылар физика-математика ғылымдарын зерттеуге үлкен қызығушылық таныта бастады деген қорытындыға келді.

Алтыншыдан, мақсатты тілдің (Т2 және Т3) қалай дамитыны көбінесе ана тілінің даму деңгейіне байланысты, өйткені екінші (және үшінші) тілдің дамуы ана тілінің даму дағдыларына негізделеді.

Қостілді білім беру және шет тілін меңгеру саласындағы әлемдегі беделді ғалымдардың бірі профессор Дж. Камминс (Jim Cummins) өзінің «Bilingualism and Second Language Learning» атты еңбегінде балалардың ойлау дағдылары мен тұжырымдамалық қабылдауын дамытуға талдау жүргізеді. Автор бұл үдерістерді екіжақты негізде өзара тәуелді деп санайды: білім алушыларға екі (үш) тілді үйренуге қолжетімділікті қамтамасыз ету кезінде олардың өзара бірін-бірі толықтыруы орын алады [127].

Ғалым келесі тұжырымдар жасайды:

1. BICS (тұлғааралық қарым-қатынастың негізгі дағдылары) - бұл мектепте көп уақыт өткізетін және ана тілінде сөйлейтін білім алушылардың

салыстырмалы түрде тез үйренетін алғашқы тыңдау және сөйлеу дағдылары; CALP (академиялық тілді танымдық меңгеру) білім алушының әртүрлі пәндер бойынша оған қойылатын академиялық талаптарды жеңе білу қабілетін қамтиды. Бұл жерде екінші тілдегі күнделікті ауызекі сөйлеуде еркін сөйлеу мен дәлдіктің жоғары дәрежесіне жеткен ана тілін меңгермеген адамдардың академиялық тілді меңгерудің тиісті деңгейіне ие болуы қажет екенін түсіну маңызды.

2. Бір тілді үйрену барысында білім алушы басқа тілде жұмыс істеу кезінде пайдаланылуы мүмкін дағдылар мен анық емес металингвистикалық білімдердің жиынтығын алады. Бұл бірінші тілдің (T1) және екінші тілдің (T2) дамуына негіз болатын жалпы негізгі шеберлік. Бұдан шығатын қорытынды: кез келген тілдің дамуы басқа тілдің (тілдердің) дамуына жағымды әсер етеді. Біздің көзқарасымыз бойынша, білім алушыларды өз ана тілін меңгеруді жалғастыруға ынталандыру маңызды. Баланың ана тілінде көп оқуға, ана тілінде белгілі бір мәселелерді талқылауға мүмкіндігі болуы керек. Басқаша айтқанда, ана тіліндегі білім екінші тілде өз тұжырымдамасын құру үшін «белгі» болып табылады.

3. Білім алушылар орындайтын әртүрлі міндеттерді күрделілік дәрежесі бойынша санаттарға жіктеуге болады (когнитивтік тұрғыдан талап етілмейтін және когнитивті тұрғыдан талап етілетін; контекстік-кіріктірілген және контекстік-тәуелді). Мәтінмәндік тапсырма қосымша көрнекі және ауызша кеңестерге қол жеткізуді қамтиды (мысалы, иллюстрациялар, сұрақтар және т.б.); контекстке тәуелді тапсырма – бұл дәрісті тыңдау немесе тілдің өзінен басқа дереккөз жоқ мәтінді оқу. Оқушылардың осындай тапсырмаларды орындау қабілетін дамыту өте маңызды, өйткені онсыз академиялық жетістікке жету мүмкін емес. Әр түрлі санаттағы барлық тапсырмаларды орындау арқылы білім алушыларды бірден қорқытпау қажет деп санаймыз. Білім алушылар танымдық емес тапсырмаларға ыңғайлы болғаннан кейін, олар танымдық күш-жігерді де, контекстік шектеулерді де қажет ететін мәселелерді біртіндеп шеше алады.

4. Дж. Камминс аддитивті қос тілділік (бірінші тіл мен екінші тіл қосылған алғашқы мәдениеттің дамуын жалғастыру) пен субтрактивті қос тілділік (бірінші тіл мен мәдениетке байланысты екінші тілді қосу) арасын ажыратады. Оның көзқарасы бойынша, екі тілді ортада жұмыс істейтін білім алушылар тек ана тілі мен ұлттық мәдениеті бар ортада жұмыс істейтіндерге қарағанда үлкен жетістіктерге жетеді. Мемлекеттік тілде сөйлемейтін білім алушыларға олардың мәдениеті мен тілдерінің қазақ мәдениеті мен қоғамында сөзсіз үстем боп саналатын қазақ тілі сияқты маңызды және құнды екенін көрсету үшін қолдан келгеннің бәрін жасау қажет деп санаймыз.

Дж. Камминстің тағы бір маңызды қорытындысына сәйкес, бірнеше тілдегі тілдік белсенділік танымдық жүйенің дамуына ықпал етеді.

Жетіншіден, мектепте ана тілін қолдану оның дамуына ғана емес, сонымен қатар балалардың мақсатты тілді үйрену қабілетіне де әсер етеді. Егер мектеп ана тілінде тиімді оқытып, осы тілде сауаттылықты дамыта алса, көптілді

балалар мектепте жақсы оқиды. Мектепке ана тілінде берік негізбен келген балалар екінші тілдегі жазуды оңай меңгереді.

T2 және T3-ті мектепте оқу балалардың академиялық дамуына кедергі келтірмейді, өйткені жүргізілген педагогикалық зерттеулер көптілді бағдарламаларды барабар іске асыру балалардың дамуына теріс ықпал етпейтінін дәлелдейді, керісінше, мұндай білім берудің артықшылықтарын көріп отырмыз. T2 мен T3-ті білім беру құралы ретінде қолдану жақсы меңгерілген T1-ге негізделуі керек.

Сегізіншіден, алдыңғы параграфта біз CLIL технологиясын қарастырдық. Бұл технологияны қолдану сабақ жүйесінде де, сыныптан тыс жұмыстарда да орынды деп санаймыз.

Қ. Жұбанов атындағы Ақтөбе университетінің студенттері педагогикалық практика барысында қазақ әдебиеті сабағында CLIL технологиясын қолданды. Жұмыс істеу үшін оларға келесі мәтін ұсынылды:

Абай қазақтың ұлы ақыны, композитор, философ, қазақ жазба әдебиетінің негізін қалаушы, оның алғашқы классигі. Ол 10 тамыз 1845 жылы қазіргі Семей облысының Шыңғыс тауларында туған. Семей қаласындағы Ахмет Ризаның медресесінде Абай 4 жыл оқыған. Ол араб, иран және Орта Азия әдебиеті классиктерінің шығармаларымен жақсы танысады. Абай Ежелгі Грецияның атақты ғалымы Аристотельдің философиялық және әдеби шығармаларымен толық танысқан. Атақты данышпан Сократтың да шығармасын білген. Абай В.Г. Белинскийдің еңбектерін ұнатып оқыған, А.С. Пушкин шығармаларын оқып, үлгіге тартқан. Абай қазақтың ән-күй творчествосын жете білген. Біржан сал, Ақан сері, Тәттімбет, Жаяу Мұса сынды халық композиторларын ерекше бағалаған. Абай «Атаның баласы болма, адамның баласы бол» деп, жалпы адамзатты түгел сүйетін, гуманизм биігіне шақырады.

Abay is a great Kazakh poet, composer, Philosopher, Founder of Kazakh written literature, its first Classic. Abay was born on August 10, 1845 in the mountains of Genghis, now Semipalatinsk region. In the Madrasa of Ahmet Riza in Semipalatinsk, Abay studied for 4 years. He is well acquainted with the works of classics of Arabic, Iranian and Central Asian Literature. Abai was fully acquainted with the philosophical and literary works of the famous scientist of Ancient Greece Aristotle. The famous Genius also knew the work of Socrates. Abay liked to read the works of V. G. Belinsky, studied and modeled the works of A. S. Pushkin. Abay knew the Kazakh song and Kui. Folk composers such as Birzhan Sal, Akan Seri, Tattimbet, Zhayau Musa were particularly appreciated. Abay calls to the heights of humanism, loving humanity as a whole, «don't be the son of a grandfather, be the son of a man».

Абай – великий казахский поэт, композитор, философ, основатель казахской письменной литературы, его первый классик. Он родился 10 августа 1845 года в горах Чингиза Семипалатинской области. 4 года Абай учился в медресе Ахмета Ризы в Семипалатинске. Он хорошо знаком с произведениями классиков арабской, иранской и среднеазиатской литературы. Абай подробно ознакомился с философскими и литературными произведениями известного ученого Древней Греции Аристотеля. Известный гений знал и произведения

Сократа, любил произведения В.Г. Белинского, высоко ценил произведения А.С. Пушкина. Абай хорошо знал казахское творчество, высоко ценил таких народных композиторов как Биржан сал, Акан сери, Таттимбет, Жаяу Муса. Абай призывает к возвышению гуманизма, всецело любящего человечество, говоря: «Будь не сыном своего отца, а сыном человечества».

CLIL-ден басқа, көптілді білім беруді табысты жүзеге асыру құралы ретінде қызмет ететін бірқатар жаттығуларға С.С. Құнанбаева әзірлеген жаттығулар жүйесін жатқызамыз: 1) қарым-қатынасқа дайындық; 2) қарым-қатынасты моделдеу; 3) қарым-қатынастағы тәжірибе [115, с. 342]. Оларды толығырақ қарастырайық.

1) Қарым-қатынасқа дайындық. Бұл жаттығу жүйесіне лингвист-ғалым білім алушыларды оқытылатын тіл елінің мәдениетімен таныстыратын жаттығуларды (мәтіндерді тыңдау/оқу, түрлі өмірлік жағдайлар, таныстыру сипатындағы қысқа бейнероликтерді көру және т.б.) жатқызады. Автормен келісе отырып, оқыту жаттығуларының имитациялық, қойылылымдық, аралас және трансформациялық түрлері білім алушылардың фонетикалық және лексикалық-грамматикалық дағдыларын қалыптастыруға ықпал етеді деп санаймыз.

2) Қарым-қатынасты моделдеу. Қарым-қатынасты моделдеу процесінде автор тыңдау және оқу дағдыларын қалыптастыруда түпнұсқа материалды қолданудың маңыздылығын атап өтеді. Сөйлеу және жазу дағдыларын дамытуда іскери ойындарға, меңгерілген сөйлеу үлгілеріне негізделген ситуациялық ойындарға қатысу, шағын көлемдегі әртүрлі жазбаша жұмыстарды жазу және т. б. пайдалы болуы мүмкін.

Шет тіліндегі қарым–қатынасты моделдеуде М.В. Саванкова социодраманы қолдануды ұсынады – «Білім алушылар әлеуметтік мәселені шешуге қатысатын рөлдік ойын түрі, айқын, оңай анықталатын қақтығысты қамтитын ашық әңгіме түрінде болады» [128, с. 5]. Автор тоғыз кезенді қолдануды ұсынады:

1) социодраманы енгізу және әңгімелесу, миға шабуыл жасау және т. б. арқылы жүзеге асырылатын жаттығулар барысында студенттердің қызығушылығын ынталандыру; 2) жағдаятты ойнауда қажет жаңа лексиканы белсендіру; 3) балама таңдауды ұсыну (проблема+шарықтау шегі+проблеманы баламалы шешу); 4) жағдаятты талдау және социодраманың рөлдерін таңдау; 5) білім алушыларды даярлау, олардың нақты тапсырмалар алуы; 6) жағдаятты шешудің бірінші нұсқасын ойнату; 7) оқиғалардың қарама-қарсы дамуын ойнату үшін жағдаятты талдау және жаңа «актерлерді» іріктеу; 8) жаңа стратегияларды пайдалана отырып, жағдаятты шешудің екінші нұсқасын ойнату; 9) жүргізілген жұмысты қорытындылау, проблемаларды шешу барысы туралы түсініктемелерді талқылау.

Ұсынылып отырған барлық кезеңдерді көптілді білім беруде жүзеге асыру тұрғысынан қолжетімді және қызықты деп санаймыз.

Әдебиеттерді талдау барысында біз бұл мәселеге Адам Блатнердің (Adam Blatner) жүгінгенін анықтадық. Ол социодраманы адами қарым-қатынас

мәселелерін шешуге бағытталған оқыту процесі деп санайды. Бұл білім алушыларға сыни ойлауға, топтық жұмыста топтасуға, мотивацияға ықпал етуге, құндылықтарды анықтауға және басымдықтарды анықтауға мүмкіндік береді деп санайды [129, p. 30-35]. Авторлар ұжымы (Marcos Bidart de Novaes, Janette Brunstein, Antonio Gil, Joceli Drummond) өз жұмысын социодраманы бірлесіп оқытудың әдіснамалық стратегиясы ретінде пайдалануды талдауға және талқылауға арнады. Олар социодрамалық сессияларды әртүрлі ұйымдастырушылық контексте қалай қолдануға болатындығын көрсетті және социодраманың шығармашылық ойлауға қалай ықпал ететінін талқылады [130, p. 1332-1333].

М. Нери мен Дж. Гислер (Maria Nery, Júlia Gisler) өз зерттеулерінің негізінде социодраманы оқытудың, зерттеудің және қоғамға қызмет етудің белсенді, тиімді және эмпирикалық әдісі ретінде қарастырып, топтық оқыту туралы ұғымдарды талқылаған, мұғалімнің әлеуметтік терапевт ретіндегі мәселелерін аша отырып, өздерінің білімнің әртүрлі салаларына араласуы туралы теориялық және практикалық ойлар айтқан. Авторлар білім берудегі социодраматикалық тәжірибе әлеуметтік және білім беру контекстіндегі қақтығыстар мен шығармашылықты басқаруға мүмкіндік береді деген қорытындыға келеді [131, p. 11-19].

Оқу үрдісінде социодраманы қолдану бойынша зерттеулерді зерделеу бізге көптілді білім беруде мұндай технологияның пәрменділігін және оны енгізу мен білім беру контентін әзірлеуде байыпты тәсілдің қажеттілігін көрсетті. Социодрама білім алушылардың әлеуметтік кооперациясына, олардың экстралингвистикалық дағдыларын қалыптастыруға ықпал етеді, оларға мінез-құлықты құруға, нақты жағдайларда қателіктерін жөнуге мүмкіндік береді.

3) Бірлескен жобаларды жүзеге асыру, мамандандырылған сайттарда жаһандық желіде ауызша және жазбаша байланыс (мысалы, Polyglotclub, Speaky, HelloTalk және т.б.) мүмкін болатын тіл иелерімен жанама немесе тікелей ауызша байланыс арқылы қарым-қатынас жасау тәжірибесі. Осылайша, мысалы, Polyglot Club сайты – Polyglot Club Official Website Practice languages and find friends (<https://polyglotclub.com/>) қарым-қатынас жасауға және достар табуға шақырады. Клубтың «Facebook» әлеуметтік желісіндегі ресми парақшасы оған әлемнің түкпір-түкпірінен 800 мыңнан астам қатысушы қатысып, 500 тілде сөйлейтінін көрсетеді (<https://www.facebook.com/polyglotclub.world/>). Аталмыш клубтың «Twitter» (<https://twitter.com/polyglotclub>) және «YouTube» ([https://www.youtube.com/channel / UC3kN_Gs9j2ci65MJAB uw Trw](https://www.youtube.com/channel/UC3kN_Gs9j2ci65MJABuwTrw)) әлеуметтік желілерінде платформалары бар. Тіпті сайттарды жылдам шолудың өзі көптілді білім беруде мұндай жұмысқа қатысудың рөлі игерілетін мақсатты ТЗ тілінің ана тілдерімен тікелей қарым-қатынас тұрғысынан сөзсіз табысты болмақ деген қорытындыға келуге мүмкіндік береді.

Шетелдік лингводидактикада кеңінен қолданылатын тағы бір қызықты әдіс – бұл Интернет желісін қолдануға негізделген тандем әдісі, онда жұмыс интернетке қосылған кез келген құрылғыдан асинхронды (хабарлама жіберу-

кері байланыс күту – жауап) және синхронды (әр түрлі елдерден келген екі коммуниканттың чатта кездесуі және тікелей диалог) түрінде жүзеге асырылады. Мұндай жұмыс жазбаша және ауызша байланыс формалары мен желілік технологиялар арқылы ана тілдерімен қарым-қатынас жасау дағдыларын дамытуға мүмкіндік береді, мұнда тек Т3 туралы ғана емес, сонымен бірге Т2 (қазақ және орыс тілдері) туралы да айтылады. Осылайша, әртүрлі дереккөздерді талдай отырып, біз педагогикалық мамандықтар студенттерінің мәдениаралық және коммуникативтік құзыреттілігін қалыптастыруға ықпал ететін жаттығулардың үш түрін анықтадық. Жаттығулардың бұл түрлері болашақ шет тілі мұғалімдерінде шет тілін оқытудың көптеген мәселелері мен қиындықтарын шешу үшін шет тілін дұрыс және теңгерімді қолдану дағдыларын дамытуға мүмкіндік береді. Осылайша, нормативтік-құқықтық құжаттар мен лингводидактикалық әдебиеттерді талдау негізінде біз мемлекеттік тіл негізінде мектепте көптілді білім беруді жүзеге асырудың мынадай мазмұнды талаптарын айқындадық.

1) мақсатты тіл оқыту құралы және оқу пәні ретінде;

2) республиканың нақты өңірінің мәдени компоненттерінің жиынтығын меңгеру арқылы мақсатты тілдердің этномәдени білімін меңгеру (мақсатты тілді мемлекеттік тілмен немесе қазақ ұлттық мәдениеті арқылы салыстырмалы-салғастырмалы оқыту);

3) білім алушылардың функционалдық сауаттылығын дамыту, сөйлеу қызметінің барлық төрт түрінің дағдыларын дамыту арқылы өзге мәдениетті және басқа тілді иеленушілермен нақты қарым-қатынас құралы ретінде оларды пайдалану негізінде нысаналы тілдерді практикада қолдану, ҰОЖ-лардағы «ортақ тақырыптарды» есепке алу, диалогтік және монологтық сөйлеуді дамыту негізінде мәтінге бағытталған тәсіл, білім алушылардың коммуникативтік қабілеттерін барынша дамыту, топтық жұмыста дәстүрлі-тұрмыстық мәдениетпен, мінез-құлық стереотиптерімен ажырамас бірлікте мәдениетаралық коммуникацияны жүзеге асыру, оқытылатын тілді де, мемлекеттік тілді де қолданатындардың дүниетанымы мен көзқарастарының ерекшелігі;

4) лексика-грамматикалық минимумның көлемін анықтау және бөлінген алты параметрді ескере отырып, оқытылатын тілдің таныстырылатын лексика-грамматикалық ережелерін оңайлату;

5) мақсатты тілдерде көрсетілген және тілде вербализацияланған тілдік практика мен өмірді салыстыру дағдыларын дамыту;

6) ана тілінің даму деңгейін ескере отырып, мақсатты тілдердің дағдыларын дамыту (Т2 және Т3), бұл жаңа тілдерді тану негізделетін өзіндік базис болып табылады; мемлекеттік тілде сөйлемейтін білім алушыларға олардың мәдениеті мен тілдері қазақ мәдениеті мен қазақ тілі сияқты маңызды және құнды екенін көрсету үшін қолдан келгеннің бәрін жасау қажет деп санаймыз.

7) Т1 қолданудың білім алушының дамуына және оның мақсатты тілді үйрену қабілетіне әсері; Т2 және Т3-ті білім беру құралы ретінде меңгеру

жақсы меңгерілген Т1-ге негізделуі керек;


8) көптілді білім беруде барабар технологияларды, әдістер мен тәсілдерді, жаттығулар жүйесін пайдалану: CLIL (пәндік-тілдік біріктірілген оқыту); қарым-қатынасқа дайындық (оқыту жаттығуларының имитациялық, қойылымдық, аралас және трансформациялық түрлері); қарым-қатынасты моделдеу (іскерлік ойындар, шынайы өмірлік жағдайларды жасау, шағын көлемді жазбаша жұмыстар, социодрама және т.б.; қарым-қатынас практикасы (бірлескен жобаларды жүзеге асыру кезінде тіл иелерімен жанама және тікелей тілдік коммуникация, мамандандырылған сайттарда жаһандық желіде ауызша және жазбаша коммуникация; тандемді қолдану – жазбаша және ауызша коммуникация нысандары мен желілік технологиялар арқылы тіл иелерімен қарым-қатынас дағдыларын дамытуға арналған әдіс) [102, р. 121].

Зерттеу барысында Қазақстанның батыс өңіріндегі білім беру жүйесінің қазіргі жағдайына қатысты сандық деректер талданды. Статистикалық мәліметтерге сүйенсек, өңірдегі мектеп оқушыларының жалпы саны 613 922 баланы құрайды. Оның ішінде Ақтөбе облысы – 175 070, Атырау облысы - 144 354, Маңғыстау облысы - 175 174, Батыс Қазақстан облысы – 119 324 оқушы білім алуда. Бұл деректер батыс өңірінің білім беру кеңістігінде оқушылар санының айтарлықтай жоғары деңгейде екенін, сондай-ақ өңірдің әлеуметтік-демографиялық әлеуетінің тұрақты өсім динамикасын көрсетеді. Әсіресе Ақтөбе мен Маңғыстау облыстарындағы оқушылар санының басымдығы бұл аймақтарда урбанизация мен көші-қон үдерісінің белсенді жүріп жатқанын аңғартады. Сонымен қатар батыс өңірі бойынша жалпы мұғалімдер саны – 64 485 адамды құрайды. Оның ішінде Ақтөбе облысында – 20 209, Атырау облысында – 12 872, Маңғыстау облысында – 15 484, ал Батыс Қазақстан облысында – 15 920 педагог қызмет атқарады. Бұл көрсеткіштер өңірдегі білім беру жүйесінің кадрлық әлеуетінің айтарлықтай жоғары екенін және мектеп желісінің аймақтар бойынша салыстырмалы түрде тең дамығанын дәлелдейді. Жалпы алғанда, батыс өңірі бойынша оқушылар мен мұғалімдер санының арақатынасы білім беру жүйесінің тұрақтылығын қамтамасыз етіп, көптілді білім беруді енгізу мен дамытуға қолайлы алғышарттар қалыптастыратынын көрсетті. (Кесте 8) [117].

Кесте 8 - «Батыс Қазақстан өңірі бойынша жалпы білім беру ұйымдарындағы оқушылар мен мұғалімдер саны».*

Облыс	Оқушылар саны	Мұғалімдер саны
Ақтөбе	175 070	20 209
Атырау	144 354	12 872
Маңғыстау	175 174	15 484
Батыс Қазақстан	119 324	15 920
Жалпы	613 922	64 485
Ескертпе: *Ұлттық статистика бюросы https://stat.gov.kz		

Зерттеу қорытындысы бойынша сауалнамаға қатысқандардың басым бөлігі қалалық жерде тұратынын (88,6%) көрсетті. Ал 11,4% - ы аудандар аумағынан екенін білдірді. Бұл дерек негізінен сауалнамаға қатысушылардың көпшілігі қала тұрғындары екенін және олардың әлеуметтік кәсіби тәжірибесінің урбанистік ортаға тән ерекшеліктерге негізделгенін айғақтайды. (Сурет 6).



Сурет 6 – Көптілді білім беретін мектептердегі тілдердің қолданылу деңгейі

Зерттеу нәтижесінде респонденттердің басым бөлігі (62,9% - 22 адам) қазақ, орыс, ағылшын және түрік тілдерін бір мезгілде қолдануды қолайлы құбылыс деп бағалаған. Сонымен қатар, (22,9% - 8 адам) бұл сұраққа жауап беруде қиын болғанын айтқан. Ал 11,4% (4 адам) көптілділікті теріс құбылыс деп санаған. Бар жоғы 2,9% (1 адам) басқа нұсқаны таңдаған. Көптілділікті жастардың көпшілігі оң құбылыс ретінде қабылдайтынын көруге болады. Ал белгілі бір аз бөлігі ғана бұл қиындық тудыратын жағдай деп санайды (Кесте 9).

Кесте 9 – «Көптілді білім беру жағдайындағы мұғалімдердің әдістемелік ұстанымдары мен кәсіби даму қажеттіліктері»

Сұрақтар	Жауап нұсқалары	Респондент саны	Үлес	Қорытынды
1	2	3	4	5
Тұрғылықты жері	Ақтөбе	36	80%	Бұл көрсеткіш өңірде көптілді білім беру мәселесіне деген қызығушылықтың жоғары екенін және аталған бағыттағы педагогикалық тәжірибенің кең таралғанын білдіреді. Ақтөбе мұғалімдерінің үлесінің айқын басымдығы өңірдің көптілді білім беру жүйесінде жетекші орынға ие екенін айғақтайды.
	Атырау	6	13,3%	Атырау облысынан қатысқан мұғалімдердің үлесі орташа деңгейде. Бұл аймақта көптілді білім берудің дамып келе жатқанын көрсетеді. Мұғалімдердің саны аздау болғанымен, олардың қатысуы өңірде осы бағыттағы педагогикалық ізденістердің бар екенін және тәжірибелік тұрғыдан қолданысқа енгізіліп жатқанын аңғартады.
	Маңғыстау	2	4,4%	Маңғыстаудан қатысушылардың үлесі өте аз. Бұл көрсеткіш көптілді білім беру тәжірибесінің өңірде әлі кеңінен тарала қоймағанын көрсетеді. Дегенмен, қатысқан мұғалімдер тарапынан басталған қадамдар болашақта көптілді білім берудің аймақта дамуына алғышарт бола алады.

6 – кестенің жалғасы

1	2	3	4	5
	Батыс Қазақстан	1	2,3%	Батыс Қазақстан өңірінен қатысушылардың саны ең аз. Бұл аймақта көптілді білім беру тәжірибесінің жеткілікті деңгейде енгізілмегенін аңғартады. Алайда бірлі-жарым мұғалімдердің сауалнамаға қатысуы өңірде бұл бағытқа қызығушылық бар екенін көрсетеді.
Ағылшын тілінде оқытудағы қиындықтар	Ғылыми терминдерді түсіну	13	29,5%	Ағылшын тілінде оқытудағы басты қиындықтар ғылыми терминдерді меңгеру мен ауызша қарым-қатынас жасауға байланысты. Ал тыңдалым мен жазылым салалары да белгілі бір дәрежеде мәселе тудырғанымен, жетекші кедергілер қатарында емес.
	Тыңдап түсіну	6	15,9%	
	Ауызша жауап беру	11	25%	
	Жазбаша орындау	7	13,6%	
	Қиындық жоқ	3	6,8%	
	Басқа	4	9,1%	
Сабақтағы түсінбеушілік жиілігі	Өте жиі	5	11,1%	Сауалнама нәтижелері бойынша сабақтағы түсінбеушілік ең көп жағдайда «кейде кездеседі» деп бағаланған (37,8%). Бұл мұғалімдер үшін түсінбеушіліктердің жүйелі емес, эпизодтық сипатта екенін көрсетеді. Сирек кездеседі деген жауап 22,2%-ды құраса, мүлде болмайды деп 13,3% мұғалімдер айтқан. Ал өте жиі кездеседі деген пікірді 11,1% мұғалімдер таңдаған. Сонымен бірге, нақты айту қиын деген жауап 15,6%-ға тең.
	Кейде	17	37,8%	
	Сирек	10	22,2%	
	Мүлде болмайды	6	13,3%	
	Нақты айту қиын	7	15,6%	
Тиімді қарым-қатынас түрлері	Мұғалім–оқушы түсіністігі	16	35,6%	Мұғалімдер үшін ең тиімді қарым-қатынас түрі – мұғалім мен оқушы арасындағы түсіністік. Дегенмен, тілдік кедергілерді жеңу мен оқушы белсенділігін арттыру да көптілді білім беру жағдайында ерекше мәнге ие.
	Тілдік кедергіні жеңу	10	22,2%	
	Тапсырма түсіндіру үдерісі	6	13,3%	
	Оқушы белсенділігі	10	22,2%	
	Оқушы–оқушы қарым-қатынасы	3	6,7%	
Қолданылатын әдіс-тәсілдер	CLIL	11	24,4%	Сауалнамаға сәйкес, мұғалімдер ағылшын тілінде оқытуда көбіне коммуникативтік әдістерді қолданады. Ең жиі кездесетіндері – диалог, пікірталас, рөлдік ойындар (28,9%) және CLIL әдісі (24,4%). Сөздікпен жұмыс (17,8%) пен топтық/жұптық жұмыс (11,1%) қосымша тәсіл ретінде пайдаланылса, жобалық жұмыс пен грамматиканы түсіндіру мүлде қолданылмаған. Бұл мұғалімдердің дәстүрлі әдістерден гөрі заманауи, интерактивті тәсілдерді көбірек таңдағанын дәлелдейді.
	Сөздікпен жұмыс	8	17,8%	
	Диалог, пікірталас	13	28,9%	
	Аутентті материалдар	3	6,7%	
	Топтық/жұптық жұмыс	5	11,1%	
	Жобалық жұмыс	0	0%	
Кәсіби даму көзқарасы	Грамматиканы түсіндіру	0	0%	Сауалнама нәтижелері мұғалімдердің басым көпшілігі (72,7%) кәсіби құзыреттілікті үнемі жетілдіру қажет деп санайтынын көрсетті. Ал 13,6% респондент кәсіби дамуды тәжірибе арқылы жүзеге асыруға болатынын айтқан. Өте аз бөлігі (4,5%) бұрынғы білім жеткілікті немесе нақты пікір айту қиын деп жауап берген, сондай-ақ дәл осындай үлес жылына бір рет курс өтуді жеткілікті деп есептейді.
	Үнемі жетілдіру қажет	32	11,1%	
	Жылына бір рет курс жеткілікті	2	72,7%	
	Тәжірибе арқылы	6	4,5%	
	Бұрынғы білім жеткілікті	2	13,6%	
Бағалау тәсілдері	Нақты айта алмаймын	2	4,5%	Сауалнама нәтижесінде мұғалімдер көбіне жиынтық бағалау (28,9%) мен қалыптастырушы бағалауды (26,7%) қолданатынын анықталды. Сонымен бірге, шет тілінде ой жеткізу (17,8%) мен CLIL әдісі бойынша бағалау (13,3%) да қолданылуда. Ал балама тапсырмалар (11,1%) мен басқа тәсілдер (2,2%) сирек қолданылады. Бұл дәстүрлі бағалау түрлерінің басымдығын, бірақ жаңа әдістердің де тәжірибеге ене бастағанын көрсетеді.
	Қалыптастырушы бағалау	12	26,7%	
	Жиынтық бағалау	13	28,9%	
	CLIL бойынша бағалау	6	13,3%	
	Балама тапсырмалар	5	11,1%	
	Шет тілінде ой жеткізу	8	17,8%	
	Басқа	1	2,2%	

Кестеде келтірілген үшінші сауалнама нәтижелері мұғалімдердің көптілді білім беру жағдайындағы әдістемелік ұстанымдары мен кәсіби даму қажеттіліктерін жан-жақты сипаттайды. Жалпы сауалнама нәтижелері педагогтердің көптілді оқыту процесіне жоғары қызығушылық танытатынын, сонымен бірге әдістемелік тұрғыдан белсенді ізденіс үстінде екенін айғақтайды. Зерттеу нәтижелері бойынша респонденттердің басым бөлігі Ақтөбе облысынан (80%) болған, бұл өңірдің көптілді білім беру жүйесін енгізу мен дамытуда жетекші орын алатынын көрсетеді. Атырау (13,3%), Маңғыстау (4,4%) және Батыс Қазақстан (2,3%) облыстарынан қатысқан мұғалімдердің үлесі аз болғанымен, бұл аймақтарда да көптілділікке негізделген педагогикалық тәжірибе қалыптасып келе жатқанын аңғартады. Ағылшын тілінде оқытудағы басты қиындық ретінде мұғалімдердің ғылыми терминдерді түсіну (29,5%) және ауызша жауап беру (25%) дағдыларының жеткіліксіздігі аталады. Бұл көрсеткіш тілдік және пәндік интеграцияның әлі де әдістемелік тұрғыдан жетілдіруді қажет ететінін білдіреді. Дегенмен, мұғалімдердің бір бөлігі (6,8%) қиындық сезінбейтінін атап өткен, бұл көптілді оқыту тәжірибесінің біртіндеп кәсіби деңгейдегі орнығып келе жатқанын дәлелдейді. Сабақтағы түсінбеушілік жиілігі бойынша мұғалімдердің көпшілігі бұл құбылысты «кейде кездеседі» (37,8%) деп сипаттаған. Бұл көптілді оқыту жағдайында кездесетін қиындықтардың жүйелі емес, эпизодтық сипатта екенін көрсетеді. Мұндай нәтиже педагогтердің тілдік және әдістемелік бейімделу үдерісінің қалыптасқанын айғақтайды. Тиімді қарым-қатынас түрлерін анықтау барысында респонденттердің басым бөлігі «мұғалім-оқушы түсіністігін» (35,6%) басты фактор ретінде атаған. Бұл өзара сенім мен тілдік қолдаудың оқыту үдерісіндегі табыстылыққа ықпал ететінін дәлелдейді. Сонымен қатар, тілдік кедергілерді жеңу (22,2%) және оқушы белсенділігін арттыру (22,2%) да маңызды бағыттар ретінде танылған. Әдіс-тәсілдерге келсек, мұғалімдердің едәуір бөлігі коммуникативтік әдістерді (28,9%) және CLIL тәсілін (24,4%) қолданатынын көрсеткен. Бұл көптілді білім беруде заманауи, оқушы белсенділігін арттыратын тәсілдердің кеңінен таралып келе жатқанын айғақтайды. Дәстүрлі әдістердің үлесі төмен болғанымен, сөздікпен жұмыс (17,8%) және топтық/жұптық жұмыс (11,1%) секілді элементтер сабақ құрылымында сақталған. Кәсіби даму тұрғысынан мұғалімдердің айқын басым көпшілігі (72,7%) өз құзыреттіліктерін үнемі жетілдіру қажеттігін мойындаған. Бұл педагогтердің үздіксіз кәсіби өсуге, әдістемелік және тілдік тұрғыдан өзін-өзі дамытуға ұмтылысын білдіреді. Бағалау тәсілдері бойынша зерттеу нәтижелері мұғалімдердің көбіне жиынтық (28,95) және қалыптастырушы бағалау (26,7%) түрлерін қолданатынын көрсетті. Сонымен қатар, CLIL тәсіліне негізделген бағалау (13,3%) мен балама тапсырмалар (11,1%) тәжірибеге енгізіліп келе жатқанын байқауға болады. Бұл бағалаудың дәстүрлі түрлерінен инновациялық тәсілдерге көшу үрдісін аңғартады.

Жалпы алғанда, сауалнама нәтижелері батыс өңір мұғалімдерінің көптілігі білім беруге белсенді қатысып, әдістемелік тұрғыдан жаңашыл бағыттарды игеріп жатқанын көрсетеді. Мұғалімдердің кәсіби даму мен әдістемелік ізденіске ұмтылысы өңірде көптілді білім беру сапасын арттыруға және білім беру мазмұнын интернационалдандыруға ықпал ететін маңызды әлеуетті айқындайды (Сурет 7).

8. Оқушының шет тілін (ағылшын тілін) тез әрі тиімді меңгеруі үшін сіз қай әдіс- тәсілдерді жиі қолданасыз?

45 ответов



Сурет 7 - Оқушының шет тілін (ағылшын тілін) меңгеруіндегі әдіс-тәсілдер

Қазақстанның батыс өңірінде көптілді білім беруге қатысты әлеуметтік-лингвистикалық ахуалды зерттеу аясында көптілде білім алатын оқушылар арасында жүргізілген төртінші сауалнама нәтижелері өңірдегі тілдік практика мен оқушылардың тілдік құзыреттілігінің деңгейін, сондай-ақ көптілді ортаға бейімделу тенденцияларын анықтауға мүмкіндік берді. Сауалнама нәтижелері білім алушылардың басым көпшілігі қазақ, орыс және ағылшын тілдерінде білім алатынын көрсетті, бұл үштілді білім берудің аймақта кеңінен енгізілгенін дәлелдейді. Респонденттердің едәуір бөлігі ағылшын тілін қазіргі қоғамда ең қажет және беделді тіл ретінде бағалаған, бұл жастардың жаһандық коммуникация мен кәсіби даму бағытындағы ұмтылысын айғақтайды. Сонымен қатар, қазақ тілінің мемлекеттік және мәдени маңызын мойындау деңгейі жоғары болып қалуда. Зерттеу нәтижелері оқушылардың көптілді білім беру жағдайында тілдік және пәндік құзыреттіліктерін дамытуға ынталы екенін, алайда ағылшын тілінде оқытылатын пәндерде терминологиялық және айтылым дағдыларына байланысты қиындықтар бар екенін көрсетті. Бұл деректер пән мен тілді кіріктіре оқыту (CLIL) әдістемесін жетілдірудің, сондай-ақ лингвистикалық және әдістемелік қолдауды күшейтудің қажеттілігін дәлелдейді. Жалпы алғанда, зерттеу нәтижелері Қазақстанның батыс өңірінде көптілді білім берудің әлеуметтік-лингвистикалық жағдайы оң даму бағытында екенін, үштілділік моделі білім алушылардың тілдік әлеуетін арттыру мен жаһандық бәсекеге қабілетті тұлға қалыптастыруда маңызды рөл атқарып отырғанын көрсетеді.

2.3 Жоғары оқу орындарында көптілді білім беру ерекшеліктері

Бүгінгі таңда жоғары оқу орындарында тілдік білім беруді жаңғырту мақсатты тілдерді және осы тілдерді қолдану мәдениетін үйренуге ықпал ететін көптілді білім берудің модельдерін әзірлеуге ден қоя отырып, жаңа басымдықтар мен жаңа міндеттерді ұсынуды талап етеді.

Қазіргі уақытта орта және жоғары оқу орындарында оқыту қазақ және орыс тілдерінде жүзеге асырылатыны белгілі, алайда бірқатар мектептерде, колледждерде, университеттерде пәндерді ағылшын тілінде оқытудың оң тәжірибесі бар. Қазақстан мемлекет ішілік өмірдің маңызды факторы ретінде мемлекеттік тіл мен орыс тілінің институционалдық жағдайының мызғымастығын айқындай отырып, көптілді білім беруді қалыптастыруға бет бұрды деп айтуға болады. Қазақстандық жоғары білім беруде Назарбаев Университетінде, Қазақстан-Британ техникалық университетінде, КИМЭП Университетінде және т. б. қолданыс тапқан көптілді білім беруді іске асырудың белгілі бір тәжірибесі бар. Қазақстанда көптілді білім беруді жүзеге асыру бойынша тәжірибе алаңдары ретіндегі Абылай хан атындағы Қазақ халықаралық қатынастар және әлем тілдері университеті, Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті және т. б. жоғары оқу орындары белгілі.

Бүгінгі таңда қазақстандық жоғары оқу орындарында көптілді білім беру алғашқы ұйымдастыру кезеңдерінен өтті және келесі аспектілерге сүйене отырып, әзірленген әдіснама мен әдістемені нақты енгізу жолында тұр деп айтуға болады:

- 1) нормативтік базаны әзірлеу;
 - 2) көптілді білім беру жүргізілетін эксперименттік алаңдарды енгізу, олардың жұмыстарын үйлестіру және барлық қазақстандық жоғары оқу орындарына барлық іс-тәжірибені (теріс және оң тәжірибені) ескере отырып, олардың қорытындыларын енгізу;
 - 3) шетелдерде мультилингвалдық білім берудің барабар әдістемелері мен тәжірибесін есепке алу және енгізу;
 - 4) жоғары оқу орындарында көптілді оқытумен айналысатын, оқу жоспарларын, пәндердің оқу-әдістемелік кешендерін әзірлеуді үйлестіретін құрылымдық бөлімшелер құру және осы процестің барлық жақтарын қамтамасыз ету;
 - 5) мақсатты тілдерді оқытудың инновациялық әдістемесін әзірлеу;
 - 6) көптілді топтарда оқытуды жүзеге асыратын ЖОО педагог кадрларының біліктілігін арттыру;
 - 7) білім алушылардың көптілді білім алуына жасалатын педагогикалық мониторингтің технологиялық карталарын әзірлеу және енгізу;
 - 8) көптілді білім беруді енгізудің жай-күйіне жүйелі мониторинг жүргізу.
- Қазақстанның батыс өңіріндегі жоғары оқу орындарының қазақ, орыс топтары мен көптілді білім алушылар туралы сандық мәліметтерді төмендегі кестеден көруге болады [132]. (Кесте 10) [133-137].

Кесте 10 - Қазақстанның батыс өңіріндегі жоғары оқу орындарындағы көптілді білім алушы студенттер туралы мәлімет

№	Облыс тар	ЖОО	Қазақ тобындағы студент саны	Орыс тобындағы студент саны	Ағылшын немесе басқа тіл	Көп тілде білім алушылар саны	Көп тілде білім беретін мамандықтар
1	2	3	4	5	6	7	8
1.	Ақтөбе облысы	Қ. Жұбанов ат АӨУ	11235	1903	593	307	Биология, Химия, ХТОВ, Экология, Дене шынықтыру және спорт, Визуалды өнер, Көркем еңбек, Графика және жобалау, Музыкалық білім, Білім берудегі менеджмент, Мектепке дейінгі оқыту және тәрбиелеу, Бастауыш оқытудың педагогикасы мен әдістемесі, Арнайы педагогика, Психология, География, Тарих, Көлік технологиясы және технологиялары Электроэнергетика, Мұнай газ ісі, Тау-кен ісі, Информатика, Есептеу техн. және бағдар/қ қамтамасыз ету, Математика, Физика, Шет тілі: яз: екі шет тілі, Мемлекеттік және жергілікті басқару, Іскерлік әкімшендірілу, менеджмент, экономика, Құқықтану.
2.	Ақтөбе облысы	Баишев университеті	2650	355	20	20	Екі шет тілі мамандығы
3.	Ақтөбе облысы	М. Оспанов атындағы Батыс Қазақстан медициналық университеті	4390	1131	1244	11	Медицина мамандығы

1	2	3	4	5	6	7	8
4.	Батыс Қазақстан облысы	Махамбет Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университеті	3720	1760	460	65	6B01508 Химия-Биология 6B05201 Экология 6B05204 География 6B05301 Химия 6B01509 Биология 6B01518 Информатика және робототехника 6B06102 Ақпараттық жүйелер 6B06103 Есептеу техникасы және бағдарламалық қамтамасыз ету 6B01506 Информатика 6B01201 Мектепке дейінгі оқыту және тәрбиелеу 6B01301 Бастауышта оқыту педагогикасы мен әдістемесі 6B03106 Аймақтану 6B03102 Халықаралық қатынастар 6B11101 Туризм
5.	Атырау облысы	Х. Досмұхамедов атындағы Атырау мемлекеттік университеті	6196	1359	13	13	6B01501-Математика пәнінің мұғалімі 6B01502-Физика пәнінің мұғалімі
6.	Маңғыстау	Ш.Есенов атындағы Каспий мемлекеттік технологиялар және инжиниринг университеті	5674	636	325	748	Каспий маңы елдерінің халықаралық қатынастары; Биология; Бизнес құрылымдардың есебі және аудиті; Кеме жүргізу; Көлік бизнесі және логистика; Теңіз көлігі және технологиясы; Экология; Mechatronics; Педагогика және психология; Computer Science; Industrial Management; Мұнай газ инжиниринг; Logistics; Energy And envitonmental engineering; География; Менеджмент.

Қазақстанның батыс өңіріндегі жоғары оқу орындарында көптілді білім беру жүйесі біртіндеп қалыптасып, аймақтың білім беру кеңістігінде маңызды бағыттардың біріне айналып отыр. Кестедегі зерттеу нәтижелеріне сүйенсек,

өңірдегі университеттер қатарында Ақтөбе, Батыс Қазақстан, Атырау және Маңғыстау облыстарындағы жоғары оқу орындары көптілді білім беруді кезең-кезеңімен енгізіп келеді. Ақтөбе облысында көптілді білім берудің қарқыны айтарлықтай жоғары. Қ. Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университетінде қазақ тілінде оқитын студенттер саны 11235, орыс тілінде 1903, ағылшын немесе өзге тілдерде 593, ал көптілді білім алушылар саны 307-ге жеткен. Университетте биология, химия, экология, информатика, математика, шет тілдері, экономика, құқықтану, педагогика және инжиниринг бағыттарындағы мамандықтар көптілді форматта оқытылады. Сонымен қатар Баишев университетінде қазақ және орыс тілдеріндегі студенттер саны тиісінше 2650 және 355, ал көптілді топтарда білім алушылар саны 20. Бұл оқу орнында «Екі шет тілі» мамандығы бойынша көптілді дайындық жүзеге асырылады.

М. Оспанов атындағы Батыс Қазақстан медициналық университетінде қазақ тілінде 4390, орыс тілінде 1131, ағылшын тілінде 1244 студент білім алады, оның ішінде 11 студент көптілді бағдарлама бойынша оқиды. Мұнда медицина саласы халықаралық стандарттарға сай ағылшын тілінде жүргізілетін негізгі бағыттардың бірі болып табылады.

Батыс Қазақстан облысында көптілді білім берудің тәжірибесі М. Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университетінде кеңінен дамып келеді. Университетте қазақ тілінде 3720, орыс тілінде 1760, ағылшын тілінде 460, ал көптілде оқитын студенттер саны 65. Көптілді оқытылатын мамандықтар қатарына химия биология, экология, география, информатика, халықаралық қатынастар, аймақтану, туризм, және ақпараттық жүйелер сияқты бағыттар кіреді.

Атырау облысындағы Х. Досмұхамедов атындағы Атырау университетінде қазақ тілінде оқитын 6196, орыс тілінде 1359, ал ағылшын және көптілді бағдарлама бойынша оқитын студенттер саны 13. Мұнда математика және физика пәндерінің мұғалімдерін даярлау бағытында көптілді білім беру бағдарламасы енгізілген.

Маңғыстау облысында көптілді білім беру бағдарламасы Ш. Есенов атындағы Каспий технологиялар және инжиниринг университетінде қарқынды дамуда. Мұнда қазақ тілінде 5674, орыс тілінде 636, ағылшын тілінде 325, ал көптілде оқитын 748 студент бар. Университеттің мамандықтар ауқымы кең – биология, экология, логистика, мұнай-газ инженериясы, теңіз көлігі, мехатроника, компьютерлік ғылымдар, энергетика және халықаралық қатынастар бағыттары бойынша көптілді бағдарлама жүргізіледі. Өңірдегі оқу орындарының ішінде Ақтөбе облысының университеттері көптілді білім беру ісінде көшбасшы болып отыр. Бұл өңірде көптілді топтардың саны мен мамандықтар спектрі айтарлықтай кең. Маңғыстау облысындағы Есенов университеті де көптілді білім беруді инженерлік және жаратылыстану бағыттарында тиімді енгізіп жатқан жоғары оқу орындарының бірі ретінде ерекшеленеді. Х. Досмұхамедов атындағы Атырау университетінде көптілді білім беру жүйесі қалыптасқан. Бұл өңірде көптілді оқыту негізінен педагогикалық бағыттарда білім беру бағдарламалары арқылы жүзеге

асырылып келеді. Университетте оқытушылардың тілдік құзыреттілігін арттыру мен оқу үдерісіне көптілді компоненттерді енгізу бағытында жүйелі жұмыстар жүргізілуде. Батыс Қазақстан облысында да көптілді білім берудің институционалдық негізі қалыптасқан. М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университеті осы бағытта белсенді тәжірибе жинақтаған аймақтық жоғары оқу орны ретінде ерекшеленеді. Университетте мамандықтар бойынша көптілді оқыту тұрақты түрде жүзеге асырылуда. Бұл тәжірибе өңірде көптілді білім берудің сапалы дамуына және бәсекеге қабілетті мамандар даярлауға негіз болып отыр.

Жалпы алғанда, зерттеу нәтижелері өңірдің жоғары оқу орындары халықаралық талаптарға сай бәсекеге қабілетті мамандар даярлауға бағытталған көптілді білім беру жүйесін дамытуда екенін және бұл үдеріс Қазақстанның білім беру саясатының стратегиялық басымдықтарымен үйлесетінін көрсетеді.

Төменде көрсетілген ЖОО көптілді білім беруді жүзеге асыру үдерістерін қарастырайық.

Қ. Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университеті – бұл өз тарихын 1966 жылы Ақтөбе педагогикалық институты құрылғаннан бастап, 30 жылдан кейін Қ. Жұбанов ат. Ақтөбе университеті болып қайта құрылған көпсалалы жоғары оқу орны. 2013 жылы Ақтөбе педагогикалық университетімен бірігеді. Бүгінгі таңда Қ. Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университеті республиканың батыс өңірінің ғана емес, сондай-ақ Қазақстанның барлық жоғары мектебінің жүйесінде зияткерлік, ғылыми-білім беру, қоғамдық-саяси және мәдени өмірінде ерекше орын алады. ЖОО – колледж құрылымында бакалавриат, 42-магистратура және 6 докторантура білім беру бағдарламасы, яғни, жалпы алғанда, 69 білім беру бағдарламасы бойынша кадрлар даярлайтын сегіз факультет (физика–математикалық, тарихи, педагогикалық, кәсіби–шығармашылық, филологиялық, техникалық, экономика және құқық, жаратылыстану) бар [138].

2016-2020 жылдарға арналған үштілді білім беруді дамытудың Жол картасын іске асыруға сәйкес, 2016 жылғы қыркүйекте Қ. Жұбанов атындағы АӨУ-де «Көптілді білім беруді дамыту орталығы» құрылымдық бөлімшесі ашылды. Қазіргі уақытта университетте 9 көптілді білім беру бағдарламасы бар: (6B01501 – Математика, 6B01502 – Физика, 6B01503 – Информатика, 6B01504 – Химия, 6B01505 – Биология, 6B01901 – Дефектология, 6B04107 – Әлемдік экономика, 6B04106 – Маркетинг, 6B01201 – Мектепке дейінгі білім беру және тәрбие).

Университетте көптілді білім беру негізгі төрт бағыт бойынша дайындық жұмыстарының кешенін жүзеге асыру арқылы енгізілді:

1. Ішкі нормативтік құжаттарды дайындау («Көптілді білім беруді енгізу туралы» ережені, Көптілді білім беруді дамыту бағдарламасын, жоспарын әзірлеу, Көптілді білім беруді дамыту орталығы-жұмысын үйлестіретін құрылымдық бөлімше құру).

2. Көптілді білім беруді оқу – ұйымдастыру тұрғысынан қамтамасыз ету

(көптілді жүйеде оқитын бакалавриат пен магистратураның білім беру бағдарламаларын айқындау, оқу жұмыс бағдарламаларына өзгерістер енгізу, оқу-әдістемелік кешендерді әзірлеу, студенттердің көптілді топтарының студенттерін олардың тілдік құзыреттілігі тұрғысынан тестілеу арқылы іріктеу, көптілді топтар құру, көптілді пәндердің тізбесін айқындау, білім беру процесіне қатысатын оқытушылардың тізімін айқындау).

3. Көптілді білім беру үшін оқу-әдістемелік база құру (оқу-әдістемелік әдебиет атаулары және мемлекеттік, орыс және ағылшын тілдеріндегі электрондық интеграцияланған оқулықтар әзірлеуді жоспарлау).

4. Көптілді білім берудің теориялық-әдіснамалық базасын дамыту (теориялық-әдіснамалық негіздерді зерделеу; көптілді білім беру саласындағы республикалық және халықаралық деңгейдегі ғылыми конференцияларға, семинарларға, дөңгелек үстелдерге және т.б. қатысу; ғылыми мақалалар шығару; ғылыми-практикалық конференциялар; студенттік дөңгелек үстелдер, тілдік ғылыми үйірмелер, пәндік олимпиадалар өткізу және т.б.).

Қ. Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университетінде оқытушылардың көптілді топтардағы жұмысқа әдістемелік дайындығына ерекше көңіл бөлінеді: кафедраларда көптілді білім беру мәселелері бойынша ғылыми-әдістемелік семинарлар жүйелі түрде өткізу; тәжірибе алмасу бойынша дөңгелек үстелдер ұйымдастыру, оқытудың инновациялық әдістері бойынша шеберлік сыныптарын өткізу; CLIL технологиясын, цифрлық білім беру ресурстарын енгізу; аудио-және бейне ресурстарды дайындау мен қолдану, онлайн-курстарда оқыту, интеграцияланған курстарды әзірлеу, үш тілде түрлі ақпарат көздерімен жұмыс істеу әдістемесін; көрнекіліктің әртүрлі түрлерін дайындау және пайдалану; көптілді топтарда оқитын білім алушылардың өзіндік жұмысын ұйымдастыру және өткізу, көптілді білім беруге барабар бақылаудың алуан түрлері мен нысандарын әзірлеу және т.б.

Қ. Жұбанов атындағы АӨУ 09.11.2018 жылы бекіткен «Көптілді білім беруді енгізу туралы» ережеде көптілді білім беру бойынша оқу процесін жоспарлау мен ұйымдастырудың 17 пункті нақты және айқын бөлінген:

1) бакалавриаттың білім беру бағдарламалары бойынша көптілді білім беруді іске асыру моделін әзірлеу.

2) оқу процесінің оқу-әдістемелік қамтамасыз етілуін жетілдіру, оның ішінде көптілді білім беруді іске асыруды әдістемелік қамтамасыз ету.

3) үштілді білім беру бағдарламасы білім беру қызметін жоспарлау мен ұйымдастыруды үш тілде: оқыту тілінде, екінші және ағылшын тілдерінде жүзеге асырады. Бұл ретте оқу пәндерінің 50% - ын оқыту тілінде (мемлекеттік немесе орыс), оқу пәндерінің 20% - ын екінші тілде (тиісінше орыс немесе мемлекеттік) және оқу пәндерінің 30% - ын ағылшын тілінде оқыту көзделеді.

4) құрылған топтардың көптілділік бағдарламасы бойынша жыл сайын талдау жүргізу. Бакалавриаттың көптілді академиялық топтарын құру.

5) оқу процесіне көптілді білім беру бағдарламасы бойынша академиялық топтарға сабақ өткізу үшін шетелдік ғалымдарды, визитинг-профессорларды тарту.

6) көптілді білім беруді іске асыру арқылы білім алушылардың кәсіптік құзыреттерін дамыту үшін жағдайлар жасау.

7) оқу-әдістемелік кешендерді, оқулықтарды әзірлеу және сатып алу.

8) студенттер мен оқытушылардың тілдерді меңгеру деңгейін талдау.

9) ағылшын тіліндегі, оның ішінде электрондық жеткізгіштердегі оқулықтарды, оқу құралдарын дайындау және басып шығару.

10) шет тілдерін оқыту саласындағы білім беру және ақпараттық технологияларды жетілдіру (ерте оқыту, қашықтықтан оқыту, арнайы мақсаттар үшін тілді оқыту және т.б.).

11) үштілді білім беру жағдайында жұмыс істеу үшін педагогтарды даярлау үшін республиканың жоғары оқу орындарында оқытушылар құрамын қайта даярлауға бағытталған.

12) тілдік курстарда ПОҚ біліктілігін арттыру.

13) өндірістік практикалардан өту үшін кәсіпорындарды іріктеу,

14) көптілді орта құру мақсатында университетті материалдық-техникалық жабдықтау.

15) халықаралық ұйымдар мен әріптестік байланыстар енгізу.

16) сандық түсіндірме және қарапайым сөздіктерді (қазақ-орыс, орыс-қазақ, қазақ-ағылшын, ағылшын-қазақ), оның ішінде терминологиялық сөздіктерді (информатика, физика, химия, биология және т.б. бойынша) интернетте еркін қолжетімді және қатты (қағаз тасығыштарда) әзірлеу.

17) үштілді білім беру практикасын жақсарту үшін зерттеулер нәтижелерін енгізу мониторингін енгізу" [138].

Біз өзге де қазақстандық жоғары оқу орындарында көптілді білім беруді енгізу үдерісіне талдау жасадық. Талдау көптілділіктің нормативтік құжаттамасы, мақсаттары мен міндеттері, көптілді білім беру қағидаттары, жұмыс бағыттары негізінен бірдей болып табылатынын және жаңа жоғары білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандартының жобасына сәйкес әзірленгенін көрсетті. Осылайша «Жол картасы» шеңберінде модульдік білім беру бағдарламаларына мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілді:

1) бірінші курстан бастап оқу пәндерінің кемінде 20% Т2-де оқытылады (орыс тілінде оқытатын топтар үшін – қазақ тілінде, қазақ тілінде оқытатын топтар үшін – орыс тілінде);

2) базалық және бейіндік циклдің оқу циклдерінің кемінде 30% - ы үшінші курстан бастап ағылшын тілінде оқытылады. Сонымен қатар, зерттеуімізде өзге өңірлердегі жоғарғы оқу орындары туралы мәліметтер де қамтылған.

М.Өтемісов атындағы БҚУ – Орал қаласында орналасқан көпсалалы университет. Оның тарихы 1932 жылы педагогикалық институттан басталады. Оның 6 факультет, 22 кафедра, 51 мамандық, магистратура, докторантура, колледжі бар. М. Өтемісов атындағы БҚУ – іргелі тарихы бар Орал қаласының басты жоғары оқу орнында халықаралық деңгейдегі бағдарламалар

мен көптілді оқытуды қолдайтын ірі білім мекемесі. Халықаралық байланыстар мен тілдік білім беру жүйесі белсенді түрде дамуда, академиялық ұтқырлықпен Erasmus/Twinning бағдарламалар арқылы жүзеге асуда. Білім беру бағдарламалары қазақ – орыс және ағылшын тілдерінде іске асуда. 2015-2016 оқу жылында он бес мамандықта үштілде (қазақ, орыс, ағылшын) оқитын көптілді топтар ашылды. Үш тілде білім беруді дамытудың 2016-2020 жылдарға арналған «Жол картасын» жүзеге асыруға байланысты 2016 жылдың қыркүйегінен бастап, «Көптілділік институты» атты жаңа құрылымдық бөлімше ашылды. Көптілділік институты негізінен көптілді топтардағы оқытушылардың әдістемелік дайындығына көп көңіл аударады: кафедрада тұрақты түрде көптілді білім беру мәселесі бойынша, тәжірибе алмасу мақсатында түрлі халықаралық семинарлар өткізіліп тұрады. Бұл институт сонымен қатар, ағылшын, қазақ және орыс тілдерін дамыту мақсатында бағытталған. Олар математика, физика, информатика, химия, биология, география, педагогика бағыттарында оқытылады. М. Өтемісов атындағы БҚУ – де үштілділіктің жол картасын бекітуді жүзеге асыру шеңберінде оқу әдістемелік құрал ретінде «Useful 500 Sentences» («Пайдалы 500 сөйлем») оқу бағдарламасы жасалынды. БҚУ студенттері, оқытушылары мен қызметкерлеріне арналған бұл оқу құралының негізгі мақсаты қазақ, орыс, ағылшын тілдерінде негізгі сөйлеу дағдыларын игеру болып табылады. Топтарда оқытудың инновациялық әдістерін, электронды және цифрлік білім ресурстарын енгізу бойынша үлкен жұмыстар атқарылуды.

III. Есенов атындағы Каспий мемлекеттік технологиялар және инжиниринг университеті 1976 жылы қазіргі Ақтау қаласы (бұрынғы Шевченко) Маңғыстау өңіріндегі Қазақ политехникалық институтының Халықаралық техникалық факультеті ретінде құрылды. III. Есенов университеті – бұл Маңғыстау өңірінде техникалық, инженерлік, экономикалық, құқықтық және педагогикалық білім беру бойынша іргелі университет. Ол өзінің геологиялық және мұнай-газ саласындағы бай тарихымен, халықаралық деңгейдегі аккредитацияларымен және заманға сай инфрақұрылымымен ерекшеленеді. Есенов университеті жанындағы Қазақ – неміс тұрақты инженерия институты (KINI) – Қазақстан мен Германияның жоғары оқу орындарының бірлескен жобасы. Бұл институттың мақсаты – заманауи инженерлік білім беру арқылы өңірдің дамуына үлес қосады. Бұл институт 2023 жылы ашылды.

X. Досмухамедов атындағы Атырау универсиеті – 1950 жылы мұғалімдер институты ретінде ашылып, 1994 жылы университет мәртебесіне ие болған. Университет білім беру сапасын арттыру, халықаралық деңгейде танылу және академиялық дербестікті қамтамасыз ету бағытында белсенді жұмыстар жүргіуде. Университетте 7 факультет, бакалавриат, магистратура және докторантура бар. Факультетте ағылшын тілін қарқынды оқытуға арналған «EnglishOnlySpace» шығармашылық орталығы жұмыс жасайды. X. Досмухамедов атындағы Атырау универсиетінде көптілді білім беру жүйесі кеңінен дамытылған. Университет тек қазақ, орыс, және ағылшын тілімен қоса бірнеше шетел тілдерін үйретеді. Оқу бағдарламалары

гуманитарлық, шетел тілдері және педагогикалық факультеттерде орысша жүргізіледі. Көптеген мамандықтар ағылшынша оқытылады, оның ішінде шетел тілдер мамандығы, инженерлік жаратылыстану бағыттары бар. «Шетел тілдері» бағдарламасы аясында оқыту тілдері: қазақ, орыс және ағылшын. «Аударма ісі және шетел тілдері» кафедрасы студенттерді ағылшын неміс, француз, және қытай тілдерінде оқытады. Сондай-ақ араб тілі «Дінтану» бағдарлама аясында оқытылады. Факультетте аталған тілдер бойынша 1540 студент білім алуда. Одан бөлек, қос дипломды бағдарламалар бар: мысалы, Түркия мен Ресейдегі серіктес университеттермен бірлесіп, шетелде де ағылшын тілінде білім алуға болады.

С. Байшев атындағы Ақтөбе университеті 1996 жылы Қазақ мемлекеттік басқару академиясының Ақтөбе филиалы ретінде ашылды. Бұл университеттің алғашқы ресми атауы «Болашақ» университеті болды. 2001 жылы Ақтөбе аймағына еңбек сіңірген тұлға С. Байшев есімі беріліп, университет мәртебесін алды. Университеттің миссиясы – Қазақстандық инновациялық дамуға орай қажетті жоғары білікті, әлеуметтік жауапты мамандар даярлау, ғылыми-зерттеу және инновациялық қызметпен айналысу. Байшев университетінде экономика, техника, педагогика, табиғи газ және гуманитарлық ғылымдар бағытында факультеттер бар. Олар экономикалық факультет, техникалық факультет, педагогика және жаратылыстану факультеті. Байшев университеті – академиялық ұтқырлықты жүйелі түрде жүзеге асыратын және халықаралық ғылыми жобалармен айналысатын білім ордасы. Мұндағы негізгі мақсат – білім беру процесін халықаралық талаптарға сәйкес дамыту және білім алушылардың ғылыми – зерттеу әлеуетін көтеру.

М. Оспанов атындағы Батыс Қазақстан медицина университеті – медицина мамандарын даярлайтын жоғары оқу орны. 1957 жылы Ақтөбе мемлекеттік медицина институты болып құрылды. 1997 жылы ҚР Үкіметінің қаулысына сәйкес, Ақтөбе мемлекеттік медицина академиясы болып қайта құрылды. 2009 жылы Ақтөбе мемлекеттік медицина академиясы – Марат Оспанов атындағы Батыс Қазақстан медицина университеті мәртебесін алады. Университеттегі академиялық ұтқырлық студенттер мен оқытушыларға басқа оқу орындарында білім алу, тәжірибе жинау немесе ғылыми-зерттеулер жүргізу мүмкіндігін беретін маңызды бағдарлама. Бұл бағдарлама білім алушылардың кәсіби дағдыларын жетілдіруге, шетелдік тәжірибе алуға және көптілді ортада білім алуына мүмкіндік береді. Сонымен қатар университет профессор-оқытушылар құрамы шетелдік немесе отандық басқа университеттерде тәжірибе алмасып, бірлескен зерттеулер жүргізіп, кәсіби біліктіліктерін арттырады. БҚМУ Еуропа, Азия және басқа аймақтардың университеттерімен ынтымақтастық орнатып, екі жақты студент алмасу бағдарламаларын дамытып келеді. Академиялық ұтқырлық бағдарламалары арқылы студенттер шетел тілдерін практикада қолдана алады. Бұл олардың көптілділік деңгейін арттырады. Көптеген академиялық ұтқырлық бағдарламалары Erasmus, DAAD, Fulbright секілді халықаралық гранттармен қамтылған [133-137].

Көптілді білім беру мәселелері бойынша қазақстандық теориялық-әдістемелік әдебиетті талдау барлық жұмыстар көптілді білім беру туралы ережеде көрсетілген жоғарыда аталған бағыттардың осы немесе басқа аспектілеріне арналғанын көрсетті, сондықтан біздің көзқарасымыз бойынша бес проблемалық бағытқа тоқталған дұрыс деп санаймыз. Оларға инновациялық білім беру технологияларын қолдану, кадрлармен қамтамасыз ету, білім беруді интернационалдандыру, оқу-әдістемелік кешендерді дамыту және әлеуметтік-лингвистикалық мониторинг кіреді.

Бірінші проблемалық бағыт алдыңғы параграфта егжей-тегжейлі сипатталды. Жоғарыда сипатталған технологияларды, әдіс-тәсілдерді қолдану жоғары білім беруде өте тиімді деп санаймыз.

Бүгінгі күні көптілді білім беру үдерісіне қатысты оқулықтар мен оқу құралдары, әдістемелік нұсқаулықтар және монографиялар, ғылыми – әдістемелік мақалалар шығарылған. Жоғары оқу орындарындағы профессор – оқытушылар құрамының көптілде білім беру бағдарламасы негізінде шығарылған оқу құралдары көптілді білім беру саласындағы ғылыми зерттеулер нәтижесінде ауқымды оқу-әдістемелік база қалыптастырды. Төмендегі кестеде көптілді білім беру үдерісінің ғылыми-әдістемелік тұрғыдан дайындалған құралдардың сандық көрсеткіштері берілген. Сонымен қатар үштілді білім беру тәжірибесін жетілдіруге арналған ғылыми жобалар жасалған. Мониторинг деректеріне сәйкес, ұлттық және мемлекеттік 9 ЖОО мен 3 ғылыми ұйым ұсынған ақпарат негізінде барлығы 22 ғылыми жоба орындалды. Олардың нәтижесінде: 3 монография, 17 оқулық, (оның ішінде электрондық), 46 оқу құралы, 10 ғылыми-әдістемелік құрал, 42 әдістемелік ұсыныс, 14 пән бойынша оқу-әдістемелік кешен, 14 сөздік (9 терминологиялық, 1 тақырыптық, 3 анықтамалық), сондай-ақ 12 нормативтік құжат (8 типтік оқу бағдарламасы, 2 модульдік бағдарлама және ҚР оқу телевизиясы контентін құру тұжырымдамасының жобасы) [139, б.70] жарық көрді (Кесте 11).

Кесте 11 - «Үш тілді білім беру тәжірибесін жетілдірудегі ғылыми жобалардың нәтижелері» *

	Шығарылған материал түрі	саны
1.	Монография	3
2.	Оқулық. (оның ішінде электрондық нұсқалар да бар).	17
3.	Оқу құралы	46
4.	Ғылыми-әдістемелік құрал	10
5.	Әдістемелік ұсыныс	42
6.	Пән бойынша оқу-әдістемелік кешен	14
7.	Сөздік. (оның ішінде: 9-терминологиялық, 1 – тақырыптық, 3-анықтамалық сөздіктер бар).	14
8.	Нормативтік құжат. (оның ішінде: 8-типтік оқу бағдарламасы, модульдік бағдарлама, ҚР оқу	12

	телевизиясы контентін құру тұжырымдамасы бар).	
Ескертпе: *Үш тілді білім беру тәжірибесін жақсарту үшін зерттеулер нәтижелерін енгізу мониторингі. Талдамалық анықтама. – Астана: Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы, 2016 – 96 б.		

Бұл материалдар білім беру ұйымдарында үштілді оқытуды тиімді енгізуге және дамытуға маңызды үлес қосады. Зерттеу нәтижелері үштілді білім беру мәселесін теориялық және әдіснамалық тұрғыда жеткілікті деңгейде қамтамасыз етіп отырғанын көрсетеді. Монографиялар тұжырымдамалық құжаттар мен оқу әдістемелік құралдар әртүрлі ауқымда қолданылып, білім беру жүйесінің түрлі деңгейлерінде енгізілуде. Жалпы алғанда, алынған нәтижелер білім беру тәжірибесіне енгізудің көпдеңгейлі сипатын және олардың нақты адресаттарға бағытталуын айқындайды [139,б.70]. Екінші бағыт – көптілді білім беруді кадрлық қамтамасыз ету. Біздің бақылауларымыз көрсеткендей, жоғары оқу орындарында көптілді білім беруді енгізудің маңызды мәселелердің бірі профессорлық – оқытушылық құрамның шет тілін меңгеруі болып табылады. Бұл тұрғыда мемлекеттік органдар да, жоо басшылығы да жоспарлы ірі ауқымды іс-шаралар жүргізуде. Осылайша, үштілді білім беруді ілгерілету жөніндегі іс-шаралар жоспарын іске асыру шеңберінде «Білім және ғылым министрлігі Мемлекеттік білім беру ұйымдары кадрларының біліктілігін арттыру және қайта даярлау» республикалық бюджеттік бағдарламасын іске асыруға бастамашылық етті, оның шеңберінде Қазақстанның барлық өңірлерінің жоғары оқу орындары оқытушыларының кәсіби бағдарланған ағылшын тілі бойынша тілдік біліктілігін арттыру жүзеге асырылады. Бұл бағдарлама 2016 жылы төрт - ЖОО - Абылай хан атындағы ҚазХҚжӘТУ, Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ, Абай атындағы ҚазҰПУ және Бөкетов атындағы ҚарМУ базасында іске қосылды. Физика, химия, биология және информатика пәндерінен сабақ беретін педагогикалық жоғары оқу орындарының 1500 оқытушысы біліктілікті арттырудан өтті. Сонымен қатар университеттердің профессор-оқытушылары жыл сайын Қазақстанның түрлі облыстарының тілдерді дамыту басқармасы ұйымдастыратын ағылшын тілінің тегін курстарында және жоғары оқу орындарының біліктілігін арттыру курстарында оқу мүмкіндігіне ие. Бұл мәселе толығымен шешілмегеніне қарамастан, ең үстірт талдау мен бақылаулар оның шешіліп жатқанын, жұмыс мемлекеттік және өңірлік деңгейлерде жүргізіліп жатқанын, іздеу жүргізіліп жатқанын және шешудің барлық жаңа жолдары бар екенін көрсетеді. Үшінші бағыт – білім беру үдерісінде халықаралық аспектілерді жүзеге асыру арқылы білім беруді интернационалдандыру. Қазақстандық жоғары білім беруді жаңғырту оның мультилингвалдық жеке тұлға мен транслингвалдық мәдениеттің қалыптасуына негізделетін интернационалдандырылуына алып келеді.

Б.А. Нұркеева бұл терминді «әртүрлі деңгейдегі білім беру мекемелерінің зерттеу, оқытушылық және әкімшілік қызметіне әртүрлі халықаралық аспектілерді енгізу процесі» деп түсінеді [140, б. 296].

Интернационалдандыру шеңберінде Қазақстанның жоғары мектебі ПОҚ пен білім алушылардың академиялық ұтқырлығын ұйымдастырып, шетелдік ғалымдарды дәрістер оқуға шақыруды, оқытушылармен алмасуды, шетелдік әріптестермен бірлескен ғылыми-зерттеу бағдарламаларын әзірлеуді, басқа елдердің университеттерінде ғылыми тағылымдамаларды, қос дипломды білім беру шеңберінде бірлескен оқу бағдарламаларын құруды, жазғы мектептерді ұйымдастыруды және т.б. жүзеге асырады. Мысалы, серіктес университеттерде академиялық ұтқырлық бойынша білім алған студенттермен әңгімелесу олардың полимәдениеттілік, жауапкершілік, өзін-өзі тану және өзін-өзі көрсету дағдыларының жоғарылағанын көрсетеді.

Е.В. Шихотова жоғары білім беруді интернационалдандырудың тиімді және қолжетімді нысандарының бірі студенттерге, магистранттарға, оқытушыларға дәріс оқу үшін ғылыми қоғамдастыққа танымал ғалымдарды шақыру болғанын атап өтті [141,с. 21]. Әрине, жұмыстың бұл түрі осы процеске қатысатын білім алушылар мен оқытушылардың уәждемесін арттыруда тиімді болып табылады, өйткені олардың өзін-өзі дамытуға, оқу процесіне қызығушылықты оятуға серпін береді, үздік шетелдік тәжірибені қабылдауға және енгізуге ынталандырады. Қазақстан Республикасының Жоғары оқу орындары білім алушыларының академиялық ұтқырлығы тұжырымдамасында осы үдерістің оң жақтары ғана емес, сонымен қатар оның проблемалық аймақтары да көрсетілген [142,б.5]. Мысалы, академиялық ұтқырлықты тежейтін факторларға келесілерді жатқызуға болады: білім беру бағдарламаларының мазмұнындағы айырмашылықтар; оқу жоспарларының серіктес жоғары оқу орындарымен сәйкессіздігі; шет тілдерін жеткіліксіз білу; кредиттер мен балдарды қайта есептеу проблемасы және т.б. болып табылады. Көріп отырғанымыздай, мақсатты тілдерді білудегі тілдік құзыреттіліктің әлсіздігі маңызды мәселелердің бірі болып қалуда, бұл білім алушылардың академиялық ұтқырлық бағдарламасына, озық ғылыми ортаға, шетелдік бағдарламаларға қатысу мүмкіндіктерін шектейді. Бұл фактілер бізді көптілді білім беруді дамыту мәселесіне қайта оралуымызды талап етеді.

Төртінші бағыт - оқу-әдістемелік кешендерді, оқу құралдарын және т.б. әзірлеу.

Педагогикалық мамандықтардың студенттері тілдік және сөйлеу құзыреттілігінің жеткілікті деңгейін игеруді қажет етеді, өйткені кәсіби қызметте олар көптілді сыныптарда оқушыларды оқытуы керек. Осы тұрғыдан алғанда, жоғары оқу орындарында көптілді білім беруді енгізу проблемаларының бірі ретінде авторлар ұжымы "оқу жоспарындағы сағаттарды көбейтпей, оқу пәнінің мазмұнын игеру бойынша стандартты орындауға да, таңдалған оқытылатын пән аясында үш тілді меңгеруге де ықпал ететін тілдік емес пәндерді оқыту процесін арнайы жобалауды" талап ететін оқу процесінің ұйымдастырылуын атап өтеді [143, б.126].

Батыс өңірінде мынадай он төрт жоғары оқу орындары бар. Қ. Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университеті, Heriot-Watt University (Ақтөбе, 2023) - Қ. Жұбанов университеті жанында жұмыс істейді, Баишев университеті,

М. Оспанов атындағы Батыс Қазақстан медицина университеті, ҚР Ішкі істер министрлігінің М. Бөкенбаев атындағы Ақтөбе заң институты, ҚР Қорғаныс министрлігінің Екі мәрте Кеңес Одағының батыры Т.Ж. Бигелдинов атындағы Өуе қорғаныс күштерінің әскери институты, Х. Досмұхамедов атындағы Атырау университеті, Сафи Өтебаев атындағы Атырау мұнай-газ университеті, М. Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университеті, Жәңгір хан атындағы Батыс Қазақстан аграрлық-техникалық университеті, Қазақстан инновациялық және телекоммуникациялық жүйелер университеті, Батыс Қазақстан инновациялық-технологиялық университеті, И.М.Губкин атындағы Ресей мемлекеттік мұнай және газ университеті (Атырау, 2022) - С. Өтебаев университеті жанында жұмыс істейді, Ш. Есенов атындағы Каспий мемлекеттік технологиялар және инжиниринг университеті, Қазақ – Неміс тұрақты инженерия институты (Ш. Есенов университеті жанында жұмыс істейді).

Осы оқу орнындарында бүгінде 65062 студент оқып жатыр. Төмендегі кестеде ол мәліметтермен толық танысуға болады (Кесте 12) [117].

Кесте 12 - Өңірлер бойынша студенттер саны

Ақтөбе	Атырау	Маңғыстау	Батыс Қазақстан облысы	Өңірлер бойынша жалпы саны
22774	10117	6744	25427	65062
Ескертпе: *Ұлттық статистика бюросы: Stat.gov.kz				

Кесте 12-де ұсынылған деректерге сәйкес, Қазақстанның батыс өңіріндегі жоғары оқу орындарында білім алушы студенттердің жалпы саны 65 062 адамды құрайды. Аймақтар бойынша ең көп студент саны Батыс Қазақстан облысында тіркелген (25 427 студент), бұл өңірдің жоғары білім беру инфрақұрылымының кең ауқымда дамығанын көрсетеді. Одан кейінгі орында Ақтөбе облысы – 22 774 студентпен, ал Атырау облысында – 10 117, Маңғыстау облысында – 6 744 студент білім алуда. Бұл мәліметтер өңірлер арасындағы жоғары білім беру әлеуетінің айырмашылықтарын көрсетіп қана қоймай, өңірлік әлеуметтік экономикалық даму деңгейімен де тығыз байланысты екенін аңғартады. Атап айтқанда, Ақтөбе және Батыс Қазақстан облыстарында студенттер санының көп болуы жоғары оқу орындарының көптігімен және олардың көппрофильді құрылымымен түсіндіріледі. Зерттеу нәтижесінде, Батыс өңірде жоғары білім алу көрсеткіші тұрақты өсім үрдісін көрсетіп отыр. Бұл өңірдің кадрлықәлеуетін арттыруда және көптілді білім беру жүйесін дамытуда маңызды алғышарт болып табылады.

Ж.С. Бейсенованың оқу үрдісіне «Академиялық жазылым және оқылым» пәнін енгізуді ұсынуы да біздің қызығушылығымызды туғызып отыр. Оқу пәні бағдарламасының негізіне автор үш негізгі дағдыны қамтитын сауаттылық тұжырымдамасын ұсынады: «оқу» (алынған ақпаратты іздеу, түсіну және сыни

бағалау), «жазу» (туындайтын өз ойларын ұйымдастыру дағдысы), «логика» (логикалық ойлау дағдысы) [144, б. 92]. Автор ғылыми өнім ретінде мәтінмен жұмыс жасау барысында сыни ойлауды дамытуға, ғылыми-зерттеу дағдыларын қалыптастыруға бағытталған осындай курстың қажеттілігін егжей-тегжейлі және дәлелді түрде негіздейді. Автор курс барысында білім алушыларда қалыптасатын негізгі құзыреттерді анықтады: Оларға «ғылыми мәтінді құрудың негізгі принциптері, ғылыми мәтінге қойылатын халықаралық нормалар мен талаптар, дәлелдемелердің өзіндік объективті желісін құру, әртүрлі көздерден алынған ақпаратты сыни бағалау және жалпылау, басқалардың көзқарасын құрметтеу» жатады [144, б.94].

Автордың көзқарасын толық қабылдай отырып, мұндай курс мақсатты тілдерде жарияланған ғылыми жұмыстарды талдау, ал кейіннен Халықаралық библиографиялық стандарттардың (APA, MLA, CMS және т.б.) талаптары бойынша шетелдік басылымдарда ғылыми мақалаларды жариялауға дайындық арқылы оқытуды интернационалдандыруға ықпал ете алатындығына келісеміз. Тағы бір проблема ретінде оралман қазақтарды Т2-ге оқыту мәселесі. Бұл мәселе олардың жоғары оқу орындары ортасында бейімделуінің табысты болуына ықпал ететін мәдениетаралық коммуникацияны қалыптастыруға бағытталған оқу құралдарының болмауына байланысты туындап отыр. Осы бағыттағы А.Е. Агманова мен Б.М. Асмағамбетованың еңбектерінде жан-жақты қарастырылған [145].

Оқу құралы бес қағидатқа негізделеді: 1) Әлеуметтік-мәдени және әлеуметтік-тұрмыстық қарым-қатынас саласында тілдің қолданылу ерекшеліктерін көрсететін оқу материалын жағдаяттық және тақырыптық ұсыну; 2) функционалдылық (мақсатты коммуникативтік көзқарастардан оларды білдіру құралдарына оқыту моделі); 3) коммуникативтілік (тыңдалым және айтылым, оқылым және жазылым дағдыларын дамытуға арналған коммуникативтік жаттығулардың бағыттылығы); 4) жүйелілік және бірізділік (тілдік және сөйлеу материалын жүйелеу); 5) саналылық (теориялық материалды Т2-де, Т1-де ұсыну) [146, б. 76].

Қазақстандық болмысты ескере отырып әзірленген мұндай оқу құралы мақсатты тілді меңгерумен қатар, сабақтарда мәдениетаралық коммуникация ахуалын қалыптастыруға ықпал етеді, тілді үйренуге деген қызығушылықты арттырады, оқылатын тілде өз идеялары мен тұжырымдарын өз бетінше тұжырымдау дағдыларын дамытады деп санаймыз.

Бесінші бағыт – әлеуметтік лингвистикалық мониторинг.

Осы мәселе осы зерттеудің үшінші бөлімінде қаралатын мәселе болып табылатындықтан, оны осы жерде егжей-тегжейлі қарауды қажет деп есептемейміз. Көптілді білім беруді енгізу мен дамыту процесін бағалауды зерделеу және одан әрі жетілдіру мақсатында республикада көптілді білім беруді енгізу сапасының көрсеткіштеріне, оның ішінде оның әлеуметтік-лингвистикалық аспектілеріне жүйелі негізде мониторинг жүргізілетініне ғана тоқталайық. Осылайша, жүргізілген талдауды қысқаша қорытындылай отырып, жоғары оқу орындарында көптілді білім беруді дамыту тиісті деңгейде

жүргізіледі, туындайтын проблемаларды шешу іздестіріледі және жаңа шешу жолдары болады деген қорытындыға келуге болады. Түрлі бағыттар бойынша көптілді кадрларды тиімді даярлау; проблемалық аймақтарды шешуде бірыңғай шешімдер әзірлеу; фрагменттік жинақталған практиканы бірыңғай жүйеге келтіру; «Мектеп-ЖОО» жүйесінде білім беру бағдарламаларының сабақтастығын қамтамасыз ету мақсатында Қазақстандық жоғары оқу орындарының тәжірибесін жан-жақты тарату қажет деп ойлаймыз, Қазақстанда көптілді білім берудің табысты дамуы басқа елдерде көптілді білім берудің қазақстандық моделін енгізудің алғышарты болуы мүмкін деп санаймыз.

Бұл бағыт бойынша, әрине, ойланарлық және жасалатын шаралар мен атқарылатын жұмыстар өте көп деуге болады. Соның бірі осы біздің жүргізген жүйелі түрдегі алғашқы зерттеуімізді атауға болады. Соның ішінде көптілді білім берудегі біз атап көрсеткен және зерттелген мәселелердің сырт қалмай арнайы цифрлық базасын құру және оны үнемі жаңа мәліметтермен толықтырып отыру қажет. Бұл базаға түгел Қазақстандағы, белгілі бір өңірдегі, облыстағы көптілді білім беру бойынша мәліметтер тіркеліп (қарапайым сандардан бастап, жазылған ірі ғылыми, ғылыми-әдістемелік материалдар), оларға талдаулар жасалып, ғылыми, ғылыми-әдістемелік, статистикалық мазмұндағы ақпараттарды бұқаралық ақпарат құралдарына, ғылыми басылымдарға таратылып отырылуы тиіс.

Әлеуметтік–лингвистикалық мониторинг кең ауқымды, терең талдауларды қажет ететін жұмыс. Сондықтан да әлеуметтік-лингвистикалық мониторингтің мақсаты, индикаторлары мен критерийлері нақтыланып, үзіліссіз сауалнамалар, түрлі фокус-топтармен жұмыс жүргізіліп, сабақтар мен сабақтан тыс жұмыстарды бақылау нәтижелері, тілдік ортаны мониторингтеу, қостілді, көптілді оқыту бойынша деңгейлік анықтаулар және оларды ғылыми-әдістемелік қолдау, білім алушылардың түрлі әлеуметтік, тұрмыстық жағдайлардағы тілдік таңдаулары, тілдердің контекстілік қолданыстары, енгізіліп жатқан жаңалықтардың тиімділігі туралы мәліметтермен толықтырылып отыруы тиіс.

Екінші бөлім бойынша тұжырымдар

Көптілді білім берудің мазмұндық қырын біз қоғам дамуының әлеуметтік-саяси және экономикалық жағдайларына сәйкес үнемі өзгеріп отыратын және дамитын динамикалық категория ретінде қарастырамыз. Ал сонымен қатар әлеуметтік-лингвистикада көптілді білім берудің мазмұндық қыры оның әдістемелік қамтамасыз етілуін де қарастырады. Үштілді білім берудің қазақстандық моделінің негізінде үш тәсіл жатыр: 1) мақсатты тілдерді деңгейлеп оқыту (мемлекеттік тілді дамыту, орыс тілін қолдау және ағылшын тілін оқыту); 2) коммуникативтік тәсіл; 3) мәдениетаралық коммуникативтік тәсіл.

Қазақстандық теориялық-әдіснамалық және лингводидактикалық әдебиетті талдау ғылыми зерттеулердің инновациялық педагогикалық

тәжірибемен бекітілгенін көрсетті. Шет тілінде білім берудің қазіргі білім беру парадигмасы интеграциясының тұжырымдамалық негіздерін ұсыну: қарым-қатынасты моделдеудің заманауи тәсілдерін жасау және сипаттау; мақсатты тілдерді басқару, ұйымдастыру, оқыту технологиялары бізге ерекше құнды болып көрінеді. Біздің көзқарасымыз бойынша, мақсатты тілдерді оқытудағы перспективалық тәсілдердің бірі этнолингводидактикалық тәсіл болып табылады, оның теориялық-әдіснамалық ережелері көптілді білім беруді ғылыми-әдістемелік қамтамасыз етумен байланысты мәселелерді зерделеу үшін бастапқы нүкте бола алады.

Қазақстанның жоғары оқу орындарының оқытушылары мен жалпы білім беретін мектеп мұғалімдерінің жарияланым жұмыстарын талдау инновациялық технологиялардың көптілді білім беруде кеңінен қолданылып жатқанын көрсетеді. Біз ең перспективалы деп оқытудың қазіргі заманғы инновациялық технологияларының мынадай тобын бөліп көрсетеміз: 1) интерактивті технологиялар (рөлдік және іскерлік ойын, синквейн, кластерлер, пікірталастар, пікірсайыстар, жобалау жұмысы, вебквесттер және т.б.); 2) IBM (Inquiry Based Methods – креативті индивидтің қалыптасуы мен дамуына негізделген әдістер); 3) CLIL (пәндік-тілдік интеграцияланған оқыту); 4) компьютерлік лингводидактика әдістері. Көптілді білім беруді табысты жүзеге асырудың құралы ретінде жаттығулардың үш түрі (қарым-қатынасқа дайындық; қарым-қатынасты модельдеу; қарым-қатынастағы тәжірибе) тиімді болып табылады.

Мектепте мемлекеттік тіл негізінде көптілді білім беруді жүзеге асырудың мынадай мазмұнды талаптары айқындалған. 1) мақсатты – тіл оқыту құралы және оқыту нысаны ретінде; 2) мақсатты тілді мемлекеттік тілмен немесе қазақтың ұлттық мәдениеті арқылы салыстырмалы-салғастырмалы зерделеу; 3) білім алушылардың функционалдық сауаттылығын дамыту, мақсатты тілдерді өзге де мәдениетті және басқа да тілді иеленушілермен нақты қарым-қатынас құралы ретінде пайдалану негізінде оларды практикада қолдану; 4) лексика-грамматикалық минимумның көлемін анықтау және бөлінген параметрлерді ескере отырып, оқытылатын тілдің таныстырылатын лексика-грамматикалық ережелерін жеңілдету; 5) мақсатты тілдерде көрсетілген және тілде вербализацияланған тілдік практика мен өмірді салыстыру дағдыларын дамыту; 6) жаңа тілдерді меңгеру үшін өзіндік базис болып табылатын ана тілінің даму деңгейін ескере отырып, мақсатты тілдер дағдыларын дамыту (Т2 және Т3); 7) Т1 қолданудың білім алушының дамуына ықпалы зор. Яғни Т2 мен Т3-ті білім беру құралы ретінде меңгеру жақсы меңгерілген Т1-ге негізделуі тиіс; 8) көптілді білім беруде барабар технологияларды, әдістер мен тәсілдерді, жаттығулар жүйесін пайдалану. 6. Қазақстанның батыс аймағы бойынша студенттер мен оқушылар көптілді білім алуда және де ол оқу үдерісінде профессорлық-оқытушылық құрам қызмет етуде.

Бүгінгі таңда Қазақстанның батыс аймағындағы жоғары оқу орындарында көптілді білім беру алғашқы ұйымдастыру кезеңдерінен өтті және әзірленген әдіснама мен әдістемені нақты енгізу жолында тұр. Батыс аймақтың жоғары оқу орындарында көптілді білім беруді дамыту бойынша нақты шаралар жасалып, бүгінші күні өз нәтижелерін көрсетуде. Соның ішінде инновациялық білім беру технологияларын пайдалану, кадрлық қамтамасыз ету, білім беруді интернационалдандыру, көптілді білім беру мазмұнын (оқу құралдарын, ОӘК және т.б.) әзірлеу және әлеуметтік-лингвистикалық мониторинг сияқты бес проблемалық бағытты бөліп, талдадық.

Қазақстандық жоғары оқу орындарында көптілді білім беруді дамыту тиісті деңгейде жүргізілуде, туындайтын мәселелерді шешу іздестірілуде және оларды шешудің жаңа жолдары бар. Сондай-ақ ірі, ауқымды шара – әлеуметтік-лингвистикалық мониторингті күшейту болып табылады.

3 ОРТА ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ БЕРУ САЛАЛАРЫНДА КӨПТІЛДІ БІЛІМ БЕРУ ЖАҒДАЙЫ

3.1 Орта және жоғары білім беру салаларында көптілді білім беру жағдайын анықтауға арналған әлеуметтік-лингвистикалық зерттеудің талдауы

Бұл бөлімде Қазақстанның батыс өңірі тұрғындарының көптілді білім беру жағдайындағы тілдік ұстанымын және Ақтөбе облысындағы орта және жоғары білім саласындағы көптілді білім беру жағдайын анықтау мақсатында жүргізілген әлеуметтік-лингвистикалық зерттеудің нәтижелері ұсынылған. Әлеуметтік-лингвистикадағы статистикалық өңдеу әлеуметтік-лингвистикалық зерттеу барысында тілдік құбылыстар, әлеуметтік факторлардың заңдылықтары мен байланыстарын анықтау үшін статистикалық әдістерді қолдана отырып лингвистикалық мәліметтерді талдау үдерісі болып табылады. Бұл талдау әлеуметтік факторлардың, яғни адамның жынысы, жасы, әлеуметтік санаты мен этносының тілдік таңдауы, қолданысы, варианттылығына әсер ету ерекшеліктерін түсінуге, анықтауға мүмкіндік береді [147].

Қазақстанның батыс өңірінің білім кеңістігіндегі көптілділіктің әлеуметтік-лингвистикалық жай-күйін анықтау мен оған баға беру мақсатында біздің тарапымыздан бірнеше сауалнамалық зерттеулер жүргізілді. Сауалнама – әлеуметтік-лингвистикалық зерттеудің кеңінен қолданылатын құралдарының бірі. В.Ю. Михальченко сауалнаманы әлеуметтану мен әлеуметтік-лингвистикада арнайы құрастырылған бағдарламаның (сауалнаманың) сұрақтарына жауап түрінде нақты мәні бар материал алудың кең таралған әдістерінің бірі деп таниды [147 с. 25-26].

Зерттеу 2021-2025 жылдар аралығында батыс өңірдің (Ақтөбе, Атырау, Батыс Қазақстан облысы, Маңғыстау) аумағында жүргізілді. Арнайы зерттеу бағдарламасы дайындалып, білім кеңістігіндегі көптілділіктің өңірдегі тілдік жағдаяттағы орны мен қызметі, тұрғындар арасындағы қызметтік ұстанымын анықтау бойынша мақсат-міндеттер қойылды.

Білім кеңістігіндегі көптілділіктің шынайы жай-күйін тұрғындар, жоғары сынып оқушылары, студенттер, оқытушылар мен мектеп мұғалімдері арасында жүргізілген сауалнамалар арқылы айқындадық.

Алғашқы сауалнамалық зерттеу 2021 жылы жүргізілді. Сауалнама алу мақсаты – мектептер мен жоғары білім беру саласында үштілді білім берудің жай-күйін анықтау.

Сауалнама Ақтөбе облысының 4 ауданында (шартты түрде - 2 қазақ тілді және 2 орыс тілді аудан) өткізілді. Сауалнамаға 1000 респондент қатысты. Сауалнама Google Form арқылы таратылды. Әлеуметтік-лингвистикалық талдаудың эмпирикалық негізін батыс өңірдегі ең ірі өндірістік аумақ болып табылатын Ақтөбе облысының тұрғындары арасында өткізілген сауалнамалық зерттеуіміз құрады. Респонденттерді таңдау арнайы жүргізілмегендіктен,

сауалнамалық зерттеуге кез келген 14 пен 60 жас аралығындағы тұрғындар категориясының өкілдері қатыса алды.

2020 жылдың басындағы статистикалық деректер бойынша облыс халқының саны 881 651 болса, Ақтөбе қаласында 500 803 (55,3%) адам тұрды. Сауалнама жүргізілген аудандар халқының жалпы саны 86 411 адамды құрайды: Мәртөк – 29 980, Байғанин – 22 809, Қобда – 18 623, Ырғыз – 14 999 адам. Респонденттердің саны – 1000 адам. Сауалнама үшін халықты іріктеу жынысы, жасы, ұлты, тұрғылықты жері және елді мекендердің түрі бойынша есептелді. Сауалнама деректерін өңдеу кезінде статистикалық деректерді өңдеу үшін компьютерлік бағдарлама қолданылды, қолданбалы зерттеулерді жүргізуге арналған – SPSS (Statistical Package for the Social Sciences). Таңдалған аумақтарға қатысты бөлінген респонденттердің бас жиынтығы төменде берілген (Кесте 13).

Кесте 13 – Таңдалған аумақтарға қатысты респонденттердің бас жиынтығы

Аумақтар	Жалпы халық саны	Респонденттер саны
Ақтөбе қаласы	487 994	568
Мәртөк ауданы, Мәртөк ауылы	10213	164
Байғанин ауданы Қарауылкелді ауылы	8616	136
Ырғыз ауданы, Құмтоғай ауылы	5742	84
Қобда ауданы	5348	48
Барлығы:	517913	1000

Төменде зерттеу барысында алынған іріктеменің репрезентативтілігін растайтын респонденттердің әлеуметтік-демографиялық деректері келтірілген (Кесте 14).


Кесте 14 – Іріктеменің репрезентативтілігін растайтын респонденттердің әлеуметтік-демографиялық құрамы

Респонденттердің құрамы:					
1	2	3	4	5	6
Жасы:	14-16 жас	12,6%	Ұлты:	қазақ	76,0%
	17-25 жас	43%		орыс	15,8%
	26-40 жас	28%		украин	5,4%
	40-60 жас	15,2%		татар	1,8%
	61жас және одан жоғары	1,2%		басқа	1,0%
Білімі:	Орташа білімі бар	18,0%	Мекен жайы:	Ақтөбе қаласы	56,8%

14 – кестенің жалғасы

1	2	3	4	5	6
	Орта кәсіптік-техникалық білім бар	9,0%		Байғанин ауданы	13,6%
	Аяқталмаған жоғары білімі бар	38,6%		Ырғыз ауданы	8,4%
	Жоғары білімі бар	34,4%		Мәртөк ауданы	16,4%
Қызметтері	Оқушы	12,6%		Қобда ауданы	4,8%
	Студент	32,4%	Жынысы бойынша:	ер	37,4%
	Мемлекеттік қызметші	3,6%		әйел	62,6%;
	Жұмыссыз	4,4%			
	Басқа	47%			

Көптілді білім берудің тікелей білім саласына байланысты екендігін ескере отырып, ол салаға қатысты алынған мәліметтер қорытындысы мынадай нәтиже көрсетті: сауалнамаға қатысушылардың 180-і (18%) орта және толық емес орта білімі бар (олардың ішінде сауалнамаға қатысқан оқушылар). Сауалнамаға қатысушылардың 73%-ның (730) жоғары білімі және аяқталмаған жоғары білімі бар (олардың қатарына сауалнамаға қатысқан 324 студент те, сол сияқты қандай да бір себептермен жоғары білімін аяқтамаған басқа да адамдар енгізілген), орта арнаулы білім саласына қатысты респонденттер саны - 9% (86) (Сурет 8).



Сурет 8 – Респонденттердің білім деңгейлері бойынша көрсеткіштер.

Сауалнама қойылған мақсатқа қатысты мына мазмұндағы сұрақтардан тұрды:

- 1) Ақтөбе облысы тұрғындарының орта және жоғары білім берудегі көптілді білім беру жағдайын бағалау;
- 2) Ақтөбе облысының орта және жоғары білім берудегі көптілді білім берудің даму деңгейін көрсету;
- 3) респонденттердің көптілді білім берудің дамуына кедергі келтіруші факторлар мен көптілді білім берудің даму деңгейіне қанағаттанушылық/қанағаттанбаушылық таныту;
- 4) көптілді білім берудің негізгі компоненттері болып табылатын қазақ-орыс-ағылшын тілдерінің елдегі болашағына деген көзқарас пен ол тілдерді үйрену қажеттілігі;
- 5) мектеп оқушылары мен студенттерге үш тілді меңгеруде және үштілді білім беруді насихаттауда әдістемелік көмек көрсету мақсатында жасалатын тиімді шаралар туралы пікір.

Сауалнамадағы жауаптарды өңдеп, мынадай нәтижелер алынып қорытындылар шығарылды.

Ақтөбе облысы тұрғындары орта және жоғары білім берудегі үштілді білім беру жағдайын оң бағалаған, яғни респонденттердің 99,2% А және В жауап нұсқаларын белгілеген.

Респонденттерге «Ақтөбе облысының орта және жоғары білім беру саласындағы көптілді білім берудің жай-күйін сіз қалай бағалайсыз?» деген сұраққа жауаптың бірнеше нұсқасын таңдау мүмкіндігі берілді. Осы сұрақ бойынша сұрақтарды өңдеу нәтижесінде респонденттердің жартысы (50%) облыстың орта және жоғары білім беру саласында жағдай айтарлықтай тұрақты және жылдан жылға көп тілді меңгерген білім алушылардың саны артып келеді деп санайды. 49,2% респондент мектептер мен ЖОО көптілді білім беруді дамытуға ықпал ететін жағдайлар *жасалған* деп санайды. Респонденттердің бұл жауаптары мемлекеттік тіл саясаты мен көптілді білім беруді дамыту саласындағы тіл құрылысының үрдістері қоғамда *түсіністік* пен *қолдау* тауып отырғанын көрсетеді. Сонымен қатар, сауалнамаға қатысушылар облыстың орта және жоғары білім беру саласында көптілді білім беруді іске асыру бойынша белгілі бір мәселелер бар деп санайды. Олар бұл мәселелерді сауалнаманың басқа сұрағына жауап беру кезінде көрсеткен. Респонденттердің пікірінше (38,2%), көптілді білім беруді жандандыру бойынша шаралар қажет деп есептейді. Зерттеу нәтижесі бойынша, ауыл тұрғындарымен салыстырғанда, қала халқы туындаған мәселеге анағұрлым сыни тұрғыдан қарайтынын көруге болады - 21,60% қалалық респондент «Ақтөбе облысында орта және жоғары білім беру саласындағы тіл саясатын іске асыру жандандыруды қажет етеді» деп жауап берген. Ақтөбе облысының орта және жоғары білім беруде көптілді білім беруді іске асыру жағдайын бағалауы туралы мәліметті толығырақ төмендегі кестеден көруге болады (Кесте 15).

Кесте 15 – Ақтөбе облысы тұрғындарының жалпы орта және жоғары білім беру ұйымдарында көптілді білім беруді іске асыру жағдайын бағалау (аудандар мен қалалар бөлінісінде)

Ақтөбе облысы тұрғындарының жалпы орта және жоғары білім беру ұйымдарында көптілді білім беру жағдайы	Жауап берушілердің жалпы саны		Ақтөбе қ. (%)	Аудандар (%)	Аудандар (%)			
	сандық өрнек	%			Байғанин	Ырғыз	Мәртөк	Қобда
А. жалпы орта және жоғары білім беруде жағдай айтарлықтай тұрақты, жыл сайын көптілді меңгерген білім алушылардың саны артып келеді	500	50,00%	28,40%	21,60%	6,80%	4,20%	8,20%	2,40%
В. мектептер мен ЖОО-ларда КББ-ге ықпал ететін тиісті жағдайлар жасалған	492	49,20%	28,00%	21,20%	6,60%	4,20%	8,00%	2,40%
С. жалпы орта және жоғары білім беруде КББ-ді іске асыру бойынша мәселелер бар	600	60,00%	34,00%	26,00%	8,20%	5,00%	9,80%	2,80%
Д. Ақтөбе облысы жалпы орта және жоғары білім беру ұйымдарындағы тіл саясатын іске асыру мен жандандыруды қажет етеді	382	38,20%	21,60%	16,60%	5,20%	3,20%	6,20%	1,80%
Е. басқа	10	1,00%	0,60%	0,40%	0,20%	0,00%	0,20%	0,00%
Барлығы (сандық өрнек):	1000	100%	568	432	136	84	164	48
Ескертпе: %-дық арақатынас респонденттердің жалпы санынан келтірілген								

Сонымен қатар сұрақ тізіміне тұрғындардың ойын тереңірек білу мақсатында «Басқа», яғни өз ойын жазуға арналған нұсқа да берілген болатын. Бұл нұсқада респонденттердің көзқарасы бойынша «Көптілді білім беруді жүзеге асыру шындыққа жанаспайды», «Бұл кезде студенттер маңызды материалды негізгі оқу тілінде қабылдауға мәжбүр болады» деген жауаптар болды. Яғни, кейбір респонденттер көптілді білім беруге деген сенімсіздік танытатынын, оның болашақта мамандардың кәсіби құзыреттеріне теріс әсер

етеді деген пікірлердің де бар екендігін анықтадық. Дегенмен де сандық деректерді талдау нәтижелері облыс халқының орта және жоғары білім берудегі көптілді білім берудің даму жағдайын оң бағалайтынын, бұл бағалаулар қала тұрғындары (А нұсқасы – 28,40%; В нұсқасы – 28,00%) мен ауыл тұрғындары (А – 21,60%, В – 21,20%) арасында тең дәрежеде екендігін, ал жалпы алғанда бұл жиынтық 99,2% құрайтынын көрдік.

Ақтөбе облысының орта және жоғары білім саласындағы көптілді білім берудің даму деңгейі туралы тұрғындар пікірін білу үшін «Ақтөбе облысындағы орта және жоғары білім саласындағы көптілді білім берудің даму деңгейіне қанағаттанасыз ба?» деген сұрақ берілген болатын.

Біздің ойымызша, халықтың мемлекет жүргізіп отырған тіл саясатының маңыздылығын, оны іске асыру қажеттілігін нақты түсінуі маңызды болып табылады. Білім беру саласындағы іс-шаралардың сапасы мен нәтижелерін бағалау үдерісінде жастар ерекше белсенді ұстаным танытады. Жүргізілген зерттеу нәтижесінде респонденттердің басым көпшілігі (692 адам) – 69,2% облыстың мектептері мен жоғары оқу орындарында көптілді білім беруді іске асыру деңгейіне қанағаттанатынын көрсеткен.

Зерттеу нәтижелері респонденттердің 16,2%-ын құрайтын білім алушылардың қанағаттанбайтындарын көрсетті. Сонымен, студенттердің 0,2% сұраққа жауап беру кезінде «Басқа» нұсқасын таңдап, оған өз пікірлерін жазған.

Бұл пікірлер жоғары оқу орындарының техникалық мамандықтарындағы көптілді топтарда оқыту үдерісіне қатысты студенттердің қанағаттанбаушылық себептерін айқындайды. Респонденттердің пікірінше, көптілді топтарда қолданылатын оқыту әдістері студенттер үшін белгілі бір психологиялық және әлеуметтік қиындықтар тудырады. Атап айтқанда, студенттер негізгі академиялық топтарда қалыптасқан өзара байланыс пен үйреншікті тілдік ортада білім алуға бейімделгенімен, көптілді сабақтар барысында жаңа тілдік және психологиялық ортаға бейімделу қажеттілігі туындайды. Мұндай жағдай кейбір білім алушылардың ішкі психологиялық күйзелісін күшейтіп, оқу үдерісінде жайсыздық сезімін тудыруы мүмкін.

Алайда бұл пікірді нақтылай түсуді қажет деп санаймыз. Жоғары оқу орындарындағы көптілді білім беру тәжірибесіне сүйенсек, көптілді топтар көбінесе бір академиялық топтың негізінде қалыптасады. Сонымен қатар, кей жағдайларда техникалық бағыттағы білім беру бағдарламаларының шағын контингентті топтарынан арнайы көптілді пәндер үшін бірлескен оқу топтары ұйымдастырылады. Мұндай топтардың құрамына қазақ және орыс тілдерінде оқытылатын топтардың студенттері де енеді. Күн бойы бірнеше рет оқу ортасын ауыстыруға мәжбүр болған студенттер үшін бұл жағдай психологиялық жайсыздық тудыруы ықтимал. Дегенмен, бұл тәжірибенің артықшылықтары да болуы мүмкін деген сұрақ туындайды. Мәселен, мұндай жағдай студенттердің бейімделу қабілетін арттырып, академиялық ұтқырлығын дамытуға септігін тигізуі мүмкін. Сондықтан бұл мәселені жан-жақты зерттеу – көптілді білім берудің тиімділігін бағалауда маңызды аспект болып табылады.

«Ақтөбе облысындағы орта және жоғары білім беру саласында көптілді білім берудің даму деңгейіне қанағаттанасыз ба?» деген сұраққа жауапты нақтырақ төменде көруге болады (Кесте 16).

Кесте 16 – Ақтөбе облысы тұрғындарының жалпы орта және жоғары білім беру ұйымдарында көптілді білім берудің даму деңгейіне қанағаттануын бағалау (аудандар мен қалалар бөлінісінде)

Ақтөбе облысында жалпы орта және жоғары білім беру ұйымдарында көптілді білім беруді іске асыру деңгейіне қанағаттану	Жауап берушілердің жалпы саны		Ақтөбе қ. (%)	Аудандар (%)	Аудандар (%)			
	Саны	%			Байғанин	Ырғыз	Мартөк	Қобда
А. иә	692	69,20%	39,40%	29,80%	9,40%	5,80%	11,40%	3,40%
В. жоқ,	162	16,20%	9,20%	7,00%	2,20%	1,40%	2,60%	0,80%
С. жауап беру қиын	144	14,40%	8,20%	6,20%	2,00%	1,20%	2,40%	0,60%
Д. басқа	2	0,20%	0,20%	0,00%	0,00%	0,00%	0,00%	0,00%
Барлығы (сандық өрнек):	1000	100%	568	432	136	84	164	48
Ескертпе: % -дық арақатынас респонденттердің жалпы санынан келтірілген								

Осы мәселе аясында арнайы әзірленген сауалнама негізінде мақсатты зерттеу жүргізу қажеттілігі туындайды. Бір жағынан, зерттеу барысында бұл мәселе жөнінде тек екі студент пікір білдіргені байқалды. Демек, мұндай жауаптар олардың жеке тәжірибелері мен субъективті көзқарастарына байланысты болуы ықтимал. Екінші жағынан, бұл мәселе сұхбат барысында көтерілгендіктен, оның шынайы өмірде де орын алуы мүмкін және мұндай пікірлердің кең таралу ықтималдығын жоққа шығаруға болмайды. Дегенмен, жоғарыда аталған аспектілер тек арнайы ұйымдастырылған сауалнамалық зерттеулер арқылы нақтылануы тиіс. Сауалнама нәтижелері респонденттердің 14,4% екінші сұраққа жауап беру кезінде қиындықтарға тап болғанын көрсетті. Бұл жағдай олардың көптілді білім беру саласына жанама түрде ғана қатысы бар екендігімен түсіндіріледі. Атап айтқанда, олардың қатарында зейнеткерлер, өзін-өзі жұмыспен қамтығандар, жұмыссыздар, сондай-ақ сауда саласының қызметкерлері болған. Кейбір респонденттер сұраққа нақты жауап берудің орнына келесі сипаттағы пікірлерді ұсынды: «Менде бұл жастағы балалар жоқ», «Мен бұл туралы аз білемін», «Естіп жүрмін, бірақ нақты ақпаратым жоқ» және т.б.

Дегенмен, екінші сұраққа жауап бергендердің арасында сауалнамаға қатысушылардың басым бөлігі (69,2%) облыс мектептері мен жоғары оқу орындарында көптілді білім беруді іске асыру деңгейіне қанағаттанатындықтарын атап өтті. Алынған нәтижелерге сүйене отырып, бүгінгі таңда өңір тұрғындарының басым бөлігінде мектептер мен жоғарғы оқу орындарында көптілді білім беруді енгізу үдерісінің маңыздылығына қатысты оң көзқарас қалыптасқанын атап өтуге болады.

Сауалнаманың келесі сұрағы – «Сіз мектепте және жоғары оқу орнында білім беру бағдарламалары аясында үш мақсатты тілді оқытуды жеткілікті деп санайсыз ба?» – алдыңғы сұрақпен қисынды байланыста қойылған. Бұл сұрақ Ақтөбе облысындағы көптілді білім берудің қазіргі жағдайына халықтың қанағаттану деңгейін бағалауға бағытталғанын атап өту керек.

Бұл сұрақ бойынша жауаптарды талдау нәтижесі респонденттердің едәуір бөлігі (64,4%) нақты жауап беруге қиналғанын көрсетті. Олардың ішінде негізінен 26 жастан 61 жасқа дейінгі және одан жоғары жастағы азаматтар (41,6%), мектеп оқушылары (10,4%) және студенттер (12,4%) болды.

Респонденттердің бұл сұраққа жауап берудегі қиындықтары бірнеше факторларға байланысты деп пайымдауға болады:

1. Көптілді білім беру үдерісінің бұқаралық ақпарат құралдарында жеткіліксіз деңгейде насихатталуы нәтижесінде халықтың ақпараттану деңгейінің төмендігі;

2. Әлеуметтік желілер мен білім беру ұйымдарының ресми ресурстарында көптілділікке қатысты қабылданған шаралар туралы ақпараттың жеткіліксіздігі.

Жалпы алғанда, деректердің болмауы немесе жеткіліксіздігі, бұл өз кезегінде бұрынғы және қазіргі жағдайларды салыстыруды қиындатады. Алынған нәтижелер елімізде, оның ішінде өңірлік деңгейде, көптілді білім беру саласына қатысты қоғамдық пікірдің әркелкілігін және ақпараттану деңгейінің төмендігін көрсетеді. Осыған байланысты, орта және жоғары білім беру жүйесінде көптілділікті енгізу бойынша жүргізіліп жатқан жұмыстардың тиімділігін кешенді бағалау мақсатында арнайы ұйымдастырылған, жүйелі әрі кең ауқымды ғылыми зерттеулер қажет. Мұндай зерттеулер жеке білім беру мекемелерінің тәжірибесін таратуға және Қазақстан бойынша көптілді білім берудің шынайы жағдайын көрсетуге мүмкіндік береді (Кесте 17).

Кесте 17 - «Мектеп пен жоғары оқу орындарында білім беру бағдарламалары аясында үш мақсатты тілді оқытудың жеткіліктілігін бағалау»

Мектеп пен ЖОО-дағы білім беру бағдарламалары шеңберінде үш тілді оқытудың жеткіліктілігі	Жауап берушілердің жалпы саны		Ақтөбе қ. (%)	Аудандар (%)	Аудандар (%)			
	Саны	%			Байғанин	Ырғыз	Мәртөк	Қобда
А. иә	216	21,60%	12,20%	9,40%	3,00%	1,80%	3,60%	1,00%
В. жоқ	140	14,00%	8,00%	6,00%	2,00%	1,20%	2,20%	0,60%
С.жауап беру қиын	644	64,40%	36,60%	27,80%	8,80%	5,40%	10,60%	3,00%
Д. басқа	0	0,00%	0,00%	0,00%	0,00%	0,00%	0,00%	0,00%
Барлығы (сандық өрнек):	1000	100%	568	432	136	84	164	48
Ескертпе: % -дық арақатынас респонденттердің жалпы санынан келтірілген								

Кестеде келтірілген мәліметтерге сәйкес, респонденттердің 21,6%-ы көптілді білім беруді іске асыру бағытында қабылданған шаралардың жеткіліктілігіне сенім білдірген. Бұл жауаптар негізінен орта мектеп мұғалімдері, жоғары оқу орындарының оқытушылары, студенттер және орта білім беру мекемелерінің оқушылары тарапынан ұсынылған. Мұндай пікірлерді қисынды әрі негізделген деп бағалауға болады, себебі бұл санаттағы респонденттер үштілді білім беруді енгізу жөніндегі бұрынғы және қазіргі кезеңдегі шараларды салыстыруға жеткілікті тәжірибе мен ақпаратқа ие.

Сонымен қатар, сауалнамаға қатысушылардың 14,0%-ы қабылданған шараларды жеткіліксіз деп бағалаған. Бұл топтың басым бөлігін жоғары оқу орындарының студенттері құрайды. Мұндай пікірлер студенттер арасындағы сын көзқарастың бар екенін және олар тарапынан үштілді білім беру үдерісінің сапасына қатысты талаптардың жоғары екенін көрсетеді.

Қала мен ауыл тұрғындарының жауаптарындағы айырмашылықтардың айтарлықтай еместігін атап өткен жөн. Атап айтқанда, қабылданған шараларды жеткіліксіз деп есептейтін респонденттердің ішінде 14%-ы – қала тұрғындары санатындағы студенттер болса, ауылдық елді мекендерден шыққан респонденттердің үлесі 6% болды. Оның ішінде Байғанин ауданы – 2%, Мәртөк ауданы – 2,2% болды.

Жалпы алғанда, статистикалық деректердің талдауы халықтың айтарлықтай бөлігі көптілді білім беруді енгізу бойынша жүргізіліп жатқан шаралардың жеткіліктілігі туралы нақты пікір білдіруге қиналғанын көрсетеді. Бұл жағдай, біздің ойымызша, респонденттердің аталмыш саладағы үрдістер туралы ақпараттану деңгейінің төмендігімен байланысты.

Осыған байланысты, көптілді білім беруді іске асыруға бағытталған іс-шаралар туралы ақпаратты бұқаралық ақпарат құралдарында кеңінен жариялау, сондай-ақ әлеуметтік желілер мен білім беру мекемелерінің ресми интернет ресурстарында тұрақты түрде орналастыру маңызды әрі қажетті қадам болып табылады. Мұндай ақпараттық ашықтық қоғамда үштілді білім берудің мәні мен маңызын түсінуге, сонымен қатар осы бағыттағы мемлекеттік саясатты қолдауға ықпал етері сөзсіз.

Зерттеу аясында респонденттердің және олардың отбасы мүшелерінің қазақ (мемлекеттік), орыс және ағылшын тілдерін меңгеру деңгейі анықталды. Бұл көрсеткіш қазіргі уақытта көптілді білім беру саясатының жүзеге асу деңгейін бағалауға мүмкіндік береді.

Атап айтқанда, «Үш тілді меңгерген, бірақ жеткілікті дәрежеде емес» деген жауап нұсқасына берілген жауаптарды талдау барысында келесі нәтижелер алынды: респонденттердің 81,2% «Иә, меңгергенмін, бірақ жеткілікті дәрежеде емес» нұсқасын таңдаған. Оның ішінде 45,3%-ы – қалалық тұрғындар, ал 35,9% – ауылдық елді мекендердің тұрғындары болды (Кесте 18).

Кесте 18 – Респонденттердің мемлекеттік, орыс және ағылшын тілдерін меңгеру деңгейін анықтау нәтижелері (аудандар мен қалалар бөлінісінде)

Мемлекеттік, орыс және ағылшын тілдерін меңгеру деңгейі	Жауап берушілердің жалпы саны		Ақтөбе қ. (%)	Аудандар (%)	Аудандар (%)			
	Саны	%			Байғанин	Ырғыз	Мәртөк	Қобда
А. иә, еркін меңгергенмін	20	2,00%	1,90%	0,10%	0,00%	0,00%	0,10%	0,00%
В. иә, меңгергенмін, бірақ жеткілікті дәрежеде емес	812	81,20%	46,30%	34,90%	10,40%	6,00%	14,30%	4,20%
С. жоқ, тек жеке-жеке тілді еркін меңгергенмін	168	16,80%	8,60%	8,20%	3,20%	2,40%	2,00%	0,60%
қазақ тілі	66	6,60%	0,80%	5,80%	2,80%	2,40%	0,40%	0,20%
орыс тілі	102	10,20%	7,80%	2,40%	0,40%	0,00%	1,60%	0,40%
ағылшын тілі	0	0,00%	0,00%	0,00%	0,00%	0,00%	0,00%	0,00%
Барлығы:	1000	100%	568	432	136	84	164	48
Ескертпе: % -дық арақатынас респонденттердің жалпы санынан келтірілген								

Көрсетілген деректер үш тілдің де белгілі бір деңгейде халық арасында қолданылатынын көрсетеді. Сонымен қатар, тілдік құзыреттілік деңгейі мен респонденттердің өмір сүру ортасы арасындағы (қала мен ауыл)

айырмашылықтың аса айқын еместігі байқалады. Бұл нәтиже, біздің пайымдауымызша, *урбанизация* мен *рурализация* факторларының үштілділікке әсер ету деңгейі төмен екенін немесе біршама теңестірілгенін білдіреді. Өз кезегінде, бұл жағдай облыс көлемінде көптілділікке қатысты қалыптасқан үрдістердің кең таралуын, яғни үш тілді белгілі бір дәрежеде меңгеруге деген ұмтылыстың урбанистік ортаға ғана тән құбылыс еместігін көрсетеді.

Зерттеу нәтижелері көрсетіп отырғандай, көптілділікке бағытталған мемлекеттік саясат аясында қабылданып жатқан шаралар тұрғындардың түрлі әлеуметтік-демографиялық топтары арасында жалпылама қолдау тауып отыр. Дегенмен, бұл көрсеткіш тек тілдерді толық меңгеру емес, ішінара меңгеру деңгейін білдіретіндіктен, бұл салада қосымша қолдау шаралары мен нақты бағдарланған тілдік орта құру қажеттілігі туындайды.

Респонденттердің қазақ, орыс және ағылшын тілдерін жеке меңгеру деңгейін талдау нәтижесінде респонденттердің 16,8%-ы қазақ, орыс немесе ағылшын тілдерінің бірін ғана еркін меңгергенін көрсетті. Бұл көрсеткіштің құрылымына сәйкес, 8,6%-ы қалалық, ал 8,2%-ы ауылдық елді мекен тұрғындарына тиесілі. Жекелеген тілдерді еркін меңгеруге қатысты мәліметтерді саралау барысында респонденттердің бірде-бірі тек ағылшын тілін меңгергенін көрсетпегені анықталды. Бұл нәтиже, біздің пайымдауымызша, респонденттердің берген жауаптарының шынайылығын және зерттеу деректерінің ішкі логикаға сай екенін дәлелдейді. Сауалнама құрылымына «бір тілді еркін меңгеру» нұсқасын енгізу бастапқы кезеңде артық деп саналуы мүмкін деген пікірлер болғанымен, «Тілдердің үштұғырлығы» саясатының мазмұнын кешенді түрде бағалау мақсатында бұл тармақты қосу ғылыми тұрғыдан негізделген шешім болып табылады. Нақтырақ айтқанда, тек қазақ тілін еркін меңгерген респонденттердің саны – 66 адам. Олардың 0,8% қалалық, ал 5,8% ауылдық тұрғындар қатарынан шыққан. Сауалнама респонденттердің белгілі бір тілді меңгеру себептерін анықтауға бағытталмағандықтан, тек қазақ тілін меңгерген қала тұрғындарының (0,8%) құрамына, болжам бойынша, жақында ғана қалаға көшіп келген, қазақ тілінен өзге тілді күнделікті тәжірибеде қолдануға мүмкіндігі болмаған азаматтар кіруі мүмкін. Бұл топты, негізінен, урбанистік ортаға бейімделіп үлгермеген этникалық қазақтар құрайды деп тұжырымдауға болады. Аудандық деңгейде қарастырғанда, тек қазақ тілінде сөйлейтін респонденттердің басым бөлігі Байғанин (2,8%) және Ырғыз (2,4%) аудандарында шоғырланған, бұл көрсеткіштер олардың дәстүрлі қазақ тілді орталар ретінде сақталғанын көрсетеді. Керісінше, Мәртөк (0,4%) және Қобда (0,2%) аудандарында мұндай көрсеткіштер едәуір төмен. Респонденттердің 102-сі тек орыс тілін меңгергенін көрсетті, бұл жалпы сұралғандардың 10,2% құрайды. Оның ішінде 7,8% қалалық, 2,4% ауылдық тұрғындар. Ауылдық аумақтар бойынша респонденттердің басым бөлігі Мәртөк және Қобда аудандарынан екені анықталды. Бұл нәтиже аталған өңірлердегі орыс тілінің ықпалы мен этникалық құрамның ерекшеліктерін еске отырып, объективті және түсінікті құбылыс ретінде бағаланады.

Осылайша, мемлекеттік, орыс және ағылшын тілдерін меңгеру деңгейіне жүргізілген талдау нәтижесінде анықталғандай, респонденттердің басым бөлігі (81,2%) үш тілді белгілі бір деңгейде меңгергенімен, оларды еркін қолдануда белгілі бір қиындықтарға тап болатынын мойындаған. Бұл көрсеткіш үштілділік саясаты аясында халықтың тілді меңгеруге деген ұмтылысы бар екенін көрсеткенімен, оны терең әрі жүйелі түрде дамыту қажеттілігін де айғақтайды. Жалпы алғанда, зерттеу деректеріне сәйкес, облыс халқының 2% (20 респондент) қазақ, орыс және ағылшын тілдерін бір мезгілде еркін меңгергенін көрсетті. Бұл көрсеткіш үштілділік идеясын толығымен жүзеге асыруға қол жеткізген азаматтардың әлі де аз екенін байқатады және бұл бағытта жүйелі институционалдық қолдаудың маңыздылығын көрсетеді.

Жоғарыда біз атап өткен барлық әлемдік үдерістердің жаһандануы жағдайында көптілді білім беруге объективті сұраныс тіл дамудың жаңа кезеңіне өтіп, қазақстандық қоғамның өркендеуіне қарышты қозғалыстың жеткізушісіне айналуымен шарттасқан. Сондықтан мемлекеттің тіл саясаты саласындағы жетістіктері, орын алған мәселелерді анықтау және осы мәселелерді шешу жөніндегі шараларды іске асыру өте маңызды болып табылады. Осы тұрғыдан алғанда, төменде көрсетілген облыстың мектептері мен жоғары оқу орындарында көптілді білім беруді дамыту мәселелері туралы халықтың пікірін анықтау маңызды деп санаймыз. Бұл сұраққа жауап беру кезінде респонденттерге бірнеше жауап таңдауға мүмкіндік берілді. (Кесте 19).

Кесте 19 - Ақтөбе облысының мектептері мен жоғары оқу орындарында үштілді білім беруді іске асыру мәселелері туралы пікір (аудандар мен қалалар бөлінісінде)

Ақтөбе облысының мектептері мен ЖОО-да үштілді білім беруді дамыту мәселелері	Жауап берушілердің жалпы саны		Ақтөбе қ. (%)	Аудандар (%)	Аудандар (%)			
	Саны	%			Байғанин	Ырғыз	Мәртөк	Қобда
1	2	3	4	5	6	7	8	9
А. жеткілікті тілдік ортаның болмауы								
қазақ тілі	234	23,40%	13,20%	10,20%	5,20%	2,80%	1,80%	0,80%
орыс тілі	150	15,00%	8,60%	6,40%	1,00%	0,20%	3,40%	1,80%
ағылшын тілі	962	96,20%	54,60%	41,60%	13,00%	8,00%	15,80%	4,60%
В. оқуға деген уәждеме мен ынталандырудың болмауы								
қазақ тілі	92	9,20%	7,20%	2,00%	0,00%	0,00%	1,60%	0,40%
орыс тілі	170	17,00%	5,60%	11,40 %	5,60%	3,40%	1,80%	0,60%
ағылшын тілі	28	2,80%	0,40%	2,40%	0,60%	0,60%	1,00%	0,20%
С. оқу құралдарының болмауы								
қазақ тілі	758	75,80%	72,20%	3,60%	1,40%	0,40%	1,80%	0,00%
орыс тілі	92	9,20%	5,20%	4,00%	1,20%	0,80%	1,60%	0,40%

19 – кестенің жалғасы

1	2	3	4	5	6	7	8	9
ағылшын тілі	568	56,80%	56,00%	0,80%	0,20%	0,00%	0,40%	0,20%
D. оқыту сапасының төмен деңгейі								
қазақ тілі	94	9,40%	5,40%	4,00%	1,20%	0,80%	1,60%	0,40%
орыс тілі	108	10,80%	6,20%	4,60%	1,40%	1,00%	1,80%	0,60%
ағылшын тілі	772	77,20%	76,40%	0,80%	0,20%	0,00%	0,40%	0,20%
Е.білім алушылардың жеке ерекшеліктері	64	6,40%	3,60%	2,80%	0,80%	0,60%	1,00%	0,40%
Ғ. басқа	8	0,80%	0,40%	0,40%	0,20%	0,00%	0,20%	0,00%
Барлығы (сандық өрнек):	1000	100%	568	432	136	84	164	48
Ескертпе: % -дық арақатынас респонденттердің жалпы санынан келтірілген								

Зерттеу барысында респонденттердің қазақ, орыс және ағылшын тілдерінің бірін еркін меңгеру деңгейі анықталды. Сауалнама нәтижелері бойынша, жалпы респонденттердің 16,8%-ы аталған үш тілдің бірін ғана меңгергенін көрсеткен. Бұл көрсеткіштің құрылымына сәйкес, 8,6% қалалық, ал 8,2% ауылдық елді мекен тұрғындарына тиесілі болды. Аталған жауаптар бойынша жүргізілген талдау барысында респонденттердің бірде-біреуі тек ағылшын тілін жеке меңгергенін көрсетпегені белгілі болды. Бұл дерек, біздің пайымдауымызша, зерттеу нәтижелерінің ішкі логикалық үйлесімділігін көрсетеді және респонденттердің жауаптарының шынайылығын айғақтайды. Әуелгіде «бір тілді еркін меңгеру» опциясын сауалнама құрылымына енгізу қажетсіз болуы мүмкін деген күмән туындағанымен, зерттеу нәтижелері аталған пункттің үштілділік мәселесінің шынайы ауқымын нақтылау үшін өзектілігін дәлелдеді. Сауалнама деректеріне сәйкес, тек қазақ тілін еркін меңгерген респонденттердің саны – 66 адам. Оның ішінде қалалықтардың үлесі 0,8%-ды, ауыл тұрғындарының үлесі 5,8%-ды құрады. Бұл айырмашылық ауылдық жерлерде қазақ тілінің үстемдік ету деңгейінің жоғары екенін көрсетеді. Сауалнамада тіл меңгеру себептеріне қатысты сұрақтар қамтылмағандықтан, қалада тұратын қазақ тілді респонденттердің (0,8%) тілдік шектеулері урбанистік ортаға жаңадан қоныс аударған этникалық қазақтардың бейімделу кезеңімен байланысты болуы мүмкін деген болжам жасалды. Бұл санатқа, негізінен, қалада өмір сүру тәжірибесі шектеулі, орыс тіліне тиісті дәрежеде бейімделіп үлгермеген азаматтар жатуы ықтимал (Кесте 20).

Кесте 20 – Ақтөбе облысының мектептері мен жоғары оқу орындарында үштілді білім беруді жүзеге асыру мәселелері туралы тұрғындардың пікірі (тілдер бөлінісінде)

Название	название																
Оқу құралдарының болмауы немесе жетіспеуі <table><thead><tr><th>Аймақ</th><th>қазақ тілі</th><th>орыс тілі</th><th>ағылшын тілі</th></tr></thead><tbody><tr><td>Облыс</td><td>75,80%</td><td>9,20%</td><td>56,80%</td></tr><tr><td>Қала</td><td>72,20%</td><td>5,20%</td><td>56,00%</td></tr><tr><td>Аудандар</td><td>3,60%</td><td>4,00%</td><td>0,80%</td></tr></tbody></table>	Аймақ	қазақ тілі	орыс тілі	ағылшын тілі	Облыс	75,80%	9,20%	56,80%	Қала	72,20%	5,20%	56,00%	Аудандар	3,60%	4,00%	0,80%	Жауап бергендердің жоғары пайызы қазақ (75,8%) және ағылшын (56,8%) тілдерінде оқу материалдарының жоқтығын көрсетті. Сонымен қатар, сауалнамалардағы көптеген респонденттер жауаптарын келесі түсініктемелермен толықтырды: «техникалық мамандықтар бойынша», «интернетте», «орыс тіліндегі әдебиеттерді қолдану керек». Сауалнамаларды талдау көрсеткендей, 14 пен 25 жас аралығындағы қалалық респонденттер, яғни бұл мәселе өзекті және өзекті болып табылатын оқитын жастар ең белсенді болды.
Аймақ	қазақ тілі	орыс тілі	ағылшын тілі														
Облыс	75,80%	9,20%	56,80%														
Қала	72,20%	5,20%	56,00%														
Аудандар	3,60%	4,00%	0,80%														
Оқыту сапасының төмен деңгейі <table><thead><tr><th>Аймақ</th><th>қазақ тілі</th><th>орыс тілі</th><th>ағылшын тілі</th></tr></thead><tbody><tr><td>ОБЛЫС</td><td>9,40%</td><td>10,80%</td><td>77,20%</td></tr><tr><td>ҚАЛА</td><td>5,40%</td><td>6,20%</td><td>76,40%</td></tr><tr><td>АУДАНАР</td><td>4,00%</td><td>4,60%</td><td>0,80%</td></tr></tbody></table>	Аймақ	қазақ тілі	орыс тілі	ағылшын тілі	ОБЛЫС	9,40%	10,80%	77,20%	ҚАЛА	5,40%	6,20%	76,40%	АУДАНАР	4,00%	4,60%	0,80%	Қазақ (90,6%) және орыс (89,2%) тілдерін оқыту сапасын оң бағалай отырып, респонденттердің көпшілігі шет тілін (77,2%) оқыту сапасының төмендігін көрсетеді. Қазақ және орыс тілдерін оқытуға қатысты сыни жауаптарды негізінен орта жастағы респонденттер, ал ағылшын тілін – жастар білдірді. Мұнда сандық мәліметтер көрсеткендей, қалалық (76,4%) және ауылдық (0,8%) тұрғындар арасындағы пікірлерге бөлінді. Қалалық және ауылдық респонденттер қазақ және орыс тілдерін оқыту сапасының төмен деңгейін шамамен бірдей бағалайды: қазақ тілі (Қала – 5,4%; ауыл – 4,0%); орыс тілі (Қала – 6,20%, ауыл – 4,6%). Респонденттер ағылшын тілін оқыту сапасының төмен деңгейін көптілді топтарда көрсетеді, «басқа» бағанында өз жауабына түсінік бере отырып, сондай-ақ мұнда көптілді топтарға мультимедиялық құралдармен толық жабдықталған және Интернетке шығатын жекелеген кабинеттерді ұсыну мәселесіне тоқталады. Көптілді топтардың кестесі бөлек қарастырылады.
Аймақ	қазақ тілі	орыс тілі	ағылшын тілі														
ОБЛЫС	9,40%	10,80%	77,20%														
ҚАЛА	5,40%	6,20%	76,40%														
АУДАНАР	4,00%	4,60%	0,80%														
Білім алушылардың жеке ерекшеліктері <table><thead><tr><th>Аймақ</th><th>Пайыз</th></tr></thead><tbody><tr><td>Облыс</td><td>50%</td></tr><tr><td>Қала</td><td>28%</td></tr><tr><td>Аудандар</td><td>22%</td></tr></tbody></table>	Аймақ	Пайыз	Облыс	50%	Қала	28%	Аудандар	22%	Облыс бойынша респонденттердің жартысы мәселелердің бірі ретінде білім алушылардың жеке ерекшеліктерін көрсетеді. Олардың ішінде қала халқының 28% -ы және ауыл халқының 22%-ы бар. Кейбір респонденттер тілдерді оқыту кезінде, мысалы, білімдегі олқылықтар, сөйлеу кемістіктері, ақпаратты қабылдау жылдамдығы мен арналары (аудиалдар, визуалдар мен кинестеттер), темперамент, жұмысқа қабілеттілік және т.б. ескерілмейтінін атап өтті.								
Аймақ	Пайыз																
Облыс	50%																
Қала	28%																
Аудандар	22%																

Аудандық бөліністе талдау көрсеткендей, тек қазақ тілін меңгерген респонденттердің ең көп үлесі Байғанин (2,8%) және Ырғыз (2,4%) аудандарына тиесілі. Бұл дерек осы аудандардағы тұрғындардың қазақ тілді тілдік ортада өмір сүретінін және ана тіліне деген тәуелділіктің жоғары деңгейін аңғартады. Ал керісінше, Мәртөк (0,4%) және Қобда (0,2%) аудандарында мұндай көрсеткіштердің төмен болуы бұл өңірлерде тілдік аралас орта басым екенін немесе орыс тіліне бейімделу деңгейінің жоғары екенін көрсетуі мүмкін. Тек орыс тілін меңгерген респонденттердің саны 102 адамды құрады, бұл жалпы қатысушылардың 10,2% құрайды. Олардың ішінде 7,8% қалалық, ал 2,4% ауылдық елді мекен тұрғындары болды.

Ауылдық респонденттер арасында орыс тілін меңгергендердің басым бөлігі Мәртөк және Қобда аудандарынан шыққан. Бұл аудандардағы этникалық құрылым мен тарихи-әлеуметтік контексті ескерсек, мұндай жағдайдың қалыптасуы заңды құбылыс болып табылады. Мемлекеттік, орыс және ағылшын тілдерін меңгеру деңгейін жалпы бағалау нәтижелері респонденттердің басым көпшілігі (81,2%) үш тілді белгілі бір деңгейде меңгергенімен, оларды еркін қолдануда белгілі бір қиындықтарға тап болатынын көрсеткен.

Бұл көрсеткіш халық арасында үштілділікке деген сұраныс пен қажеттіліктің бар екенін көрсеткенімен, оны практикалық тұрғыдан жетілдіру мен тереңдету бағытында жүйелі қолдау тетіктерінің әлі де жеткіліксіздігін аңғартады. Зерттеу нәтижелері бойынша, тек 2% респондент (20 адам) қазақ, орыс және ағылшын тілдерін бір мезгілде еркін меңгергенін көрсеткен.

Бұл көрсеткіш үштілді білім беру саясатының мақсаттарына толық сәйкес келетін азаматтардың үлесі әлі де өте төмен екенін айғақтайды. Демек, үштілділік идеясын сапалы жүзеге асыру үшін тілдік оқытудың мазмұны мен әдістемесін қайта қарастыру, әлеуметтік және институционалдық қолдау шараларын күшейту қажеттілігі туындайды. Осылайша, жүргізілген талдау көрсеткендей, респонденттер облыс көлеміндегі мектептер мен жоғары оқу орындарында көптілді білім беруді іске асыруға қатысты өз көзқарастарын ашық білдірген. Бұл олардың қоғамдағы тілдік үдерістер мен мемлекеттің тіл саясатына өздерінің бей-жай қарамайтынын және аталған бағыттағы өзгерістерге белсенді қатысу ұстанымын танытатынын көрсетеді.

Біз мұны өте маңызды фактор деп санаймыз. Мәселелер ашылған кезде, бар мәселелерді шешудің қажеттілігі мен қалауы, осы саладағы жұмыстың стратегиясы мен тактикасын таңдау, осы диссертациялық жұмыста ұсынылатын жағдайды жақсарту үшін ғылыми және практикалық ұсыныстар жасау қажет. Мемлекеттіліктің қалыптасуы, еліміздің егемендігін нығайту үдерісінің табысы көбінесе тіл құрылысының дұрыс тактикасы мен стратегиясын таңдауға байланысты екенін атап өту маңызды. Мемлекеттің тіл саясаты жөніндегі негізгі құжаттарда республиканың барлық тілдерін үйлесімді дамыту идеясы айқын байқалады, бұл ұлтаралық бірлік пен келісімді сақтау мен одан әрі дамытудың шарты болып табылады. Сонымен бірге үш тілді: қазақ тілін

мемлекеттік тіл ретінде, орыс тілін ұлтаралық қатынас тілі ретінде, ағылшын тілін лингвокогнитивті және лингвомәдени тәсіл негізінде әлемдік тіл ретінде бір мезгілде меңгерудің болашағы атап өтіледі. Бұл – жеке сана арқылы қабылданып, тілдік қарым-қатынас негізінде ұғынылатын руханилықтың, мәдениеттің және қоғамдық сананың негізгі тасымалдаушысы әрі жеткізушісі болып табылатын тілдер. Жоғарыда айтылғандарды ескере отырып, сауалнаманың «Сіздің ойыңызша, үш тілді: қазақ, орыс және ағылшын тілдерін меңгерудің қандай болашағы бар?» деген сұрағына жауап берген респонденттердің жауаптарын талдауда олардың басым көпшілігі көптілді білім беру болашағының бар екендігін атап, ол үдерісті оң бағалайтындығын көрсеткен. Бұл сұраққа алынған жауаптарды талдау барысында қала мен ауыл тұрғындарының жауаптары әр түрлі болды (Кесте 21).

Кесте 21 – қазақ, орыс және ағылшын тілдерін меңгеру мүмкіндіктерін бағалау (аудандар мен қалалар бөлінісінде)

Үш тілді: мемлекеттік, орыс және ағылшын тілдерін меңгерудің келешегі	Жауап берушілердің жалпы саны		Ақтөбе қ. (%)	Аудандар (%)	Аудандар (%)			
	Саны	%			Байғанин	Ырғыз	Мәртөк	Қобда
А. жастардың бәсекеге қабілеттілігін арттыру								
Иә	992	99,20%	56,40%	42,80%	13,40%	8,40%	16,20%	4,80%
Жоқ	8	0,80%	0,40%	0,40%	0,20%	0,00%	0,20%	0,00%
В. әлемдік жаһандану жағдайында жастарды қарым қатынас әрекетіне дайындау								
Иә	984	98,40%	55,80%	42,60%	13,40%	8,20%	16,20%	4,80%
Жоқ	16	1,60%	1,00%	0,60%	0,20%	0,20%	0,20%	0,00%
С. қосымша зияткерлік кеңістіктер, кәсіби және мансаптық өсу								
Иә	986	98,60%	56,00%	42,60%	13,40%	8,20%	16,20%	4,80%
Жоқ	14	1,40%	0,80%	0,60%	0,20%	0,20%	0,20%	0,00%
D. білім беру кеңістігін кеңейту, тәжірибе алмасу, академиялық ұтқырлық бағдарламаларына қатысу мүмкіндігі								
Иә	990	99,00%	56,20%	42,80%	13,40%	8,40%	16,20%	4,80%
Жоқ	10	1,00%	0,60%	0,40%	0,20%	0,00%	0,20%	0,00%
Е. қазақстандықтардың лингвистикалық капиталын ұлғайту, көпмәдениетті тұлғаны қалыптастыру								
Иә	980	98,00%	55,60%	42,40%	13,40%	8,20%	16,00%	4,80%
Жоқ	20	2,00%	1,20%	0,80%	0,20%	0,20%	0,40%	0,00%
Барлығы (сандық өрнек):	1000	100%	568	432	136	84	164	48
Ескертпе: % -дық арақатынас респонденттердің жалпы санынан келтірілген								

Респонденттердің жауаптарына сәйкес көптілді білім берудің болашағы келесі жағдайларға байланысты екендігі анықталды:

- жастардың бәсекеге қабілеттілігін арттыру (99,20%), оның ішінде қала халқының 56,40% және ауыл халқының 42,80%

- әлемнің жаһандану жағдайындағы өмірге жастарды дайындау (98,40%), оның ішінде 55,80% (қала тұрғындары) және 42,60% (қала тұрғындары);

- зияткерлік, кәсіби және мансаптық өсудің қосымша перспективалары (98,60%), олардың тиісінше 56,00% және 42,60% ;

- білім беру кеңістігін кеңейту, тәжірибе алмасу, академиялық ұтқырлық бағдарламаларына қатысу мүмкіндігі (99,00%) және 56,20%; тиісінше 42,80% ;

-қазақстандықтардың лингвистикалық капиталының ұлғаюы, көпмәдениетті тұлғаны қалыптастыру (98,00%), оның ішінде қала халқының 55,60% - ы және ауыл халқының 42,40%.

Сауалнама нәтижелері көрсеткендей, респонденттердің басым көпшілігі (98–99,2%) көптілді білім берудің маңыздылығын жоғары бағалайды. Бұл деректер облыс халқының тілдік факторды ел дамуының маңызды құрамдас бөлігі ретінде түсінетінін айғақтайды. Тіл – кез келген халықтың мәдени, әлеуметтік және экономикалық өмір сүруінің іргелі тетігі болғандықтан, тіл саясатын жүзеге асыруда барынша мұқияттылық пен үйлесімділік талап етіледі.

Ақтөбе облысында мемлекеттік тілді меңгеруді қолдау мақсатында жыл сайын тегін оқыту курстары өткізіліп келеді. Сонымен қатар, «Тілдердің үштұғырлығы» және «Тілдерді қолдану мен дамытудың 2011–2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы» аясында ағылшын тілін үйретуге арналған курстар ұйымдастырылған. Бұған қоса, өңірде қосымша білім беретін жеке тіл орталықтары мен жоғары оқу орындары базасында ашылған курстар да жұмыс істеуде. Осыған байланысты, облыста үш мақсатты тіл бойынша (қазақ, орыс, ағылшын) қосымша тілдік білім алуға деген сұраныс пен қажеттілікті анықтау өзекті болып табылады. Осы мақсатта респонденттерге «Қосымша тілдік курстарда үш тілді оқыту қажеттілігі бар ма?»; «Сіз немесе отбасыңыздың мүшелері қазақ, орыс және ағылшын тілдерін оқытуға арналған қосымша курстарға қатысасыз ба?» деген 2 сұрақ ұсынылып, төмендегідей жауаптар алынды (Кесте 22, 23).

Кесте 22 – «Қосымша тілдік курстарда үш тілді оқыту қажеттілігі»

«Қосымша тілдік курстарда үш тілді оқыту қажеттілігі бар ма?»	Жауап берушілердің жалпы саны		Ақтөбе қ. (%)	Аудандар (%)	Аудандар (%)			
	саны	%			Байғанин	Ырғыз	Мәртөк	Қобда
А. иә	684	68,40%	42,80%	25,60%	8,40%	4,80%	10,20%	2,20%
В. жоқ,	106	10,60%	6,00%	4,60%	1,40%	0,80%	1,80%	0,60%
С. жауап беру қиын	196	19,60%	7,20%	12,40%	3,60%	2,60%	4,20%	2,00%
Д. басқа	14	1,40%	0,80%	0,60%	0,20%	0,20%	0,20%	0,00%
Барлығы (сандық өрнек):	1000	100%	568	432	136	84	164	48
Ескертпе: % -дық арақатынас респонденттердің жалпы санынан келтірілген								

Кесте 23 - Респонденттердің қазақ, орыс, ағылшын тілдерін тілдік курстарда қосымша оқып-үйренуі

Респонденттердің қазақ, орыс, ағылшын тілдерін тілдік курстарда қосымша оқып-үйренуі	Жауап берушілердің жалпы саны		Ақтөбе қ. (%)	Аудандар (%)	Аудандар (%)			
	сандық өрнек	%			Байғанин	Ырғыз	Мәртөк	Қобда
А. егер оқып жатқан болсаңыз, онда қандай тіл:	668	66,80%	38,00%	28,80%	9,00%	5,60%	11,00%	3,20%
қазақ тілі	146	14,60%	8,20%	6,40%	2,00%	1,20%	2,40%	0,80%
орыстілі	4	0,40%	0,20%	0,20%	0,00%	0,00%	0,00%	0,00%
ағылшын тілі	592	59,20%	33,60%	25,60%	8,00%	5,00%	9,80%	2,80%
В. мен қазір курстарға қатысамын	450	45,00%	25,60%	19,40%	6,20%	3,80%	7,40%	2,20%
С. өз бетімше білім алумен айналысамын	286	28,60%	16,20%	12,40%	3,80%	2,40%	4,60%	1,40%
Д. тілдерді жеткілікті білемін	40	4,00%	2,20%	1,80%	0,60%	0,40%	0,60%	0,20%
Е. мен мұны өзім үшін қажет деп санамаймын	322	32,20%	18,20%	14,00%	4,40%	2,80%	5,20%	1,60%
Ғ. басқа	10	1,00%	0,60%	0,40%	0,20%	0,00%	0,20%	0,00%
Барлығы (сандық өрнек):	1000	100%	568	432	136	84	164	48
Ескертпе: % -дық арақатынас респонденттердің жалпы санынан келтірілген								

Сауалнама бойынша алынған жауаптарды талдау нәтижелері респонденттердің елеулі бөлігінің (66,8%) бұрын тілдік курстарға қатысқанын, ал 45,0% қазіргі уақытта да қатысып жүргенін көрсеткен. Бұл көрсеткіш көптілді білім беруді іске асыруда қосымша тілдік дайындықтың маңыздылығын және оған сұраныстың жоғары екенін дәлелдейді. Қосымша курстардың қажеттілігі, бір жағынан, мектептер мен жоғары оқу орындарында көптілді оқытудың кейбір тұстарда жеткіліксіз екенін де көрсетуі мүмкін.

Респонденттердің көпшілігі Ақтөбе облысында соңғы бір жыл ішінде көптілді білім берудің дамуы аздаған өзгерістермен сипатталады деп есептейді (37,2%). Сонымен қатар, 7,4% респондент ешқандай өзгеріс байқалмағанын, ал 4,2% бұл бағыттағы жағдайдың нашарлағанын атап өткен. Сауалнамаға қатысқандардың 14,8% сұраққа жауап беруге қиналған. Жас ерекшелігіне талдау жасау бұл топта 60 жастан асқан респонденттердің басым екенін

көрсетті, бұл олардың мәселе жайында хабардар болмауымен немесе сауалнамаға белсенді қатыспауымен байланысты болуы мүмкін (Кесте 24).

Кесте 24 – Ақтөбе облысының мектептері мен жоғары оқу орындарында соңғы жылдары көптілді білім берудің іске асырылу барысын бағалау (аудандар мен қала бөлінісінде)

Соңғы жылдары Ақтөбе облысының мектептері мен ЖОО-да көптілді білім беруді жүзеге асырылуы	Жауап берушілердің жалпы саны		Ақтөбе қ. (%)	Аудандар (%)	Аудандар (%)			
	саны	%			Байғанин	Ырғыз	Мәртөк	Қобла
А. жақсы дамыды	364	36,40%	20,60%	15,80%	5,00%	3,00%	6,00%	1,80%
В. нашар дамыды	42	4,20%	2,40%	1,80%	0,60%	0,40%	0,60%	0,20%
С. аздап өзгерді	372	37,20%	21,20%	16,00%	5,00%	3,20%	6,20%	1,80%
Д. мүлдем өзгерген жоқ	74	7,40%	4,20%	3,20%	1,00%	0,60%	1,20%	0,40%
Е. жауап беру қиын	148	14,80%	8,40%	6,40%	2,00%	1,20%	2,40%	0,80%
Барлығы (сандық өрнек):	1000	100%	568	432	136	84	164	48

Сандық талдау нәтижелері көрсеткендей, респонденттердің елеулі бөлігі (73,6%) көптілді білім беруді іске асыруда соңғы уақытта орын алған өзгерістерді оң бағалайды (А+С жауап нұсқалары). Ал сыни көзқарас білдіргендердің үлесі – небәрі 9,6% (В+D жауап нұсқалары). Бұл деректер көптілді оқыту үрдісінің қоғамда, әсіресе білім беру саласында, жалпы жағымды қабылданатынын көрсетеді. Сонымен қатар, мақсатты тілдерді (қазақ, орыс, ағылшын) меңгеру үдерісінде ақпараттық және әдістемелік қолдаудың тиімділігін бағалау мақсатында респонденттерге: «Сіздің ойыңызша, оқушылар мен студенттерге үш тілді меңгеруде және үштілді білім беруді насихаттауда қандай қосымша іс-шаралар неғұрлым тиімді?» деген сұрақ ұсынылды. Бұл сұраққа жауап беруде бірнеше жауап нұсқасын таңдауға мүмкіндік берілді. Жауаптардың талдауы төмендегі кестеде беріліп отыр (Кесте 25).

Кесте 25 - Мақсатты үш тілді меңгеруде оқушылар мен студенттерге әдістемелік көмек көрсету және тілдерді меңгеру қажеттілігін насихаттау мақсатында өткізілетін қосымша іс-шаралардың тиімділігін бағалау (аудандар мен қалалар бөлінісінде)

Тілдерді меңгеру мен насихаттаудағы қосымша іс-шаралардың тиімділігі	Жауап берушілерді ң жалпы саны				Аудандар (%)			
	сандық өрнек	%	Ақтөбе қ. (%)	Аудандар (%)	Байғанин	Ырғыз	Мартөк	Қобда
А. интернет-кеңістікте тілдік сабақтар циклін жариялау: (YouTube, Instagram, ВКонтакте әлеуметтік желілерінде), мессенджерлерде (WhatsApp, Telegram, т. б.)	854	85,40 %	48,60%	36,80 %	11,60 %	7,20 %	14,00 %	4,00%
В. тілдік курстар ұйымдастыру	334	33,40 %	19,00%	14,40 %	4,60%	2,80 %	5,40%	1,60%
С. баспа бақ-та тілдік сабақтарды жариялау	22	2,20%	1,20%	1,00%	0,20%	0,20 %	0,40%	0,20%
Д. телеэфирдегі тілдік сабақтарды көру	106	10,60 %	6,00%	4,60%	1,40%	0,80 %	1,80%	0,60%
Е. тіл сабақтарын радиоэфирін тыңдау	6	0,60%	0,40%	0,20%	0,00%	0,00 %	0,00%	0,00%
Ғ. оқу мекемелері, аудандар, облыс деңгейінде тілдерді білуге арналған конкурстар ұйымдастыру	68	6,80%	3,80%	3,00%	1,00%	0,60 %	1,20%	0,40%
Г. білім беру мекемелері базасында үш тілді қашықтықтан оқытуды ұйымдастыру	134	13,40 %	7,60%	5,80%	1,80%	1,20 %	2,20%	0,60%
Н. көптілді оқытушылар үшін онлайн семинар- тренингтер ұйымдастыру	168	16,80 %	9,60%	7,20%	2,20%	1,40 %	2,80%	0,80%
І. басқа	2	0,2%	0,2%	0%	0%	0%	0%	0%
Барлығы (сандық өрнек):	1000	100%	568	432	136	84	164	48
Ескертпе: % -дық арақатынас респонденттердің жалпы санынан келтірілген								

Респонденттердің пікірінше, әдістемелік көмектің тиімді формалары мен түрлері интернет-кеңістіктегі тілдік сабақтар болып табылады және де оны 85,4% қатысушы көрсеткен. Атап айтқанда, әлеуметтік желілер мен мессенджерлер арқылы таратылатын цифрлық контент жастар аудиториясы үшін анағұрлым қолжетімді әрі тартымды деп танылған және де келесі әдістемелік қолдау түрлерін кең сұранысқа ие деп бағалаған:

- тілдік курстар ұйымдастыру – 33,4%;
- көптілді оқытушыларға арналған онлайн семинарлар мен тренингтер өткізу – 16,8%;

- білім беру ұйымдарының базасында үш тілді қашықтан оқытуды ұйымдастыру – 13,4%;
- телеарналарда тілдік сабақтар циклін көрсету – 10,6%;
- облыстық, аудандық және мекемеішілік деңгейде тіл білуге арналған байқаулар өткізу – 6,8%;
- баспа БАҚ-та тілдік сабақтар циклін жариялау – 2,22%;
- радиоэфирде тіл үйрету сабақтарын тарату – 0,6%.

Бұл деректер көптілді білім беруді насихаттау мен тілдерді меңгеруді қолдау бойынша заманауи, цифрлық тәсілдердің басымдыққа ие екенін дәлелдейді. Сонымен қатар дәстүрлі әдістердің де өз орнын сақтап отырғаны байқалады.

Зерттеу нәтижелері көрсеткендей, респонденттер үшін үш тілді меңгеруде ең тиімді әдістемелік қолдау түрі – интернет кеңістігінде тілдік сабақтар циклін жариялау (85,4%). Бұл әсіресе ағылшын тілін үйрену платформаларының көптігімен ерекшеленеді (Duolingo, Skyeng, Puzzle English және т.б.). Орыс тілі бойынша да мазмұны бай ресурстардың қолжетімділігі анықталды (Грамота.ру, Текстология т.б.).

Алайда, қазақ тілін үйретуге арналған сапалы онлайн контенттің шектеулі екені байқалды. Тек бірнеше платформалар (Qazaq tili, SOZDIK.KZ, You tube-арналар және кейбір жанама ресурстар) қолжетімді. Бұл жағдай қазақ тілін меңгергісі келетін орыс тілді азаматтар үшін қиындық тудырып отыр. Сонымен қатар, радио және баспа БАҚ арқылы тілді үйрену ең төмен тиімділік көрсеткен әдістер ретінде танылды.

Зерттеу Ақтөбе облысындағы орта және жоғары білім беру саласында көптілді білім берудің оң үрдістерін әлі де шешуді қажет ететін мәселелерін айқындауға мүмкіндік берді. Атап айтқанда:

- респонденттердің басым бөлігі үштілді білім беруді оң бағалайды;
- көпшілігі мақсатты тілдерді меңгеруге уәжді;
- үш тілді қатар меңгеруге деген сенім бар;
- көптілділіктің артықшылықтарын түсінеді;
- сонымен қатар, зерттеу барысында келесі өзекті мәселелер анықталды;
- көптілді топтарда ағылшын тілінде оқыту сапасының төмендігі;
- ағылшын тілінде тілдік ортаның жетіспеуі;
- қазақ тіліндегі (әсіресе техникалық, цифрлық технологиялар бағыттарында) оқу материалдарының жетіспеуі;
- қосымша тілдік курстарға сұраныс;
- халықтың көптілділік саясаты туралы ақпараттану деңгейінің төмендігі.

Респонденттердің тілдік үдерістер мен тіл саясатына бей-жай қарамауы – құптарлық жайт. Бұл – шешімдер қабылдауға, тілдік саясатты жетілдіруге және ғылыми-практикалық ұсыныстар әзірлеуге негіз болатын маңызды фактор.

3.2 Көптілді білім беру жағдайындағы қазақ, орыс, ағылшын тілдерінің рөлі мен қызметі

Бұл параграфта Қазақстанның батыс өңірі, Ақтөбе, Батыс Қазақстан, Атырау және Маңғыстау облыстарының, тұрғындарының көптілді білім беру жағдайындағы тілдік ұстанымдарын айқындау мақсатында жүргізілген әлеуметтік-лингвистикалық эксперименттің нәтижелері баяндалады. Жүргізілген эмпирикалық зерттеудің ғылыми-әдістемелік аппараты осы зерттеудің 3.1-параграфының басында егжей-тегжейлі сипатталған, Қазақстанның батыс өңірі тұрғындарының көптілді білім беру жағдайында тілдік ұстанымын анықтау бойынша жүргізілген сауалнаманың кейбір ерекшеліктеріне ғана назар аударамыз. Бас жиынтық – барлық әлеуметтік объектілердің жиынтығы, олар әлеуметтік-лингвистикалық құбылысты зерттеу аясында қарастырылуы керек. Сауалнама жүргізу үшін Қазақстанның батыс өңірінің төрт облысы таңдалды. 2025 жылдың басындағы мәліметтерге сәйкес, Ақтөбе облысының халқы 952,600 адамды, Батыс Қазақстан облысында – 695 900 адамды, Атырау облысында – 713 872 адамды, ал Маңғыстау облысында – 814 072 адамды құрады [144].

Сауалнамаға қатысқан респонденттердің саны – 826 адам. Сауалнама үшін халықты іріктеу жынысы, жасы, ұлты, тұрғылықты жері және елді мекендердің түрі бойынша есептелді. Сауалнама деректерін өңдеу кезінде қолданбалы зерттеулерді жүргізуге арналған деректерді статистикалық өңдеуге арналған компьютерлік бағдарлама қолданылды – SPSS (әлеуметтік ғылымдарға арналған статистикалық пакет).

Әлеуметтік-лингвистикалық сауалнаманың мақсаты – Қазақстанның батыс өңірінің қазіргі тілдік жағдаятын құрап отырған жаңа компонент – қазақ-орыс-ағылшын көптілділігінің білім беру саласындағы рөлі мен қызметін және тұрғындардың пікірлері бойынша қарым-қатынас салаларындағы алатын орындарын айқындап, әрбір тілдің позициясын нақтылау.

Осы мақсатта 2022 – 2025 жылдар аралығында сауалнамалар жүргізілді. Алынған жауаптар өңделіп, қажетті нәтижелер алынып, интерпретацияланды. Сұрақтар еліміздегі: 1) тіл саясатына арналған нормативтік-құқықтық актілердің тілдерді қолданудағы тепе-теңдік пен мемлекеттік тіл, қазақ тілінің дамуына толық көлемде ықпал ету жағдайын, мемлекеттік тілді білмеу себебінен туындап жатқан қиындықтардың бар-жоғын, мемлекеттік тілді оқу үшін қолдаулардың, қолайлы жағдайлардың жасалғаны-жасалмағанын анықтау; 2) тұрғындардың қазақ, ағылшын, орыс тілдерін меңгеру деңгейлерін және ол тілдердің әлеуметтік қарым-қатынастарда қолданыс деңгейлерін анықтау сияқты бөлімдерден тұрды.

Тұрғындардан алынған сауалнама нәтижелеріне сүйене отырып, еліміздің батыс өңіріндегі көптілділіктің функционалдық ерекшеліктері мен оның білім беру саласындағы рөлі айқындалды. Бұл қазақ, орыс және ағылшын тілдерінен тұратын көптілділіктің өңірдің әлеуметтік-коммуникативтік жүйесіндегі орны мен қызметтік позициясын айқындауға негіз болды. Алғаш рет жүргізілген

жүйелі әлеуметтік-лингвистикалық зерттеуіміз көптеген мәселелердің шетін шығарып, осы бағыттағы жұмыстардың жүйеленуін, біріздендірілуін, әлеуметтік-лингвистикалық негізде реттеліп отыруын қажет ететін қоғамдық маңызы бар мәселені алға таратып отыр. Сонымен жүргізілген сауалнамалардың нәтижелерін ғылыми талдау трғысынан қарастырайық.

Бірінші сұрағымыз тілдерді реттеу мен қолданыс аяларын кеңейтуге арналған нормативтік-құқықтық актілердің тұрғындардың пікірі бойынша мемлекеттік тілдің дамуына толық көлемде ықпал ету жағдайын білуге бағытталды. Алынған жауаптарды өңдеу нәтижесі төмендегідей болды.

Сауалнама нәтижелері тіл саясатына, көптілді білім берудің өңірлік ерекшеліктеріне, этникалық құрамға, гендерлік арақатынасқа және жас ерекшеліктеріне қатысты маңызды деректерді айқындады.

Респонденттердің басым көпшілігі (82%) қолданыстағы «ҚР Тілдер туралы» Заңы мен басқа да нормативтік-құқықтық актілер мемлекеттік тілдің дамуына оң ықпал етеді деп есептейді. Бұл қоғамда тіл саясатына деген сенімнің жоғары деңгейде қалыптасқанын көрсетеді. Дегенмен, шамамен 16% респондент заңнаманың ықпалы жеткіліксіз немесе кері әсер етеді деген пікір білдірген. Бұл тіл саясатын іске асыруда әлі де шешімін табуды қажет ететін мәселелердің бар екенін аңғартады. Ал өте аз бөлігі нақты пікір білдіруден қалыс қалған немесе балама көзқарас ұсынған.

Өңірлік тұрғыдан алғанда, сауалнамаға қатысушылардың ең көп бөлігі Ақтөбе облысынан 84%- ын құрады. Бұл өңір көптілді білім беру тәжірибесін дамытуда жетекші орынға ие екенін дәлелдейді. Ал Атырау облысының үлесі – 8%, Маңғыстау облысы – 6%, яғни бұл аймақтарда да көптілді білім беру ісіне қызығушылық байқалғанымен, қатысу деңгейі Ақтөбеге қарағанда төмен. Батыс Қазақстан облысынан қатысушылардың үлесі ең аз (шамамен 2%), бұл өңірде көптілділік тәжірибесінің әлі кең таралмағанын көрсетеді.

Этникалық құрамы бойынша, сауалнамаға қатысушылардың айқын басым бөлігі – қазақтар (86%). Бұл көрсеткіш зерттеу нәтижелерінің қазақ тілінің рөліне және оның көптілділік үдерісіндегі маңыздылығына сүйенетінін дәлелдейді. Сонымен бірге, татар ұлты (6%) қазақтардан кейінгі елеулі үлесті құрап отыр. Ал орыс ұлты шамамен 3-4%, қалған украиндар, беларустар, өзбектер және өзге этникалық топтардың үлесі әрқайсысы 1-2% деңгейінде. Бұл сауалнама этникалық тұрғыдан біршама көпқырлы болғанымен, негізгі қатысушылардың қазақ ұлты өкілдері екенін аңғартады.

Гендерлік тұрғыдан алғанда, респонденттердің үлесі тең дәрежеге жуық: әйелдер – 51%, ерлер – 49%. Мұндай теңгерім нәтижелердің объективтілігін арттырады және екі жыныс өкілдерінің пікірлері дерлік бірдей қамтылғанын көрсетеді. Жас ерекшелігіне келсек, сауалнамаға қатысушылардың басым көпшілігі – 17–25 жас аралығындағы жастар (90%). Бұл жастардың көптілді білім беру мәселелеріне белсенді қызығушылық танытатынын дәлелдейді. Орта буын өкілдері, атап айтқанда 26–40 жас аралығындағылар – 6%-ды, ал 41–60 жас аралығындағы респонденттердің үлесі 3,5%-ды, 61 жастан жоғары жастағы

респонденттер 0,5%-ды құрады. Мұндай нәтиже зерттеу қорытындыларының негізінен жас буынның пікірін бейнелейтінін көрсетеді.

Сауалнама қорытындылары мемлекеттік тіл саясатына деген сенімнің жоғары екенін, көптілді білім беруде Ақтөбе облысының жетекші рөл атқаратынын, қатысушылардың этникалық тұрғыдан негізінен қазақ ұлты өкілдерінен құралғанын, гендерлік тұрғыдан теңгерім сақталғанын және жастардың айрықша белсенділік танытқанын көрсетті (Кесте 26).

Кесте 26 – Тіл саясатына респонденттердің көзқарасы

Зерттеу көрсеткіші	Нәтиже	Үлесі	Қорытынды
Тіл саясатына көзқарас	Заңнаманың оң ықпалы	82%	Қоғамда мемлекеттік тіл саясатына сенім жоғары
	Ықпалы жеткіліксіз немесе кері әсері	16%	Әлі шешімін табуы тиіс мәселелер бар
	Нақты пікір білдірмеген / балама көзқарас шамасында	2%	Белгісіздік бар
Өңірлік қатысу үлесі	Ақтөбе облысы	84%	Көптілді білім беруде жетекші аймақ
	Атырау облысы	8%	Орташа деңгейде белгісіздік танытқан
	Маңғыстау облысы	6%	Қатысу деңгейі төмен
	Батыс Қазақстан	2%	Ең төмен үлес көрсеткен
Этникалық құрамы	қазақ	86%	Негізгі қатысушылар қазақ ұлты
	татар	6%	Қазақтардан кейінгі елеулі топ
	орыс	3-4%	Үлесі аз, қатысым бар
	Украин, беларус, өзбек, т.б.	1-2%	Этникалық құрамы көпқырлы, бірақ үлесі аз
Жынысы	әйел	51%	жоғары
	ер	49%	сәл төмендеу
Жас ерекшелігі	17-25	90	Жастар белсенділігі жоғары
	26-40	6	Орта буын аз қамтылған
	41-60	3,5	Қатысу үлесі төмен
	61 жастан жоғары	0,5	Қатысу үлесі өте төмен

Қорытындылай келе, респонденттердің басым бөлігі мемлекеттік тіл саясатына сенім білдіреді, аймақтар ішінде Ақтөбе облысы жетекші орында. Этникалық құрамда қазақтар басым болса да, өзге ұлт өкілдерінің де қатысуы байқалады. Гендерлік құрылым теңгерімді, ал жас ерекшеліктерінде жастардың белсенділігі анық байқалады. Келесі сұрақ мемлекеттік тілді меңгеруге тұрғындардың елді мекендерінде қолайлы жағдайлардың жасалуы/жасалмауы туралы деректерді анықтауға бағытталған болатын. Толық мәліметті төмендегі кестеден көруге болады (Кесте 27).

Кесте 27 – «Сіз тұратын елді мекенде мемлекеттік тілді меңгеру үшін қажетті жағдайлар жасалған ба?» сұрағына респонденттер жауабы*

Жауап нұсқалары	Саны	%	Ақтөбе обл. (%)	Батыс Қазақстан обл. (%)	Атырау обл. (%)	Маңғыстау обл. (%)
А. Мұндай жағдайлар жасалған	687	83,17%	24,94%	21,67%	19,13%	17,43%
В. Сірә, келісемін	76	9,20%	2,66%	2,30%	2,06%	1,94%
С. Сірә, келіспеймін	34	4,12%	1,21%	1,09%	0,97%	0,85%
Д. Жоқ, жағдайлар жасалмаған	8	0,97%	0,24%	0,24%	0,24%	0,24%
Е. Жауап беру қиын	21	2,54%	0,73%	0,73%	0,61%	0,48%
Барлығы (сан)	826	100%	248	215	190	173

Көріп отырғанымыздай, Қазақстанның батыс өңірінде жүргізілген сауалнама нәтижесінде респонденттердің 92,37% мемлекеттік тілді меңгеруге қажетті жағдайлар жасалған деп есептейді. Олардың басым бөлігі бұл пікірмен толық келіседі (83,17%), ал 9,20% белгілі бір дәрежеде келісетінін білдірген. Облыстар бойынша жауаптар арасында айтарлықтай айырмашылық байқалмайды. Дегенмен, мемлекеттік тілді үйренуге жасалған жағдайларды ең жоғары бағалаған – Ақтөбе облысының тұрғындары, ал бұл көрсеткіштің ең төменгі үлесі Маңғыстау облысында тіркелген. Алайда мұндай айырмашылықтардың басты себебі – әр облыстан қатысқан респонденттердің саны әртүрлі болғаны деп пайымдауға болады. Сол себепті өңірлік бөліністе елеулі айырмашылықтар жоқ деуге негіз бар.

Сауалнамаларға жүргізілген талдау нәтижесінде, мемлекеттік тілді дамыту үшін жағдай жоқ деп есептейтін респонденттердің үлесі 5,09%-ды құрады. Олардың ішінде:

- 4,12% – «сірә, жағдай жасалмаған» деп жауап бергендер;
- 0,97% – «жоқ, жағдайлар жасалмаған» деп жауап бергендер.

Сонымен қатар 21 респондент (2,54%) бұл сұраққа нақты жауап бере алмаған. Бұл санатқа кіретін адамдардың себептері әртүрлі болуы мүмкін: азаматтық жауапкершіліктің болмауынан бастап, уақыт тапшылығы немесе сауалнаманы асығыс толтыруға дейінгі факторлар әсер етуі ықтимал. Осы себепті бұл топтың жауабына нақты интерпретация беру қиын. Соған қарамастан, статистикалық талдау көрсеткендей, респонденттердің басым көпшілігі – 92,37% – мемлекеттік тілді меңгеру үшін елді мекендерде қажетті жағдайлар жасалған деп санайды.

Келесі сұрақ респонденттердің мемлекеттік тілді білмеуінен қандай да бір қиындықтарға тап болу/болмауын анықтауға бағытталған (Кесте 28).

Кесте 28 – Мемлекеттік тілді білмеуіне байланысты туындайтын мәселелерді бағалау

(Қазақстанның батыс өңірі облыстары бөлінісінде)						
Мемлекеттік тілді білмеу мәселесі	Саны	%	Ақтөбе обл. (%)	БҚО (%)	Атырау обл. (%)	Маңғыстау обл. (%)
А. Иә	54	6,53%	2,06%	1,69%	1,45%	1,33%
В. Жоқ	764	92,49%	27,72%	24,09%	21,31%	19,37%
С. Жауап беру қиын	8	0,96%	0,24%	0,24%	0,24%	0,24%
Барлығы:	826	100%	248	215	190	173

Зерттеу басталған кезде, Батыс Қазақстан облысында орыс тілді респонденттердің көп болуына байланысты мемлекеттік тілді білмеу салдарынан туындайтын мәселелердің үлесі жоғары болады деген болжам болған. Алайда, зерттеу нәтижелері бұл болжамды толықтай растамады.

Орта есеппен, батыс өңірлерде мемлекеттік тілді білмеу салдарынан қиындықтарға тап болмаған респонденттердің үлесі барлық облыстарда салыстырмалы түрде тең бөлінгені анықталды.

Сауалнаманы егжей-тегжейлі талдау көрсеткендей, қазақ тілін білмеуден туындайтын мәселелер негізінен қалалық тұрғындар арасында байқалған – 6,53%. Облыстар бөлінісінде бұл көрсеткіштер келесідей:

- Ақтөбе қаласы – 2,06%
- Орал қаласы – 1,69%
- Атырау қаласы – 1,45%
- Ақтау қаласы – 1,33%

Жалпы алғанда, Қазақстанның батыс өңірі тұрғындарының 92,49% мемлекеттік тілді білмеу ешқандай қиындық тудырмайтынын көрсеткен. Ал 6,53% мұндай қиындықтарға тап болғанын айтты және 0,96%-ы нақты жауап бере алмаған. Сауалнамаларды өңдеу барысында 8 адамның ешбір жауап нұсқасын таңдамағаны анықталды. Осы себепті бұл жауаптар «Жауап беру қиын» категориясына енгізілді.

Зерттеу міндеттерінің бірі Қазақстанның батыс өңіріндегі төрт облыс тұрғындарының мемлекеттік тілді меңгеру деңгейін арттыруға және оның қоғамдық өмірдегі қолданылу аясын кеңейтуге кедергі келтіретін қазіргі кездегі себептер мен факторлар туралы пікірлері мен бағалауларын анықтау болды. Соңғы жылдары әлеуметтік желілер мен бұқаралық ақпарат құралдарында қазақстандықтар тарапынан қазақ тілінің мемлекеттік тіл ретіндегі функцияларын толыққанды іске асыруға қажетті жағдайлар жеткілікті деңгейде қамтамасыз етілмеген деген пікір жиі айтылып жүр. Осы тұрғыда батыс өңір тұрғындарының көзқарастары мен пікірлері нақты жағдайды көрсетуі және жалпы қоғамдық пікірмен үндесуі себепті маңызды әрі негізді деп есептейміз.

Респонденттердің пікірінше, мемлекеттік тілді меңгеру деңгейінің артуына және оның қолданылу аясының кеңеюіне кедергі келтіретін негізгі себептердің біріншісі – басқа тілдерді (орыс, ағылшын және т.б.) қолданудың неғұрлым ыңғайлы болуы. Бұл себепті респонденттердің 19,73% таңдаған. Сонымен

қатар, бұл жауаптың облыстар бойынша салыстырмалы түрде біркелкі таралғанын атап өтуге болады:

- Ақтөбе қаласы – 5,93%
- Орал қаласы – 5,08%
- Атырау қаласы – 4,60%
- Ақтау қаласы – 4,12%


Жауаптарды талдау нәтижесінде анықталғандай, бұл себепті көрсеткендердің негізгі бөлігі – өзге ұлт өкілдері (24%), сондай-ақ қазақ ұлтынан – 5,42% респондент осындай пікір білдірген. Сонымен қатар респонденттердің пікірінше, мемлекеттік тілді меңгеру мен оның қолданылу аясын кеңейтуге кедергі келтіретін екінші негізгі себеп – тілге тиісті құрметтің болмауы. Бұл себепті респонденттердің 4,36%-ы атап өткен. Үшінші себеп ретінде мемлекеттік тілді үйрену мен қолдануға деген өткір қажеттіліктің болмауы көрсетілген. Бұл көзқарасты респонденттердің 3,4%-ы қолдаған. Төртінші себеп ретінде респонденттердің 1,93%-ы мемлекеттік тілді үйренуге және қолдануға уәждеменің (мотивацияның) болмауын атаған. Сауалнаманың 16-бағанында («Егер сізде осы сауалнамада көрсетілмеген жауап немесе пікіріңіз болса, оларды осы жерде жаза аласыз») көптеген респонденттер өз пікірлерін қосымша түсіндіріп жазған. Аталған сұраққа байланысты екі респондент жақын арада Ресей Федерациясына көшуге ниетті екендерін білдіріп, осыған байланысты қазақ тілін үйренуді қажет деп санамайтындарын атап өткен. Бұл мысалдар жеке себептер мен өмірлік жағдайлар мемлекеттік тілді меңгеру мотивациясына қалай әсер ететінін көрсетеді.

Алынған мәліметтерге талдау жасасақ, респонденттердің басым бөлігі – 70,58% – мемлекеттік тілді меңгеруге және оны қолдануға ешқандай кедергілер жоқ деп есептейді.

Сонымен қатар:

- 19,73% респондент басқа тілдерді (орыс, ағылшын және т.б.) қолдану ыңғайлы екенін негізгі кедергі ретінде көрсеткен. Бұл ең жиі таңдалған кедергі;
- 4,36% респондент мемлекеттік тілге тиісті құрметтің жоқтығын басты себеп ретінде атаған;
- 3,40% – қазақ тілін үйрену мен қолданудың аса қажеттілігінің жоқтығын кедергі деп есептейді;
- 1,93% – уәждеменің (мотивацияның) болмауын көрсеткен;
- 0,00% – қажетті тетіктердің болмауын кедергі деп санайтындар болмаған

Бұл нәтижелер басым көпшілік үшін қазақ тілін меңгеруге мүмкіндік бар екенін, алайда баламалы тілдердің ыңғайлылығы мен қажеттіліктің айқын болмауы сияқты субъективті факторлардың әлі де әсер ететінін көрсетеді (Сурет 9).



Сурет 9 - Мемлекеттік тілді меңгеру деңгейін арттырудағы және оны қолдану аясын кеңейтудегі кедергілерді бағалау

Сонымен «Қазақ тілін үйрену мен қолданудың жолға қойылған тетіктерінің жоқтығы» деген жауап нұсқасын респонденттердің бірде-бірі таңдамаған – бұл көрсеткіш 0,00%-ды құрады. Осылайша, респонденттердің басым бөлігі (70,58%) мемлекеттік тілді меңгеру деңгейін арттыру мен оның қолданылу аясын кеңейтуге ешқандай кедергі көрмейтінін білдіргенімен, белгілі бір проблемалық аймақтардың бары да байқалды. Атап айтқанда:

- мемлекеттік тілге тиісті құрметтің болмауы;
- мемлекеттік тілді оқып-үйренуге уәждеменің (мотивацияның) болмауы;
- қазақ тілін меңгеруге және қолдануға шұғыл қажеттіліктің сезілмеуі;
- басқа тілдерді (орыс, ағылшын және т.б.) қолданудың ыңғайлылығы.

Аталған факторлар жалпы 29,42% респонденттің жауабында көрініс тапты. Сондықтан бұл мәселелер арнайы жасалған тереңдетілген сауалнама немесе қосымша сапалық зерттеу арқылы егжей-тегжейлі талдауға лайық деп есептейміз. Мемлекеттік тілді білмеуден туындайтын проблемалар мен олардың себептері жөніндегі респонденттердің пікірлері мемлекеттік тілді әлеуметтік-коммуникативтік кеңістікке енгізу және оның қолданылу аясын кеңейтуге бағытталған шаралардың тиімділігіне елеулі ықпал ететінін көрсетеді. Осыған байланысты бұл мәселелер бойынша нысаналы әрі тереңдетілген сауалнама жүргізу қажеттілігі туындайды.

Жүргізілген сауалнамада респонденттердің қазақ, орыс және ағылшын тілдерін меңгеру деңгейіне қатысты пікірлерін анықтауға арналған сұрақтар қамтылды. Бұл мәліметтер төмендегі кестелер мен суреттерде нақтырақ берілген (Кесте 32, 33, 34 және Сурет 22).

Сандық деректерге сәйкес, респонденттердің 76,15%-ы мемлекеттік тілді жақсы меңгергенін (яғни сөйлей, оқи және жаза алатынын) көрсеткен. Бұл –

қазақ тілінде еркін сөйлейтіндер үлесі. Сауалнама нәтижесі күтілген әрі қисынды сипат көрсетті: қазақ тілін еркін меңгергендердің жоғары үлесі ауылдық жерлерде байқалады. Бұл дерек респонденттерден елді мекен түрін көрсетуі сұралған сауалнама құрылымымен де расталды.

Облыстық бөліністе алынған жауаптар біршама тең нәтижелерді көрсетті. Пайыздық айырмашылықтардың болуын жеке өңірлердегі респонденттер санының айырмашылығымен түсіндіруге болады. Себебі сауалнама нәтижелері жалпы респонденттер санына қатысты есептелді, сондықтан бұл айырмашылықтар қалыпты және заңды деп бағаланады:

- Ақтөбе облысы – 22,52%;
- Батыс Қазақстан облысы – 18,64%;
- Атырау облысы – 18,28%;
- Маңғыстау облысы – 16,71% (Кесте 29).

Сауалнама жүргізу алдында болжамдарымыз басқа болғанын мойындаймыз. Мәселен, Батыс Қазақстан облысының орталығы – Орал қаласында көпэтносты тұрғындар құрамы мен табиғи қазақтілді және орыстілді ортаның қатар өмір сүруіне байланысты орыс тілін меңгерген респонденттердің үлесі басым болады деп күтілген еді. Алайда бұл болжамымыз расталмады. Керісінше, зерттеу нәтижелері Қазақстанның батыс өңіріндегі барлық облыстарда мемлекеттік тілді еркін меңгерген азаматтардың үлесі шамамен бірдей екенін көрсетті (Кесте 29).

Кесте 29 - Тұрғындардың қазақ тілін меңгеру дәрежесін бағалауы

Қазақ тілін меңгеру деңгейі	Жауап берушілердің жалпы саны		Ақтөбе обл. (%)	Батыс Қазақстан обл. (%)	Атырау обл. (%)	Маңғыстау обл. (%)
	Санды көрнек	%				
А.жақсы білемін: сөйлесемін, оқимын және жаза аламын	629	76,15%	22,52%	18,64%	18,28%	16,71%
В.ішінара сөйлесе аламын: тұрмыстық сөздерді түсінемін, жазамын, оқимын	136	16,46%	4,96%	4,24%	3,75%	3,51%
С.жеке сөздерді түсінемін, қарым-қатынас қиын	52	6,30%	2,18%	2,66%	0,85%	0,61%
Д.жоқ, мүлдем білмеймін	9	1,08%	0,36%	0,48%	0,12%	0,12%
Барлығы:	826	100	248	215	190	173

Сауалнама нәтижелері бойынша, респонденттердің 16,46%-ы мемлекеттік тілді ішінара меңгерген (тұрмыстық деңгейде сөйлесе алады, оқи және жаза алады). Ал 6,30% тек жекелеген сөздерді түсінетінін, сол себепті қарым-қатынаста қиындықтар туындайтынын көрсеткен. Сонымен қатар, бар болғаны 9 адам (1,08%) «мүлдем білмеймін» деген жауап нұсқасын таңдаған. Осылайша, А және В нұсқаларын біріктіре отырып, мемлекеттік тілді респонденттердің 92,61%-ы меңгерген деп тұжырым жасауға болады. Бұл көрсеткіш өңір тұрғындарының басым көпшілігінің мемлекеттік тілді әртүрлі деңгейде қолдана алатынын дәлелдейді.

Аталған параметрлер арқылы орыс тілін меңгеру деңгейі анықталып, мынадай нәтижелерді көрсетті: орта есеппен, Қазақстанның батыс өңірі респонденттерінің 86,08% орыс тілін әртүрлі деңгейде меңгерген (А және В жауап нұсқалары). Бұл көрсеткіш басым көпшілікті құрайды. Оның ішінде:

- 51,21% – орыс тілінде еркін сөйлейді, оқи және жаза алады;
- 34,87% – тілді ішінара меңгерген, тұрмыстық деңгейде сөйлесе алады.

Орыс тілін нашар меңгерген, яғни қарым-қатынас жасау қиын екенін көрсеткен респонденттер үлесі – 12,47%. Ал бар болғаны 12 адам (немесе 1,45%) ғана орыс тілін мүлдем білмейтінін атап өткен (Кесте 30).

Кесте 30 – Тұрғындардың орыс тілін меңгеру деңгейін бағалауы

Орыс тілін меңгеру деңгейі	Саны	%	Ақтөбе обл. (%)	Батыс Қазақстан обл.	Атырау обл. (%)	Маңғыстау обл. (%)
А. Жақсы білемін (сөйлеймін, оқимын және жаза аламын)	423	51,21%	15,38%	13,32%	11,74%	10,77%
В. Ішінара білемін (тұрмыстық сөздерді түсінемін, оқимын, жаза аламын)	288	34,87%	10,41%	9,08%	7,99%	7,38%
С. Жекелеген сөздерді түсінемін, қарым-қатынас жасау қиын	103	12,47%	3,75%	3,27%	2,91%	2,54%
Д. Мүлдем білмеймін	12	1,45%	0,48%	0,36%	0,36%	0,24%
Барлығы	826	100%	248	215	190	173

Балалардың тіл таңдауы және әлеуметтік-лингвистикалық үрдістеріне байланысты сауалнама барысында респонденттерге балаларының орыс тілін меңгеруі бойынша қосымша сұрақтар қойылып, қызықты әлеуметтік-лингвистикалық заңдылықтарды анықтадық. Коммуникация тілі ретінде қазақ тілін қолданатын, қазақ халқы басым ауылдық жерлерде тұратын кейбір ата-аналар мектепке дейінгі жастағы балаларының қазақ тілінде сөйлеуден бас тартып, қарым-қатынас құралы ретінде орыс тілін таңдағанын көрсеткен. Алдын ала жүргізілген үстірт талдау бұл құбылысты орыс тіліндегі интернет-контенттің басымдығымен байланыстыруға мүмкіндік береді. Жас ата-аналар әртүрлі себептермен балаларына ерте жастан гаджеттерді беруге мәжбүр, ал бұл құрылғылардағы контент, негізінен, орыс тілінде ұсынылады. Соның салдарынан, бала орасан көп ақпаратты орыс тілінде қабылдайды, осы тілмен тығыз байланыста болады және қазақ тілінде сөйлеуге деген қажеттілік пен қызығушылығы төмендейді. Белгілі болғандай, тіл дағдылары ерте жаста тез әрі тиімді қалыптасады, сондықтан мұндай тенденциялар мемлекеттік тілдің болашағына теріс әсер етуі мүмкін. Осыған байланысты, мемлекеттік органдар, әсіресе Оқу-ағарту және Жоғары білім және ғылым, Мәдениет және спорт министрліктері бұл мәселеге ерекше назар аударып, оның ұзақ мерзімді салдарын зерттеп, қажетті іс-шаралар қарастыруы қажет деп санаймыз. Жақын болашақта бұл жағдай мемлекеттік тілдің қолданылу аясын қысқартуы мүмкін,

ал бұл құбылысты әлеуметтік және мәдени тұрғыдан қолайсыз деп бағалауға болады. Осы тұрғыдан алғанда, интернет кеңістігін мектепке дейінгі және бастауыш мектеп жасындағы балаларға арналған мемлекеттік тілдегі сапалы контентпен толықтыру – аса маңызды әрі стратегиялық міндет. Біз бұл бағытты Қазақстан қоғамын әлеуметтік-лингвистикалық жаңғыртудың ең перспективалы жолдарының бірі деп есептейміз.

Зерттеу барысында анықталған өзекті мәселелердің бірі – соңғы 2–3 жылда қазақ ата-аналарының балаларына білім беру барысында орыс тілінде оқытатын мектептерге көбірек басымдық бере бастауы. Ата-аналардың айтуынша, мұндай таңдау баланың мектеп бітірген соң Ресей Федерациясының жоғары оқу орындарына түсу мүмкіндігін арттырады. Себебі ресейлік ЖОО-да мамандықтардың кең таңдауы, білім беру сапасының жоғары деңгейі, ғылыми атақтары бар оқытушылардың көптігі және іргелі ғылыми мектептердің болуы басты артықшылық ретінде қарастырылады.

Қазақстан Республикасындағы көптеген жоғары оқу орындарында, әсіресе техникалық бағыттағы мамандықтарда, ғылыми кадрлардың дәреже мен атаққа ие болу деңгейі төмен екенін ескерсек, бұл пікірмен белгілі бір дәрежеде келісуге болады. Алайда бұл гипотезалар ресми статистикалық мәліметтермен расталмаған және нақты дәлелдеу үшін арнайы тереңдетілген зерттеуді қажет етеді. Егер бұл деректер шындыққа сай болып шықса, мұндай үрдіс болашақта еліміздегі мемлекеттік тілді меңгеру деңгейінің төмендеуіне әкелуі ықтимал екенін жоққа шығаруға болмайды.

Сауалнама нәтижелері бойынша батыс өңір тұрғындарының ағылшын тілін меңгеру деңгейі де назар аударуға тұрарлық. Жалпы респонденттердің тек 8,35%-ы ғана ағылшын тілін еркін меңгергенін көрсетті. Бұл топқа, негізінен:

- мұнай-газ саласының қызметкерлері,
- көптілді ортада жұмыс істейтін оқытушылар,
- көптілді топтардың студенттері мен түлектері кірді.

Нәтижелермен нақтырақ төменде берілген кестеден танысуға болады (Кесте 31).

Ерекше атап өтерлік жайт: 40 жасқа дейінгі қазақ ұлтының кейбір өкілдері ағылшын тілін арнайы курстарда оқымаса да, жақсы меңгеріп алған. Олардың айтуынша, тілдік дағдыларын қалыптастыруда басты құрал – бала кезінен ойнаған ағылшын тіліндегі компьютерлік ойындар болған. Қазіргі таңда олар желіде ағылшын тілді пайдаланушылармен еркін қарым-қатынас орната алады. Дегенмен олар ғылыми коммуникацияда әлі де қиындықтар бар екенін мойындайды. Бірақ күнделікті тұрмыстық тақырыптарда еркін сөйлесе алатындарын нақтылады. Сонымен қатар, кейбір респонденттер ағылшын тілінде электрондық кітаптарды оқуға көбірек мән беріп, қазақ және орыс тілдеріндегі әдебиеттерді тұтынуды азайтқанын білдірді. Мұндай әлеуметтік-лингвистикалық тенденциялар мемлекеттік тілді дамытуға кері әсер етуі мүмкін. Сондықтан мектеп жасына дейінгі және бастауыш мектеп жасындағы балаларға арналған мемлекеттік тілдегі сапалы интернет-контентті көбейту аса


маңызды. Бұл қазақстандық қоғамның әлеуметтік-лингвистикалық жаңғыруындағы стратегиялық басым бағыттардың бірі болуы тиіс (Кесте 31).

Кесте 31 – Ағылшын тілін меңгеру дәрежесін бағалау

Ағылшын тілін меңгеру деңгейі	Саны	%	Ақтөбе обл. (%)	Батыс Қазақста н обл. (%)	Атырау обл. (%)	Маңғыс тау обл. (%)
A. Жақсы білемін: сөйлеймін, оқимын және жаза аламын	69	8,35%	2,54%	2,18%	1,94%	1,69%
B. Ішінара сөйлесе аламын: тұрмыстық сөздерді түсінемін, оқимын, жаза аламын	215	26,03%	7,87%	6,78%	5,93%	5,45%
C. Жеке сөздерді ғана түсінемін, қарым-қатынас қиын	347	42,02%	12,59%	10,90%	9,69%	8,84%
D. Жоқ, мүлдем білмеймін	195	23,60%	7,02%	6,17%	5,45%	4,96%
Барлығы	826	100%	248	215	190	173

Осылайша, респонденттердің орта есеппен 34,38% ағылшын тілін меңгерген (А және В жауап нұсқалары). Ал 42,02% тек жекелеген сөздерді ғана түсінеді, сондықтан олар үшін қарым-қатынас жасау қиын, ал 23,60% ағылшын тілін мүлдем білмейді. Облыстар бөлінісінде оң жауаптардың салыстырмалы түрде біркелкі бөлінгенін атап өткен жөн. Бұл ағылшын тілін меңгеру деңгейінің өңірлік ерекшеліктерге қарамастан тұрақты екенін көрсетеді. Айта кету керек, Қазақстанның батыс өңірінде мұнай-газ секторында жұмыс істейтін бірқатар шетелдік компаниялар бар. Олардың қатарында «Tengizchevroil», «KPO B.V.» және басқа да ірі халықаралық кәсіпорындар бар. Сауалнама нәтижелеріне жүргізілген талдау ағылшын тілін еркін меңгерген респонденттердің негізінен өнеркәсіп пен мұнай-газ саласының мамандары, жоғары оқу орындарының студенттері және мектеп, колледж, ЖОО оқытушылары екенін көрсетті.

Төменде батыс өңірі тұрғындарының бүгінгі қазақстандық тілдік жағдаяттағы көптілділік компоненттері болып табылатын қазақ-орыс-ағылшын тілдерін меңгеру деңгейлерін анықтауда алынған жиынтық деректерді көруге болады (Сурет 10).



Сурет 10 - Қазақ, орыс және ағылшын тілдерін меңгеру дәрежесі

Сонымен жиынтық деректер Қазақстанның батыс өңірі тұрғындарының 26,03% қазақ, орыс және ағылшын тілдерін белгілі бір деңгейде меңгергенін (А және В жауап нұсқаларының жиынтығы) айқын көрсетеді.

Айта кету қажет, үш тілді меңгеру көрсеткіші қазіргі заманғы тілдік құзыреттілік талаптары тұрғысынан алғанда жеткілікті жоғары болмағанымен, Қазақстанның батыс өңірі сияқты полиэтникалық әрі өндірістік әлеуеті жоғары аймақтар үшін бұл көрсеткіш әлеуетті даму бағыты ретінде бағалануы мүмкін.

Осы ретте ерекше назар аударатын жайт – қандай да бір тілді мүлдем меңгермеген респонденттер үлесі. Сауалнама нәтижелері бойынша:

- мемлекеттік тілді (қазақ тілін) мүлдем білмейтіндер – 1,08%,
- орыс тілін мүлдем білмейтіндер – 1,45%,
- ал ағылшын тілін мүлдем меңгермегендер – 23,60%.

Бұл деректер қазіргі тілдік саясаттың бағыттары мен басымдықтарын қайта қарастыру қажеттігін, сондай-ақ тілдік оқыту ресурстарының тиімділігі мен қолжетімділігін бағалауға арналған қосымша зерттеулердің өзектілігін көрсетеді.

Салыстырмалы деректер көрсеткендей, қазақ тілін және үш тілді (қазақ, орыс, ағылшын) бірдей меңгеру бойынша еліміз аясында жүргізілген өзге зерттеулер мен біздің зерттеу нәтижелері арасында айтарлықтай айырмашылық байқалмайды. Керісінше, Қазақстанның батыс өңірі тұрғындарының тілдік құзыреттілігі жалпыұлттық деңгеймен салыстырғанда сәл жоғары екендігі аңғарылады: мемлекеттік тілді меңгеру көрсеткіші – 2,11%-ға, ағылшын тілін меңгеру деңгейі – 0,03%-ға артық. Осы нәтижелерге сүйене отырып, Қазақстан Республикасында тіл саясатын іске асыруға бағытталған мемлекеттік бағдарламаның 2025 жылға дейінгі кезеңге арналған нысаналы индикаторлары толық негізделген әрі қол жеткізуге болатын мақсаттар деп айтуға болады. Атап айтқанда, 2025 жылға қарай ел тұрғындарының 95%-ы мемлекеттік тілді, ал

31%-ы қазақ, орыс және ағылшын тілдерін қатар меңгеруі тиіс деген межелер – шынайы болжам ретінде бағалануы мүмкін (Кесте 32).

Кесте 32 - Мемлекеттік бағдарламаның нысаналы индикаторлары мен әлеуметтік лингвистикалық зерттеу нәтижелерінің салыстырмалы талдауы

Нысаналы индикаторлар	Қазақстан Республикасында тіл саясатын іске асырудың 2020–2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы қорытындысы	Қазақстанның батыс өңірі тұрғындарымен өткізілген сауалнама бойынша
2020 жылы мемлекеттік тілді меңгерген тұрғындардың үлесі	90,5%	92,61%
2020 жылы үш тілді (қазақ, орыс және ағылшын) меңгерген тұрғындардың үлесі	26%	26,03%

Кестеде келтірілген салыстырмалы деректер Қазақстан Республикасының тіл саясатына қатысты мемлекеттік бағдарламаның 2020 жылғы нысаналы индикаторлары мен Қазақстанның батыс өңірі бойынша жүргізілген социолингвистикалық зерттеу нәтижелерінің арасында жоғары деңгейдегі сәйкестікті көрсетеді. Атап айтқанда, мемлекеттік тілді меңгерген тұрғындардың үлесі ресми деректер бойынша 90,5% болса, өңірлік зерттеу бұл көрсеткіштің 92,61%-ға жеткенін анықтады. Сол сияқты, үш тілді меңгергендердің үлесі бойынша көрсеткіштер де шамалас – тиісінше 26% және 26,03%. Аталған сәйкестіктер жүргізілген сауалнама нәтижелерінің өзектілігі мен әдістемелік тұрғыда сенімділігін дәлелдейді. Сонымен қатар, бұл деректер мемлекеттік тіл саясатының орындалу барысы мен тиімділігін өңірлік деңгейде бағалауға мүмкіндік береді.

Сауалнаманың келесі блогы респонденттердің қазақ, орыс және ағылшын тілдерінің қолданылу деңгейі туралы жеке пікірлері мен бағаларын анықтауға бағытталды (Кесте 33) [148, p. 92 – 93].

Кесте 33 - Қазақстанның батыс өңірінде үш тілдің қолданылу деңгейі бойынша респонденттердің пікірлері

Тіл және қолданылу деңгейі	Жауап берушілер саны	Барлығы (%)	Ақтөбе обл. (%)	Батыс Қазақстан обл. (%)	Атырау обл. (%)	Маңғыстау обл. (%)
1	2	3	4	5	6	7
Қазақ тілінің қолданылу деңгейі						
А. Қазақ тілінің қолданылу деңгейі жыл сайын өсуде және қолдану аясы кеңеюде	412	49,88	20,46	18,04	16,46	4,84
В. Мемлекеттік тілдің мәртебесі әлі толық көлемде іске асырылған жоқ	368	44,55	9,81	8,72	7,99	18,03
С. Мемлекеттік тілдің қолданылу деңгейі төмен	42	5,08	0,00	0,00	0,00	5,08


1	2	3	4	5	6	7
D. Басқа	4	0,48	0,12	0,00	0,12	0,24
Орыс тілінің қолданылу деңгейі						
A. Орыс тілі ұлтаралық қатынас тілі болып қала береді	534	64,65	19,37	16,83	14,89	13,56
B. Тілдің қызмет ету деңгейі жыл сайын артып келеді	181	21,91	7,75	6,90	3,87	3,39
C. Орыс тілінің рөлі жыл сайын төмендеп барады	111	13,44	2,91	2,30	4,24	4,00
D. Басқа	0	0,00	0,00	0,00	0,00	0,00
Ағылшын тілінің қолданылу деңгейі						
A. Ағылшын тілі жыл сайын аймақтың тілдік кеңістігінде үлкен орын алады	723	87,53	26,27	22,76	20,10	18,40
B. Ағылшын тілінің рөлі маңызды емес	41	4,96	1,45	1,33	1,09	1,09
C. Жауап беру қиын	60	7,26	2,18	1,94	1,69	1,45
D. Басқа	2	0,24	0,12	0,00	0,12	0,00
Барлығы	826	100	248	215	190	173

Алынған жауаптарға сәйкес Қазақстанның батыс өңірі тұрғындарының шамамен жартысы (49,88%) тілдің қолданылу деңгейі жыл сайын өсіп келеді және оның қолдану аясы кеңейіп жатыр деп есептейді. Сонымен қатар, респонденттердің 44,55%-ы мемлекеттік тілдің мәртебесі әлі толық деңгейде жүзеге асырылған жоқ деп санайды, ал 5,08%-ы мемлекеттік тілдің қолданылу деңгейінің төмен болып қалуына алаңдайды. Сондай-ақ, сауалнамаға қатысушылардың өте аз бөлігі – 0,48%-ы – «басқа» жауап нұсқасын таңдап, мемлекеттік тілдің мәртебесін нығайту үшін қажетті заң қабылдану қажеттігін атап көрсеткен.

Респонденттердің 64,65%-ы орыс тілін әлі де ұлтаралық қарым-қатынас тілі ретінде таниды, ал 13,44%-ы орыс тілінің рөлі жыл сайын төмендеп бара жатқанын атап өтті. Сонымен қатар, 21,91% орыс тілінің қызмет ету деңгейі жыл сайын артып, кеңейіп келеді деп санайды. Бұл пікірлер белгілі бір ой туғызады. Егер екі жыл бойы орыс тілінің біртіндеп өз позициясын жоғалта бастауы байқалса, қазақстандық қоғамда орыс тіліне деген қызығушылықтың артып келе жатқаны байқалады, бұл мәселеге біз жоғарыда да тоқталдық. Осы үрдістерге қазақ ұлтының ата-аналарының балаларын орыс мектептерінде оқытуға деген ұмтылысы, сондай-ақ мектепке дейінгі және бастауыш сыныптағы балалардың «Руснет» желісіндегі түрлі бағдарламаларды көру арқылы орыс тілінде сөйлеуге деген қызығушылығы жатады. Талданған жауаптарға сүйенсек, орыс тілінің функцияларын кеңейту туралы пікір Атырау (3,87%) және Маңғыстау (3,39%) облыстарына қарағанда, Ақтөбе (7,75%) және Батыс Қазақстан облысының (6,90%) тұрғындары арасында көбірек байқалады. Орыс тілі қазіргі таңда Қазақстанның батыс өңіріндегі тұрғындар үшін өзекті және маңызды тіл болып қала береді. Зерттеу нәтижелері көрсеткендей, респонденттердің 64,65%-ы өздері мен балалары үшін орыс тілін үйренудің


қажеттігін мойындайды. Дегенмен, бұл көрсеткіштің артында әлеуметтік тұрғыдан оң баға беру, сондай-ақ тілдің қоғамдық мәртебесін сақтап қалу ниеті жатуы мүмкін. Яғни, көптеген респонденттер үшін орыс тілін меңгеру – негізінен ықыластық сипаттағы, ниет деңгейінде қалып отырған мәселе болып табылады, бірақ нақты практикалық іс-әрекеттерге көшу деңгейі айтарлықтай төмен болуы ықтимал.

Сонымен қатар, респонденттердің 21,91%-ы орыс тілінің қызмет ету деңгейінің жыл сайын артып, кеңейіп келе жатқанын атап өткен. Бұл біздің орыс тілінің өмір сүру қызметінің елімізде төмендеуі туралы болжамымызға сәйкес келмей, орыс тілінің рөлі күрделі әрі көпқырлы екенін және өңірлік, әлеуметтік факторларға байланысты әртүрлі динамикада өзгеріп отыратынын көрсетеді (Сурет 11) [148, р.94].



Сурет 11 - Орыс тілінің қолданылу деңгейі

Сауалнама нәтижелері бойынша ағылшын тілі Қазақстан Республикасының тілдік кеңістігінде жыл сайын маңыздылығы артып келеді деген пікірді респонденттердің 87,53% білдірді. Сонымен қатар, 60 адам, яғни жалпы респонденттердің 7,26% -ы бұл сұраққа жауап беруде қиындық танытты, бұл олардың ағылшын тілінің маңыздылығын түсінетінін, алайда оны нақты қолдану тәжірибесінің аз екенін көрсетеді. Респонденттердің тек 4,96%-ы ағылшын тілінің рөлін мардымсыз деп бағалады (Сурет 12) [148, р. 94].



Сурет 12 - Ағылшын тілінің қолданылу деңгейі

Пікірлер Қазақстанның батыс өңіріндегі төрт облыс – Ақтөбе, Батыс Қазақстан, Атырау және Маңғыстау – арасында біркелкі таралғанын көрсетіп, облыстар арасындағы пікірлер алшақтығы 0,70%-дан аспады. Осылайша Қазақстанның батыс өңірі тұрғындарының басым көпшілігі (87,53%) ағылшын тілін өздері мен балалар үшін меңгеру қажеттігін мойындайды және бұл пікір барлық облыс тұрғындары арасында ұқсас екені де анықталды.

Қоғамдағы тілдің әлеуметтік қызметтері көпқырлы болып келеді және оларды бірнеше негізгі категорияға бөлуге болады. Біріншіден, коммуникативтік-ақпараттық қызмет – тұлға аралық және мәдениетаралық коммуникация үдерісінде ақпаратты алу, беру және алмасуды қамтамасыз етеді. Екіншіден, танымдық қызмет, білімді қабылдау, өңдеу, сақтау және ұрпақтан ұрпаққа беру арқылы мәдени және ғылыми білімнің дамуына ықпал етеді. Үшіншіден, түсіндіру қызметі қабылданған хабарламалар мен мәтіндердің семантикалық мазмұнын ашып, олардың мәнін дұрыс түсінуді қамтамасыз етеді. Сонымен қатар тілдің реттеуші-әлеуметтанушы қызметі қарым-қатынас қағидалары мен нормаларын сақтау арқылы тиімді ақпарат алмасуды ұйымдастырады. Фатикалық қызмет коммуникативтік өзара әрекеттің басталуы мен тұрақты дамуын қолдауға бағытталған.

Эмоционалды-экспрессивті функция тілдік құралдар арқылы қатысушылардың өз көзқарасы мен сезімдерін білдіруіне мүмкіндік береді. Тілдің этно-мәдени қызметі оны белгілі этностың ана тілі ретінде пайдалану арқылы сол этнос өкілдерінің біртұтас мәдени және тілдік бірлестігін қалыптастырады. Бұл функция этникалық сәйкестілік пен мәдени дәстүрлердің сақталуында маңызды рөл атқарады. Осы аталған тілдің қызметтері оның қоғамдағы кешенді және көпжақты қызметін айқын көрсетеді.

Респонденттердің әлеуметтік салалардағы тіл таңдауына қатысты пікірлерін анықтау мақсатында сауалнамада бірнеше сала көрсетілген: «Сіз үшін келесі салаларда қолдану үшін қандай тіл қолайлы?» деген сұрақ

қойылды. Ол сұрақта жұмыс (оқу), отбасында, достарымен, қоғамдық орындарда, әлеуметтік желілер мен Интернетте, БАҚ-тағы жарияланымдар мен телебағдарламаларда, көркем және ғылыми әдебиеттерді оқу сияқты салалар қамтылды. Бірнеше жауап нұсқасын таңдау мүмкіндігі берілді. Жиынтық деректерді Қазақстанның батыс өңірінің төрт облысы бойынша ұсынылған кестеден (Кесте 34) көруге болады.

Сауалнама нәтижелері бойынша:

- жұмыс (оқу) саласында респонденттердің 86,08% қазақ тілінің қарым-қатынас тілі ретінде қолдану қолайлы деп есептейді, ал 66,83% орыс тілін, 15,13% ағылшын тілін ұсынады;

- отбасында қарым-қатынас саласында қазақ тілін қолдануды қолдайтындардың үлесі шамамен 78,57%, орыс тілін таңдаушылар – 37,65%;

- достар мен таныстар арасында сөйлесуде қазақ тілінің қолайлығы – 82,45%, орыс тілінің қолайлығы – 66,34%, ағылшын тілін таңдаймын дегендер – 2,91%;

- қоғамдық орындарда (кинотеатрлар, театрлар, кафелер, клубтар) қазақ тілін қолдану қолайлы деп есептейтіндер – 81,60%, орыс тілін қолдану қолайлы деп есептейтіндер – 58,35%;

- халыққа қызмет көрсету орындары, дүкендер, қоғамдық көлік сияқты басқа қоғамдық орындарда қазақ тілін қолдану қолайлы екендігін айтқандар – 86,20%, орыс тілін қолдануды қолдаушылар – 56,54%;

- интернет пен әлеуметтік желілерде, оның ішінде мессенджерлерде: респонденттердің 32,32%-ы қазақ тілінің қолданылуын, 95,76%-ы орыс тілінің қолданылуын қолайлы деп есептейді, 5,57% ағылшын тілін де қолайлы деп таныды;

- баспа, БАҚ-тағы жарияланымдарды оқу және телебағдарламаларды қарау саласында: қазақ тілінің қолайлығы – 41,53%, орыс тілінің қолайлығы – 62,11%, ағылшын тілінің рөлі өте төмен – 1,33%;

- көркем әдебиеттерді оқу саласында қазақ тілін таңдағандар – 10,05%, орыс тілін таңдағандар – 17,19%, ағылшын тілінде оқуды қалағандар – 3,27%;

- ғылыми әдебиеттерді оқу саласында респонденттердің 20,22%-ы ғылыми әдебиеттерді оқуда қазақ тілін, 28,33%-ы орыс тілін, 18,52%-ы ағылшын тілін қолдануды қолайлы деп санайды.

Жалпы алғанда, қазақ тілі еліміздің батыс өңірінде жұмыс істейтін, оқу орындарында, отбасылық қатынастарда, қоғамдық орындарда қарым-қатынас тілі ретінде кең қолдау тауып отыр. Бұл тілдің әлеуметтік функциясын нығайтып, мемлекеттік тілдің қолданылу аясының кемелденуіне ықпал етуі мүмкін. Орыс тілінің қолданысы респонденттердің көпшілігі үшін (әсіресе халықаралық компанияларда, ортақ қарым-қатынаста, БАҚ пен әлеуметтік желілерде) маңызды болып қала береді. Орыс тілі әлеуметтік байланыс, ақпарат алмасу үшін әлі де негізгі құрал болып табылады. Ағылшын тілінің қолданылуы еңбек нарығында, халықаралық қатынас пен білім саласында басым бола бастағанымен, күнделікті қарым-қатынаста, қоғамдық орындарда және әдеби-мәдени дәстүрлерде оның орны шектеулі. Бұл тілді қолдануға

қатысты ниет көп, бірақ практикалық қолдану деңгейі төмендеу. Облыстар арасында тіл таңдаудың принциптері бойынша айырмашылықтар бар, бірақ негізгі үрдістер бірдей: қазақ және орыс тілдері әлеуметтік қарым-қатынастарда маңызы зор, ағылшын тілі қосымша артықшылық ретінде таңдалады екен (Кесте 34).

Кесте 34 - Әлеуметтік салаларда қолданылатын тілдер туралы респонденттердің пікірі

Әлеуметтік салаларда Қолдану тілі	Жауап берушілердің жалпы саны		Ақтөбе обл. (%)	Батыс Қазақстан обл. (%)	Атырау обл. (%)	Маңғыстау обл. (%)
	саны	%				
1	2	3	4	5	6	7
А. жұмыс (оқу)						
Қазақ тілі	711	86,08%	20,94%	17,55%	24,70%	23,00%
Орыс тілі	552	66,83%	21,31%	18,64%	12,95%	14,04%
Ағылшын тілі	125	15,13%	1,82%	1,94%	5,21%	6,17%
В. отбасындағы қарым-қатынас						
Қазақ тілі	649	78,57%	23,61%	20,46%	18,04%	16,46%
Орыс тілі	311	37,65%	11,38%	9,81%	8,72%	7,99%
Ағылшын тілі	0	0,00%	0,00%	0,00%	0,00%	0,00%
С. достармен, таныстармен сөйлесу						
Қазақ тілі	681	82,45%	24,70%	21,43%	19,01%	17,31%
Орыс тілі	548	66,34%	19,85%	17,19%	15,25%	13,92%
Ағылшын тілі	24	2,91%	0,85%	0,73%	0,73%	0,61%
D. қоғамдық орындар: кинотеатрлар, кафелер, театрлар, клубтар						
Қазақ тілі	674	81,60%	24,46%	21,19%	18,77%	17,19%
Орыс тілі	482	58,35%	17,55%	15,13%	13,44%	12,23%
Ағылшын тілі	12	1,45%	0,48%	0,36%	0,36%	0,36%
Е. қоғамдық орындар: халыққа қызмет көрсету орындары, дүкендер, қоғамдық көлік						
Қазақ тілі	712	86,20%	25,91%	22,40%	19,85%	18,16%
Орыс тілі	467	56,54%	16,95%	14,65%	12,95%	11,86%
Ағылшын тілі	0	0,00%	0,00%	0,00%	0,00%	0,00%
F. интернет, әлеуметтік желелер						
Қазақ тілі	267	32,32%	9,69%	8,35%	7,38%	6,78%
Орыс тілі	791	95,76%	28,69%	24,94%	22,03%	20,10%
Ағылшын тілі	46	5,57%	0,61%	0,73%	1,33%	2,91%
G. БАҚ-тағы жариялымдарды оқу, телебағдарламаларды көру						
Қазақ тілі	343	41,53%	12,47%	10,77%	9,56%	8,72%
Орыс тілі	513	62,11%	18,64%	16,10%	14,29%	13,08%
Ағылшын тілі	11	1,33%	0,36%	0,36%	0,36%	0,24%
H. көркем әдебиеттерді оқу						
Қазақ тілі	83	10,05%	3,03%	2,66%	2,30%	2,06%
Орыс тілі	142	17,19%	5,21%	4,48%	4,00%	3,63%
Ағылшын тілі	27	3,27%	0,61%	0,48%	0,97%	1,21%
I. ғылыми әдебиеттерді оқу						
Қазақ тілі	167	20,22%	6,05%	5,21%	4,60%	4,24%

1	2	3	4	5	6	7
Орыс тілі	234	28,33%	8,47%	7,38%	6,54%	5,93%
Ағылшын тілі	153	18,52%	2,54%	2,78%	5,69%	7,51%
Барлығы:	826	100	248	215	190	173
Ескертпе: % -дық ара қатынас респонденттердің жалпы санынан келтірілген						

Батыс өңірдің әлеуметтік-коммуникативтік кеңістігіндегі тілдік басымдықтар - отбасылық және қоғамдық салалар контекстіндегі талдау келесі нәтижелерді көрсетті.

Сауалнама нәтижелері отбасылық қарым-қатынаста қазақ тілінің айқын басымдығын көрсетті: респонденттердің 78,6% отбасында қарым-қатынас тілі ретінде қазақ тілін қолданатынын мәлімдеген. Бұл көрсеткіш қазақ тілінің ұлттық сәйкестікті қалыптастыру мен сақтаудағы басты символикалық және практикалық рөлін айғақтайды. Сонымен қатар, ағылшын тілі отбасылық дискурста мүлде қолданылмайтын тіл ретінде көрінеді, бұл оның әлеуметтік-мәдени контексте шектеулі қызмет ету аясын сипаттайды.

Орыс тілінің отбасылық қарым-қатынастағы үлесі – 37,65%. Бұл сан ішінде 21,43% (177 адам) – өзге ұлт өкілдері, ал 16,22% (134 адам) – қазақ ұлтының өкілдері, олар отбасында қазақ және орыс тілдерін қатар қолданатынын көрсеткен. Бұл аралас тілдік тәжірибе қазақстандық қоғамда қалыптасқан функционалды қостілділік моделін сипаттайды және әлеуметтік кірігудің лингвистикалық тетігі ретінде қарастырылады.

Сауалнамаға қатысушылар достарымен және таныстарымен қарым-қатынас жасау барысында тілдік таңдау анағұрлым икемді сипатқа ие. Респонденттердің 82,45%-ы қазақ тілін, 66,34%-ы орыс тілін және 2,91% ағылшын тілін таңдаған. Бұл нәтижелер тілдік ортада ахуалға байланысты код ауыстыру (code-switching) практикасының кең таралғанын және қостілді тұлғалардың коммуникативтік стратегияларында жағдайлық тілдік бейімделудің жиі кездесетінін көрсетеді. Сонымен қатар, респонденттердің белгілі бір бөлігі ағылшын тілін достарымен сөйлесуде қолданатынын көрсетіп, ағылшын тілінің әлеуетті коммуникациялық құралы ретінде қоғамның жекелеген сегменттеріне ене бастағанын дәлелдейді.

Бос уақытты өткізуге арналған қоғамдық орындарда (кинотеатрлар, дәмханалар, театрлар, клубтар және т.б.) тілдік преференциялар біршама әркелкі болғанымен, қазақ тілі айтарлықтай басымдыққа ие (81,6%), ал орыс тілін 58,35% респондент таңдаған. Ағылшын тілі бұл салада тек 1,45% респондент үшін қолайлы тіл ретінде көрінеді. Бұл деректер көптілділік элементтерінің қоғамдық коммуникацияда орныға бастағанын, сонымен қатар қазақ тілінің қоғамдық өмірдің ресми емес салаларында да тұрақты қолданылатын тілге айналып келе жатқанын айғақтайды.

Халыққа қызмет көрсету саласындағы қоғамдық орындарда (дүкендер, базарлар, қоғамдық көлік, сервистік қызмет көрсету орталықтары және т.б.) қазақ тілі жетекші позицияда: респонденттердің 86,2% осы салада қазақ тілін қолдануды құп көрсе, 56,54% орыс тілін де таңдаған. Мұндай нәтижелер тілдік плюрализм мен прагматикалық тілдік таңдау үрдістерінің қалыптасқанын көрсетеді. Бұл тілдік бейімделудің, яғни тұлғаның нақты коммуникативтік жағдайға сәйкес тиімді тіл кодын таңдау қабілетінің көрсеткіші. Ағылшын тілі бұл салада мүлде қолданылмайтын тіл ретінде көрініс тапқан, яғни оның қоғамдық қызмет көрсету кеңістігінде әлеуметтік қажеттіліктің төмендігін және әлеуетті тілдік құрал ретінде әлі қалыптаспағанын көрсетеді.

Жалпы алғанда, алынған деректер респонденттердің тілдік таңдауларының салалық ерекшелігін, тілдің әлеуметтік функцияларын саралай отырып жүзеге асырылатынын және тілдік таңдау үрдісінің көпфакторлы сипатын айқын көрсетеді. Қазақ және орыс тілдері арасындағы функционалдық қостілділік кеңінен таралған болса, ағылшын тілі – негізінен кәсіби және халықаралық коммуникациямен байланысты шектеулі домендерде қолданылатын тіл ретінде қалып отыр.

Интернет-кеңістіктегі тілдік таңдаулардың ерекшелігін айқындау орыс тілінің осы саладағы басымдығын көрсетті. Сауалнама нәтижелері көрсеткендей, респонденттердің интернет және әлеуметтік желілердегі тілдік таңдаулары олардың басқа салалардағы тілдік преференцияларымен, сондай-ақ Қазнеттің даму деңгейіне қатысты болжамдарымызбен өзара үйлесімділік танытады. Респонденттердің 95,76%-ы интернет кеңістігінде орыс тілін қолданатынын көрсеткен. Бұл орыс тілінің цифрлық ортадағы абсолютті басымдығын және интернеттегі ақпараттық ресурстардың басым бөлігі орыс тілінде ұсынылатынын дәлелдейді. Сонымен қатар, респонденттердің 32,32%-ы қазақ тілін интернетте қолданатынын мәлімдеген. Бұл көрсеткіш қазақ тілді контенттің интернет кеңістігінде шектеулі деңгейде ұсынылатынын және Қазнеттің даму әлеуетінің толық жүзеге аспағанын аңғартады. Ағылшын тіліне келер болсақ, тек 5,57% респондент ағылшын тілді онлайн-ресурстарды тұтынатынын көрсеткен, осыған орай ағылшын тіліне сұраныстың кәсіби немесе академиялық қажеттілікпен шектелетінін білдіреді. Алынған деректер интернеттегі тілдік таңдау көбіне қолжетімділікке, техникалық мүмкіндіктерге және ұсынылған контенттің сапасына тәуелді екенін көрсетеді. Қазнеттің инфрақұрылымдық және мазмұндық тұрғыда дамуы қазақ тілінің интернет кеңістігінде бәсекеге қабілеттілігін арттыруда шешуші фактор болып қала береді.

Тілдердің әлеуметтік салаларда жиі қолданылуы оның қоғамдағы орнын жоғарылатып, әлеуметтік рөлін толықтырып, әлеуметтік-коммуникативтік жүйедегі орнын биіктетіп отырады. Осыған байланысты біз тұрғындардың белгілі бір салада жиі қолданатын тілдерін анықтаған болатынбыз. Ол туралы толық мәлімет төменде беріліп отыр (Кесте 35).

Кесте 35 – Әлеуметтік салаларда қолданудағы қолайлы тіл туралы респонденттердің пікірі (тілдер бөлінісінде)

Әлеуметтік салаларда қолданудың таңдаулы тілі	қазақ тілі	орыс тілі	ағылшын тілі
А. жұмыс (оқу)	86,08%	66,83%	15,13%
В. отбасындағы қарым-қатынас	78,57%	37,65%	0,00%
С. достармен, таныстармен сөйлесу	82,45%	66,34%	2,91%
Д. қоғамдық орындар: кинотеатр, кафе, театр, т.б.	81,60%	58,35%	1,45%
Е. қоғамдық орындар: халыққа қызмет көрсету орындары, дүкендер, қоғамдық көлік	86,20%	56,54%	0,00%
Ғ. интернет, әлеуметтік желелер	32,32%	95,76%	5,57%
Г. БАҚ-тағы жариялымдарды оқу, телебағдарламаларды көру	41,53%	62,11%	1,33%
Н. көркем әдебиеттерді оқу	10,05%	17,19%	3,27%
І. ғылыми әдебиеттерді оқу	20,22%	28,33%	18,52%

Сауалнама нәтижелері көрсеткендей, респонденттердің 41,53%-ы баспа БАҚ материалдарын оқу және телебағдарламаларды көру үшін қазақ тілін қолданады, ал 62,11%-ы орыс тілін, 1,33%-ы ағылшын тілін таңдаған. Жас ерекшелігіне байланысты деректерді талдау барысында, баспа ақпарат құралдарын тұтыну негізінен орта және ересек жастағы респонденттерге тән екендігі байқалды. Ағылшын тілін таңдаған 1,33% (11 адам) негізінен 17–25 және 26–39 жас аралығындағы жастарға тиесілі, олар интернеттегі ағылшын тілді сайттарға кіріп, ағылшын тіліндегі материалдарды тұтынатынын мәлімдеді.

Зерттеу нәтижелеріне сәйкес, көркем әдебиетті оқу көрсеткіштері төмен деңгейде қалып отыр: қазақ тіліндегі әдебиетті оқитындар – 10,05%, орыс тілінде – 17,19%, ағылшын тілінде – 3,27%. Бұл көрсеткіштер алаңдатарлық жағдайды білдіреді, өйткені көркем әдебиет – тілдік, мәдени және дүниетанымдық құндылықтарды сіңірудің маңызды арнасы. Респонденттердің кейбірі көркем әдебиетті электронды форматта оқитынын атап өтті, бұл оқылым көрсеткіштерінің төмендігін ішінара түсіндіреді.

Ғылыми әдебиеттерді оқу көрсеткіші салыстырмалы түрде жоғарырақ: қазақ тілінде – 20,22%, орыс тілінде – 28,33%, ағылшын тілінде – 18,52%. Бұл дерек респонденттердің төрттен бірінен астамы ғылыми ақпаратқа жүгінетінін және олардың бір бөлігі үш тілді қатар қолданатынын көрсетті. Атап айтқанда, ағылшын тіліндегі ғылыми әдебиеттерге жүгінетін респонденттердің үлесі (18,52%) – халықаралық ғылыми кеңістікке бейімделу процесінің басталғанының айғағы.

Осылайша, Қазақстанның батыс өңірі (Ақтөбе, Батыс Қазақстан, Атырау және Маңғыстау облыстары) тұрғындары арасында үштілділік жағдайындағы тілдік қолданысқа жүргізілген әлеуметтік-лингвистикалық зерттеу көптілді білім беру саясатының жүйелі түрде жүзеге асырылып жатқанын растайды. Бұл тұжырымның сенімділігі зерттеу барысында алынған нақты статистикалық деректермен бекітіледі.

Алынған нәтижелер мемлекеттік тілдің әлеуметтік-коммуникативтік функцияларының кеңейіп, нығайып келе жатқанын көрсетеді. Қазақ тілі қоғамның барлық салаларында белсенді қолданылып келе жатқанымен, орыс

тілі әлі де ұлтаралық қатынас тілі ретіндегі орнықты мәртебесін сақтап отыр. Сонымен қатар, ағылшын тілінің функционалдық аясының кеңеюі, әсіресе білім беру мен цифрлық кеңістікте белсенді қолданылуы – оның тілдік кеңістікте шынайы бәсекелеске айналып келе жатқанын білдіреді.

Сонымен бірге, зерттеу барысында бірнеше алаңдататын факторлар анықталды, олар тереңірек социолингвистикалық зерттеуді қажет етеді:

1. Мектеп жасына дейінгі және бастауыш мектеп оқушыларының ана тілінен алыстауы – қазақтілді отбасылар мен ауылдарда тәрбиеленіп жатқан балалардың YouTube платформасындағы орыс тілді ойын-сауық контентін шамадан тыс тұтынуы салдарынан ерте жастан бастап қарым-қатынас тілі ретінде қазақ тілінен бас тарту үрдісі байқалады.

2. Орыс тіліндегі білім беруге сұраныс – қазақ ұлтынан шыққан ата-аналардың балаларына сапалы білім беру мақсатында орыс тілді мектептерді артық көру үрдісі байқалып отыр.

3. Интернеттегі орыс тілінің үстемдігі – Қазнеттің контенттік және техникалық тұрғыда дамуының баяулығы және орыс тілді сегменттің қолжетімділігінің жоғары болуы қазақ тілді интернет қолданушылары үшін шектеулі балама қалыптастырып отыр.

Аталған факторлар мемлекеттік тілдің қоғамдық өмірдегі орнына ықпал етуі мүмкін және қазіргі тілдік саясатты жетілдіруде ескеруді талап етеді. Деректер орыс тілінің цифрлық және ақпараттық кеңістікте қазақ тілінен басым болуы мүмкін деген болжамды алға тартады, бұл өз кезегінде болашақта мемлекеттік тілдің ұстанымдарына қысым жасалуы мүмкін екенін жоққа шығармайды.

3.3 Көптілді білім беруді мемлекеттік тіл негізінде іске асыруға арналған ғылыми-практикалық ұсыныстар

Қазіргі жаһандану жағдайында көптілді білім беру жас ұрпақтың білім және ғылым кеңістігінде еркін дамуына, әлемдік ғылыми жетістіктерге қол жеткізуіне, сондай-ақ халықаралық бәсекеге қабілетті маман болып қалыптасуына негіз болатын маңызды құрал ретінде қарастырылады. Бұл модель – тұлғаның мемлекеттік тілді (қазақ тілін) терең меңгеруін қамтамасыз ете отырып, өзге тілдерді – орыс және ағылшын тілдерін – функционалдық және мәдени-коммуникативтік мақсатта игеруіне мүмкіндік береді.

Қазақстанның батыс өңірінде (Ақтөбе, Атырау, Батыс Қазақстан және Маңғыстау облыстары) көптілді білім беру жағдайын айқындау мақсатында жүргізілген әлеуметтік-лингвистикалық зерттеулер нәтижесінде анықталған мәселелер мен өңірлік ерекшеліктерді ескере отырып, төмендегідей нақты салаларға және бағыттарға арналған ғылыми-практикалық ұсыныстар әзірленді.

1. Ақпараттық-насихат жұмыстарын күшейту. Көптілді білім беру жүйесі туралы жаңалықтар, жетістіктер мен озық тәжірибелер бұқаралық ақпарат құралдары мен әлеуметтік желілер арқылы тұрақты түрде таралуы тиіс. Бұл

ретте білім беру ұйымдарының ресми сайттарында қазақ, орыс және ағылшын тілдерінде арнайы айдарлар ашылып, контент үнемі жаңартылып тұруы тиіс.

2. Оқу бағдарламаларын жетілдіру. Қосымша тілдік курстарға деген сұраныстың артуы – мектеп және жоғары оқу орындарында тілдерді меңгертудегі жүйелік олқылықтардың бар екенін көрсетеді. Осыған байланысты білім беру бағдарламаларын қайта қарастырып, көптілді білім беру бағытындағы элективті курстарды енгізу қажет. Бұл курстар міндетті емес, таңдау бойынша ұсынылып, оқу жүктемесіне лайықты бейімделуі тиіс.

3. Әлеуметтік-лингвистикалық мониторинг жүргізу үнемі жаңартылып отыратын сауалнамалар негізінде студенттердің тіл үйренудегі кедергілері мен қажеттіліктерін анықтап, білім беру мазмұнын сол негізде қайта қарастыру қажет. Төмендегі мәселелерге ерекше назар аударған жөн:

- негізгі оқу тілін толық түсінбеуден туындайтын білім сапасының төмендеуі;

- психологиялық ортаға бейімделудегі қиындықтар;

- техникалық жабдықталған арнайы кабинеттердің жетіспеуі;

- сабақ кестесінің үйлесімсіздігі.

4. Кешенді зерттеулер жүргізу. Қазақстанның әртүрлі өңірлеріндегі орта, техникалық-кәсіптік және жоғары білім беру мекемелерінде көптілді білім берудің жүзеге асырылу деңгейін салыстырмалы түрде зерттеу қажет. Бұл көптілділік саясатының тиімділігін талдауға мүмкіндік береді.

5. Педагогтерді даярлау және ынталандыру.

Көптілді білім беруге тартылған педагогтердің кәсіби құзыреттілігін арттыру үшін арнайы курстар ұйымдастырылып, шетел тілдерін меңгеру деңгейі ескерілуі тиіс. Сонымен қатар, оларды қаржылық және моральдық тұрғыда қолдау тетіктерін әзірлеу қажет.

6. Мемлекеттік тілдегі оқу-әдістемелік ресурстарды арттыру әсіресе техникалық, инженерлік, медициналық және IT салалары бойынша қазақ тілінде сапалы электронды оқу құралдарын, көптілді сөздіктер әзірлеу қажет. Бұл шара мемлекеттік тілді ғылым тіліне айналдырудағы маңызды қадам.

7. Онлайн-платформалар мен цифрлық ресурстар. Мемлекеттік тілді оқытуға арналған заманауи, интерактивті онлайн-платформаларды әзірлеп, оларды мультимедиялық контентпен толықтыру ұсынылады. Сонымен қатар, Kaznet-тің қазақтілді сегментін сапалы және пайдалы контентпен толтыру қажет.

8. Балаларға арналған медиаконтент. Мемлекеттік және жергілікті билік органдары мектепке дейінгі және бастауыш мектеп жасындағы балаларға бағытталған қазақ тілді анимациялар, онлайн-ойындар және мультфильмдер дайындап, оларды You Tube, TikTok, Telegram, Instagram сияқты платформаларда кеңінен таратуы қажет.

9. Өңірлік мазмұнға негізделген контент дайындау. Қазақстанның батыс өңірінің табиғи-географиялық, тарихи-мәдени ерекшеліктерін ескере отырып, қазақ тіліндегі көптілді білім беру контенті (видеосабақтар, квест-

ойындар, анимациялар, мәтіндік ресурстар) әзірленуі қажет. Бұл балалар мен жастардың ана тіліне деген танымдық және эмоционалдық қызығушылығын арттырады.

10. Ата-аналар уәждемесін зерттеу Ақтөбе, Атырау, Батыс Қазақстан облысы және Маңғыстау облыстарында қазақ отбасыларының өз балаларын орыс мектептеріне не себепті беретінін арнайы әлеуметтік-лингвистикалық зерттеу арқылы анықтап, бұл үрдісті тежеудің нақты жолдарын әзірлеу қажет (мысалы, қазақ мектептерінде ағылшын тілін меңгертуді күшейту, мұғалімдердің біліктілігін арттыру, IT жабдықтармен қамтамасыз ету).

11. Батыс өңірінің тұлғаларын насихаттау Батыс өңірінен шыққан ақын-жазушылардың, ғалымдар мен педагогтердің қазақ, орыс және ағылшын тілдеріндегі шығармаларын цифрлық форматқа көшіру және оларды көптілді платформа арқылы тарату – аймақтың мәдени-тілдік брендині қалыптастыруға үлес қосады.

12. Облыстық лингвистикалық орталықтар құру Әрбір облыс орталығында (Ақтөбе, Орал, Атырау, Ақтау) әлеуметтік-лингвистикалық мониторинг жүргізетін өңірлік зерттеу орталықтары құрылуы тиіс. Бұл орталықтар тілдік ахуалға үнемі талдау жасап, үштілді білім берудің өңірлік моделін ғылыми негізде түзетуге көмектеседі.

13. Аймақтық цифрлық платформалар Батыс аймаққа тән тілдік ортаны ескеретін аймақтық онлайн білім беру платформаларын (мысалы, «*Batyspedia*», «*Үш тіл – бір болашақ*») әзірлеп, мектептер мен ЖОО-ларға тегін қолжетімді ету ұсынылады.

14. Мұнай-газ саласына бағытталған үштілділік Өңірдің экономикалық ерекшелігін ескере отырып, мұнай-газ саласына қатысты терминологияны қамтитын үштілді оқу құралдарын (қазақ-орыс-ағылшын) әзірлеу қажет. Бұл батыс өңірінің еңбек нарығында сұранысқа ие мамандар даярлау ісіне серпін береді.

Ұсынылған ғылыми-практикалық шаралар Қазақстанның батыс өңірінде үштілді білім беруді тиімді жүзеге асыруға, мемлекеттік тілдің әлеуметтік-коммуникативтік қызметін кеңейтуге және қазақ тілін білім беру мен ғылым тіліне айналдыру жолында нақты нәтижелерге қол жеткізуге мүмкіндік береді. Сонымен қатар, бұл ұсыныстар көптілді білім беру моделін аймақтық ерекшеліктермен байланыстыра отырып, тілдік саясаттың өңірлік деңгейде жүзеге асуына ғылыми негіз қалыптастырады.

Үшінші бөлім бойынша тұжырымдар

Ақтөбе облысында орта және жоғары білім беру саласындағы үштілді білім беру жағдайын анықтау мақсатында жүргізілген сауалнама нәтижелері көрсеткендей, респонденттердің көпшілігі бұл үдерісті оң бағалайды. Халық, әсіресе жастар, мемлекеттік тіл саясатының маңыздылығын түсініп, оны қолдауда. Белгіленгендей, сауалнамаға қатысқандардың 69,2%-ы мектептер мен жоғары оқу орындарындағы көптілді білім берудің жүзеге асырылу деңгейіне

қанағаттанғанын білдірді. Алайда, тек 2,0% респондент үш тілді еркін меңгергені анықталды, бұл көптілді білім берудің сапасын арттыру қажеттігін көрсетеді.

Зерттеу барысында анықталған мәселелерге респонденттердің белсенді қатысуы қоғамдағы тіл саясатына деген жауапкершіліктің бар екенін дәлелдейді. Қала мен ауыл тұрғындарының үштілді білім беру перспективаларына қатысты пікірлері айырмашылықты көрсетеді: тіл курстарына қосымша оқудың қажеттілігін 68,4% респондент қолдаса, оның ішінде қала тұрғындары 42,8%, ал ауыл тұрғындары – 25,6% құрайды. Қосымша тіл курстарына қатысу тәжірибесі де жоғары (66,8%), бұл көптілді білім беру жүйесіндегі кемшіліктерді айқындайды.

Қазақстанның батыс өңірінде мемлекеттік тілдің мәртебесі мен қолданысы жоғары деңгейде бағаланады: респонденттердің 69,5%-ы тіл саясатының тиімділігін қолдаса, 92,4%-ы мемлекеттік тілді меңгеруге жағдай жасалған деп есептейді. Мемлекеттік тілді жетік меңгергендер 92,5%-ды құрайды. Сонымен қатар, орыс тілін меңгеру деңгейі де жоғары (86,1%), ал ағылшын тілін жетік меңгергендер 34,4% ғана, олардың арасында мұнай-газ саласының қызметкерлері мен көптілді топтардағы студенттер бар. Ағылшын тілінде еркін қарым-қатынас жасай алатындар аз – 42% қарым-қатынаста қиындық сезінеді.

Тілдердің әлеуметтік қолданыс аясы бойынша талдау көрсеткендей:

- кәсіптік қызмет пен оқуда қазақ тілі 86,1%, орыс тілі 66,8%, ағылшын тілі 15,1% қолданылады;

- отбасылық қарым-қатынас көбіне қазақ тілінде (78,6%) өтеді, орыс тілінде сөйлесетіндер 37,6%;

- достар мен таныстар арасында екі тіл – қазақ (82,5%) және орыс (66,3%) тілдері кең таралған, ағылшын тілі қолдану төмен (2,9%);

- қоғамдық орындарда қазақ тілі 81,6%, орыс тілі 58,4% қолданылады;

- халыққа қызмет көрсету саласында қазақ тілі 86,2%, орыс тілі 56,5% жиі пайдаланылады; ағылшын тілі бұл салада қолданылмайды.

Интернет пен БАҚ-та орыс тілі басым: 95,8% респондент орыс тіліндегі интернет контентін қолданса, 32,3% қазақ тіліндегі ресурстарға кіреді; қазақ тіліндегі БАҚ-қа сұраныс орта деңгейде (41,5%), ал ағылшын тілінде өте төмен (1,3%). Ғылыми және көркем әдебиет оқу көрсеткіштері де орыс және қазақ тілдерінде аралас төмендеу тенденциясын көрсетеді.

Жалпы, әлеуметтік-лингвистикалық зерттеу Қазақстанда көптілді білім беруді жоспарлы түрде жүзеге асыру жүріп жатқанын дәлелдейді. Мемлекеттік тілдің қолдану аясы кеңейіп, оның қоғамдағы рөлі күшейіп келеді, ағылшын тілі қарқынды дамуда, ал орыс тілі ұлтаралық қатынас тілі ретіндегі орны тұрақты.

Сонымен бірге, назар аударар маңызды мәселелер анықталды:

1. You Tube және басқа әлеуметтік желілерде балалардың орыс тіліндегі ойын-сауық бағдарламаларының кең таралуы қазақ тіліндегі қарым-қатынастың төмендеуіне ықпал етуде;

2. Қазақ ұлтының ата-аналары балаларын орыс тіліндегі мектептерге беру үрдісі байқалады;

3. Қазнетке қарағанда орыс тіліндегі интернет сегментінің дамуы жоғары, бұл мемлекеттік тілдің ақпараттық кеңістігін шектеуде.

Бұл үрдістер мемлекеттік тілдің ұстанымына қауіп төндіруі мүмкін, сондықтан өңірлік деңгейде кешенді әлеуметтік-лингвистикалық зерттеулер жүргізіп, арнайы саясатты жетілдіру қажет.

ҚОРЫТЫНДЫ

Диссертациялық зерттеуде Қазақстан Республикасы әлемдік жаһандану үдерісінің бір бөлігі ретінде білім беру саласында көптілділікке көшу бағытында қарқынды реформалар жүргізіп келеді. Елбасы Н.Ә. Назарбаев ұсынған «Тілдердің үштұғырлығы» мәдени жобасы – ұлттық бірегейлікті сақтай отырып, жаһандық кеңістікте бәсекеге қабілетті азамат қалыптастыруға бағытталған стратегиялық бастама. «Тілдердің үштұғырлығы» мәдени жоба аясында қазақ, орыс және ағылшын тілдерін меңгеру қазіргі заман адамының әлеуметтік, кәсіби және мәдени өміріндегі негізгі талаптардың біріне айналып отыр. Көптілді білім беру жүйесін қалыптастыру мен дамыту – тек тілдік қана емес, сонымен қатар әлеуметтік, мәдени, психологиялық және педагогикалық факторларды қамтитын кешенді мәселе. Әсіресе, Қазақстанның батыс өңірінде – Ақтөбе, Атырау, Маңғыстау және Батыс Қазақстан облыстарында – көптілділіктің өзіндік сипаты мен өңірлік ерекшелігі айқын байқалады. Аталған аймақтарда қалыптасқан әлеуметтік-лингвистикалық жағдай, тілдік саясаттың жүзеге асырылу ерекшеліктері, сондай-ақ тілдердің қызметтік бөлінісі мен тұрғындардың тілдік құзыреттілігі өзара тығыз байланыста дамуда. Осы өңірде тілдік қатынастардың құрылымдық жүйесін, қарым-қатынас тілдерінің қолданыс аясын және көптілді ортаның әлеуметтік сипатын кешенді түрде зерттеу ерекше өзектілікке ие. Диссертациялық зерттеуде Қазақстандағы көптілді білім берудің әлеуметтік-лингвистикалық аспектілері кешенді түрде қарастырылды. Зерттеу барысында еліміздің батыс өңірі тұрғындарының тілдік тәжірибесі, үш тілге деген көзқарасы, көптілділікке бейімділігі мен тілдік таңдауы нақты эмпирикалық деректер негізінде талданды. Сонымен қатар тіл саясаты мен білім беру үдерісіндегі өзекті мәселелер сараланып, көптілді білім берудің тиімді үлгілері мен оны іске асырудың практикалық тетіктері айқындалды. Диссертациялық зерттеу нәтижелері елдегі тіл саясатын жетілдіруге, білім беру жүйесінде көптілділікті дамыту бағытын нығайтуға, сондай-ақ әлеуметтік-лингвистика, әлеуметтану, педагогика және тіл білімі салаларындағы мамандарға ғылыми-тәжірибелік тұрғыдан бағыт-бағдар ұсынуға мүмкіндік береді. Аталған зерттеуді көптілділік үдерісін қоғамның стратегиялық мүдделерімен ұштастыра отырып, ұлттық құндылықтарды сақтау және Қазақстанның әлемдік білім кеңістігіне интеграциялануы тұрғысынан қарастырылған маңызды ғылыми ізденістердің бірі деп бағалауға болады.

1. Қазақстан Республикасындағы тілдік жағдаятқа талдау жасалып, қостілділік пен көптілділіктің әлеуметтік-лингвистикалық мәселелері жан-жақты қарастырылып, зерттеу нәтижесінде маңызды ғылыми қорытындылар жасалды.

- Қазақстанның әлеуметтік-коммуникативтік кеңістігінде, соның ішінде еліміздің батыс өңірінде қостілділік пен көптілділіктің бірнеше түрі қалыптасқаны анықталды. Атап айтқанда, қазақ-орыс, ана тілі-қазақ, ана тілі-орыс, қазақ-орыс-ағылшын, ана тілі-қазақ-орыс, орыс-қазақ-ағылшын, ана тілі-орыс-қазақ-ағылшын тәрізді қостілділік пен көптілділік нұсқалары байқалды.

- табиғи және жасанды қостілділіктің білім беру үдерісіндегі әлеуметтік-лингвистикалық қырларын талдау барысында қазіргі зерттеушілердің көптілділіктің толыққанды теориясының болмауына байланысты қостілділік теориясына, оның терминологиясына мен типологиясына сүйенетіндігі айқындалды. Осыған байланысты бұл зерттеуде "көптілділік" ұғымы екі және үш тілді меңгеруді де қамтитын, жалпы алғанда бірнеше тілді игерудің барлық нұсқаларын біріктіретін категориялық термин ретінде қолданылды.

2. «Тілдердің үштұғырлығы» мәдени жобасының лингвистикалық, әлеуметтік-лингвистикалық, лингвомәдени және лингвокогнитивтік қырларын айқындау және олардың көптілді білім беру тәжірибесінде жүзеге асырылуын талдау нәтижесінде алынған жобаның негізгі мақсаты – жеке тұлғаны көптілді тұлға ретінде оқыту, тәрбиелеу және дамыту екендігі анықталды. Зерттеу барысында ұйымдастырылатын оқу үдерісінің мазмұны лингвистикалық, лингвомәдени және лингвокогнитивтік ұстанымдарға сондай-ақ, коммуникативтік оқыту принциптеріне негізделетіні дәлелденді. Бұл жағдайда білім алушы тек тілдік білімді ғана емес, сонымен қатар қарым-қатынастың нақты жағдайында тілдермен бірге мәдениетаралық өзара әрекеттестікті қамтамасыз ететін танымдық және әлеуметтік-мәдени мазмұнды да меңгереді. Аталмыш мәдени жобаның түпкі мақсаты – өз мәдениетін терең меңгерумен қатар, әлемдік мәдени кеңістікке бейімделген, халықаралық ынтымақтастықты нығайтуға және халықтар арасындағы достық пен өзара түсіністікті бірлестіктің дамытуға үлес қосатын көптілді тұлғаны қалыптастыру болып табылады.

3. Көптілді білім берудің әлеуметтік-лингвистикалық негіздері Қазақстанның батыс өңіріндегі көптілді білім беру жағдайында тілдерді меңгеру үдерісін әлеуметтік-лингвистикалық тұрғыдан талдау арқылы айқындалды. Мектептегі көптілді білім беруді мемлекеттік тіл негізінде жүзеге асырудың әлеуметтік-лингвистикалық ерекшеліктері өңірдің білім беру саласына қатысты статистикалық деректер мен әлеуметтік-лингвистикалық сауалнама нәтижелерін талдау негізінде сипатталды. Зерттеу нәтижесінде Қазақстанның батыс өңірінде 1993 жылдан бастап 13 көптілде білім беретін мектеп ашылғаны анықталды. Қазіргі таңда бұл мектептерде жаратылыстану бағытына жататын пәндер ағылшын тілінде жүргізіліп, өзге пәндер қазақ және орыс тілдерінде оқытылатыны белгілі болды. Оқушылардың арасында жүргізілген сауалнама нәтижесінде 78,7% респондент қазақ және ағылшын тілдерін мәртебелі тіл әрі ақпарат алу құралы ретінде таңдаған. Бұл көрсеткіш орыс тілінің жастар арасында білім алу тілі ретінде өз маңызын төмендетіп келе жатқанын аңғартады.

4. Сондай-ақ жоғары оқу орындарындағы көптілді білім берудің ерекшеліктерін айқындау нәтижесінде, бұл үдерістің өзінің бастапқы кезеңдерінен өтіп, қазіргі уақытта жаңа сапалық деңгейге көтерілгені байқалады. Барлық жоғары оқу орындарында көптілді білім берудің нормативтік-құқықтық базасы әзірленіп, тәжірибелік-эксперименттік алаңдар енгізілген. Эксперименттік жұмыстардың нәтижелері оң қорытындылар беріп,

көптілді білім беру толыққанды ұйымдастырылып, бүгінде өз түлектерін даярлап шығаруда. Батыс өңір жоғары оқу орындарында көптілді білім беру бағдарламалары аясында 22 мамандық бойынша оқыту жүзеге асырылады. Бұл үдерісте шетелдік көптілді білім беруді тиімді әдістемелері мен тәжірибелері бейімделіп, оқу үдерісіне енгізілген. Солардың ішінде кеңінен қолданылып жүргендерінің бірі – CLIL (Content and Language Integrated Learning) әдісі яғни пәндік-тілдік интеграцияланған оқыту технологиясы. Аталған әдіс білім алушылар мен оқытушылар тарапынан жоғары бағалаған. Жүргізілген сауалнама нәтижелері бойынша 43 білім алушы мен 46 оқытушы CLIL-әдісінің пәндік мазмұн мен тілді кіріктіріре оқытудағы, топтық және жұптық жұмыс түрлерін, жобалық қызмет пен презентацияларды, сондай ақ ойын технологияларын тиімді пайдаланудағы маңызын атап өткен. Сонымен қатар аймақта көптілді білім беруді ғылыми-әдістемелік тұрғыдан қамтамасыз ету бағытында жүйелі жұмыстар жүргізілуде.

5. Орта және жоғары білім беру салаларында үштілді білім берудің даму деңгейін айқындау мақсатында Қазақстанның батыс өңірінде көптілді білім берудің қазіргі жай-күйіне арналған әлеуметтік-лингвистикалық зерттеу жүргізілді. Зерттеу нәтижелері көрсеткендей, өңірдегі көптілділіктің қызметі ету аумағы мен оның білім беру жүйесіндегі белсенділігі артып, қазақ-орыс-ағылшын тілдерінің үйлесімді қолданысы батыс өңірдің әлеуметтік-коммуникативтік кеңістігінде тұрақты түрде орныға бастаған. Эмпирикалық деректерге сүйенсек, өңір халқының 92,16% ы қазақ тілін меңгерген, ал 26,03% ы үш тілді (қазақ, орыс және ағылшын) еркін деңгейде игергенін көрсеткен. Бұл көрсеткіш батыс өңірде көптілді білім берудің нәтижелі жүзеге асып жатқанын және үштілділіктің әлеуметтік-коммуникативтік жүйеде берік орнығып келе жатқанын дәлелдейді.

6. Зерттеу нәтижесінде әлеуметтік-лингвистикалық талдауды қажет ететін бірқатар маңызды факторлар анықталды. Біріншіден YouTube сияқты әлеуметтік желілерде ұзақ уақыт өткізу және балалардың орыс тілдегі ойын-сауық бағдарламаларын жиі көруі салдарынан қазақ тілінде қарым-қатынас жасау белсенділігінің төмендеуі байқалады. Бұл құбылыс әсіресе қазақ тілді ауылдар мен отбасылардағы мектепке дейінгі және бастауыш жастағы балалар арасында айқын көрінеді. Екіншіден, қазақ этносына жататын ата-аналардың өз балаларын орыс тілінде білім беретін мектептерге беру үрдісі жиілеп келеді. Үшіншіден, Қазнетпен салыстырғанда Интернеттің орыс тілді сегментінің анағұрлым дамыған әрі кеңінен қолжетімді болуы тілдік таңдауға әсер етуде. Аталған деректер жалпы тілдік жағдаятта қазақ тілінен гөрі орыс тіліне басымдық беру үрдісінің қалыптасқанын көрсетеді. Бұл өз кезегінде ұзақ мерзімді перспективада мемлекеттік тілдің қоғамдық-коммуникативтік қызметінің әлсіруіне ықпал етуі мүмкін деген болжам жасауға негіз береді.

